


Көңіл бағынан

БАҚЫТ ТАМШЫЛАРЫ

Осман Нүри ТОПБАШ



Көңіл бағынан

БАҚЫТ ТАМШЫЛАРЫ

Осман Нұри ТОПБАШ



«Мүһәжірлерден, әнсарлардан алғаш иман келтіргендерге, жақсылық істеумен оларға ілескендерге Аллаһ разы болды өрі оларда Аллаһқа разы болды. Аллаһ оларға іргесінен тамаша бұлақ-тар ағып жатқан жәннаттарды әзірледі, олар онда мәңгі қалады. Өне сол зор бақыт» (Тәубе сүресі, 100).



Уа, Раббым! Біздің көңілімізді сүйікті Пайғамбарымыздың, сахабалардың және солардың ізін басқан Хақ достарына деген сүйіспеншілікпен көрікті қыл. Бізді Мүһәжір мен Әнсардың айбынды халдеріне лайықты түрде мойынсұнған ізгі адамдардың қатарына қосып, махшарда солармен бірге болуды нәсіп қылғайсың!..

Уа, Раббым! Жүректерімізді күллі жаратылысқа мейірімнің, мәрхамат пен қамқорлықтың көзі қыл! Күнәларымыз бен кемшіліктерімізді сауап пен жақсылыққа айналдыр! Дүрбелеңге түскен заманымыздың адамдарын Хақ пен ақиқатқа, жақсылыққа шақырып, зұлымдыққа ұшырағандар мен бишараларды қанатымыздың астына алуды және қасірет шек-кендерге лайықты түрде қызмет етіп, Өз құзы-рыңда ілтипатыңа бөленіп, қаһарыңнан азат болуды барлығымызға нәсіп еткейсің!

АЛҒЫ СӨЗ

Біз әлсіз құлдарына «Ей, құлдарым!» деп ілтипатпен қараған, пайғамбарына үммет болу бақытына бөлеп, соңғы әрі кәміл кітабы Құран Кәрім арқылы абыройға бөлеген, көңілдерімізді иманның шабыты мен шаттығымен қоректендірген Аллаһ Тағалаға шексіз хамд, мадақ пен мақтау!

Адамзатты қараңғылықтан нұрға бөлеген, Құран Кәрімді өнегелі өмірімен жүректен жүрекке тәлім етіп, бізді хидаят бақытына жеткізген, тәрбиелеген дара тұлғалар арқылы адамзатқа «**Бақыт ғасырын**» сыйлаған, ахлағы да Құран, өсиеті мен мұрасы да Құран болған Әлемнің Мақтанышы Пайғамбарымызға ﷺ, әулеті мен Оның сахабаларына шексіз салауат пен сәлем!

Түрлі журналдарда жарияланған мақалаларымызды Раббымыздың көмегімен бұрынырақ «**Махаббаттағы сыр**» және «**Ақтық дем**» атты кітаптарда басылып шыққан болатын. Тағы да Раббымыздың көмегімен кейін жарияланған жиырма үш мақаламызды, кейбір қосымша мен өзгертулер енгізіп, жинақтап, сіздердей қымбатты оқырмандарымызға кітап ретінде ұсынғанымызға қуаныштымыз.



Кітабымыздың мазмұнын тақырыптарына қарай қысқаша былайша ұсынуға болады.

Адамзат қашан да **«Хақ достарының жан дүниесінің бақыт тамшыларына»**, осылардан шыққан фәйз бен руханиятқа мұқтаж. Мүминдердің жан дүниесі тек Хақ достарынан жалғасып келе жатқан осы фәйзді тамшылар арқылы мәртебеге ие болады. Сол себепті Аллаһ Тағала сүйікті Пайғамбарымызды әлемге рахымшылық етіп жібергеніндей, Оның мүбәрак ізін басқан сахабалар мен Хақ достарын да үммет үшін үлкен сый мен рахымшылық ретінде жіберген.

Аллаһ достарының рухқа шипа болатын насихаттары мүминдердің жиырма төрт сағатын руханиятпен, фәйзбен безендіреді. Бір мұсылман Хақ достары көрсеткен бағытта өмір сүрген әрбір күніне есеп беріп: *«Есеп бермес бұрын өздерінді есепке тартыңдар!»* кеңесіне құлақ түріп, таза жүрек сырына қол жеткізеді. Ақырында жеке басы мен отбасылық өмірін реттеп, Аллаһтың ризашылығына сай өмір сүріп Аллаһтың берген нығыметтерін Хаққа қауышу жолында жұмсайды. Мұндай есеп өмірімізді Аллаһтың әулилері сияқты жүрек сергектігімен өткізіп, басымыздан кешірген әрбір сәтті салих амалдармен безендіріп, өмір қорымыздың бағасын арттыру үшін қажет.

Құлдығымыздың ең қасиетті мақсаты – **«Пайғамбар ахлағының сахабалардағы көріністерінен»** үлгі алып, Расулұллаһтың ахлағын бойымызға дарыту жолында алға жылжу. Өйткені олар Аллаһ Расулының ﷺ мүбәрак сөздерін, іс-әрекеттерін үйреніп, оларды сүйіспеншілікпен ұстануда жоғары дәрежедегі күш пен түсінікке ие болған. Олар Пайғамбарымыздың тілі мен көңілінен төгілген



сұлулықтармен тәрбиеленгендіктен жанқиярлық, құндылық, парасаттылық, қабілет пен адамгершілік сияқты қасиеттерді дәріптеуде де жоғары деңгейге жеткен.

Үлкен күн кішкене бір айнада қалай толық көрінсе, Аллаһ Расулының ақиқат пен хикмет шуағы сахабалардың көңілдерінде екі дүниенің сәулесі еш өшпес нұры ретінде орын алған бар. Сахабалар алдында қалдырылған қардағы іздерді баса отырып жол жүрген мұқият жолаушылар сияқты пайғамбарымыздың ізінен ерді. Бұл **«Расулұллаһтың ізімен жүрген сахабалардың иман шабыты»** болатын...

Аллаһ Расулының рухани тәрбиесін алған сахабалар иманның сүйіспеншілігімен, ынтасымен, шабытымен барлық күш-қайратын Аллаһтың сөзін таратуға арнады. Өмірді **«Иманнан алған шаттықпен, жұбанышпен»** әрледі. Жүректеріне Аллаһ пен Расулының сүйіспеншілігін орнықтырып, сауатсыз болса да, ең қажет білімді, яғни «мағрифатұллаһты» түсінді. Өйткені ол кезең терең тәфәккур кезеңі, Аллаһ пен Расулын нақты тану кезеңі еді.

Міне, сахабалар осындай көңіл-күйде өмір сүрді. Біздің де қалауымыз сол сахабалардың сүйіспеншілікке толы рухани-материалдық шабытын аз да болса сезіну. Сондықтан **«Бақыт ғасырынан естеліктер»** деп **«Ұхуд»** пен **«Тәбук»** сияқты қиын-қыстау сәттерде және ауыр сынақ күндерінде көңілдері сүйіспеншілік пен құштарлықтан кенде болмаған махаббат түсініктерін тілге тиек еттік... Өйткені сол қасиетті жерлерде Аллаһ Тағалаға мен Хазірет Пайғамбарға сүйіспеншілік пен тәуелділіктің мәңгілік сыйына лайық болу үшін фәни дүниеде беруге болатын ең қымбат құн төленді. Иләһи махаббат жолында мал-жандарын үлкен иман шабытымен пида етіп, үлкен сынақтардан өтті.

Байыбына жетпейтін дін бауырластығының сезімге толы көріністері болды. Қайыр, жанқиярлық, мойынсұнушылық пен махаббат ең жоғарғы шыңына жетті. Ыстық шөлдерде әр қадам сайын ахирет мекендері ашылып жатқандай еді. Сол қиын кездерде Аллаһтың ризашылығын іздеді. Кіші жиһад пен үлкен жиһадтың айырмашылығын түсініп, нәпсімен соғысудың қиыншылығын түсінді. Бейне бір фәни өмірде мәңгілік «қауышу» ләззатын татты.

Осы ізгіліктердің барлығы **«Пайғамбар ахлағын бойға дарыту»** жолындағы қажырдың нәтижесі болатын. Өйткені Аллаһ Расулының сүйіспеншілігі мен **«сахабаларым»** деген ілтипатына лайық болудың, тек соның сүннетін берік ұстану және ахлағын бойына сіңіру арқылы жүзеге асатындығын сахабалар жақсы ұғынған болатын.

Пайғамбар ахлағын бойға дарытудың ең маңызды көріністерінің бірі – **«Пайғамбардың пәк жүрегіне»** түсірілген және ол өз өмірінде ұстанған Құран Кәрімге қызмет ету абыройына ие болу. Сондықтан да **«Құран Кәрімді үйрену»** әрбір мүминнің ең басты міндеті әрі жауапкершілігі. Басқаша айтқанда **«Құран Кәрімге деген махаббат пен қызмет»** – мүмин болудың шарты.

Сондықтан мың төрт жүз жылдан астам уақыттан бері Ислам әлемінде жазылған кітапханалар толы кітап бір ғана кітапты, яғни Құран Кәрімді түсіндіру бғытында жазылған.

Құран Кәрім – Аллаһтың мүмин көңілдерге берген теңдессіз сыйы. Раббымыз оны жаттауды және ол жайлы ойлауды жеңілдетіп, оны оқып, әлемдегі құдырет көріністеріне ой жүгіртуді құлдарына сүйкімді етіп көрсеткен. Аллаһқа мінәжат етіп, онымен тілдескісі келген мүминдерге



Құран арқылы тынышталатын таза жүрек сыйлаған. Сондықтан Аллаһпен бірге болуды қалаған адам оның сыйлы дастарханына қосылып, осы дастарханға қызмет етуі керек. Бұл дастархандағы қызметтері Құран Кәрімге деген махаббат пен тағзымда кемшілік жібермеу, оны дұрыстап үйреніп, оқу, тірі Құран ретінде өмір сүру және білмейтіндерге үйретіп, түсіндіру болып табылады.

Құранның рухынан нәсіп ала аламаған адамдар жәндіктер мен өсімдіктердің тілінен не түсінеді? Өлген тәннің сұлулығы, тартымдылығы жойылатынындай рухы Құраннан мақрұм адамның да мән мағынасы жойылады.

Міне, осындай мәнге ие болып, ахиретте үлкен дәрежелерге жету үшін әрдайым Құранмен халдес (біртұтас) болу керек. Әсіресе **«Құран айы»** болып саналатын **«Рамазан Шәрифте»** осы тұтастыққа көбірек көңіл бөлу қажет. Негізінен Рамазан тек Құранның ғана емес, жеке және қоғамдық құлшылықтардың фәйзге және руханилыққа ие болатын «құлшылық айы». Аллаһтың мейірімі асып тасатын бұл айда барлық өмірін Рамазан қалыбында өткізудің және өлімді қауышу сәтіне, бір мереке күніне айналдырудың жаттығулары жасалады. Осылайша мәңгілік өмірдің бақыттылық мезгіліне кіруге болады.

«Мәбрүр қажылық пен үмра» болса, ихрам киіп, бейне бір кебін кигендей салих амал жасап, иләһи рахымшылықтың көрініс табатын ерекше уақыттар. Қажылық пен үмра – шынайы құлшылыққа жетіп, нәпсі мен ерікті тәрбиелеп, нәпсінің құмарлықтарынан бас тартып, үммет болу санына ие болатын, мойынсұнушылық түсінігіне қол жеткізетін және Аллаһтың ұлылығын тамашалайтын, құлдың дәрежесін көтеретін маңызды құлшылық.



Пайғамбарлар керуенінің құнды естеліктеріне толы және иманды жүректердің руханиятымен, ғашықтық көз-жастарымен сұғарылып, құнарланған осы қасиетті жерлерде парасаттылықпен қажылық пен ұмра жасағандар сол жердегі көптеген пайғамбарлардың естеліктерінен фәйіз алады.

Осындай рухани ауадан нәр алып, өмірін Құран Кәрім мен Сүйікті пайғамбарымыздың пәк, терең әрі нұрлы жолына атағандар өлімді «шәб-и арус», яғни той кеші сияқты «қауышу кеші» құмарлығымен қабыл алады. Мұндай құлдардың көш басында Хазірет Мәуләнә тұрады. Тәбриздік Шәмстің сөзімен айтқанда «әлемдердің зергері» болған **«Хазірет Мәуләнәның жүрек үні»** – көңілде жаңғырған Аллаһқа шақыру үні. Жүрегі «Аллаһ» деп қорқынышқа һәм махаббатқа толы ерекше үндеу үлгісі. Мәуләнә – иманға шақырушы, шебер көңіл дәрігері. Сондықтан да Хақ достарының жаңбырдың суындай таза, теңіздей терең, сезімтал, сырлар мен хикметтерге толы, асау өзендей бұлқынып көңілге өмір нәрін сыйлаған сөздеріне қашан да мұқтажбыз.

Қоғамның тыныштығын, шаттығын, бейбітшілігі мен бақытын, көңілдерін Құран мен Сүннеттің нұрлы ауасында өсірген, Аллаһ достарының халін бойына сіңірген, менмендікпен қоштасып, «қарапайымдылықтың» дәмін татқан, әсіресе аманат жауапкершілігін түсінген басшылар арқылы қамтамасыз етуге болады. Өйткені олар қоғамдағы топтарды өзіне тартатын мінез-құлық пен тұлғалықтың өкілдері. Адамдардың алдында тұлғалығы мен жақсы мінез-құлқын көрсететін дара өнеге иелері. Осындай адамдарды тәрбиелеу – нәпсінің ең жағымсыз сезімдерінің бірі болып табы-



латын мансапқұмарлықты шебер адамдар арқылы тәрбиелеу әрі жүрекке **«Басшылардың аманат пен жауапкершілік туралы түсінігін»** орналастыру арқылы мүмкін болады.

Бір айта кететін маңызды мәселе – **«Мәнсапқорлық пен басшылықтың жауапкершілігі»** арасындағы тепе-теңдікті түсіну және оны сақтай білу. Басшы болып отырғандар **«Басшылықтың жауапкершілігінің ауыр шарттарын түсінем бе, әлде мансапқұмарлыққа салынып рухымды улап жатырмын ба?»** – деп, әрдайым өз арының алдында өзін жауапқа тартып отыруы керек. Міндетін лайықты түрде атқара алмайтын сәттерде нәпсіге берілмей, үлкен ерлік жасап, орнын өзінен де лайықты адамдарға босатуы тиіс. Аманат және жауапкершілік туралы түсінігі жоқ, жұмсақ тілінен басқа қызметі жоқ мансапқұмар адамдар жайында Аллаһ Тағала былай дейді:

«(Ол) билік қолына өтсе жер жүзінде лаң салуға, егінді (барлық табыс көздері мен өнімдерді) жапырып, нәсілді жоюға әрекеттенеді. Алайда, Аллаһ бұзғындықты сүймейді» (Бақара сүресі, 205).

Аятта баяндалғандай бүлдірушілердің ең басты мақсатының бірі – біздің ұрпақтарымыз. Сондықтан біз **«Ұрпағымызды сақтап қалу үшін»** балаларымызды діни және ұлттық құндылықтарымызға сай тәрбиелеп, иманға, Құран мен Отанға деген сүйіспеншілікпен біте қайнасуымыз шарт. Балаларына діни және ұлттық сананы қалыптастыра алмаған халықтың болашағы қараңғы болмақ. Қоғамда рухсыз денелер көбейсе, соғыста жүрексіз адамдар өліп жатса, оның ақыры күйреуге әкеледі. Ислам үшін, Отан үшін жасалған шайқастардағы сияқты шынайы шәһидтер



жан тапсырса, бұл Аллаһтың қолдауымен жеткен жеңістің сүйіншісі болмақ.

Ұрпақты сақтап, оны тәрбиелеу тұрғысында ең маңызды рөл отбасына міндеттеледі. Өйткені бала әке-шешеге аманат ретінде берілген. Хақ Тағаланың ризашылығы сол аманатты ізгілікпен сақтап, қайырлы ұрпақ етіп өсіруде.

Аллаһ Тағала баланы бір әшекей деп баяндаған. Бірақ балаларымызды тек Аллаһ Тағала разы болатын бағытта тәрбиелеген жағдайда ғана өміріміздің көркі болатындығын ұмытпаған дұрыс. Мұны назардан тыс қардырсақ, ұрпағымыз өздері үшін де, қоғам үшін де бүлінушілік жасап, әке-шешесін екі дүниеде де ұятқа қалдыратын күйікке айналады.

«Ұрпақ туралы жауапкершілігін» жақсы түсінген әке-шеше балаларына құлшылықта, қарым-қатынаста және ахлақта жақсы өнеге болуға тырысуы керек. Егер балаларымыздың кемшіліксіз тәрбиелі өскенін қалайтын болсақ, алдымен әке-шеше ретінде өзіміздің кемшіліктерімізді жоюымыз қажет.

Осы жақсы қасиеттерге қол жеткізу, жеке адамның, әр отбасының және қоғамның тыныштығы мен үйлесімділікте болуы тек Аллаһқа, Расулына, мүминдерге және барлық жаратылысқа деген **«махаббат»** арқылы жүзеге асады. Қалай сүйіспеншіліксіз өмір құнарсыз жер сияқты фәйіз бен берекеттен мақрұм болса, сүйіспеншіліктен бастау алмаған пікір мен сөз және амалдар да ешбір өмірдің белгісін білдірмейтін тамырсыз, құрғақ ағаш сияқты жеміссіз қалуға мәжбүр болады.



Көңілдегі сүйіспеншілікті Хаққа бұрып, саты-саты иләһи махаббатқа, яғни «қауышуға» қол жеткізуге тырысқан мұминнің бойында болуы қажетті қасиеттердің бірі – **«Ихсан мен мұрақаба»** халі. Бұл Аллаһтың назарының жүрекке орнығып, сөзіміз бен іс-әрекеттеріміздің Хаққа бет бұруы болып табылады. Аллаһқа ықыласпен құлшылық ету, құлдарына шын көңілден шаршамай, қажымай-талмай, ешкімді ренжітпей және ешкімге ренжімей үлкен иман ләззатымен қызмет ету, әлем кітабының парақтарын оқу және жаратылыстың хал тілін түсіну тек ихсан мен мұрақаба түсінігі арқылы жүзеге асады.

Ихсан мен мұрақаба түсінігінің байыбына жеткен мұмин үшін өмір мен өлімнің мәні артып, басқаша мәнге ие болады. Ол адам Құранның руханиятынан үлес ала бастайды. Осы мәртебеге жеткен құл өзіне берілген барлық мүмкіндіктер мен нығыметтің аманат екендігін түсінеді. Аллаһ Тағала құлдарының **«малдары мен жандарын»** жәннатқа айырбастап алған. Сондықтан сол ман мен жанды Аллаһтың сөзін тарату жолында жомарттықпен қолдану ол адам үшін теңдессіз ләззатқа айналады.

Көреген мұмин көңілін ғапылдыққа жетелейтін әртүрлі тәуелділіктерден алыстап, жүрегін тек Раббысына бұруы тиіс. «Уа, Раббым! Уа, Раббым!» деп жалбарынған кезде мейірім мен мәрхаматты көңілінің негізгі болмысына айналдыруы қажет. Осындай жоғары сипатқа ие болған мұминдердің терең мейірімінің белгісі ретінде өздеріне қызмет ететін адамдардың бірі – **«қоғамдағы қанаты қайырылған жетімдер мен кедейлер»**. Өйткені Аллаһ Тағала пайғамбарымызға жетім мен кедейлермен бірге болып, оларды көзден таса қалдырмауды бұйырып,



адамдарға олардың құрметіне рызық беріп, жәрдем ететіндігін баяндаған. Мейірімді адамдардың сұлтаны болған пайғамбарымыз қанаты қайырылған адамдарға қамқор болуға көңіл бөлгені соншалық, жетімге қамқор болған адаммен жәннәтта қатар тұрған қос саусақтай бірге болатындығын сүйіншілеген.

Құрметті оқырмандар!

Міне, қолдарыңыздағы осы кітабымызда сіздерге, жоғарыда айтып өткен мәселелерді Раббымыздың рұқсатымен қарапайым түрде ұсынуға тырыстық. Барлық қажыр-қайратымыз Аллаһқа қауышуда бірден-бір дәнекеріміз болып саналатын сүйікті пайғамбарымызға жақындап, соған лайықты үммет болу. Ол үшін, барлық өміріміздің әрбір сәтін Соның сүннетіне арнау, жан дүниемізді Оның ахлағымен безендіру рухани және материалдық болмысымыз бен қабілетімізді сол жолда пайдалануға етуді қажет етеді. Бақыт шыңына сонда ғана жете аламыз. Осы бақыттылықтан өз үлесімізді алу ниетімен сүйікті пайғамбарымызға және оған айна іспеттес болған сахабалар мен Хақ достарының әрі мәнді, әрі нәрлі насихатын, руханияты мен ізгі істерін қымбатты оқырмандарымызға ұсынуға тырыстық.

Мына, біз өмір сүріп жатқан ақырзаман уақыты әр-түрлі діни және ахиреттік еңбектерді тездетуді қажет ететін маңызды уақыт екендігі ақиқат. Сондықтан Аллаһтың бізге берген ақыл, жан, мал мен өмір нығыметін Аллаһ Тағаланың ризашылығы жолында қолданып ахиреттің жемісіне айналдыруымыз шарт. Ислам үшін жасалған ең үлкен қызмет – оны сахабалар мен Аллаһ достарының түсінгеніндей түсініп, құлшылығымызбен, қарым-қатынас пен ахлақ кемелдігімен ұстанып, басқаларға жеткізу болып табылады.



Осы кітаптың жарық көруіне көмегін көрсеткен бауырларыма алғыс айтып, қызметтерінің сауабы үзілмейтін садақа ретінде Аллаһ Тағаланың алдында қабыл болғанын тілеймін.

Уа, Раббым! Пайғамбардың ахлағын бойымызға сіңіріп, тірі Құранға айналуды және ихсан түсінігіне сай өмір сүруді барлығымызға нәсіп қыл! Сүйіспеншілігінен көңілімізге үлес бер! Бізді сенің жомарттығың мен махаббатыңа толы «күлдарым!» деген ілтипатыңа және Хабибің – пайғамбарыңның «бауырларым!» деген ілтипатына лайық қылғайсың! Артымыздан бізге дұға ететін және екі дүниеде де көзіміздің қарашығы болатын ұрпақ қалдыруды нәсіп қылғайсың!

Әмин!..

Осман Нұри ТОПБАШ

2010 / Бістанбұл



Ақ достарының жан дүниесінен

Бақыт тамшылары I

(Бір күннің есебі)



*Рухани және материалдык
тұрғыдан ерекше нығ-меттермен
дүниеге келіп, ақыры бір бей-
неге кірген ет ретінде жердің
астында шірудің ең жоғары
мәртебеде жаратылған адам
үшін қаншалықты үлкен қасірет
екендігін түсіне алмау, осы
қателіктің ауыртпалы-ғын сезін-
беу, жүрегінде аз да болса сәулесі
бар адамға орны толмас үлкен
өкініш!..*



Хақ достарының жан дүниесінен

Бақыт талшылары -1-

(Бір күннің есебі)

Дүниедегі ең жоғары мәртебеде жаратылған адамның шынайы бақыты рухқа жапа шектіретін тікенектерді жойып, иманның ләззаты мен құлшылықтың шабытына толы құлдық өмір сүруге байланысты. Ол үшін өміріміздегі іс-әрекеттеріміздің кемелдігін көрегенділік, қарапайымдылық, парасаттылық сияқты қасиеттермен безендіруіміз керек. Өйткені өмір шектеулі. Адамның да басы бос емес. Аллаһтың сынағы үшін осы дүниеге келген әрбір фәни бір күні өлім өткелінен ахіретке көшері хақ. Осы тұрғыдан адам өзіне берілген аманатты босқа шығындамай, жаратылыс хикметіне және адами қасиетіне жарасатындай өмір сүруі керек.

Адам баласының санасындағы ортақ ой мен қиыншылықтардың ең үлкені өлім мен өлімнен кейінгі өмірге тікелей қатысты. Өлім – ахіретке апаратын қажетті құбылыс. Өлімнің міндетті шақыруы келмес бұрын жүрегімізді өз еркімізбен ахіретке бағыттау ең ізгілікті іс болып табылады.

Аллаһ достары осы парасаттылықты дұрыс ұғына алмаған адамдардың ғапылдығына таңданып былай дейді:



«Дүние теріс қарап кетіп барады, ахирет болса бізге қарай келе жатыр. Теріс кетіп бара жатқанның артынан қуып, өзіне қарай келе жатқанға теріс қараған, мән бермеген адамдар таңдандырады».

Жаратылыс мақсатын түсіне алмаған, материалдық және рухани болмысының сырларына, жаратылысының тереңіне бойлай алмаған адамның өнегелі өмір сүруі және дүниедегі күдірет көріністерін парасаттылық шыңынан тамашалауы мүмкін емес.

Жаратылыстың ақиқатына бойлау өмір мен өлімнің мағынасын түсінумен байланысты. Бұл тек Аллаһтың нұрынан нәр алған ақыл мен ұжданның қолынан келеді.

Рухани және материалдық тұрғыдан ерекше нығметтермен дүниеге келіп, ақыры бір бейнеге кірген ет ретінде жердің астында шірудің ең жоғары мәртебеде жаратылған адам үшін қаншалықты үлкен қасірет екендігін түсіне алмау, осы қателіктің ауыртпалығын сезінбеу, жүрегінде аз да болса сәулесі бар адамға орны толмас үлкен өкініш!..

Адам баласы танымайтын және қандай оқиғалармен кездесетіндігін болжай алмайтын белгісіз бір әлемге мәжбүрлікпен бару мен жақсы танитын және қуанышына шын көңілден қайғыратын өзіне белгілі бір әлемге қуанышпен барудың арасында мәні жағынан үлкен айырмашылық бар.

Сол себепті дұрыс жолдағы адам Аллаһ Тағалаға жақындағысы келіп, нәпсіқұмарлықты ауыздықтап, руханиятын арттырудың қамын ойлайды. Сонымен бірге олардың барлық мақсаты – Хақ Тағаланың ризашылығына сай жан тапсыру. Жаратушымыз осы ізгі адамдар хақында аятта былай деп бұйырады:



«Күмән жоқ, “Раббымыз Аллаһ” деп, онан соң тура жолмен жүргендерге аспаннан періштелер түсіп: “Қорықпаңдар да қайғырмаңдар, сендерге уәде етілген жұмақпен қуаныш мәзмейрам болыңдар!” – дейді». (Фүссиләт сүресі, 30)

Бұл дүниеде ахирет қасіретін кеудесінде арқалап жүрген мұмин үнемі мына екі қауіптің арасында өмір сүреді:

1. Дәптері жабылып, Иләһи сотта ашылатын өткен күндердің қауіпі. Өйткені Кираман-Кәтибин періштелерінің мөр басқан дәптерлерінде өзгерту немесе алмастыру мүмкіндігі болмайды. Бірден-бір шара – ізгі амалдардың руханиятына еніп, жүрегі өртенердей күнәлардан жиіркеніп, истиғфар ету.

Екіншіден, өткен өмірінде жасаған қателіктері үшін тәубе етуі нәсіп бола ма, жоқ па, нәсіп болса да қабыл бола ма, жоқ па, белгісіз.

Адамды ең жоғарғы мәртебеден күнәлардың құр қалдыратындығын Хазіреті Мәуләнә тамаша баяндайды:

«Иә, кешірім бар. Бірақ, үміт сәулесінің жарығы қайда, құлдың тақуалығы себепті жүзі жарық болып, нұрланатындай.

Ұрыға ісі үшін кешірім берілсе де, жаны аман қалғаны үшін қуанады. Бірақ уәзір болу немесе қазына қарауылы болу ұры үшін мүмкін бе?»

2. Тағдырымыздағы болашақ күндеріміздің саны мен сапасы, яғни өміріміздің мөлшері және өмірімізде қандай оқиғалардың болатындығы.



Мүминнің ең үлкен қаупі Хақ Тағаланың ризашылығына қалай қол жеткізу және өткен ғапылдықтар мен қа-теліктерін қалай жақсылыққа айналдыруға болатын мә-селесі болуы тиіс.

Пайғамбарымыз ﷺ:

«*Дін – насихат*» дейді (Мүслим, Иман, 95). Сондықтан адамдардың ең жақсысы – Аллаһтың құлдарын, Аллаһқа құл болуға шақыратын және көңілден Аллаһқа деген сүйіспеншілікті адамзатқа жеткізетіндер.

Зүннун Мысри күддисә сирруһ былай дейді:

«Иманның үш түрлі белгісі бар:

1. Мұсылмандардың қайғысын бөлісіп, көңілдің қасі-рет тартуы.

2. Юсуф عليه السلام сияқты жақындары мен ағаларынан тарт-қан азабының ауыртпалығын өз жүрегіне сіңіріп, сонда да оларға әртүрлі жақсылық жасауға тырысу, оларға жақсы-лық тілеу.

3. Нәпсіқұмарлар надандық жасап ұнамаса да адамдар мұқтаж болған жағдайларда жұмсақ тілмен сөйлеп және жылы жүзбен оларды тура жолға шақыруға тырысу».

Осындай қасиеттегі құлдық өмірді ұстанған Хақ достарының халі мен насихаттары мүминдерге үлкен нығмет. Хақ алдында қадірлі мәртебеге ие болған Аллаһ достарына деген сүйіспеншілікке толы көңілмен өмір сүру, олардың руханиятынан үлес алудың ең маңызды жолы болып табылады. Мұндай теңдесі жоқ көңілге ие адамдардың халін өмірімізге үлгі етіп, оларға үлкен сүйіспеншілікпен мойынсұнып, іздерін басуға тырысу, олармен рухани бір-



ге болуға қол жеткізу және олардың көңілдерінен орын алу Хақтың сүйіспеншілігіне дәнекер болады.

Хақ досы Хасан Басри рахмәтұллаһи әләйһ бір күні жолда кетіп бара жатып қуанышты, жүзіне күлкі үйірілген бір адамды жолықтырады. Одан:

«Ей, бауырым! Сираттан өттің ба?» – деп сұрайды.

Әлгі адам:

«Жоқ», – деп жауап берген соң қайталап:

«Жарайды, жәннатқа барасың ба, әлде жәһәннамға барасың ба? Мұны білесің ба?» деп сұрайды.

Адам тағы да:

«Жоқ» -деп жауап береді.

Сол кезде Хасан Басри рахмәтұллаһи әләйһ әлгі адамға:

«Аллаһ саған жақсылық берсін! Онда неге сонша кө-ңіл-күйің көңілді? Қиямет күнінің өте қатал екендігін ұмытпа!..» – дейді.

Фұдайл бин Иаз рахмәтұллаһи әләйһ «Адамдарға насихат ретінде өлім жеткілікті»¹ деген хадисті жиі-жиі айтатын. Бір күні одан бір адам насихат туралы сұрағанда оған:

«Әкең тірі ме?» – деп сұрайды. Ол адам:

«Жоқ, қайтыс болған» – деп жауап берген соң:

«Бұл насихат саған жетпей ме?» – деген.

1. Хәйсәми, Мәжмауз-Зәуәйд, Бәйрут, X, 308.



Ахмет бин Харб рахматұллаһи аләйһ былай дейді:

«Жер беті екі түрлі адамға таң қалады:

Біріншісі, осы пәни дүниеде бір жапырақ жер үшін бауырымен таласқан адам. Бұл екеуіне жер өзіне тән тілімен: «Сол жердің сенен бұрынғы иелері жайында да ойлансаңшы! Көптеген адамдар сол жер бетінде салтанат құрған, бірақ ол жер ешкімге мәңгілік дос болған емес!» – дейді.

Екіншісі, ұйықтау үшін төсегін жақсылап салған адам. Жер беті бұл адамға да өзіне тән тілімен былай дейді: «Ей, адам баласы! Менің бауырымда ұзақ уақыт төсексіз, көрпесіз жататың қабіріңді неге есіңе алмайсың?!»

Көңіл сұлтаны Хазірет Мәуләнә құддисә сирруһ өмір деген қорды Хақ Тағаланың ризашылығына сай қолдану үшін мынадай кеңес береді:

«Бүгін істейтін істі ертеңге қалдырма. Есіңді жинап, ахирет қоржынына тас емес, сұлтандар мен патшаларға ұсынылатын құнды гәуһарларды (ізгі амалдарды) толтыр!

Соңында сен де мұны түсінетін боласың, онда қазірден бастап есіңді жиып, ақырғы күнді, яғни ахиретті қазірден бастап көр. Есіңді жиып, істің ақырын қазірден бастап көруге тырыс. Ақиқатты, ахиретті көретін көзіңді ғапылдықпен, нәпсінің құмарлықтарымен соқыр қылма!

Болашақты көрген адам бақытты. Ондай адам Хақ жолында жүрген кезде ешқашан сүрінбейді, таймайды, асқамайды.

Аяғыңның тайғанын, сүрінгенін қаламасаң, көміл адам-



ның аяғы басқан топырақты көзіңе сүрме етіп жағып, соның жолымен жүр!

Есіңді жиып, өмір деген қорыңды бүгінге емес, болашақтағы жәннатқа және Хақ ризашылығына қол жеткізу үшін жина!

Ей, сапарды жақсы көретін адам! Жолын ойлап, баратын жерін есептеп, болашақты ойлайтын адамды ғана жолаушы деп атайды!

Адамның күш-қуаты, қалауы қолынан алынған соң, дүниемен қоштасатын сәт келіп, өлімнің тұзағына түскен кезде барлығы бітеді. Сондықтан есіңді жиып, өмір қорын шығындап, ажалға араластырма!

Сенің барлық күш-қуатың – табыс табатын өмір қорымен қол жеткізген ізгі амалдарың. Күшті, қуатты кезіңде осы дүние өмірін жақсы пайдалан, қолыңдағы мүмкіндікті жіберіп алма!..»

Шәйх Сағди де «Бостан» деген хикметке толы кітабында осы дүниелік өмірді ғапылдықпен босқа жұмсамау керектігі туралы былай деген:

«Ақылды болсаң, барлық нәрсенің мағынасына үңіл!.. Өйткені көрініс жойылады, бірақ мағынасы қалады. Ахирет азығын тірі кезіңде өзің тап! Өйткені сен өлгеннен кейін туыстарың тойымсыздық танытып, саған өзіңдей ізгілік жасамайды.

Қолыңдағы нығметтерді сау кезіңде өзің бер! Сен өлгеннен кейін олардан айырыласың, ие бола алмайсың! Азап шеккің келмесе, қабірде азап шегіп жатқандарды есіңе ал!





Бүгін қазына қолыңда тұрған кезде қажетті орындарға тезірек жұмса, ертеңге қалдырма! Өйткені ертең қолыңдағы кілттен айырыласың. Азығыңды өзің алып бар. Өлгеннен кейін туыстарың мен артта қалған достарың саған жеткі-лікті мөлшерде мейірімділік көрсететеді деп үміттенбе!

О дүниеге азығын өзі алып барған адам үлкен нығметке қол жеткізеді. Өйткені сен үшін ешкім өз арқасын қасымайды, тек өз қолыңмен қасисың.

Есігіңе бір бишара келсе, қолын бос қайтарма. Аллаһ бетін әрі қылсын, бәлкім, бір күні сен де бишара болып, әркімнің есігін қағуың мүмкін!

Кәміл адам өзінің де бір күні басқаларға мұқтаж болатындығын ойлап, мұқтаж адамдарға береді.

Көңілі қаяу адамдардың көңілін сұра, оларға қамқор бол. Бәлкім, бір күні сенің де сол жағдайға түсуің ықтимал.

Қиналған адамдарды қуант. Бәлкім, бір күні сен де жалғыз қалып, қиналарсың!

Сен бірдеңе сұрау үшін ешкімнің есігіне бармайсың, осыған шүкіршілік етіп, есікке келген мұқтаж адамдарға қайыр жаса!

Бүгін махаббат дәнін екпеген адам ертең жәннаттағы туба² бұтағынан жеміс жей алмайды.

Ертең ахиретте жәннат базары ашылатын болады. Әр-



кім сол жерде өмірінде жасаған істеріне қарай ақысын алады. Ол жерге қаншалықты қорыңды алып барсаң, соншалықты нығметке бөленетін боласың. Егер зиянкес болсаң, қолыңнан ұялудан басқа ештеңе келмейтін болады!

Өміріндегі өткен күндер өткен шақта қалады. Кеткен нәрсе қайтып келмейді. Ең болмаса қалған бірнеше күніңді олжа санап, қадірін біл. Өлгендер сөйлер болса:

«Ей, тірі жүрген адам! Тілің барда Аллаһ Тағаланы зікір ет! Үнсіз қалма! Біз уақытымызды ғапылдықымен өткіздік, сен біз сияқты болма! Шектеулі деміңді Хақ Тағаланы зікір етумен безендіріп, бұл өмірді бар мүмкіндігің деп әрі олжа деп көр!» – деп айғайлап, жылар еді.

Расулұллаһ ﷺ қайтыс болған салих мұминдердің сезінетін қасіреті мен өкінішін былай жеткізеді:

«Жәннат тұрғындары ештеңеге емес, тек дүниеде Аллаһты зікір етпей өткізген сәттеріне өкінетін болады!» (Хәйсәми, X, 73-74) Ал жәннатқа кіре алмағандардың өкініштері қандай болмақ?!

Хазіреті Имам Ғазали бір мұминнің күнделікті өмірін жиі-жиі есепке тартуы керектігін айтып, былай кеңес береді:

«Бір мұмин таң намазын оқығаннан кейін және сол күнді бастамас бұрын, аз уақыт нәпсімен жеке қалып, онымен есептесуі керек және кейбір мәселелер бойынша келісімге келуі керек. Сол сияқты саудагер де өз қаржысынан ортақтасына беретін үлесі болса, онымен де осындай келісім-шартқа отырады. Осы кезде оған да кейбір нәрселерді ескертуді есінен шығармайды. Сондықтан адам да нәпсісіне мынадай ескертулерді айтуы тиіс:

«Өмір – менің байлығым. Өмірім біткен соң қаражатым да бітеді, табыс та, кіріс те болмайды. Бірақ осы басталған күн – жаңа күн. Аллаһ Тағала маған бүгін де мүмкіншілік беріп, жомарттық жасады. Егер өліп қалсам, әрине, бір күнге болса да кері қайтып, әрдайым ізгі амал мен жақсылық жасауды қалар едім. Ей, ұлым! Қайтыс болып, дүниеге қайта жіберілдім деп ойла. Олай болса, бүгін күнәға еш жақындама және бүгінгі күннің бір сәтін болса да босқа өткізбе. Өйткені әрбір сәт – баға жетпес үлкен нығмет».

Хақ досы Рәби бин Хәйсәмнің мына бір халі нәпсіні есепке тарту тұрғысында назар аударарлық мысал бола алады:

Ол бақшасынан бір мазар (қабір) қаздырған еді. Жүрегінің қатайғанын сезген сәтте осы қабірге кіріп, біраз уақыт сол жерде отыратын. Бір күні дүниемен қоштасып, мазарда истиғфар мен садақаға мұқтаж болып қалатындығын ойлап, ахиреттегі беретін есебін ойлап, өзін жауапқа тартатын. Содан кейін:

«Олардың біріне өлім келе қалса: “Раббым мені (дүниеге) қайтара гөр! Бәлкім дүниеде қалған мал-мүлкіммен жақсылық істер істермін” дейді (ол). Олай болуы әсте мүмкін емес. Бұл олардың құр айтқан сөзі. Олар қайта тірілетін күнге дейін артында (дүниеге қайтармайтын) бір бөгөу бар» (Мүминун сүресі, 99-100) – деген аятты оқитын. Мазардан шыққан соң өз-өзіне:

«Әй, Рәби! Қара, бүгін кейін қайтарылдың. Бірақ бір күні осы талабың қабылданбайтын, дүниеге кері қайтарылмайтын уақыт та келеді. Қазірден бастап алдын алып, ізгі амалдарыңды, Аллаһ жолындағы талабың мен ахирет әзірлігін арттыр» – дейтін.



Сондай-ақ Хазіреті Омардың адамға әрдайым өзін жауапқа тартып отыруы қажеттілігі жайында айтқан:

«Иләһи сотта есепке тартылмас бұрын, нәпсілеріңді есепке тартыңдар!» – деген ескертуін де әрдайым есте сақтау қажет. (Термези, Қиямет, 25/2459)

Сонымен қатар Хақ достарының мұсылмандарға берген кейбір кеңестері адам күнделікті өмірде өзін қалайша таразылап, есепке тарту керектігіне қатысты тамаша үлгі бола алады:

1. Бүгін таңертең өмір парағын қалай аштың? Саған тағы бір күн сыйлағанын ойлап, Раббыңа шүкіршілік еттің бе? Осы жаңа күнде Раббыңа құлшылық уәдеңді жаңаладың ба?

2. Аллаһ Тағала сені таң сәріде истиғфарға шақырғанда сен сол уақытта толып-тасыған иләһи рахым мен мағрифаттан қаншалықты пайдалана алдың? Әлде жаңбыр тамшыларының жар тастан босқа аққанындай, сол арнайы сый сәтін босқа жіберіп алдың ба?

Расулұллаһ ﷺ былай деген:

«Раббым түннің соңғы үштен бір бөлігі кірген кезде, дүние көгіне түсіп:

“«Кім маған дұға етіп жатыр, дұғасына жауап берейін (қабылдайын), Кім менен бір нәрсе сұрайды, соны берейін, кім менен кешірігі сұрайды, оны кешірейін” дейді» (Бұхари, Тәухид, 35, Тәһәжуд 14, Дәуат 13; Мұслим, Мүс2фирин, 166).

3. Таң сәрінің фәйзін күн бойы сезіне алдың ба? Бүгінгі өміріңде қаншалықты Аллаһты зікір етіп, есіңе алдың?



4. Азаншының «Хайя аlassalah!» деп шақырғанын естіп, қанша намазыңды жамағатпен оқыдың? Намазда тәкбірлерді, қиямды (тік тұруды), қирағатты, рүкуғ мен сәжделерді Хақтың қалағанындай, яғни бар болмысыңмен, рух пен тәннің үйлесімділігімен орындай алдың ба?

5. Бүгін сені тырнағына түсірген немесе түсіруі ықтимал құмарлықтарға қарсы тұра алдың ба? Аллаһ Тағала тыйым салғанымен, сенің бойыңдағы жағымсыз хал-қареттерден ұзданың мазасызданды ма? Сол үшін өкініп жыладың ба?

6. Бүгін тіліңді бос әрі әбес сөздерден, өтірік-өсектен, ғайбат пен таластан немесе біреудің көңіліне тікен қадау-дан сақтай алдың ба?

7. Бүгін сен үшін жаратылған әлемдегі әсем өрнектелген жұлдыздарды, көктің шексіздігін, жер бетіне жарық шашқан күн мен айды, топырақтан шыққан өсімдіктердің түрлі-түсті жапырақтары мен гүлдерін, тұр, түс, дәм мен пішін жағынан сан алуан жемістерін, бірнеше апта ғана өмір сүретін көбелектердің қанатындағы шебер өрнектерін, адамның жаратылуындағы ғибратты кезеңдерді ойлап, иләһи көріністер мен құдырет іздерін және осылардың «хал тілі» деп аталатын сырлы да хикметті сөздерін түсініп, жаратылысты пен құбылыстарды көңіл көзімен тамашалай алдың ба? Әлемдегі иләһи құдірет көріністерінен ғибрат алып, көңіліңді байыттың ба?

8. Бүгін Жаратушы үшін жаратылғандарға мейіріммен, мархаматпен, сүйіспеншілік назарымен қарай алдың ба?

9. Бүгін Аллаһтың саған сыйлаған нығметтерін кімдермен, қаншалықты бөлісе алдың?



10. Бүгін бір мүминді қуантудың рухани ләззәтін сезе алдың ба? Бір қайғылыны жұбатып, күлдіре алдың ба? Көңілін таба алдың ба?

11. Бүгін бір жетімнің басынан сипай алдың ба?

12. Бүгін науқастың көңілін сұрап, жаназаны шығарып сала алдың ба?

13. Бүгін көршілерің мен айналандағы мұқтаждарға қарай алдың ба? Аш жатқан көршіңнің, суықтан тоңған бишаралардың аянышты күйлері жүрегіңді сыздатты ма?

14. Жер бетінің қай жерінде болса да, зұлымдыққа ұшырағандардың қайғысын бөлістің бе? Бүгін зұлымдыққа ұшырағандардың, жетім-жесірлердің қасында болып, олардың қиыншылығын бөлісе алдың ба? Жүрегің солармен бірге сыздады ма, көзің олардың қиыншылығынан жасарды ма, олардың ауыртпалығы жүрегіңді ауыртты ма?

15. Бүгін аштардың тоюы, науқастардың сауығуы, қарыздың астында қалып қиналғандардың азат болуы үшін талпынып, дұға еттің бе?

16. Бүгін құл хақына, тіпті жануарлардың хақына мұқият бола алдың ба? Есігіңдегі ашыққан мысық пен итке де жауапты екендігіңді ойладың ба?

17. Бүгін хидаятқа (тура жолға) мұқтаж адамдарға тіліңмен, халіңмен немесе жүрегіңмен қаншалықты көмектестің? Оларды тура жолға шақырып, жаманшылықтан сақтандырып тура жолға келуіне дұға еттің бе? Оларға өз халқарекетіңмен болса да «мұсылман болмысын» көрсете алдың ба?



18. Бүгін әкеңнің, шешеңнің, туыстарыңның қал жағдайын сұрап, көңілдерін ауладың ба? Егер олар ахиретке көшкен болса, рухына арнап Құран оқып оларды ізгілікпен есіңе алдың ба? Олардың ескі достарына қаншалықты адалдық көрсеттің?

19. Бүгін танитын-танымайтын барлық адамдарға Аллаһ үшін сәлем бердің бе? Жылы жүзді садақа санап, адамдарға күлімдеп қарай алдың ба?

20. Бүгін қанша адаммен дос болдың? Қанша досыңмен достығыңды нығайттың?

21. Бүгін жолдан адамдарға бөгет болатын бір нәрсені алып тастадың ба?

22. Бүгін отбасыңа көңіл көзімен қарап, олардың жән-нат бақшасы екендігін түсініп, сыртқы жағымсыз ықпалдан өзінді сақтай алдың ба?

23. Аллаһтың саған аманат ретінде берген балаларына тәрбие мен әдеп жайында не үйреттің? Аллаһ пен Расулына, пайғамбарлар мен әулиелерге деген сүйіспеншілікті жүректеріне орнықтыра алдың ба? Оларды Ислам ахлағынан өрілген тұлғалыққа ие етуге тырыстың ба? Олардың қиямет күні сен үшін не абырой, не қайғы болатындығын ойладың ба?

24. Егер үйде отырған әйел болсаң, жұбайыңды жылы жүзбен, сүйіспеншілікпен аттандырып, хала рызық әкелуі үшін дұға еттің бе? Кешкісін тағы да жылы жүзбен, жылы сөзбен қарсы алып, көңілін тауып, пәк әрі өнегелі отбасы болуға тырыстың ба?

25. Егер үйдің қожайыны болсаң, жұбайың мен балаларыңа қаншалықты мейіріммен қарадың? Сенің оларға



қалдыратын ең үлкен мұраң – ахырет мұрасы екенін ойлап, олардың дүние мен ахырет бақытына қол жеткізулері үшін, олардың рухани дамуы үшін қаншалықты қажыр таныттың?

26. «Тарих – халықтың жады». Өсірген балаларың – Отаныңның болашағы. Оларға дінінің, иманының, Отанының аманат екендігін түсіндіре алдың ба? Бұл жәннат отанды біздерге сыйлаған аталарыңды және Отан үшін жан берген шәһидтерді, олардың иман күшін есіңе түсірдің бе? Аллаһтың ең үлкен нығметі болып саналатын Құран, көкті жаңғыртқан азан мен еркін жербіреген туымыз біздің ең үлкен атақ-абыройымыз екенін түсіне алдың ба?

27. Бүгін адамзаттың көбі нәпсіқұмарлықтың ықпалында болмысынан ажырап жатқан кезде сен рухани болмысыңды сақтап қала алдың ба? Отбасы мүшелерінен бастап өзің жауапты болып табылатын адамдарды уақыттың фитнасы мен жамандықтарынан қорғау үшін қандай шаралар қолдандың?

28. Бүгін басыңдағы кемшіліктер мен жағымсыз істерден арылу үшін Хақ досына жүгіндің бе? Бүгін Аллаһ досымен немесе салих адамдармен бірге болуға тырыстың ба? Саған, нәпсіңе ұнамаса да Хақ Тағаланың ризашылығы үшін әрдайым шындықты айтатын салих та адал дос таба алдың ба? Пасықтармен, бұзақылармен бірге болудан жүгеріңді сақтап қалуға талпындың ба?

29. Бүгін біліміңді арттыратын, парасаттылығыңды дамытатын қандай да бір қызмет немесе әрекет жасадың ба? Расулуллаһтың өнегелі іс-әрекеттеріне мойынсұнып, хикметті іздеуге шықтың ба? Осы руханилық пен ізгілікке ие болу үшін талпындың ба?



30. Бүгін табысыңның, тамағыңның, ішкеніңнің, кигеніңнің халал ма, күмәнді ма, харам ба деп назар аудардың ба? Харамдардан сақтану түсінігін іс-әрекеттерінде жадында ұстатың ба?

31. Бүгін саған жамандық жасаған, дөрекі қатынасқан адамды кешіріп, оған ізгілік жасадың ба?

32. Бүгін саған Аллаһтың ең үлкен нығметі болып табылатын Құран Кәрімнен қанша бет оқыдың? Ол жерде саған айтылған кеңестерге құлақ асып қажетінше амал ет-тің бе?

33. Бүгін қайтыс болу ықтималдығын, кебінделіп қабірге жерлену мүмкіндігін, барлық отбасы мүшелері мен туыстарыңның сені қабірге тастап кейін қайтатындығын, қабірде тек иманмен, амалыңмен ғана қалу ықтималдығын ойландың ба? Бұл өмір кітабында ғапылдықпен және босқа өткізген сәттерің үшін қаншалықты өкініп, күрсінетіндігіңді ойладың ба? Құлшылықтарың мен іс-әрекеттеріңе осы түсінік бойынша бағыт беріп, шынайы тәубеге келдің бе?

34. Бүгін өмір парағыңды қалай аштың, қалай жаптың? Кираман-Кәтибин періштелері онда не жазды? Үлкен есеп беретін күні бүгінгі парағыңның есебін бере аласың ба?

35. Қорыта айтқанда, бүгін әр сәт өміріңнің таусылып бара жатқандығын, әрбір іс-әрекеттеріңнің бақылау арқылы қадағаланғандығын ойладың ба? Өткізген 24 сағатқа есеп жасап, нәпсіңді жауапқа тарттың ба?

Аталарымыздың «Адам жадындағысы ұмыт болады» деген қанатты сөзі бар. Өткен уақыт ұмытуға тәуелді адам жадынан көптеген ерекшеліктерді бірге алып кетеді. Сондықтан



ұмыт болған жақсылықтарды еске алу мен жоғалтып алған қасиеттерімізді көңілімізде жанарту үшін анда-санда осыларды ойлап жүруіміз керек.

Бұл турасында Хақ достарының хал, қарекет пен кеңестері, баға жетпес құнды қазына. Өйткені өмірімізді әулиелер сияқты жүрек сергектігімен өткізу, күн сайын өткізген жиырма төрт сағатты иман тұрғысынан назарда ұстау арқылы мүмкін болады.

Яхия бин Мұаз рахматұллаһи аләһидің мына мінәжәті бізге барлық жағынан үлгі боларлық көңіл сергектігін көрсетеді:

«Ей, Аллаһым! Түндер тек саған жалбарынумен, мінәжәт етумен мәнді болады.

Күндіздер тек саған жасалатын құлшылықтар мен ізгі амалдармен мәнді болады.

Дүние тек сені еске алумен және жаратқандарыңды ойлаумен мәнді болады.

Өлімнен кейінгі өмір тек сенің кешіріміңмен мәнді болады.

Жәннат тек сенің көркем дидарыңмен әсемдікке ие болады».

О, Раббым! Бізге осы мағынада құлдық өмір сүріп, өмір қорымызды разылығыңа сай, орынды қолдануды нәсіп қыл!..

Әмин!..



Хақ достарының Жан дүниесінен
Бақыт тамшылары 2
(Пәк жүрек)



Рухани тұрғыда Хаққа қауышудың ең тура жолы болып саналатын иләһи сүйіспеншілік пен махаббатқа жету үшін алдымен көңілді Хақтан алыстататын нәпсінің құмарлықтарынан арылтып, Аллаһты зікір ету арқылы тазарту керек, сонда ғана көңіл ақиқат пен сырлардың айнасы бола алады. Хақтың көркемдігіне айна болатындай таза әрі пәк жүрек, Аллаһ Тағалаға апаратын ең лайықты сыйлық болады. Раббымыз бізді өз құзырына қабыл алуы да осы «пәк жүрек» арқылы жүзеге асады.



Хақ достарының жан дүниесінен

Бақыт талшылары 2

(Ғләк жүрек)

Иләһи хикметтердің дәрісханасы болып саналатын осы сынақ әлемінде Раббымыз бізге, құлдарына ақиқатқа жеткізетін көптеген себептер берген. Ол тура жолды көрсететін иләһи кітаптар, пайғамбарлар мен әулилер, әрдайым адамзатты шындық пен ақиқатқа жетелеп, Аллаһ Тағаланың «жәннатқа шақыруына» елшілік жасауда. Өйткені Раббымыз:

«Аллаһ құлдарын Дарус-Сәләмға (бақыт мекені жәннәтқа) шақырады...» (Юнус сүресі, 25) – деп бұйырады. Әрине, әрбір шақырудың қабылдау шарты, әрбір нығметтің құны бар. Раббымыз осы құнның не екендігін мына аятта былай баяндайды:

«Сол күні мал да, бала да пайда бермейді. Тек Аллаһқа пәк жүрекпен келгендер (ғана пайда көреді)» (Шұара сүресі, 88-89).

Таза жүрек – күнәлардан арылып, таза айна сияқты Хақтың көркем сипаттары көрініс табатындай күйге енген жүрек. Хақ Тағала құлының жүрегінде көркем сипаттарының көріністерін көрген кезде оны сүйіп, оған разы болады.



Раббымыздың жәннат шақыруына және сыйлайтын шексіз сыйларына лайық болу үшін күнәлардан аулақ болып, жүрегімізбен Хаққа бет бұруымыз шарт. Өйткені Раббымыз бізден иләһи сипаттар көрініс табатын көңіл, яғни пәк жүрек қалайды.

Хазіреті Мәүләһәнің Мәснәуиінде бір қисса бар:

Хазіреті Юсуфқа өте алыс жерден, жүрегі сүйіспеншілікке толы бір досы келіп қонақ болады. Олар бала кездерінен шынайы дос болған еді. Достық жастығында бірге жатқан болатын. Хазірет Юсуф аз уақыт онымен сөйлескеннен кейін:

«Айтшы қане, досым, бізге барған жеріңнен қандай сый әкелдің?» – деп, астарлы түрде сұрақ қояды.

Қонағы бұған қатты ұялып, не айтарын білмейді. Соңында ойын мынадай шынайы сөздермен айтады:

«Саған сыйлық алу үшін мына фәни әлемде көптеген нәрселерге қарадым. Бірақ ешбірі маған ұнамады, ешбірін саған лайық деп таба алмадым. Сынық алтынды алтын қорына немесе бір тамшыны теңізге қалайша сый ретінде алып келмекпін? Сенің әдемілігіңе тең келетіндей Мысыр елінің қамбасында жоқ қандай дән бар? Саған әкелетін сый тек сенің сұлулығыңа тең болу керек. Сол себепті мен амалсыздан саған көңілдің нұры сияқты пәк, жарқын айна әкеліп ұсынуды жөн көрдім.

Күн сияқты көк аспанның нұры болған Юсуф! Саған көңіл нұрынан бір айна алып келдім, соған қараған сайын өзіңнің көркіңді көріп, таң қаласың. Көркем жүзіңді онда көрген сайын Раббыңның сендегі көркем көріністерін тамашалайсың және мені де есіңе аласың».



Қонақ осыны айтқаннан кейін отырған орындығының астынан бір айна шығарып, Хазіреті Юсуфқа ұсынады:

Хазіреті Мәуләнә былай жалғастырады:

«Жаратылыстың айнасы не? Жаратылыстың айнасы жоқ. (Сен арадан шыққанда қалар сені Жаратқан, осыны жақсы біліп ал) Ей, Хақ ғашығы! Егер ақылды болсаң, Хақтың құзырына “ештік” апар (яғни құл екеніңді, одан басқа еш құның жоқ екенін жақсы ұғын)».

Мағрифат (Аллаһты тану) – жаратқанды табу мен Хақ Тағаланың реңіне бояну. Көктегі бұлттардың, дариядағы судың өз реңі жоқ, оларды түрлендіріп тұрған аспандағы Күн.

Сен де нәпсінің құмарлықтарынан арыл, ештік сезімге бөлен! Өйткені әрбір иләһи көріністердің кемелдігі, жоқтыққа жеткеннен кейін басталады...

Аллаһ Тағалаға дос болғың келсе, достың қасына құр қол баруға болмайтындығын біл. Досқа құр қол бару диірменге бидайсыз барғанмен тең, Аллаһ Тағала махшар күні құлдарына:

«Қиямет күніне қандай сый әкелдіңдер?» – деп сұрағаннан кейін былай дейді:

«Сендерді алғаш жаратқан кезіміздегідей құр қол, азықсыз, жалғыз, мұқтаж күйде келдіңдер. Қане, айтыңдар, қиямет күніне қандай сыйлық әкелдіңдер? Әлде сендерде дүниеден ахиретке қайту, Аллаһтың құзырына шығу үміті болмап па еді? Құранның қиямет хақындағы хабарлары сендерге бос әңгіме болып көрінді ме?»



Ей, ең тамаша сипатта жаратылған адам! Ол достың есігіне осындай құр көңілмен қалай аяқ басасың?

Бұл фәни дүниеде аз да болса ұйқыны, ішіп-жеуді азайтып, Хақпен қауышатын уақытқа бір сый әзірле!».



Құлдың міндеті – иләһи ұлылық пен құдіретінің шексіздігі алдында ештеңеге жарамайтындығын, әлсіздігін түсіне білу. Өйткені Раббымыз – барлық нәрсенің иесі әрі жаратушысы. Сондықтан Ол барлық жаратылыстан дара. Оның қазынасына, Оған апарылатын сый жоқ. Ол барлық әдеміліктердің бастауы, абсолютті көркем. Сондықтан жаратылыстың ішіндегі ең көркем әрі ең құнды нәрсе – Хақ Тағаланың сұлулығына айна болатындай таза әрі пәк жүрек. Аллаһ Тағалаға алып баруға лайықты сый, Раббымыздың бізден қалаған нәрсесі «пәк жүрек». Бұл турасында ақын мына шумақтарында тамаша суреттейді:

«Ей, зергер! Сенен ешкім алтын мен күміс сұрамайды. Мал мен бала пайда бермейтін есеп күні тек пәк жүректі ғана талап етеді».

Пәк жүрекке ие болған салих құл жасырын нәрселердің барлығы жарыққа шығатын есеп күні Аллаһ Тағаланың, Оның Расулының және барлық әлемнің құзырында масқара, қарабет болудан аман болады. Ол күннің қиыншылығы, ауыртпалығы мен жапасынан да құтылады.

Расулұллаһ ﷺ:




«Аллаһым! Сенен дінде табанды болуды тілеймін... Шыншыл тіл мен пәк жүрек тілеймін...» – деп, Раббысына мінәжәт ететін. (Термези, Дәуауат, 23/3407)

Осыншама қымбат саналатын жүректі фәни әрі өткінші құмарлықтарға тұтқын қылғаннан бетер қорқынышты гапылдық бола ма? Хақ Тағаланың ризашылығына қауышудың жалғыз дәнекері болып саналатын жүректі күнәлармен кірлетуден үлкен бәлекет бола ма? Жүрегі лас болғаннан кейін тәнді, сырт көріністі тазалаудың мәні бола ма?

Бұрынғы моншалардың маңдайшасында мынадай бір шумақ ілінген екен:

Мінезің пәк болмаса, жақсылық күтпе сен сабыннан,

Алдымен жүрегінді тазарт, сосын тәніңді!

Пәк жүрек, ішінде иман нұры жарқыраған, жалтыр да мөлдір жарық сияқты болады. Мүмин адам жүрегіндегі осы нұр арқылы дұрысты қатеден, жақсылықты жамандықтан, ақиқатты жалғаннан, халалды харамнан ажыратады. Бұған сезімтал жүрекке ие, көзі жасты, көңілі мұңды, сезімтал сахаба Уәбисә бин Мабәд  осыған тамаша үлгі бола алады. Бұл мүбәрақ сахаба былай баяндайды:

Бір күні Расулұллаһтың  алдына барған едім. Маған қарап:

«Жақсылық не деп сұрауға келдің ба?» – деді.

Мен:



«О, Расулаллах! Иә» – дедім. Сол кезде Ол былай деді:

*«Жүрегің қара! Ізгілік – саған сай келетін және істегеніңді жүрегің мақұлдаған іс. Күнә болса ішіңді тырнап, басқалар саған істе деп қаншалықты пәтуа бергенімен, ішіңнен күмән тудыратын нәрсе».*³

Сүйікті пайғамбарымыз осы дара сахабасына ізгіліктің, жақсылықтың, хақ пен қайырдың не екенін жүрегіне қарап білуге болатындығын айтқан. Сондықтан күнә мен тойымсыздықтардан соққы алмаған пәк жүректің жақсы мен жаманды ажырата алатындығы баяндалады. Өйткені пәк жүрек ақиқаттың жаңылмайтын бағдаршысы. Оның тазалығына нұқсан келтіріп, науқастануына себеп болатын нәрселер, ғапылдық, нәпсінің құмарлықтары және күнәлар болып табылады. Хадис шәрифте Пайғамбарымыз ﷺ былай деп бұйырады:

«Мүмин бір күнә жасаған кезінде жүрегінде бір қара нүкте пайда болады. егер сол күнәні дереу тастап, тәубеге келіп, истиғфар айтатын болса жүрегі тазарады, бұрыңғыдай жарқырап тұрады. Олай істемей, күнә жасауды жалғастыра беретін болса, қара дақтар барған сайын көбейіп, ақыры жүректі толық жабады. Міне, Аллах Тағаланың:

«Олай емес. Олар – істеген қылмыстарының кесірінен жүректері маттасып қарайып кеткендер» – деп баяндағаны осы нәрсе» (Мұтаффифин сүресі, 14; Термези, Тәфсир, 83; Ибн Мәжә, Зүһд, 29; Ахмед II, 279)

3. Ахмед бин Ханбал, Мүснәд, Ыстанбұл 1992, IV, 227-228.



Хасан Басри рахметұллаһи алейһи былай деп насихат айтады:

«Жүрек алты нәрседен шіріп, бұзылады:

1-Тәубе жасармын деп үміттеніп күнә жасаудан.

2-Білім алып қажетінше амал етпеуден.

3-Іс-әрекеттерде ықыласты болмаудан.

4-Аллаһтың берген нығметтерінен пайдаланып шүкіршілік жасамаудан.

5-Аллаһтың жаратқандарының арасында бөліп берген рызығына разы болмаудан.

6-Өліктерді көміп олардан ғибрат алмаудан».

Жүрек ішіндегі органың ықпалында қалады. Жақсылықпен, қайырмен бірге болса, жақсы көріністерге ие болып, нұрланады. Жаманшылық пен жағымсыз нәрселерге ұшыраса, керісінше жамандықтар әсер етіп, оны қарайтады.

Риуаят бойынша жәннаттан келіп, Ибраһим عليه السلام тарапынан тауафты бастауға белгі болсын деп, Қағбаның бір бұрышына орналастырылған атақты «Хажарұл Әсуәд» та, адамдардың күнәлары мен жүрегiнiң қаралығынан туындаған жағымсыз әсерiнен қарайып кеткен.⁴ Хажарұл әл-Әсуәд «қара тас» деген мағынаны бiлдiредi. Алайда бұл тас жәннаттан шыққан кезде қардай аппақ болатын. Бiрақ уақыт өте келе оны ұстаған адамдардың күнәларынан қарайып кеткен. Бұл тек Хажарұл Әсуәдтың көрiнiп тұрған жағы

4. Қараңыз. Термези, 49/877; Ахмед, I, 307.



қарайғандығын, Қағбаның қабырғасына қараған жағының әлі әппақ болғандығына қатысты көптеген риуаяттар бар.⁵

Адамдардың күнәлары тастың өзіне осынша әсер етіп, қарайтатын болса, су сияқты ортасының бейнесі мен түсіне боялатын жүрекке қаншалықты әсер ететіндігін ойлау керек?! Олай болса, жүректің тазалығы мен пәктігін сақтау үшін күнәлардың жағымсыз ықпалынан барынша сақтану қажет.

Жүрек күнәнің дақтарынан әбден қоршалған кезде ғапылдыққа салынып, қатаяды. Айнаның бетінде пайда болған кірлер мен дақтардың уақыт өте келе бейненің сапасын бұзатынындай, күнәнің кірлері де жүрек көзін соқыр етеді, жақсы мен жаманды ажырата алмайтындай әлсіретеді. Сөйтіп, бір кезде жүрекке нәр беретін иман нұры да сөнеді. Мұндай кеуденің ішінде жаназа сақтаған қабір шұңқырынан айырмашылығы қалмайды. Мехмед Акиф айтқанындай:

Иман жәуһәрі иләйым қандай ұлық!

Имансыз, кірлі жүрек кеудеге жүк!..

Жүректің рухани өлуінің нәтижесінде адам жақсылық пен жамандықты ажырататын ең маңызды қабілетінен айырылады. Рухты улайтын ең үлкен күнәлардың өзі ауыртпалығы сезілмей жасала беретін болады. Омар бин Абдүлазиз рахметүллаһи әләйһидің мына бір сөздері осы ақиқатты тамаша көрсеткен:


5. Қараңыз, Сайд Бекташ, Фадлул Хажарул Әсуәд уә Мақам Ибраһим. Бәйрут, 1420, 36-38 б; Док. Мұхаммед Иляс, Тариху Мәккәтил Мүкәррамати қадимән уә хадисән, әл-Мәдинәтул-Мүнәууәре 2001, 43 б.



«Харам іс от сияқты. Оған тек жүректері өлгендер қол созады. Егер қол созғандардың жаны бар болса, ол оттың ыстығын сезінер еді.»

Адам баласы материалдық және фәни зиян үшін көрсететін сергектік пен қауіпті ғапылдығына байланысты рухани мен мәңгілік зиянға көрсетпейді. Ең қорқынышты ғапылдық адамның өлі жүректі болғанына қармастан, осының ауыртпалығын сезбейді. Уәһб бин Мүнәббих рахметүллаһи аләйһидің сөзі де өте мәнді:

«Адамдар қандай таң қаларлық десеңізші! Тәні өлгендерге жылайды, көңілі өлгендерге жыламайды. Негізінде, ең үлкен қасірет – көңілдің өлуі!».

Намазды барынша ықыласпен оқуға тырысатын Фадл бин Аббас  былай дейді:

«Шынында осы адамдарға таң қаламын: балам өлген кезде мыңдаған адам келіп көңіл айтады. Ал бір уақыт жамағатпен намаз оқи алмағаным үшін ешкім келіп көңіл айтпайды, қайғыма ортақтаспайды. Ант етемін, бір уақыт жамағатпен бірге болмағаным мен үшін үлкен ғалым әрі салих баламның өлімінен де үлкен қайғы».

Осы ақиқатты барынша жоғары деңгейде түсінген Хақ достары дүниелік фәни зиянға қарағанда, ахиреттік әрі мәңгілік өмірге қатысты зиян үшін сезімтал болуды алға қояды.

Хақ достарының көңілдерінен тасып, мүбәрак ауыздарынан шыққан насихат түсінігі бар адам үшін жүрек айнасының бетінде жиналған лас дақтарды сүртіп, нағыз пәктігі мен тазалығына қайта қауыштыратын фәйзді сөздер болып табылады. Әулиелердің осы руханияты мен рахымшылық



демінен тек Аллаһтың қаһарына ұшырап, қатайып қалған, қатыгез, нәсіпсіз жүректер ғана мақрұм қалады. Өйткені мұндай жағдайға душар болғандарға, Аллаһтың әулилерін былай қойғанда, пайғамбарлар насихат айтса да пайда болмайды. Жүректері күнәнің кірінен толығымен қарайып, рухани санасы тоқырауға душар болғандар ақиқатты түсіне алмайды.

Әбу Тураб ән-Нәхшәби былай дейді:

«Қарайған жүректің үш түрлі белгісі бар:

- 1) Адамның күнәлары үшін қиналмауы.
- 2) Құлшылықтар мен ізгі амалдарының көңілге ләззәт ұялатпауы.

3) Насихаттың әсер етпеуі».

Жан дүниеміздің осы жағдайға ұшырамауы үшін Раббымыз жіберген һидаят көрсетуші қасиетті кітаптарды, пайғамбарлар мен пайғамбарлардың мұрагері болып саналатын әулиелердің жүрекке нәр беретін фәйзді насихаттарына құрметпен қарауымыз керек.

Хазіреті Мәуләнә құддисә сирруһ былай дейді:

«Ізгі де адал адамдардан алыста қалып, дүниеқұмарлықпен нәсіпге ерген адам әлемнің сұлтаны болса да, ол нағыз өлік».

Әбу Үмәмәнің ﷺ риуаят бойынша Расулұллах ﷺ былай деген:

«Луқман Хакім ұлына: «Ғалымдардың (және арифтердің)



мәжілісіне қатыс! Хиқмет иелерінің сөздерін тыңда! Өйткені Аллаһ Тағала қалай өлі жерді мол жаңбырмен тірілтсе, солай өлі жүректі де хиқмет нурымен тірілтеді». (Хәйсәми, I, 125)



Жүректің рухани саулығын сақтау немесе науқас жүректі сауықтыру үшін қажетті әрекет туралы жүректі жаратқан Жаратушымыз былай деген:

«...Біліп қойындар, жүректер тек Аллаһты зікір етумен ғана тынышталады» (Ра'д, 28). Дененің сұлтаны болып саналатын жүрек Аллаһтың зікірімен тіріліп ақты қарадан ажырата алатын нұрға қауышқан кезде, өзінің қол астындағы барлық мүшелерге орынды бұйрық береді. Ақыры Хақ Тағала разы болатын құлға айналады.

Аллаһты зікір етудің өмірлік мәнін жақсы түсінген көміл мүршидтер үнемі көңілдің Аллаһты зікір халінде болу керектігін айтады.

Яхия бин Мұаз рахметұллаһи аләйһи былай дейді:

«Аллаһты зікір ету арқылы көңілдеріңді тазалаңдар, өйткені ғапылдық көңілді тез басып алады».

Расында, жүректен Хақ Тағалаға қауышудың тура жолы болып табылатын Аллаһқа ғашық болу және Аллаһқа деген сүйіспеншілікке жету үшін алдымен жан дүниені күнәлардан арылтып, Аллаһты зікір ету арқылы тазарту керек, сонда ғана көңіл ақиқат пен сырлардың айнасына айналады.



Фұдайл бин Ияз рахметұллаһи аләйһи былай дейді:

Аллаһ Тағала түнде уағында былай дейді екен:

«Күндіз мені сүйетіндерін алға тартқандар қайда? Әр ғашық сүйіктісімен оңаша қалғанды ұнатпай ма? Міне, Мен осы сәтте құзырымда Менімен сөйлескен, тамашалау мәртебесінде Маған қарап сөз айтқан достарыма назар саламын. Ертең жәһәннамда олардың жүзін жарқын етемін».

Руиятқа қарағанда Аллаһ Тағала Дәуітке ﷺ былай деп уахи еткен:

«Ей, Дәуіт! Түн қараңғысы түскенде ұйқыға батып, Мені есіне алмаған адамның Мені сүйем дегені өтірік».

Ықылас, шынайылық, ғашықтық пен жан көңілден күл болып өмір сүру үшін түннің фәйзінен пайдалану керек.

Хазіреті Әбу Бәкірдің ﷺ қайтыс болар алдында Хазіреті Омарға ﷺ айтқан насихаттарының бірі мынадай:

«...Ей, Омар! Жақсылап ұғын! Аллаһ Тағаланың түнде орындалуды қалайтын кейбір міндеттер бар, бұларды күндіз орындамау керек. Күндіз істелетін істер де бар, оларды түнде орындаған дұрыс емес...»

Хазіреті Әли ﷺ Мысырға әкім етіп тағайындаған Мәлік бин Хариске жазған бұйрығында жазылған мына бір сөйлемдер қандай мәнді:

«Адамдардың пайдасы үшін қаншалықты таза ниетпен жасаған барлық еңбектерің Аллаһтың ризалығы үшін болса да, сен ең оңтайлы уақыттарыңды Аллаһ пен өз араңдағы



істерге арна! Тек Аллаһ ризалығы үшін орындайтын құлшылықтардың ең маңыздысы – Аллаһтың затына тән болатын парыздар. Түнде де, күндіз де тәніңдегі Аллаһқа тиесілі құлдық үлесін бер және Ұлы Жаратушына жақындататын осы құлшылықтарды қандай қымбат болса да толық орында!..»

Түнде таң атқанша құлшылықпен өткізетін Бишри Хафи Хазіретінен:

«Түнде аз уақыт тынықпайсыз ба?» – деп сұрағанда Хақ ғашығы әулие мына бір хикметті сөздермен жауап береді:

«Хақ Тағала өткен және болашақтағы барлық күнәларын кешіргенімен, Аллаһтың Расулы ﷺ түнде мүбәрак аяқтары іскенше намаз оқыса, Хақ Тағаланың бір ғана күнәмды кешіргенін білмеген мен қалай ұйықтай аламын?!»

Көңіл сұлтаны Хазіреті Мәуләнә да былай дейді:

«Ей, Хаққа ғашық болған адам! Түнде аз ұйықтайтындардың, таңсәріде күнәларының кешірілгенін сұрайтындардың қатарында бол!

Ана құрсағындағы нәресте сияқты аз қимылдасаң, саған нұрлы сезімдер беріледі. Ананың құрсағына үксас мына тар, қиыншылыққа толы дүниеден сыртқа шықсаң, жер бетінен де кең, рахат бір әлемге шыққаның.

Көңілге ұнамайтын қараңғы түнде қаншама әсемдік бар. Өмір нәрі қараңғылықпен дос, қараңғылықта жасырылған.

Сен маған өзіңнің рухани әлсіздігіңмен қарама, түн сен үшін түн, бірақ сол түн мен үшін таңсәрі мезгілі.



Түннің ақиқатын көрген адам ұйықтамайды, ұйқыдан қашады. Көптеген нұрлы көңілдер, сансыз таза жандар түнді құлшылықпен өткізеді. Ұйықтамайды, құлшылық жасайды. Аллаһқа жалбарынып, мінәжәт қылады.

Түн – ғайыптың әдемілігінің, рухани әсемдіктің дәнекері.

Күндіз қалайша түнге тең болмақ? Сенің пікіріңше түн қап-қараңғы қазан сияқты. Өйткені сен түннің халуасының дәмін татпадың, түннің ақиқатының не екенін түсінбедің...»

Хазіреті Мәуләнә түн уағында басынан кешірген ғашықтық пен шабытты Диуан Кәбірінде былай келтіреді:

Шарапшы! Тостағанды Аллаһ махаббатымен толтыр!

Мас адамға нан туралы айтудан аулақ бол!

Кәусәр ұсын, қансын суга барлық шөлдеген көңілдер!

Дарияда жүзген жәндік судан басқа не сұрар.

Толтыр сол шараптан, және толтыр, және ұсын!

Тоқтасын түндер, ей, дос, оны тоқтат, не болсын!

Байла, ұйқыны шынжырлап байла, өтпесін сәттер!

Түннің нарқына бара алмайды ұйықтап жатқандар!⁶



6. Диуан Кәбірден түркшеге аударған: Емін Ышық. (Мармара университеті, Илһаният факультеті. Зейнеткер ұстаз).



Түн, әсіресе таңсәрі уақыты Хаққа жақындау үшін ерекше мүмкіндік бар уақыт. Осы уақыттарды үлкен нығымет деп санау қажет. Бұл нығыметтен құр қалудың ең басты себебі күнәлардың жүректің сезімталдығын жойып, адамды ғапылдыққа итермелеуі болып табылады.

Хасан Басри рахметұллаһи аләйһи былай дейді:


«Адамның түнгі құлшылыққа тұрмауының бір ғана себебі – істеген күнәсі. Олай болса, күнде кешке нәпсіңізді жауапқа тартып, өзіңізге есеп беріңіз. Түнгі құлшылыққа тұру үшін Раббыңызға тәуба етіңіз. Түнгі құлшылыққа тұру тек күнәлардың астында қалған адамға қиынға түседі».

Түннің рухани фәйзінен қажетті мөлшерде пайдалану үшін күндіз күнәдан сақтану және таңсәрінің күні бойы сақтап қалу керек.

Бір адам Ибраһим бин Әдһәм хазіретіне:

«Түнгі құлшылыққа тұра алмаймын, маған бір шарасын айт!» деген кезде Ибраһим бин Әдһәм Хазіреті оған былай деген:

«Күндіз Аллаһқа қарсы шықпа. Түнде Ол сені құзырына тұрғызады, түнде Оның құзырында болу – ең үлкен абырой. Күнәһарлар бұл абыройға ие бола алмайды!»

Түн мен күндізді құлшылықпен өткізумен қатар осы құлшылықтарды жүректен орындау да өте маңызды. Ибн Аббас  дейді:

«Тәфәккурмен оқылған екі рәкәат намаз Раббысынан






бейхабар көңілмен түні бойы құлшылықпен өткізгеннен әлдеқайда артық».

Әбу Дәрда  былай деген:

«Бір сағат тәфәккур қырық түнгі нәпіл құлшылықтан артық»⁷

Қорыта айтсақ, құлшылықты тек рухани сезімталдықпен, ынтамен және тәфәккурмен орындаған кезде ғана құнды болады. Сахбалар мен олардың ізін басқан ізгі мүминдердің ең маңызды қасиеті де осы рухани күйге ие болуы еді. Абдуллаһ бин Мәсуд  достарына былай дейтін:

«Сендер сахбалардан да артық намаз оқып, үкім шығарасындар. Бірақ олар дүниеден сендерден де артық қашып, ахиретке сендерден артық құштар болған еді».

Хасан Басри рахметүллаһи әләйһ былай дейді:

«Түнімен Құран оқып шыққан бір мұсылманды ертеңіне көргендер сол мұсылманның сарғайып солғанына, әлсіздігіне, шаршағанына қарап, түнді құлшылықпен өткізгенін оның жүзінен сезіп қоятын. Алайда, қазір бір адам түнде Құранды бастан-аяқ оқып шықса да, таңертең тұрған кезде шапанын жамылып ұйықтаған адам сияқты түрінен ешқандай өзгеріс байқалмайды».

Міне, Хақ Тағаланың сүйікті құлдарын даралайтын ерекшелік – құлшылықтарды жүрек сезімталдығымен орындау. Құлшылықты Хақ Тағаланың алдында қабыл болуына ықпал



ететін де ықылас пен тақуалық. Яғни Аллаһтың әмірлері мен тыйымдарына деген шынайылық құрмет пен сақтық арқылы мойынсұнып, Аллаһтың ризашылығы жолында тура жүру.

Аллаһ Тағала бізді Хазіреті Пайғамбардың ﷺ және оның ізбасарлары болған Хақ достарының рухани болмысынан, өнегелі тұлғалығынан фәйіз алып, ризашылығына қол жеткізген салих құлдарының қатарына қоссын!..

Әмин!..



Тайғамбар ахлағының Сахабалардағы көріністері 1



Әлемнің мырзасы Хазіреті Тайғамбар ﷺ зұлымдық пен қатыгездіктің ықпалында құрып бара жатқан адамзатты иманның ең құнды жемісі болып саналатын мейіріммен, мәрхаметпен құшағына алды. Ол рахымшылық пен сүйіспеншілікке толы істері арқылы адамзатқа үлгі болу жолында мәңгілік шыңына шықты.

Қазіргі кезде жүректеріне Құранның руханиятын, рухына қызметтің шаттығын, ұждананына көркем ахлақтың әсемдігін сіңіріп, мәңгілік бақыттылықтың бітпес рухани ләззатына бөленіп өмір сүріп жүрген мұминдер қандай бақытты!..



Пайғамбар ахлағының Сахабалардағы көріністері 1

Ислам дінінің ең бағалы ғасыры, әрине, әлемнің пайғамбарлық нұрымен жарқыраған **«Пайғамбар кезеңі (бақыт ғасыры)»**. Бұл ғасырда Аллаһ Расулы ﷺ мен Оның таңдаулы сахабалары сол қасиетті уақыттың ең бағалы құндылықтары болған. Олар адам баласы қол жеткізе алатын ең жоғарғы мәртебеге ие болған.

Расулұллаһты ﷺ иман нұрымен көріп, Аллаһтың сөзін шартарапқа тарату үшін мал-жанын жомарттықпен жұмсау бақытына ие болған сахабалар Мұхаммед үмметіне «өнеге ұрпақ» болу үшін жіберілген Аллаһтың сыйы. Осы тұрғыдан алғанда иман абыройына ие болған әрбір жүрек, пәк дініміздің бүгінгі күнге дейін жетуіне маңызды қызмет атқарған «Дара сахабаларға» құрмет, сүйіспеншілік пен қарыздар сезіміне толы болуы керек. Олардың біреуінің аты аталған кезде «радиаллаһу анһ», яғни «Аллаһ оларға разы болсын!» деп дұға ету – діни әрі ұждани міндетіміз. Өйткені олар Пайғамбарымыз уағыздаған һидаят керуенінің үлкенді-кішілі дара тұлғалары болып табылады.



Олар әрі өздері өмір сүрген кезеңге, әрі өздерінен кейінгі кезеңдерге бағдар болды. Солардың арқасында түн күнге айналды, қыс көктемге ауысты. Олар адамзатты терең тәфәккур мен сезімталдық қасиетке жеткізді. Олар адамды өзімен (негізгі болмысымен) таныстырды, әлемнің жаратылу хикметін үйретті. Адам денесінің бір тамшы судан, құстардың қарапайым жұмыртқадан, ағаштың көзге көрінер-көрінбес кішкене дәннен пайда болуы, ең кішкене денеден ең үлкен жаратылысқа дейін барлығындағы сырлар мен хикметтер сияқты шексіз Аллаһтың құдірет көріністерінің алдында адам баласына осыны түсініп, сезіне алатындай тәлім берді. Мүмин көңіл, солар арқылы шүкіршілік, сабыр мен мадақ сияқты қасиетті сезімдерін ұштады.

Тарихта айтылғандай Хазіреті Пайғамбардың ﷺ пайғамбарлығынан бұрын Арабстан өлкесінде неше түрлі жан түршігерлік оқиғаларға куә болған. Тайпалардың арасындағы дұшпандық, қан дауы, қыз балаларды аналарының жүрегін қан жылатып тірідей көму, зинақорлық, маскүнемдік, қарақшылық, пұттарға табынушылық, ақылға сыймайтын әртүрлі ырымдар – қысқасы, барлық жаманшылықтар жайлап алған еді. Тәурат пен Інжілдің мағынасы бұрмаланып, нәпсінің қалауына қарай жазылған атауы ғана қалған еді. Аллаһ Тағала осындай зұлымдық пен қараңғылық ортасында жанталасқан қоғамға һидаят нұрын сыйлады. Хазіреті Пайғамбардың ﷺ пайғамбарлық нұрымен әлем осы терең гапылдық ұйқысынан оянды. Өйткені Ол әлемге һидаят, рахымшылық ретінде жіберілген еді.

Әлемнің мырзасы Хазіреті Пайғамбар ﷺ зұлымдық пен қатыгездік ықпалында құрып бара жатқан адамзатты, иманның ең құнды жемісі болып саналатын мейіріммен, мәрхамат-

пен құшағына алды. Ол рахымшылық пен сүйіспеншілікке толы істері арқылы адамзатқа үлгі болу жолында мәңгілік шыңына шықты. Аз уақыт ішінде олар жайлы айтылған сөздер қияметке дейін адамзатқа парасатылық үлгісін көрсетіп, жүрекке шабыт сыйлайтындай жарқын да теңдессіз үммет тәрбиелеп шығарды.

Өйткені олар барлық сезімдері мен әрекеттерінің Аллаһтың ризашылығына сай болуы үшін тырысып өмір сүрді. Барлық күшін Аллаһтың сөзін жаюға жомарттықпен жұмсады. Олардың көзқарасында өмірдің ең тәтті де мәнді сәттері адам баласына тәухид хабарын жеткізген сәттері еді. Өлім жазасына кесілген кезде, өзіне ең соңғы қалауын жүзеге асыру үшін үш минуттық мүмкіндік берілген сахаба осы мүмкіндікті берген ақиқаттан бейбхабар «бишараға» рахмет айтып:

«Осы үш минутты маған бергенің үшін саған қанша қарыздармын! Өйткені осы берген үш минутта, бәлкім, саған тәухид ақиқатын түсіндіру мүмкіндігіне ие болармын» – деген еді.

Жаратылыс нұры Пайғамбарымыздың сүйіспеншілігі мен мейірім тәрбиесінде өскен сахабалар айтуға тіл жетпейтін ғашықтық халінде өмір сүрді. Олардың құлшылықтарының руханилығы, қарым-қатынастарындағы сыпайылық, ахлақтарының көркемдігі, көңілдерінің жылуы, сезімдерінің тереңдігі мен сырлары сол жаратылыс нұрынан келген рухани сәулелер болатын. Олардың Әлемнің мырзасын өнеге етіп қол жеткізген ахлақ деңгейін көрсететін көптеген оқиғалары бар. Сахабалардың Хазіреті Пайғамбарға деген терең сүйіспеншілігі мен махаббаты арқылы қол жеткізген рухани дәрежесін, сезім тереңдігі мен кәміл әрекеттерін белгілі бір сөздермен айтып жеткізу мүмкін емес. Тек олардың кәміл



істерін көрсететін көптеген мысалдардың бірнешеуін ғана мысалға келтіріп отырмыз:

Сахабалардың мүмин бауырын өзінен артық санағандығын көрсететін мына бір оқиға тамаша бір ислам ахлағын көрсетеді:

Бір күні Аллаһ Расулы ﷺ Бәни Надирден алынған олжаларды мүһәжірлерге бөліп, әнсардан мұқтаж үш адамнан басқасына бермеген еді. Содан кейін әнсарларға қарап:

«Қаласаңдар, бұрын мүһәжірлерге бергендерің соларда қалады, сендер де осы олжадан үлес алатын боласыңдар. Қаламасаңдар, бергендеріңді қайтарып алып, осы олжаның барлығын соларға қалдырасыңдар» – деді.

Сол кезде әнсарлар, барлығына Аллаһ разы болсын, үлкен жанқиярлықпен, мүмин бауырларын өздерінен артық санап былай деп жауап берді:


«Уа, Расулаллаһ! Мүһәжір бауырларымызға малдарымыздан да, үйлерімізден де енші береміз және олжаны да толықтай соларға қалдырамыз».

Сол кезде шынайы жанқиярлықпен жасалған қайырдың құлды табысқа жеткізетіндігін сүйіншілейтін мына бір аят түсті:


«Мүһәжірлерден бұрын (Мәдинаны) мекендеген және иманды ұстанған әнсар өздеріне көшіп келгендерді сүйеді. Оларға берілген нәрселер үшін көңілдерінде қандай да бір мазасыздық пен қиыншылық сезінбейді. Өздері мұқтаждықтан қиналса да, мүмин бауырларын өздерінен артық санайды.



Кімде-кім нәпсісінің сараңдығынан сақтанатын болса, нағыз табысқа қол жеткізгендер солар» (Хашр сүресі, 9)⁸

Жабир  әнсарлардың мүһәжір бауырларына деген қам-қорлығы мен жанқиярлығы туралы баяндайды:

«Әнсар құрмаларын жинаған кезде екіге бөліп, бір жағына көп, екінші жағына аз құрма қоятын. Содан кейін аз жағына құрма бұтақтарын қойып (оны көп қылып көрсететін), мүһәжірлерге «таңдағандарыңды аласыңдар» дейтін. Олар да (көп үйілген әнсар бауырларымыздікі болсын деп, аз үйілгенін алатын). Осылайша құрманың көбі мүһәжірлерге түсіп, әнсарлар аз бөлігін өздері алып қалатын...» (Хәйсәми, X, 40).

Тағы бір күні Хазіреті Пайғамбар  Бахрайн телімдерін сахабаларына бөліп беру үшін алдымен әнсарларды шақырады. Әнсарлар теңдессіз жанқиярлық көрсетіп:

«Уа, Расулаллаһ! Мүһәжір бауырларымызға осының жартысынан артығын бөлмейінше, бізге ештеңе бермеңіз!» – деген еді.

Сол кезде Расулұллаһ :

«Ей, әнсар! Онсыз да (мүмин бауырларыңды өздеріңнен артық көріп) алғыларың келмейді, олай болса Кәусар хауызында менімен қауышқанша (дүниенің бәлекеттеріне) сабыр етіңдер! Өйткені менен кейін сендерге өзгелер ар-тық болатын бір уақыт келетін болады» деді. (Бұхари, Мәнәкибүл-әнсар 8).

8. Фахруддин әр-Рази, Мәфәтихул-ғайб (әт-Тәфсирул-Кәбир), Бәйрут 1990, XXIX, 250; Құртуби, әл-Жами, ли-Ахкаmil-Құран, Бәйрут 1985, ХҮІІІ, 25.





Өйткені әнсар өздері өмір сүрген қоғамның рухани-материалдық қиыншылықтары мен мәселелері үшін өздерін жауапты сезінетін кемел рухты, ұжданы таза тұлғалар болатын. Мүһәжірлер де өздерінің қажеттілігі мен кедейліктеріне қарамастан мүмкіндігінше дүниеге тәуелсіз өмір сүріп, ешкімге масыл болмауға, керісінше, көмекші болуға тырысатын. Өйткені олар дүни нығыметтерін нәпсілеріне арнаудың орнына Аллаһ жолына жұмсап, иманның шабытын, ләззәты мен тәттілігін артық санайтын.

Сахабалар Аллаһ Тағаланың өздеріне аманат еткен дүниелік мәртебелер мен мәнсаптарды ешқашан тәкәппарлық пен менмендік сияқты нәпсінің үстемдігі үшін қолданбаған. Хазіреті Пайғамбардың ﷺ қарапайым өмірін барлық жағдайда өздеріне өмірлік қағида етіп ұстанған болатын.

Сәлман رضي الله عنه Мәдайн әкімі болған кезінде Шамнан Тәймұлдары тайпасынан бір адам келген еді. Өзімен бір тең інжір ала келген болатын. Ал Сәлманның бір қабат киім мен бір шапаны ғана бар еді. Шамнан келген адам Сәлманның бұл түрін көріп танымай, оған:

«Кел, мынаны арқала!» – деді.

Сәлман رضي الله عنه барып жүкті арқалады. Оны көрген халық танып, әлгі адамға:


«Сенің жүгіңді көтеріп жүрген бұл адам – әкім!» десті. Сонда әлгі адамның:

«Кешіріңіз, сізді танымаппын» дегеніне қарамай, Сәлман

رضي الله عنه:






«Ештеңе етпес, жүкті үйіңе жеткізпейінше жерге қоймаймын» – деді.⁹

Сәлманның  бұл халі мүмин қандай мәртебеде болса да, қарапайым болуына шақыратын

«Рахманның құлдары жер бетінде қарапайым болып жүреді...» деген аяттың іс жүзіндегі үлгісі болатын. (Фұрқан сүресі, 63)

Сахабалардың қоғамдағы жетімдерді қорғап, оларды асырап алу тұрғысындағы ерекшеліктерін көрсететін мына бір жағдай да Исламдағы қоғамдық көмек түсінігінің және бірліктің тамаша үлгісін көрсетеді:

Бәра бин Азиб  Расулұллаһтың  Мекке жеңісінен бір жыл бұрын орындаған қаза ұмрасындағы бір оқиғаны былай баяндайды.

Хазіреті Әли  бір кішкене қызды құшақтап, түйесінің үстінде отырған жұбайы Фатимаға:

«Немере ағаңның қызын ал!» – деп береді.

Мәдинаға барған соң бұл баланың қайда қалатындығы жөнінде Хазіреті Әли, ағасы Жағфар мен Зәйд бин Харисаның арасында түсініспестік пайда болды.

Хазіреті Әли :

«Ол менің немере ағамның қызы. Оны тәрбиелеп, асырау бәрінен бұрын менің міндетім» – деді.

9. Ибн Са'д, әт-Табақатул-Кұбра, Бәйрут, Дару Садыр, ІҮ, 88.



Жафар Тайяр ﷺ:

«Ол менің де немере ағамның қызы, әрі менің жұбайым оның апайы» – деді.

Зәйд бин Хариса ﷺ:

«Расулүллаһ мені оның әкесімен бауырлас деп таныды. Ол менің інімнің қызы» – деді.

Аллаһ Расулы ﷺ:

«*Апай – ана сияқты*» деп, баланы Жафар Тайярдың жұбайына берді. Содан кейін баланы асырап алғысы келгендердің де көңілдерін тапты:

Хазіреті Әлиге:

«*Сен мененсің, мен де сененмін*» – деді.

Жафар Тайярға:

«*Сенің келбетің де, мінезің де маған ұқсайды*» – деді.

Зәйд бин Харисаға да:

«*Сен біздің бауырымыз, досымызсың*» – деді. (Бұхари, Сұлх 6, Мәғазі, 44; Мұслим, Жиһад, 90; Әбу Дәуіт, Талақ, 35).

Хадис шәрифте былай делінеді:

«*Өз жетімін немесе басқа біреудің жетімін қамқорына алған адаммен Мен жәннатта дәл осылай қатар боламын*»

Хадисті риуаят еткен Мәлік бин Әнәс Хазіреті Пайғамбар ﷺ жасағандай сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын тиістіріп көрсетті (Мұслим, Зүһд, 42).



Сахабалардың осындай парасаттылыққа толы істері олардың Аллаһ пен Расулына үлкен сүйіспеншілікпен мойынсұнғанын және соның арқасында дүние мен ахіретке қатысты пайда мен зиянды терең түсіне білгендерінің нәтижесі болатын. Өйткені Аллаһ ﷻ Хазіреті Пайғамбардың ﷺ сүннетіне мойынсұнып, Оны үлгі етуді ризашылығы мен сүйіспеншілігіне қол жеткізуге дәнекер қылған. Исламның екі негізгі тірегі бар: **«Аллаһтың Кітабы мен Расулұллаһтың Сүннеті»**.

Ешбір адам Құран Кәрім мен Сүннетке мойынсұнбай, Расулұллаһтың өнегелі өмірін үлгі тұтпай кәміл мүмин бола алмайды, мәңгілік жетістікке қол жеткізе алмайды. Сахабалардың Құран мен сүннеттің мағынасына сай өмір сүру ерекшеліктерін көрсететін мына бір мысал да тамаша бақыттылық жолын көрсетеді:

Қады Шұрайх Хазіреті Омарға ﷺ хат жазып, үкім бергенде неге сүйену керектігі жайында сұрайды. Хазіреті Омар ﷺ оның бұл сұрағына тақуалық тәсілін былай жеткізеді:

«Халыққа Аллаһтың Кітабында айтылған үкім шығар. Егер одан таба алмасаң, Аллаһтың Расулының Сүннетімен үкім шығар. Аллаһтың Кітабы мен Расулының Сүннетінен де таба алмасаң, салих адамдардың берген үкімдері бойынша үкім шығар. Салихтардың берген үкімдері арасынан да таба алмасаң, онда қаласаң үкім шығар, қаламасаң бас тарт. Бас тартып үкім шығармағаның сен үшін тіпті жақсы болар деп ойлаймын, уәссәләм» (Нәсәи, Кұдат, 11/3).

Сахабалар барлық жағдайда Құранды ұстанып, оның мағынасын жан дүниесіне орнықтырып, тірі Құран сияқты өмір сүру тұрғысында да Аллаһ Расулының ﷺ ізін басқан.



Кинанә әл-Әдәуи былай дейді:

Омар бин Хаттаб رضي الله عنه әскер басшыларына:

«Құранды жаттаған адамдарды анықтап маған айтыңдар, оларды құрметтеп, сыйлық жасайын да, жан-жаққа жіберейін, олар Құранды басқаларға барып үйретсін» деп жазады.

Әбу Мұса әл-Әшғари Хазіреті Омарға қол астында 300 -ден астам Құран қариы бар екендігін жеткізеді. Хазіреті Омардың رضي الله عنه ол қариларға¹⁰ арнап жазған хатында мынадай насихаттар айтылған еді:

«Құранның сіздер үшін сауап пен абырой қазынасы екендігін білгейсіздер. Оған мойынсұныңдар. Оны өздеріңе иеленбеңдер. Кімде-кім Құранды өзіне қарай бұрмаласа, Құран ол адамды төбесімен құлатып, жәһәннамға салады. Кімде-кім Құранға мойынсұнса, Құран оны Фирдәус жәннатына жеткізеді. Шамаларыңыз келсе Құранның сіздерге шапағатшы болғанын, дұшпаныңыз болмағанын қамтамасыз етуге тырысыңыздар. Өйткені Құран шапағат еткен адам жәннәтқа, шағымданған адам да жәһәннамға барады. Құранның һидаяттың қайнар бұлағы және ең абыройлы ілім екендігін біліңіздер. Ол Рахманнан келген, ол арқылы соқыр көздер, саңырау құлақтар мен жабық жүректер ашылатын ең соңғы кітап...»¹¹

Сондай-ақ бір риуаятта былай делінеді:


«Сахабалар Құран Кәрімді оқымаған, парақтарына көз

10. Сол кезде «Хамала-и Құран: Құран қариы» сөзі Құранның сөзін де мағынасын да білетін ғалым деген мағынада қолданылатын еді.

11. Кәттани, Низамул-хикмәтин-нәбәуия (әт-Таратибул-Идария), Бәйрут, 1996, II, 197



тастамай бір күннің де өткенін қаламайтын еді. Күнді Құранмен бастап, көзі ауырғандардың да Құранға қарауына кеңес беретін»¹²

Йәрумук соғысында өзі шөлдеп жатса да басқа мүмин бауырларын өзінен артық көріп, суды алдымен соларға апар деп, артынан бір жұтым суға қолы жетпей шәһид болған Икримә  Құранды алып, бетіне тигізіп, жүзін сүртіп, «Раббымның сөзі! Раббымның кітабы!» деп жылайтын.¹³

Міне, Пайғамбар ахлағын бойларына сіңірген сахабалар Құранды осыншалықты сүйіспеншілікпен құрметтегендігі үшін Хақ Тағаланың алдында ерекше абыройға ие болған. Қияметке дейін келетін мүминдердің жүрегінен орын алған. Хақ достарының бірі Хасан Басридың мына бір ескертуінің ғибраттығы қандай!?

«Сахабалар мен оларған кейінгілер Құранды Аллаһтың әмірі және бұйрығы деп біледі, солай қарайды. Күндіз-түні оны мұқият оқиды, оны қадағалайды, назарларында ұстайды және соның үкімі бойынша амал етеді. Қазір сендер Құранның әріптері мен харекелеріне назар аударасындар, бірақ ішіндегі Аллаһтың тәлімдеріне еш назар салмайсындар. Тіпті оны түсінбейсіндер де» (Кандәһләуи, Фадайл).

Біз де сахабалардың Құранға қатысты ұстанымдарын үлгі етіп, өзімізді іштей сұраққа тартып отыруға міндеттіміз. Өйткені осы өнегелі іс-әрекеттердің барлығы кітаптың бетінде қалсын деп емес, үмметтің жүрегінен орын алсын деп бүгінгі күнге дейін жеткен.

12. Хаким, әл-Мүстәдрәк алас-Сахихайн, Бәйрут, 1990, III, 272.

13. Суюти, әл-Жамиус-Сағир, Мысыр, 1306, I, 12/310.



Хазіреті Пайғамбарды ﷺ оған иман келтіре отырып көзбен көру абыройына ие болған, осылайша рухы мен еріктерін ахлақтық тұрғыдан кемелдендірген сахабалардың теңдессіз өнегелі үлгілеріннен бірнеше мысал келтіріп өттік. Олар осындай ахлақтың шыңына шыққанда ұлық пайғамбар:

«Үмметім жаңбыр сияқты, алды қайырлы бола ма, арты қайырлы бола ма, белгісіз» (Термези, Әдеп, 81) деген болатын. Бұл хадис шәриф Хазіреті Пайғамбарды ﷺ көру бақытына ие бола алмаған біз сияқты мүминдер үшін үлкен жұбаныш әрі үміт қақпасы.

Өйткені адамдардың көбінесе нәпсінің құмарлықтарына еріп көптеген жағымсыз ықпалдардың жетегінде кетіп, қоғамның, әсіресе өзі үшін тыныштықтың қайнар көзі, даму жолы болып табылатын дінмен арасын алшақтатып отырған қазіргі тағда иман мен ахлақта сахабаға тән рухы мен шабытын сақтап өмір сүруге тырысқан мүминдердің қажымас фәйіз қайраты Хақ Тағаланың алдында өте құнды.

Қазіргі кезде сана-сезімдер нәпсіге бағынғандықтан шынайы көңілмен жүзеге асырылған діни қызыметтер адамдарды ақиқатқа және жақсылыққа қанық болған кезіндегі көптеген қызметтерден гөрі артық та абзал. Өйткені әр жақсылықтың сауабы, оны орындаудағы қиыншылық мөлшеріне қарай өседі. Сондықтан басымыздан кешіріп отырған ақырзаманның барлық жағымсыз ықпалына қарамастан қол жеткізген азғантай табысымыздың өзі үлкен сыйға бедел болу ықтималы ешқашан назарымыздан тыс қалмауы керек.

Сүріп жүрген өміріміз Аллаһтың сынағы ретінде кейде азап, кейде сый көріністеріне толы. Аллаһты шынайы тану дегеніміз нәпсінің қарауларынан бас тартып, жан дүниемізді тазарту арқылы еркімізді Аллаһтың ризалығына қарай бұру, сол арқылы барлық азап пен сый көріністерінен пайдалана білу.



Хадис шәрифте былай делінеді:

«Мүминнің жағдайы шынымен қызығу мен таңдануға тұрарлық. Өйткені барлық жағдай ол үшін ізгіліктің нышаны. Мұндай қасиет тек мүминнің бойынан ғана табылады. Мүмин қуанатын болса, шүкіршілік етеді. Бұл ол үшін қайырлы болады. Басына бәле келсе, сабыр сақтайды. Бұл да ол үшін қайырлы болады» (Мүслим, Зүһд, 64).

Олай болса уақытымызды мыңдаған қарсылықтар, сылтаулармен, шағымдармен өткізгенше, жүрегіміз бен ерік-қалауымызды ақиқат пен жақсылыққа бағыттау арқылы алдымен өзімізді дұрыстап, уақытымыз бен орнымызды соған қарай бағалай білуге тырысуымыз қажет.

Әрқашан хидаят жолын іздегендерге, әлсіздерге, жетімдер мен бишараларға мейірімділік қолын созу Аллаһтың ризашылығына жеткізетін ең маңызды қызмет болып табылады.

Осы кезде сүйікті Пайғамбарымыздың және оның теңдессіз сахабаларының махаббаты мен сүйіспеншілігінен нәр алып, жүректеріне иманның ләззәты мен шабытын, көңілдеріне Құранның руханиятын, рухтарына қызметтің шаттығын, ұжданына көркем ахлақтың тазалығын сіңіріп, мәңгілік бақыттылықтың бітпейтін рухани дәмін татып өмір сүрген мүминдер неткен бақытты жандар!..

Аллаһ Тағала жоғарыда қиссалары баяндалған мүбәрак сахабалардың өмірінен үлгі ретінде алынған осы әңгімелерден нәрлендіріп, жүрегімізге жан бітірсін және ризашылығына сай амал етуді нәсіп етсін!..

Әмин!..



Пайғамбар ахлағының Сахабалардағы көріністері 2



Сахабалар ақиқат пен шындықтан құр қалған қауымдарға, аяқтары жеткен жерге дейін Исламның нәзік, әділетті болмысын көрсетті. Олар Аллаһтың құлдарына Хак Пәгаланың назарымен қарайтын, көңілдері мейірім, мәрхамет, қызмет, туралық, қамқорлық пен жанқиярлық сияқты пайғамбарлық нұрына толы, тақуалы Аллаһ Пәгала мадақтаған салих мұминдер болатын.



Пайғамбар ахлағының сахабалардағы көріністері 2

*Достықтың бастауын Аллаһ пен оның
Расулынан тапқан сахабалар мен
олардың ізін басқан Хақ достары мәңгілік
барлық адамзатқа дос болып қалмақ.*

Адамның кемелділігі мен жетер шыңы – көркем ахлақ. Пайғамбарымыздың ﷺ барлық іс-әрекеттері мен ұстанымдары бір қарағанда ахлақ жиынтығы іспеттес.

Әлемдердің Раббысы Пайғамбарымызды ﷺ материалдық және рухани тұрғыдан тамаша болмыста жаратып, тәрбиелеген. Сондай-ақ Расулұллах ﷺ:

«Мені Раббым тәрбиеледі, көркем тәрбиеге бөледі»¹⁴ деген хадис шәриф арқылы осы ақиқат пен пайғамбарлықтың ең негізгі мақсатын меңзейді. Бұл тұрғыдан алғанда адамзатқа берілген ең жоғары ахлақ, Аллаһтың үкіміне сүйенетін әрі ризашылығына сай келетін көркем мінез-құлықтар жиынтығы осы пайғамбар өмірі арқылы барлық адамзатқа жеткен.

14. Мүбәрәқфури, Тұхфәтул-Ахфази, Кайр, жылы белгісіз, X, 226, № 3807; Ибн Абдил-Бәрр, Жамну Баянил-Илм, II, 91.





Хазіреті Пайғамбардың ﷺ өнегелі тұлғалығы мен рухани өмірінен шамамыз келгенінше үлгі алып, оның ахлағын бойымызға сіңіру дүние мен ахиреттегі ең жоғары абырой болмақ. Сондықтан алдымен Оны лайықты түрде жақыннан танып білу керек.


Тарихта өмірінің барлығы егжей-тегжейіне дейін нақтыланған бірден-бір адам – Хазіреті Пайғамбар ﷺ. Пайғамбарымыздан басқа 124 мыңнан астам пайғамбарлардың адамзатты жақсылық пен ізгілікке шақыру тұрғысында мысал боларлық кәміл өнегелерінен аз ғана естеліктер бүгінгі күнге дейін жеткен. Алайда Ақырзаман Пайғамбарының ﷺ ең қарапайымынан бастап ең кемеліне дейін барлық істері мен сөздері, тіпті сөздерінің өзінде көрініс тапқан мөлшерде жан дүниесі әр сәт сайын қадағаланып, тарихтан ең абыройлы дәрежеде орын тепкен.



Расулұллаһтың құлшылық, өмірлік ұстанымдары мен қарым-қатынас ерекшеліктерін келер ұрпаққа жеткізу міндеті адал да жанқияр сахабаларға нәсіп болған. Өйткені әр адам сүйіспеншілікпен қараған адамның қайғысына ортақтасады. Сахабалардың бұл туралы жанқиярлығы мен өздерінің ерекше орнын түсіндіру үлгісі ретінде Пайғамбарымыздан ең көп хадис риуаят еткен Әбу Һурайраның ﷺ өмір үлгісі өте ғибратты мысал бола алады.


Нижраның жетінші жылы мұсылан болған Әбу Һурайра ﷺ Пайғамбар мешітінің ауласында тұратын, «Суффа иелері» деп аталатын пақырлардың бірі болатын. Күндіз-түні Пайғамбарымыздың қасында болып, Одан естігендерінің бәрін жаттап алуға тырысатын. Пайғамбарымыздың өмірінің соңғы үш жылы Пайғамбардың аузынан естіген және



басқа да үлкен сахабалардан естіген, қайталауларымен бірге 5374 хадис риуаят еткен екен. Осылайша сахабалардың ішіндегі ең көп хадис риуаят еткен сахаба болған. Риуаяттарының 609-ы әрі Бұхаридың, әрі Мұслимнің Сахихтерінде (хадис жинағы) жазылған.

Әбу Нурайра  көп хадис риуаят етіп жүр деп, сын айтқандарға былай деп үн қататын:

«Мүһәжір бауырларым саудамен, ал әнсар бауырларым егіншілікпен, құрма бақтарымен айналысқанда мен жартылай аш, жартылай тоқ Хазіреті Пайғамбардың  қасынан шықпай, олар Пайғамбардың қасында болмаған кездерінде Расулұллаһтың  қасында болып, олар көрмеген көптеген нәрселерге куә болып, олардың жаттай алмағандарын жаттап алатынмын» (Бұхари, Ілім, 42).

Осы қалыпта Аллаһ Расулының мүбәрак сөздерін, іс-әрекеттері мен халін кейінгі ұрпаққа жеткізу абыройына ие болып, сахабалардың алдыңғы қатарында болған Әбу Нурайра  һижраның 59 - жылы Мәдинада 78 жасында қайтыс болған. Бұл мүбәрак сахабадан 800 ден астам сахабалар мен табиундар хадис риуаят еткен.

Сахабалардың осы сияқты үлгілі қасиеттері мен жанқиярлықтарының арқасында Аллаһ Расулының барлық хал-жағдайы, іс-әрекеттері ғасырлардан ғасырға, қияметке дейінгі ең соңғы адамға дейін мұқият түрде жетпек. Сахабалар мен олардың ізін басқан салих мүминдер бір адамнан хадис алу үшін кейде сол кездің қиын шарттарына қарамастан бір айлық жол жүретін. Олар Пайғамбари тәрбиенің арқасында атын шақыру үшін жем дорбасын көрсетіп алдаған адамның ахлағына сенімсіздік танытатындай ке-



мелдікке жеткен. Яғни мінез-құлқында, жануарды болса да алдау сезімі бар адамды Аллаһ Расулының «Алдаған бізден емес» – хадисі бойынша өмір сүрмегендіктен ол жеткізген хадис дұрыс емес шығар деп, одан хадис алудан бас тартқан.

Олар барынша мұқияттылық, батылдық пен тәфәккур шеңберінде өмір сүрген. Санасына «тәухидті» күйғандықтан тәухидтің нәрін алу үшін әртүрлі жанқиярлыққа иманның шабытымен бас тіккен.

Мәдинада құрылған шамамен төрт жүз отбасынан тұратын кішкене Ислам мемлекетінің шекарасы он жылда Ирак пен Палестинаға дейін жеткен. Хазіреті Пайғамбар ﷺ қайтыс болғанда Византия мен Парсылармен соғыс жүріп жатқан болатын. Мәдинаға түскен олжалар ағылып жатқан-ды. Бірақ сахабалардың он жыл бұрынғы жағдайы, яғни дүниеге қызықпауы, қарапайым өмір кешуі, үйлерінің бітімі мен жақсылық жолында жұмсау ниеті өзгермеген еді. Олар имандарына нұқсан келер деп қауіптеніп, дүниенің нығметтерін нәпсілерінің пайдасына қолданбауға мұқият қарайтын. Сондықтан өмірлерін Аллаһтың ризашылығына қол жеткізу мақсатына сай қалыптастырған болатын.

Исламның хақ пен ақиқаттан құр қалған қауымдарға, таңның жаймашуақ жарығындай жылдамдықпен таралуының басты себептерінің бірі – сахабалардың жеткен жерлерінде әрқашан да Исламның көрікті бейнесін көрсете алуы еді. Өйткені Аллаһ Расулының таңдаулы шәкірттері болған сахабалар Аллаһтың құлдарына Хақ Тағаланың назарымен қарайтын, көңілдері мейірім, мәрхамат, қызмет, туралық, камқорлық пен жанқиярлық сияқты пайғамбари қасиеттеге ие, тақуалы, Аллаһ Тағала мадақтаған салих мүминдер болатын.



Хазіреті Пайғамбар ﷺ біздерге өмірдің барлық кезеңдерінде барлық жағынан ерекше әсемдік үлгісі болған. Әрбір адам Хазіреті Пайғамбардың ﷺ сүннетінен өзіне үлгі боларлық істерінің ең кәмілін таба алады. Яғни Пайғамбарымыздың өмірі барлық түрімен, түсімен, үйлесімділігімен ең таңдаулы гүлдерден жинақталған гүл шоғына ұқсас. Іздеген адам өзі үшін ең таңдаулы әрі ең әдемісін сол гүл шоғының ішінен таба алады.

Расулұллаһтың ﷺ ахлағы таза әрі мөлдір айна сияқты. Әрбір адам одан оның бейнесін, рухын, ішкі-сыртқы ойын, сөзі мен істерін, мінез-құлқы мен әдебін көріп, өзінің жан дүниесімен салыстыра алады. Осы айнадан көргендерінен кейін ахлағын дұрыстап, қисық жерлерін түзету әрбір мұминнің міндеті болу керек.

Аллаһ Тағаланың құлдарына һидаят нұсқаушысы ретінде жіберген Құран Кәрім де үммет үшін сөзі мен мағынасы тұрғысынан Аллаһ Расулының рухани дүниесінен көрініс тапқан. Сондықтан Құранның сырлары жүректің Расулұллаһтың ﷺ руханиятын қаншалықты ұстанғаны мөлшерінде ашылады. Аллаһ Расулы ﷺ Аллаһ Тағаланың Құран Кәрімдегі айтқандарын түсіну деңгейінде ең биік шыңда тұрса, Пайғамбарымыздың мүбәрак сөздері мен іс-әрекеттерін түсіну деңгейінде алдыңғы қатарда тұрған адамдар – осы «саңлақ сахабалар». Өйткені сахабалар Расулұллаһтың ﷺ пайғамбарлық айнасында көрініс тапқан иләһи әдеміліктерді, хикметтерді өз көздерімен тамашалап, сол бойынша өмір сүру бақытына қол жеткізген Хақ Тағаланың бақытты құлдары.







Сондай-ақ хадис шәрифте:

«Сахабаларым жұлдыз сияқты. Олардың қайсысына ерсеңдер тура жолды табасыңдар»¹⁵ делінеді. Аллаһ Расулының осы қолдауынан да көрініп тұрғандай сахабалар қияметке дейін келетін барлық адам баласына ерекше үлгі болған. Оларды осыншалықты ерекше мәртебеге көтерген пайғамбар тәрбиесінің мазмұнын түсіну әрбір мүминнің көңіл қалауына айналуы тиіс.

Расында сахабалардың өткен өмірлеріндегі надандық кезеңі тұрғысынан құнарсыз топырақ сияқты жан дүниелері Аллаһ Расулының ﷺ сұхбат мәжілістеріндегі руханият арнасында рахым мен берекет жаңбырына шомылды. Соның арқасында кезінде үсті топыраққа көмілген қаншама парасаттылық пен руханият дәнектері өсіп-өнуге мүмкіншілік алды. Жүректен жүрекке құйылған сүйіспеншілік пен руханият алмасу арқылы сол дара тұлғалар кемелдіктің шыңына жетті. Адам надандық дәуірде қыз балаларын тірідей жерге көметін дәрежеде жүрегі қатайған, мейірімсіз, ұждансыз, ақиқат пен құқықтан бейхабар күн кешіпкен. Орнына сол бейнедегі, бірақ мейірімді, қамқор, нәзік, сыпайы, сезімтал, парасаттылықтың ең жоғары дейгейіндегі адам қалыптасты. Олар Аллаһ Расулының ﷺ рухани тәрбиесі арқылы дүниедегі ең таңдаулы адамдарға айналды. Олар Құранды, адам мен әлемді оқу қабілетіне қарай жан дүниесі Аллаһтың ұлылығы мен құдірет көріністерінің алдында нәзіктеніп, сезімталдыққа ие болды. Сондықтан олардың жүрегі әрқашан мадақ пен шүкіршілік және зі-


15. Мүбәрақфури, Тұхфәтүл-Ахфазил, Кайр, жылы белгісіз, X, 226, № 3807; Ибн Абдил-Бәрр, Жамиу Баянил-Илм, II, 91.



кір халінде болатын. Сондай-ақ Абдұллаһ бин Мәсуд  Расулұллаһтың  руханияты мен рухани тәрбиесінің арқасында жеткен жоғары мәртебені «Біз жеген тамақтың тәсбих еткенін еститін халге жеткен едік!» деген сөздерімен жеткізген (Бұхари, Мәнақиб, 25).

Сахабалар Аллаһ пен Расулына деген сүйіспеншілікті әр сәт жүректерінде жоғары дәрежеде ұстанғандықтан ықыласқа толы құлшылықтары мен парасаттылықтары қияметке дейін мұсылмандардың аузынан тастамайтын, жан дүниесін нұрландыратындай кәміл ахлақ үлгісі болды.



Осыған байланысты сахабалардың пайғамбар қайнарынан нәр ала отырып қол жеткізген жоғары ахлақ көріністеріне қатысты әрбірі өмір қағидасы боларлықтай шексіз мысалдар дариясынан үзінділер ғана ұсынып отырмыз:

Тәбук жорығынан бұрын жеті кедей сахаба Аллаһ Расулына  барып, әскер қатарына қосылуға ықылас білдіреді:

«Мінетін түйе жоқ...» деген жауапты естіген соң жылап кері қайтады. Аллаһ жолында төгілген осы шынайы көз жасының Хақ алдындағы құндылығының берекетімен Аллаһ Тағала Расулына мына аятты түсірді:

«(Соғысқа шығу үшін) сенен көлік сұрай келгенде: “Сендерге мінгізетін көлігім жоқ дедің. Олар да сарып қыларлық нәрсе таба алмағандығынан, көз жастарын төгіп, қамыға (үйлеріне) қайтты. Міне, бұларда айып жоқ» (Тәубе сүресі, 92)




Сол кезде Хазіреті Осман, Ибн Иәмин мен Аббас  сол жеті кедей сахабаны азықпен, көлікпен қамтамасыз етті.¹⁶ Кейбір сахабалардың қажеттіліктерін кейін Аллаһ Расулы  қамтамасыз етті.¹⁷

Жүрегіне иман шабыты толған бұл сахабалар Аллаһ Расулымен бірге жандарын Хақ Тағалаға пида ету сапарына шыға алмау қаупінен періштелер де қызығатындай көз жасын төккен еді.

Олар өмірлерін Аллаһ пен Расулына қарап қалыптастыруды, Аллаһ пен Расулының ризашылығын барлық нәрседен қасиетті де артық санауды өмірлік мақсатқа айналдырып, осы жоғары мәртебеге ие болған.

Меккенің жеңісі күні мына көрініс те сахабалардың қол жеткізген басқа бір рухани деңгейлерін көрсетеді:

Хазіреті Әбу Бәкір  көздері көрмейтін қарт әкесін мұсылман болу үшін қолынан жетектеп Аллаһ Расулының алдына алып келген еді.

Расулұллаһ оларды көрген кезде:

«Ей, Әбу Бәкір! Қарт әкеңді осы жерге дейін әкеліп, оны мазалағаның не? Біз оның қасына барсақ болар еді» – деді.



Сонда Хазіреті Әбу Бәкір :



16. Ибн Хишам, Сирәтун-Нәби, Бәйрут, 1937, Дарул-Фикр, IV, 172; Уакиди, Мәғазии, Бәйрут 1989, III, 994.

17. Бұхари, Мәғазии, 78.



«Аллаһ оған сауап берсін деп, оны алдыңызға алып келдім» – дейді.

Хазіреті Әбу Бәкірдің әкесі Әбу Қухафә  мойынсұну мақсатымен сүйікті Пайғамбарымызға қолын созған кезде пайғамбар ғашығы Әбу Бәкір  өзін ұстай алмай жылап жіберді.

Хазіреті Пайғамбар  Хазіреті Әбу Бәкірге таң қалып, неге жылағанын сұрағанда, Хазіреті Әбу Бәкір  жылап отырып, былай деді:


«Уа, Расулаллаһ! Сізге мойынсұну үшін созылған мына қол менің әкемнің қолы емес, Сіздің немере ағаңыз Әбу Тәліптің қолы болып, сонда Аллаһ Тағала менің орныма Сізді қуантқанда, кім білсін, қандай қуанарымды. Өйткені Сіз оны қатты жақсы көруші едіңіз...» (Хәйсәми, VI, 174; Ибн Сад, V, 451)

Міне, сол ұлық пайғамбардың жоғары ахлағынан қолымыз жеткенше пайдаланудың және Оның жолында жанын пида етудің, теңдессіз, тамашалауға тоймайтын көрінісі... Осыншама тамаша тәңтілік, құрмет пен сүйіспеншілік көріністеріне тарих қанша рет куә болды екен?

Біз де үмметі болғандықтан Аллаһ Расулының алдында осындай ерекше көзқарас пен сезімді көңілімізге орнықтыруға тырысып, соған талпынуымыз қажет. Өйткені Хақ Тағалаға кәміл түрде мойынсұну, тәуекел ету, иманның ләззәтын татқан жүрекке ие болуға байланысты. Тек осы сүйіспеншілікпен жүректің жоғары дәрежеге жетуінің нәтижесінде адам дүние мен дүниеліктерден рухани тұрғыда тыс қалып, бар болмысымен Раббысына бет бұрады.




Пайғамбар ахлағының ерекшелігі болып саналатын истиғна¹⁸ халін өмірдің өзегіне айналдырған сахабалардың қандай Аллаһтың сыйына ие болғандығын көрсететін мына мысал да өте ғибратты болып табылады:



Әбу Саид  ашаршылыққа тап болып, ішіне тас байлаған сахабалардың бірі еді. Шешесі оған:

«Түр, Расулұллаһқа бар, одан бірдеңе сұра. Пәленше адам Пайғамбарға барыпты, ол оған көмектескен екен. Пәленше тағы барыпты, оған да беріпті. Сен де бар, бәлкім, саған да көмектесер» – деді.

Әбу Саид  шешесіне:

«Тоқтай тұрыңыз, байқап көрейік, бірдеңе іздейік, таба алмасақ сосын барайық» – деді. Бірақ қанша іздесе де, ештеңе табылмады. Сосын амалсыздан Пайғамбарымызға  баруға шешім қабылдады. Аллаһ Расулының алдына кірген кезде, хұтба оқып тұрған болатын. Ол хұтбаны тыңдап отырды. Аллаһ Расулы хұтбасында мына мәселелерді айтып жатыр екен:

«Дүниеліктен тыс қалған және ар-намысын қорғаған адамдарды Аллаһ Тағала әлемнен тыс қалдырады»

Хазіреті Әбу Саид  осы сөзді естігеннен кейін Расулұллаһтан  бірдеңе сұрауға батылы бармай, құр алақан үйге қайтты. Ол осыдан кейінгі халін былай баяндайды:



18. Истиғна: Көңіл тоқтығы арқылы өзін фәни нәрселерге мұқтаждықтан ада санау.



«Расулұллаһтан ештеңе сұрай алмай, үйге қайтқаныммен Аллаһ Тағала маған рызығымды жіберді. Ісіміздің оңға басқаны соншалық, әнсарлардың ішінде бізден бай ешкім болмады» (Ахмед, III, 449)

Міне, дүниелік нәрселерден бас тартудың осы дүниедегі нақты мысалы... Аллаһқа қауышуға қол жеткізу де көңілді байлық пен атақ сияқты дүниелік мақсаттардан арылу және осылардың барлығынан бас тарта білуге тәуелді.

Екінші жағынан, қажеттілігін білдірген адамның көңілін тапқаны үшін келетін Аллаһтың сыйы да мына оқиғада тамаша баяндалады:

Пайғамбарымыздың жұбайы Хазіреті Айша  ораза ұстаған күні бір пақыр келіп одан тамақ сұрайды. Айшаның  үйінде бір күлше ғана бар еді. Қызметкеріне:

«Нанды соған бер!» – деді.


Қызметкер:

«Ақшам ауыз ашатын басқа ештеңе жоқ!» – деп жауап берді.

Хазіреті Айша :

«Сен нанды соған бер!» – деді.

Қызметкері оқиғаның жалғасын былай баяндайды:

Хазіреті Айшаның бұйрығы бойынша нанды әлгі пақырға бердім. Ақшам уақыты болған кезде біреу бізге біраз қойдың піскен етін жіберіпті. Хазіреті Айша  мені шақырып:





«Қане, ал, бұл сенің наныңнан да дәмді!» – деді. (Муатта, Садақа, 5).

Садақадағы жанқиярлық пен жомарттық, оны алған адам үшін емес, берген адам үшін нығмет болып табылатындығы мына мысалда тамаша баяндалады:

Тіленшінің бірі Абдүллаһ бин Аббасқа келіп қайыр сұрады. Абдүллаһ ﷺ одан:

– Аллаһтан басқа тәңірдің жоқтығына, Мұхаммедтің Аллаһтың елшісі екендігіне куәлік бересің бе? – деп сұрады. Сұраушы:

– Иә!– деді,

– Жарайды. Рамазан оразасын ұстайсың ба?

– Иә!

Сонда Хазіреті Абдүллаһ:

«Сен қайыр сұрадың, сұраушының оған хақы бар. Саған қол ұшын беру біздің мойнымызға қарыз» деп, әлгі адамға киім берді. Содан кейін мына бір хадисті риуаят етті:

«Қандайда бір мұсылман екінші бір мұсылманға киім кигізе, бауырының үстінде сол киімнің бөлшегі жүрген кезінде берген адам Аллаһтың қамқорлығында болады» (Термези, Қиямет, 41/2484).

Аллаһ Тағаланың ризашылығын көздеп мұқтаж құлға жасалған көмек жоғарыдағы мысалдарда айтылғаны сияқты Аллаһ Тағалаға қарыз бергенге ұқсайды. Хақ Тағала басқа бір құлы арқылы сол жақсылықты қайтарады, әлгі құлын өз



қамқорлығына алады. Бұл Аллаһ ризалығы үшін жасалған сыйдың дүниелік пайдасы. Ахиретте берілетін ақысының қаншалықты екендігін кім білсін?!..

Жасалған жақсылықтарды да, жаманшылықтарды да солай бағалауға болады. Расында, Аллаһтың бір құлына жасалған жамандық та Аллаһ Тағаланың басқа бір құлы арқылы, көбінесе біраз уақыт өткеннен кейін, сол зұлымдық жасаған адамның басына келеді. Яғни жақсылық та, жаманшылық та дүниеде егілген дән сиқты. Ахиреттегі ақысына қосымша осы дүниеде де өнім беріледі.

Аллаһ Тағала аятта:

«Осылайша барлық адамзатқа (ақиқаттың) куәгерлері болуларың үшін, пайғамбар да сендерге куәгер болсын деп, Біз сендерді (ей, Мұхаммед үмметі!) уасат (шегінен шықпайтын, әділетті, қайырлы) бір үммет қылдық» (Бақара сүресі, 143).

Раббымыз Мұхаммед үмметін барлық адамдардың арасында осындай әділ, тура сөзді, ақиқатқа құмар, көркем мінезді, білімімен, парасаттылығымен танылған, куәгер болуға лайықты, адамдарды өзіне тарта білетін, адамдардың көшбасшысы болуымызды қамтамасыз ету және толықтай әділетті әрі хикмет иесі үммет болуымыз үшін бізді Хазіреті Пайғамбардың қамқорлығында тура жолға салған.

Біз де құлшылықпен, хал-қареттерімізбен Хазіреті Пайғамбарға ﷺ қаншалықты лайық үммет болсақ, ертең қияметте Аллаһ Расулының соншалықты жақсы сеніміне қол жеткізу үшін бүгінімізді жақсы бағалауға міндеттіміз. Бұл турасында ең маңызды нұсқаушымыз да Пайғамбар



ахлағының тамаша көріністеріне таза айна болған қадірменді сахабалар болуы тиіс. Өйткені олар жер бетінде Аллаһтың куәгерлері болудың, Расулұллаһтың ﷺ қиямет күні олар жайлы жақсы куәлік етуінің қамында еді.

Әлем теңдесін көрмеген осындай бір тамаша пайғамбар шәкірттері, барлық сұрақтарын Аллаһ Расулының жан дүниесінен алған фәйіз арқылы жойып жіберді. Сонымен бірге оның рухани фәйізін өздеріне жалғыз пана және сүйеніш етіп, мәңгілікке жол тартты. Олардың дүниелік өміріне қатысты басқа уайымы жоқ еді. Олар әр барған жерлерінде Аллаһ Расулының кісілігін жеткізуге тырысты. Сондықтан Хазіреті Пайғамбардың ﷺ ахлағы Құранды үйреніп, оқып, сезініп, көңілдеріне орнықтырды. Сөздерімен де, іс-әрекеттерімен де, болмысымен де, ахлағымен де соны уағыздады.

Сонымен қатар олар қоғамдағы барлық жаманшылықтардан өздерін жауапты санайтын рухани кемелдікке жеткен еді. «Уға піскен асты қуана жейтін». Қытай, Самарқанд және Ыстанбұл сияқты алыс жерлерге жасалған қиын да машақатты жорықтарда да шаршаған жоқ. Өйткені кеуделерінде пайғамбарлық нұрын көтеріп жүргендіктен осындай алыс әрі қиын жорықтарда тартқан қиыншылықтары олар үшін ләззатқа айналған, қауышуға қол созған бір баспалдақ болған еді.

Сахабалар дінді тарату барысында қаншама дәрежесі төмен адамдардың қате сөздері мен іс-әрекеттеріне кездесті. Бірақ Аллаһ жолында тартқан осы азаптары үшін ешқашан мойыған жоқ. Өйткені олар шынайы достық пен сүйіспеншіліктің көзін Аллаһ пен Расулынан тапқан



болатын. Сол себепті Аллаһ Тағала оларды қияметке дейін Мұхаммед үмметінің досы ретінде көңілден-көңілге жеткізетін болады.

Аллаһ оларға разы болсын!

Рабымыз сүйікті Пайғамбарымызға, сахабаларға және олардың ізін басқан Аллаһтың әулилеріне деген сүйіспеншілікпен жүректерімізді нұрландырсын! Бізді мұһажірлер мен әнсарлардың сондай керемет халіне лайықты түрде мойынсұнған ізгі жандарының қатарына қосып, махшарда солармен бірге болуды нәсіп етсін!..

Әмин!..



Расулланың ізінде Сахабалардың иман шабыты



Жүректе достықтың орталығына Аллаһ пен Расулы орныққан соң жартылай тағылықта болған қоғам адамгершілік, мейірім мен парасаттылық тұрғысынан жоғары деңгейдегі өнегелі тұлғалар тәрбиелей бастады. Иман бауырластығы бір бірін жуатын қос қолға айналды. Шектен тыс тұтыну, обырлық, рахаттану мен тәкәппарлық сахаба қоғамына жат өмір тәсілі болды. Өйткені олар пәни екендіктерін ешқашан естен шығарған емес. «Ғәпсінің ертеңгі қонағының қабір болатындығын» түсініп, өмір сүрді.



Расулұллаһтың ізінде Сахабалардың иман шабыты

Исламның нұрын, теңдессіз әдеміліктерін, әсіресе сыпайылық пен сырларын жақыннан көру, тек сол «бақыт ғасырының» (пайғамбар ғасыры) рухани аясына енумен жүзеге аспақ.

Бақыттылық ғасыры – адамзатқа һидаят нұсқаушысы болған Құран Кәрім түскен әлемге рахымшылық ретінде жіберілген Хазіреті Пайғамбардың ﷺ өмірімен абыройға ие болған кезең. Ол пайғамбарлық нұрын ғасырдан-ғасырға, өлкенен-өлкеге жеткізген, дүние тарихында ахлақ, мейірім, парасаттылық пен кемелдіктің шыңына шыққан адамзат ұрпағы өскен ерекше бақыттылық ғасыры.

Хазіреті Пайғамбар ﷺ:

«Адамдардың ең абзалы – менің ғасырымда өмір сүргендері» (Бұхари, Асхабүн-Нәби, 1) деп бұйырған. Осы жағынан алғанда бақыттылық ғасыры мүминдердің аса керемет уақыт деп қабылданған, сағынышпен, құрметпен қарайтын теңдессіз уақыт болған.





Пайғамбар тәрбиесімен кемелденген сахабалар адам, нәпсі және әлем мен Аллаһ ﷻ хақында жаңаша, таза, тұнық, шынайы түсінік пен бақытқа қол жеткізді. Дінді уағыздау, туралық, сенімділік, қауіпсіздік, адалдық пен шынайы жанқиярлық сияқты қасиеттер негізгі ерекше қасиеттерге айналды. Осылайша адам баласы ахлақ пен тұлғалық тұрғысынан ең жоғарғы деңгейге жетті.

Сахабалардың ерекше әрі танымал – қасиеті өмірді иманға деген сүйіспеншілік, шабыт және құштарлықпен безендіруге тырысуы. Бұл иман шабытының негізінде Аллаһ Расулынан үйренген нағыз «руханият пен шағылысу» жатқан еді.


Расында, сахабалардың сол уақытқа дейін иман, ақиқат пен ахлақи құндылықтардан мақрұм болған жан дүниесі, Аллаһ Расулының ﷺ сұхбат мәжілісіндегі рухани ауаның рахымшылығы мен берекетсінің жаңбырына жуынды. Аллаһ Расулының көңілінен үмметінің көңіліне құйылған фәйіз, сүйіспеншілік пен руханият адамзатқа қияметке дейін жол көрсететін дара тұлғаларды ортаға шығарды. Надандық қараңғылығында өскен мейірімсіз, қатыгез, қыз балаларын тірідей көметіндей деңгейде тас жүрек, ақиқат пен құқықтан бейхабар қатардағы адам көңілі мен көзіне жас толған, қамқор, нәзік, сезімтал, мұқият әрі даналыққа құштар мүминге айналды.


Міне, «Исламнан бұрынғы Омар Исламнан кейінгі Хазіреті Омарға айналды». Яғни, исламнан бұрын қатал, қатыгез мінезді Омар еріп, жаман қасиетінен арылып, Исламнан кейін сол бітімде көзі жасқа толы, көңілі сүйіспеншілік пен ме-



йірімге толы, жердегі құмырсқаға да қастық жасамайтын Хазіреті Омар пайда болды.

«Қой Тигер өзенінен өткенде суға кетіп, түншықғып қалса, Аллаһ оның жауабын Омардан сұрайды» деп, өзін әрдайым есепке тартып отырды. Түнде ұн қапшығын арқалап жылаған жандардың қасынан табылды. Әлемнің бағытына жауапты болуы, оның ең үлкен мәселесі болған еді.

Екінші бір мысал. Абдұллаһ бин Мәсуд . Ертеде «түйе бақташысы» болған Хазіреті Абдұллаһ һидаятқа келіп, Расулұллаһтың тәлім-тәрбиесінен өткен соң көңілі тереңдеп, дарияға айналып, сезімтал болып, жүрегінде иләһи көріністер орын алды. Өзінің тілімен айтқанда «Бізге Аллаһ Расулынан дарыған халдің арқасында жеген тамақтың зікірін еститін болдық» дейді (Бұхари, Мәнакиб, 25). Міне, атақты Қуфә мектебі – осы танымал сахабаның еңбегі. Дүниедегі танымал қазыларының бірі Әбу Ханифа осы мектептің шәкірті. Әлемде заңгер ретінде танылған Салона мен Гаммураби Имам Ағзам тек шәкірт ғана бола алады.

Расулұллаһтың  тәлім-тәрбиесінің арқасында ештеңеге жарамайтын адамдардан маңызды, дүниеге бағдар беретін адамдар шықты, өлгендерден тірілер пайда болды, көмірден алмас шықты.

Міне, сахабалар пайғамбарлық қайнарынан алған нәрдің нәтижесінде Хақ Тағалаға жақындық, яғни рухани түрде хаққа жақын болуға қол жеткізді. Олардың назарында ақиқат пен ізгілік барлық әдемілігімен, жаманшылық пен өтірік болса барлық жағымсыздығымен жарыққа шықты. Өздерінен кейін келген ұрпақтарға осы көзқарасты жеткізді.



Үлкен күн кішкене айнада қалай шағылысатын болса, сахабалар да көңілдерінде Аллаһ Расулының көрінісін ұстап жүрді. Аллаһ Расулы сияқты дүниеден тәуелсіз өмір сүруді мақсат етті. Шектен тыс тұтыну, обырлық, жан тыныштығы мен мақтаншақтық – бақыттылық қоғамына жат өмір үлгісі еді. Өйткені олардың көңілдеріне «Ертең бұл нәпсінің барар жері қабір болады!» деген түсінік орныққан еді. Сондықтан олар өздерінің фәни екендіктерін ешқашан ұмытқан емес. Жаман нәпсінің азғындығынан құтылып, нәпсілерін жауапқа тартатын сыпайы, көреген мүмин болуымен танылды. Кешегінің тағы бәдәуи адамдары парасаттылықтың шыңына көтеріліп, періште сияқты таза, мөлдір тұлғаға айналды. Өздерінің бойына Аллаһ пен Расулының сүйіспеншілігін орнықтырды. Осылай сауатсыз қоғам ең маңызды білімге – Аллаһты тануға қол жеткізді.

Аят көрімәда:

قُلْ هَلْ يَسْتَوِي الَّذِينَ يَعْلَمُونَ وَالَّذِينَ لَا يَعْلَمُونَ
 إِنَّمَا يَتَذَكَّرُ أُولُو الْأَلْبَابِ

«... (Расулым! Оларға) айт: Ешқашан білетіндер мен білмейтіндер тең бола ала ма? Шындығында, тек ақылды адамдар ғана осыларды лайықты түрде ойлайды» (Зүмәр сүресі, 9).

Міне, сахабалар аятта баяндалған шынайы «ақиқатты, шындық пен хикметті білетіндерден» құрылған бақыттылық қоғамына айналды. Адам Аллаһты ﷺ ақылмен түсіне алмайтындай деңгейде алыста болғанымен, Аллаһтың адам баласына өзінен де жақын болғандығы әрі әрдайым құлын көріп тұрғандығы түсінігі, яғни ихсан түсінігі олардың көңілдерінен орын тапты.



Адамзат, сыпайылық, сезімталдық және көркем ахлақпен танысты. Жүрек «Аллаһ ﷻ бізден не сұрайды, оның ризашылығына қалай қол жеткіземіз, Расулүллаһ ﷺ бізден не қалайды, қандай әрекет еткенімізді күтеді, оның көңілінен қалай шығамыз?» деген ойға қалды. Сол себепті Аллаһ Расулының ең кішкентай қалауына да «Әке-шешем, жаным, малым сен үшін пида болсын, уа, Расулаллаһ!» деген сөздермен жауап қайтарылды. Осы үшін мал мен жаннан қаншама жомарттық жасалды!

Жүректегі достықтың орталығына Аллаһ пен Расулы орныққан соң жартылай тағылықта өмір сүрген қоғам адамгершілік, мейірім мен парасаттылықтың шыңына шыққан дара тұлғалар тәрбиелей бастады. Иман бауырластығы бір-бірін жуған қос қол іспеттес болды. Жомарттық пен қамқорлықта теңдессіз көріністер орын алды. Сахабалар Аллаһ Расулының ахлағын бойларына сіңірді.

Пайғамбар ﷺ өзіне бір нығмет берілген кезде сахабаларына беріп, солардың қарнын тойдырмайынша өзі тоймайтын. *«Көрісі аш бола тұра, өзі тоқ болып жүрген мұмин емес»* деп бұйырды (Хақим, II, 15).

Аллаһ Расулының отбасы құрбан шалған кезде еті дереу пақырларға таратылып, Пайғамбарымыз ﷺ құрбандықтан не қалғанын сұрап:

– Тек жауырын сүйегі қалды, – деген жауапты естіген кезде:


– *Сол жауырыннан басқасы біздікі болды десеңші*, – деген болатын (Термези, Қиямет, 33/2470).



Міне, Аллаһ Расулының осы пайғамбарлық ахлағынан үлес алып, адамның өзіне тиесілі болатын негізгі байлық ахиретке жіберілген қайырлар екендігін түсінген сахабалар Аллаһ ризашылығы үшін жомарттық, қамқорлық теңдессіз кәміл әрекеттер көрсететін.

Кедей бір сахабаға берілген қойдың басы «көршім менен де аш болуы мүмкін» деген оймен көршіден-көршіге беріліп, жеті есікті айналып, алғаш берген адамға қайтып келетін. Өйткені араларындағы ең ашы ең алғаш берген сахаба болатын (Хақим, II, 526).

Йәрмүк соғысында ауыр жараланып, ыстық құмның үстінде жатып шәһид болуға шақ қалған үш сахаба ыстықтан кепкен еріндерін жібіту үшін өзіне берілген суды «шөлдеп ыңыранған мына мүмин бауырым осы суға менен де мұқтаж» деген оймен соған жіберетін. Сондай жанқиярлықпен бір-біріне сілтеген үш сахаба шөлден кепкен еріндерімен шәһид болды. Толы қалпында су торсығы үш шәһидтің ортасында қалды (Хақим, III, 270).

Сол үш шәһидке ақтық демдерінде су беруге тырысқан Хұзайфа  сол сәттегі күйін былай жеткізеді:

«Өмірімде көптеген оқиғаға куә болдым. Бірақ ешқайсысы менің сезімді соншалықты оятып, тебіrentпеген еді. Араларында туысқандық байланыс болмағанымен, олардың бір-біріне деген осыншалық қамқорлық, жанқиярлық әрі мейірімді халін қызығушылықпен қарап, таң қалған ең үлкен иман шаттығы ретінде есімде терең із қалдырды...»

Бақыт ғасырының қоғамы мағрифатұллаһ, яғни Аллаһты шын жүректен таныған қоғам болатын. Ол кезең терең



тәфәккур кезеңі, Аллаһ пен Расулын жақыннан тану ғасыры болған.

Аллаһ Тағаланың ең үлкен өнері – адам баласы. Осы өнердің шыңы – Хазіреті Пайғамбар ﷺ. Раббымыздың таңдаулы өнер туындысы болған Расулұллаһты ең тамаша түсінген және Одан бізге естеліктерді жеткізгендер – сахабалар.

Аллаһ Тағала:

قُلْ إِنْ كُنْتُمْ تُحِبُّونَ اللَّهَ فَاتَّبِعُونِي يُحْبِبْكُمُ اللَّهُ
وَيَغْفِرْ لَكُمْ ذُنُوبَكُمْ وَاللَّهُ غَفُورٌ رَحِيمٌ

«(Расулым!) Айт, егер Аллаһты сүйетін болсаңдар, маған мойынсұныңдар, (сонда) Аллаһ та сендерді сүйеді әрі күнәларыңды кешіреді. Аллаһ өте кешірімді әрі есіркеуші» (Әлү Имран сүресі, 31) деп бұйырады. Аллаһ Расулына мойынсұну тұрасында көміл тұлғалар да, сөзсіз, оны ең жақсы танып, түсінген сахабалар.

Сахаба Абдұллаһ бин Омардың ﷺ Расулұллаһқа ﷺ деген сүйіспеншілігі мен бағыныштылығы таң қаларлықтай:

Абдұллаһ ﷺ Расулұллаһ қайтыс болған соң оған деген сүйіспеншілігінен сүйікті Пайғамбарымыздың намаз оқыған жерлерін біліп, сол жерде намаз оқитын, жүрген ізімен жүретін, көлеңкелеп отырған ағаштың астында отырып, құрап қалмасын деп, оларды суаратын. Жолмен жүрген кезінде Расулұллаһтың жүрген жолдарымен жүріп, Оның бұрылған жерімен бұрылатын. Пайғамбарымыздың сәлемдесу тура-



сындағы бұйрықтарын орындауда өте мұқият қарайтын. Еш-бір ісі болмаса да тек мұсылмандармен сәлемдесу үшін көшеге шығып, үлкенді-кішілі жолыққан адамдарға сәлем беретін.¹⁹

Расулұллаһ ﷺ көліктің үстінде жүргенде қай бағытта болса да тәсбих етіп, (нәпіл намаз оқып, рүкуғ мен сәжде үшін) басымен ым жасайтын. Таза қардағы іздерді басып жүрген адам сияқты Ибн Омар ؓ да өмір бойы Аллаһ Расулына еліктеп, сапарда осылай жасайтын. (Бұхари, Таксиурс-Салат, 7, 8, 11, 12; Үгір, 5, 6; Мұслим, Мусафирин, 39).

Пайғамбарымыздың ﷺ әр сенбі сайын көлікпен немесе жаяу Құба мешітіне барғанын көрген Абдұллаһ бин Омар ؓ та өмірінің қалған бөлігінде осыны істейтін (Мұслим, Хаж, 521).

Бір күні Ибн Омарға ؓ арналып бір қошқар сойылған еді. Ибн Омар отбасынан:

– Одан еврей көршімізге де бердіңдер ме? – деп сұрады.

– Жоқ, – деген жауапты естіген соң:

– Мынадан оларға да беріңдер. Өйткені мен Расулұллаһтың ﷺ:

«Жәбірейіл маған көрші жайында көп кеңес бергені соншалық, көршіні көршіге мұрагер етер деп ойладым» дегенін естідім» – деді (Әбу Дәуіт, Әдеп, 122-123/5152; Термези, Бирр, 28/1943).

Қысқасы, одан істеген әрбір әркеті үшін «Неге бұлай істейсің?» – деп сұраған кезде үнемі былай деп жауап беретін:

19. Ибн Са'д IV, 156; Ибн Хажар, әл-Исабә, Бәйрут, Дару ихтият-Тұрасил-Араби, II, 349.



«Расулұллаһтың ﷺ осылай істегенін көрдім»²⁰.

Сахабалардың негізгі көздеген мақсаты Аллаһ пен сүйікті Пайғамбарымыздың ризашылығы болатын. Осы мақсат үшін мал-жаны дәнекер үкіміне айналды.

Иман құштарлығы мен сүйіспеншілігіне ие болған жас сахабалар пайғамбарымыздың дінге шақыру хаттарын тасу абыройына ие болу үшін жарысқа түскен еді. Оның бір қалауын орындау үшін көптеген жанқиярлыққа бас тігіп, ешқандай сылтау айтпай, жан-тәнімен қызмет еткен болатын. Биік таулар мен иен шөлдерінен өтіп, барған жерлерінде баскесерлердің арасынан өтіп патшалардың алдында Аллаһ Расулының хатын үлкен иман батылдығымен оқыған. Осы қасиетті қызмет үшін жандарын беруден де бас тартпаған.

Сол қасиеті ұрпақтарында да иманның шынайы ләззәтына жету үшін иманның ең үлкен жемісі болып саналатын мейірім мен мархамат барынша тамырын жайды. Тіпті, мұминдерді қиын-қыстау кездерінде үлкен жанқиярлықпен қабылданған әнсарлар Аллаһ жолында Отаны мен байлығын тастап, өздеріне келген мүһәжірлердің жағдайын жасамайынша тыным көрмейтін.



20. Бұхари, Вуду 30; Хаж, 16, 38, 149; Мұслим, Хаж, 245, 521; Елфаз, 21; Термези, Хаж, 39/864; Әбу Дауіт, Хатем, 5/4227, 4228; Нәсәи, Хаж, 174; Ибн Мәжә, Хаж, 43; Муатта, Хаж, 31.





Сүйікті Пайғамбарымыз ﷺ сахабалардың арасында қияметке дейін келетін мүминдерге жол көрсететін бауырластық үлгісін көрсеткен еді. Меккеден Мәдинаға көшкен мүһәжірлер мен әнсарлардың арасында жүзеге асырылған осы бауырластық тарихта теңдесі жоқ үлгі болатын. Тіпті әнсарлар мал-мүлкін түгендеп, барлық мүмкіншіліктерін ортаға тастап, мүһәжір бауырларымен тең бөлісуге де барған болатын. Осыған орай көңілдері қанағат қазынасына айналған мүһәжірлер бұдан бас тартып:

«Мал-мүлкің берекелі болсын, бауырым, сен маған базардың жолын көрсетсең жеткілікті!» – деп, кемелдік танытқан екен (Бұхари, Бүю, 1).

Сол мүбәрак ұрпақ өмірлерін Аллаһ пен Расулына арнады. Аллаһ жолында қызмет ету өмірлерінің мәніне айналды.

Пайғамбар ғасырында қияметке дейін келетін барлық мүминдерге үлгі болатын иманды ұрпақ өсті. Әр адамда шынайы Ислам тұлғасы қалыптасты. Осының нәтижесінде сөзбен дінге шақырумен қатар іс-әрекет, ұстаным арқылы да дінді уағыздаудың берекелі жемісін көрді.

Хайбар жеңісінен кейін түскен олжадан үлесін алу үшін Пайғамбарымыз ﷺ Абдүллаһ бин Рәуахаға тапсырма берген еді. Абдүллаһ бин Рәуаха жыл сайын Хайбарға барып, алынатын қажетті мөлшерлеп, соны ғана алатын. Хайбар жерінде жұмыс істеген еврейлер Абдүллаһтың белгілеп қойған мөлшерінен мазалары кетті. Тіпті бір жолы оларға кешіріммен қарасын деп оған пара да ұсынды. Абдүллаһ оларға:

«Уаллаһи! Істеген жаманшылықтарың үшін сендерге де-



ген ашуым әділ болуыма кедергі жасамайды. Сендердің маған беріп отырғандарын пара. Пара беру – харам, біз оны жемейміз!» деді. Еврейлер Абдүллаһтың ﷺ бұл айтқанын бағалап:

«Міне, осындай әділдік пен туралық арқылы аспан мен жер жүйелі түрде сақталады» десті (Муатта, Мұсақат, 2).

Сахабалардың осы әділдік пен туралдық сезімінің олардың ізін басқан табиунның ұлықтардағы көптеген көріністерінен мынадай мысал келтірелік:

Риуаят бойынша Имам Ағзам Әбу Ханифаның бір мәжусиде малы бар болатын. Сонысын сұрап мәжусидің үйіне барды. Үйдің алдына келген кезде аяқ киіміне нәжіс жабысты. Аяқ киімін тазартпақ болып сілкіген кезде нәжіс мәжусидің үйінің қабырғасына барып жабысты. Таң қалып, не істерін білмеген Әбу Ханифа өзіне былай деді:

«Егер мұны осы қалпында қалдырып кетсем, мәжусидің қабырғасының жаман көрінуіне себепші боламын. Ол жерден нәжісті алып тастасам, онда қабырғаның сылағы түседі!».

Сол оймен есікті қағып, үйден шыққан күнге:

«Қожайыныңа Әбу Ханифа есік алдында күтіп тұр деп айт!» – деді.

Содан кейін әлгі адам есік алдына шығып, Әбу Ханифа малын сұрайды ғой деп ойлап кешірім сұрай бастады.

Әбу Ханифа:

«Қазір бұл маңызды емес» деп, жаңағы жағдай туралы



«Мына қабырғаны қалай тазаласам екен?» деп сұрады.

Осы қарапайымдылығы үшін тебіреніске түскен мәжуси:

«Мен алдымен нәпсімді тазалаудан бастайын!» деп, сол сәтте мұсылман болды.

Бұл жердегі негізгі мәселе Әбу Ханифа осындай кішкентай нәрсе үшін мәжусиге ренжімей, малынан бас тартып, соған қалдырғаны үшін мәжуси күпірліктен иманға келді. Зұлымдық пен әділетсіздіктен тартынған адамның Аллаһ алдындағы жағдайын айтсаңшы! (Рази, Тәфсир Кәбир, I, 192).

Жоғарыда айтылған бұл қисса Хазіреті Имам Ағзам Әбу Ханифаның тамаша мінезімен қатар іс-әрекет арқылы дінге шақырудың маңыздылығы мен берекетіне тамаша мысал болады.

Міне, сахабалар араларынан осындай дара тұлғалар шыққан «табиғун» ұрпағының қалыптасуына да үлгі болған. Олар осы фәни дүниеден мәңгілік әлемге көшкен кезде кісіге пайдалы болатын нәрсенің кейінге қалатын қайырлы (жақсы) ұрпақ екендігін Аллаһ Расулының өнегелі өмірінен үйренген болатын. Аллаһ пен Расулының алдына абыроймен бару үшін де ізгі ұрпақ өсіру ең сауапты іс екендігін жүрегімен түсінген еді. Сондықтан қайтыс болғаннан кейін де олар ұмытылған жоқ, мүминдердің жүрегінде ғасырларға жалғасқан өмір мен ізгі дұғалармен әрқашан еске алынып отыру нығметіне қол жеткізді.



Осы салиқалы ұрпақтарының иман шабыты бүкіл әлемді қамтығандықтан Тариқ бин Зиядтың бес мың әскері тоқсан мың Испания әскерін тас-талқан етті. Тариқ патшаның қазынасын аяғымен басып тұрып, өз-өзіне былай деді:

«Тариқ! Кеше мойныға ағаш киген құл едің: Бір күні Аллах саған азаттық берді. Сосын қолбасшы болдың! Бүгін Испанияны жеңіп алып, патшаның сарайында тұрсың. Ертең Аллахтың құзырында болатындығыңды біл, ешқашан есіңнен шығарма!»

Бұл әр құлға тұлғалықты қалыптастыратын және оны парасаттылықтың шыңына жеткізетіндей қандай үлгілі тәрбие!.. Содан кейін ол әрдайым өзін бақылауда ұстайтын болады...



Аллаһ Расулының рухани тәрбиесінде өскен сахабалар иманның шаттығы мен шабытының арқасында барлық күшқайратын Аллаһтың дінін таратуға жұмсады. Сахабалар үшін өмірдің барлық мәні мен мағыналы сәттері адам баласына тәухид хабарын жеткізген кездері болды. Өйткені олар адамдардың ақылдары мен жүректеріне жол тауып, Аллаһтың ризашылығына қол жеткізуді мақсат тұтқан болатын.

Аллаһ Расулының қоштасу хұтбасын естіген 120 мыңдай сахабадан тек 20 мыңы ғана Мекке мен Мәдинада жерленгендігін ойласақ, дін тарату міндетінің сахабалар тарапынан қандай шексіз шабыт ояндырғандарын түсінуге болады. Сондай-ақ Қытайдан Ыстанбұлға дейін, Африкадан Кафказға дейін жеткен сахабалар барған жерлерінде һидаят



пен рахымшылық дәнін егіп, Исламның һидаят тарихында абыройлы орын табуға қол жеткізген. Олар осылай Меккеден басталған һидаят хабарын барлық замандар мен мекендерге жеткізіп отырған.

Сол кішіпейіл адамдардың шынайы талпыныстары ғасырлар мен кезеңдерге рең берді. Адамзатқа бақыттылық ғасырын сыйлады... Осы иман шабытымен бір шаршы шақырым ғана болған Мәдина Ислам мемлекетінің шекарасы он жылдан кейін Палестина мен Ираққа жетті. Мың бес жүз кісілік Мәдина Ислам мемлекетінің халқы он жылдан кейін жүз елу мың мүминге жетті.



Қазір жер бетінде бір жарым миллиард мұсылман болса да, әлі кешегі надан кезеңнің жауыздығы орын алып жатса, иман етушілердің саны пайғамбар кезеңіндегідей жылдам өспей жатса, тіпті имандылық тұрғысынан шығынға ұшырасақ, сахабаның сүйіспеншілігі мен шабытына мұқтаждығымыз шегіне жеткен деген сөз...

Сахабалар сол кездің қиын шарттарының өзінде бір хадисті алып, оны қоғамға жеткізу үшін бір айлық жол жүретін. Атына бос жем дорбасын көрсетіп алдаған адамнан хадис алмайтын. Өйткені мұны адамның әлсіздігі деп санап, бойында осындай әлсіз мінезі бар адамның берген мәліметін сенімді деп санамайтын.

Сахабалар дінді дұрыс үйреніп, оны үйретуде осыншалықты мұқият болып, қажыр танытса, қазір біз мұ-



сылмандық тұлғасын қаншалықты көрсете аламыз?!. Ислам нығметін бізге жеткізуде жауапкершіліктеріне алған абыройлы міндет үшін оларға қаншалықты өзімізді қарыздармыз?.. Осы мәселедегі жағдайымызды жеткілікті таразылай аламыз ба?..

Аллаһ Тағала Ислам мен иман көгіміздегі жұлдыздар сияқты нұрлы әрі таңдаулы сахаба ұрпағының ізімен тура жолда өмір сүруді біздерге нәсіп етсін!..

Әмин!..



Уманнан туындаған Уаттық пен Жұбаныш



*Аллаһ Тағала әрбір құлын әлтурлі
сынайды. Осы сынақтағы хикмет пен
сырларды шеше алмай, қарсылық
білдіргендер қасіретке ұшыраса,
сабыр, ризашылық, тәуекел және
мойынсұнушылықпен Аллаһқа
жалбарынған мұминдер үлкен
сауапқа қол жеткізеді. Өйткені
қол жеткізілген нәтиженің деңгейі
соған жету әрқайсымыздың шеккен
машақатымыздың мөлшеріне сай
болмақ.*



Иманнан туындаған Маттық пен жұбаныш


Аллаһ Тағала сынақ үшін жіберген осы дүниенің дәрісханасында әрбір адамға көптеген мүмкіншіліктер мен нығметтер бергеніндей шектеулер мен қиыншылықтарды да қатар жүктеген. Бұл қиыншылықтар мен қасіреттер қаншалықты ауыр болса да шынайы мұмин адам оларға қарсы шықпай сабыр, тәуекел және мойынсұна отырып жеңуге тырысуы керек. Әрі қиыншылық, әрі рахат кездерде Аллаһ Тағаланың алдында «ризашылық білдіріп», «тәуекел» мен «мойынсұнушылық» етіп, тыныштық пен салмақтылықты ұстанып, құлдық өмір сүру қажет.

Ислам діні өмірді сол қалпында қабылдауды, машақаттар мен қасіреттерді сабырлықпен, ризашылықпен, нығметтерді де шүкіршілікпен қабылдауды бұйырады. Мәселен, туғаннан мүгедек немесе мүмкіншілігі шектеулі адам тек ақылынан қалайша жұбаныш таба алады? Егер ол тек нәпсілік тұрғыдағы дүниеге сүйенген болса, шындығында жұбаныш табуы мүмкін емес. Ол тек дүниенің фәни, өлімнен кейінгі өмірдің мәңгілік екендігіне сенетін мұмин болса, мүмкіншіліктердің шектелуі ахиреттегі жауапкершіліктерді азайтатындығын, тіптен сабыр еткен жағдайда үлкен



сыйға бөленетіндігін ойлап, көңілі қайғы-қасіреттің орнына шаттыққа толады. Шектеулі мүмкіндігін сабырлықтың, тәуекел мен ризашылықтың арқасында өзі үшін табыс көзіне айналдырады. Әрине, жүрегі мұндай қалыпқа келмегендер таршылық пен қасіреттен арыла алмайды.

Негізінде ешбір нәрсеге нақты нығымет немесе қасірет түрінде қарамау керек. Электр қуаты қалайша тұтынушының ерекшеліктеріне қарай кейде жылытуға, кейде салқындатуға жарайтын болса, тетіктің аузындағы тұтынушы адамның түсінігі де кездескен оқиғаларды өзі сыйға немесе қасіретке айналдырады. Нәпсіні тәрбиелеп, жүрегін тазартпаған адам бейне бір бұзылған тетік сияқты Аллаһтың сыйларын назардан тыс қалдырып, олардың өзін қасіретке айналдырып, өзіне берілген нығыметтерді ахиреттің қайғысына әкеледі. Керісінше, жүрегі таза, мінез-құлқы көрікті адам сабырлық, шүкіршілік, тәуекел мен мойынсұнушылық арқылы жаманшылықтың өзінен табысқа ие болып, оларды өзіне ахиреттік жеміске айналдырады. Мәселен, бір мүмин адам науқастанып қалған кезде немесе басына бір ауыртпашылық түскен кезде «Уа, Раббым, бұл сынақ маған Сенің тарапыңнан келді, мен Саған разымын!» дейтіндей кейіпте сабыр мен тәуекелге жүгінетін болса, хадисте айтылғандай күзде жапырақтары төгілген ағаш сияқты көптеген күнәлардан тазарады. Бірақ «Бұл бәлекеттер мені көріп қалды ма?» деп қарсылық көрсететін болса, қарсылық көрсеткені үшін тартқан азабына қосымша үлкен зиян шегері хақ.

Мына бір оқиға ризашылық халдегі мүминнің қандай болатындығын тамаша көрсетеді. Абдұллаһ бин Аббас  бір күні Ата бин Әби Рабахқа:



«Саған жәннатқа баратын әйелді көрсетейін бе?» деді.
Ол:

«Иә, көрсет» деген соң Ибн Аббас былай деді:

«Мына бір қара нәсілді әйел бар ғой, осы әйел сүйікті пайғамбарымызға келіп:

«Менің ұстама ауруым ұстаған кезде үсті-басым ашылып қалады. Сауығып кетуге Аллаһқа дұға ете аласыз ба?» - деді.

Аллаһ Расулы ﷺ:

«Егер сабыр сақтайын десең, саған жәннат бар. Бірақ сонда да қалайтын болсаң, шипа берсін деп, Аллаһтан дұға тілейін» деді.

Сонда әлгі әйел:

«Ауруыма сабыр етемін. Бірақ ұстамам ұстаған кезде үсті-басым ашылмасын деп дұға етіңіз» – деді.

Расулұллаһ ﷺ ол үшін Аллаһқа дұға қылды» (Бұхари, Мәрда, 6; Мұслим, Бирр, 54)

Аллаһ Расулы ﷺ былай дейді:

«Мүминнің халі қызығушылық пен таңдануға тұрарлық. Өйткені әрбір халі ол үшін жақсылықтың дәнекері болады. Мұндай ерекшелік тек мүминде ғана бар. Қуанса шүкіршілік етеді, бұл ол үшін жақсылық болады. Басына қайғы келсе сабыр етеді, бұл да ол үшін жақсылық болады» (Мұслим, Зүһд, 64).



Дүниеге мүгедек болып келген немесе қайғы-қасіретке тап болған адам Аллаһқа иманның арқасында көптеген жү- баныштарға ие бола алады. Өйткені ол Раббымыздың, мін- деті емес құлдарына берген нығыметтері екенін түсінеді²¹. Парасатты мүмин мүмкіндігінің шектеулілігі мен бәлекеттер арқасында қол жеткізетін сыйын ойлап, жұбаныш табады. Тағдырдың беймәлім екендігін білгені үшін қиыншылықтар

21. Аллаһ Тағала, бір-біріне қарама қайшы сипаттарға ие болғандықтан «Жәмиуль-әззад» деп аталады. Жаратқан мақұлықтары да, оның сипаттарының жиынтығынан пайда болғандықтан, оларда да осындай қайшылық пен айырмашылық негізгі қасиет. Әлемдегі екі нәрсе бірімен-бірі бірдей болғанда біреуінің жаратылуы негізсіз болар еді. Негізсіз (бос) нәрсемен айналысу «Мүтәәл», яғни ақыл жетпес кәміл жаратылыс болып табылатын Аллаһ Тағала хақында жайыз емес. Екінші жағынан жаратылыс, Аллаһтың Латиф сипатының туындысы. Сыйлықта тең болу міндетті емес. Теңдік, тек лайықтылыққа қатысты «әділеттілікке» қатысты. Қандай да бір жаратылыс әділеттілікті талап ететін болса, оның хақысы жоқ болу. Өйткені ол, ежелде жоқ еді. Аллаһ Тағала оны өзінің сыйы ретінде жаратылыс алаңына шығарған болатын. Негізгі түбі «жоқтық» болып саналатын бір нәрсенің әділдіктің нәтижесінде қол жеткізетін хақы да «жоқтық» болу керек.

Адам баласы, қол жеткізген нығыметтері тұрғысынан жаратылыстың ең жоғарғы дәрежесінде орын алған абыройлы жаратылыс. Сонымен қатар Аллаһ Тағала, оларды да әртүрлі деңгейде жаратқан. Аллаһтың нығыметтері, Алаһтың Латиф сипатының нәтижесі болғандықтан және бұнда жаратылыс үшін теңдік болмайтындықтан; адамдар арасындағы осындай қарама-ақшылықтардан шағымдану орынсыз болып табылады, әрі Аллаһың берген үлесіне разы болмау деген мағынаны білдіреді. Алай- да әлемдегі үйлесімділік пен жүйелеліктің негізінде осы айырмашылық жатыр. Аллаһ Тағала былай деп бұйырады:

أَمْ يَقْسُمُونَ رَحْمَةً رَبِّكَ نَحْنُ قَسَمْنَا بَيْنَهُمْ مَعِيشَتَهُمْ فِي الْحَيَاةِ
الدُّنْيَا وَرَفَعْنَا بَعْضَهُمْ فَوْقَ بَعْضٍ دَرَجَاتٍ لِيَجْزِيَ بَعْضُهُمْ
بِغَايَةِ سَعْيِهِمْ وَرَحْمَتٌ رَبِّكَ خَيْرٌ مِمَّا يَجْمَعُونَ

«Раббының рахымын солар үлестіре ме? Дүниелік өмірде олардың күнкөрістерін солардың арасында біз бөліп бердік; бір-біріне бағынышты болуы үшін кейбірін кей- бірінен үстем қылдық; Раббының рахымы, олардың жигандарынан да қайырлы» (Зүхрүф сүресі, 32).

Бірақ Аллаһ тарапынан берілген осы үлес, «нығыметке қарай жауапкершілік» негізіне құрылған, яғни бір адам Аллаһтың нығыметтерінен қаншалықты үлес алатын болса құлшылық, қызмет және дінді уағыздау сияқты мәселелердегі жауапкершілігі де сол мөлшерде болады. Аллаһ Тағала шама- дан тыс сұрамайды. Бірақ шамасының жеткенінше жауапқа тартады. Аятта былай делінеді: «Кейін сол күні, сендерге берілген нығыметтерден жауапқа тартыласыңдар» (Тәквәсүр сүресі, 8).



мен ауыртпашылықтардың хикметін Аллаһқа тапсырып, жандары жай табады. Әрбір оқиғада бір жақсылық бар деген діни хикметке жүгінеді. Аллаһ Тағаланың мына бір сөздеріне ой жүгіртейік:

وَعَسَىٰ أَنْ تَكْرَهُوا شَيْئًا وَهُوَ خَيْرٌ لَّكُمْ وَعَسَىٰ أَنْ تُحِبُّوا

شَيْئًا وَهُوَ شَرٌّ لَّكُمْ وَاللَّهُ يَعْلَمُ وَأَنْتُمْ لَا تَعْلَمُونَ

«...Сендер ұнатпаған нәрсе сендер үшін жақсылық болуы мүмкін. Ал сендерге ұнамды нәрсе сендер үшін жамандық болуы да ғажап емес. Аллаһ біледі, сендер біле алмайсыңдар» (Бақара сүресі, 216).

Ұнатып, ұнатпау алдын ала үйреншіктілікке қатысты пайда болатын сезім. Бірақ тек осы сезімге сүйенсек, жақсылық пен жамандық, пайда мен зиян анықталмайды. Бір нәрсенің жақсы немесе жаман болуын тек істелген істің нәтижесінен білу арқылы түсінуге болады. Хадис шәрифте:

«Істің құндылығы нәтижесіне қарай өлшенеді» делінген. (Бұхари, Тағдыр, 5; Рикак, 33).

Мұны білу тек барлық істердің нәтижесі өзіне қайтарылатын Аллаһ Тағалаға ғана тән.

Жақсылық пен жамандықтың жаратушысы және барлық істі ең жақсы білетін Аллаһ Тағала, құлдарының мәртебесі көтеріліп жәннәт пен Аллаһтың көркем дидарына қол жеткізуі үшін әмір береді, жаманшылықтан сақтануды қамтамасыз ететін тиымдар салады, сонымен қатар оларды әртүрлі сынақтардан өткізеді. Бірақ адамдар көбінесе ғапылдығы (нем-



құрайдылықтары) себебінен оқиғалардың хикметін түсіне алмағандықтан әртүрлі ойға барады. Раббымыз адамның мұндай көңіл-күйін былай түсіндіреді:

فَأَمَّا الْإِنْسَانُ إِذَا مَا ابْتَلَاهُ رَبُّهُ فَأَكْرَمَهُ وَنَعَّمَهُ فَيَقُولُ رَبِّي أَكْرَمَنِ

﴿١٥﴾ وَأَمَّا إِذَا مَا ابْتَلَاهُ فَقَدَرَ عَلَيْهِ رِزْقَهُ فَيَقُولُ رَبِّي أَهَانَنِ ﴿١٦﴾

«Қай кезде Раббысы сынақ үшін адамға мол нығмет берсе, «Раббым маған сыйлады!» – дейді. Қай кезде сынақ рыздығын азайтатын болса, «Раббым мені бағаламады!» – дейді (Фәжр сүресі, 15-16).

Нәпсінің құмарлығына салынған ғапыл адам сынақтың хикметін ұмытып, пәни нығыметтер үшін рахаттанып, қуанады. Сол арқылы рухани қасіретке тап боларын, яғни фәни ләззатына алданып, нағыз сыйдың ахіретте екендігін ойына да алмайды. Жауапкершілігін назардан тыс қалдырып, рахатпен ойын-күлкіге, асып-тасып бұзақылыққа салынады, сөйтіп Раббысының нығметтерін көрмей қасіретке ұшырайды.

Егер рыздығы азайтылып, хикметіне қарап, ойланбай, **«Раббым мені бағаламады!»** деп ренжиді. Алайда, барлық құбылыстар сияқты рызық та сынаққа себеп болатындықтан шүкіршілігін орындау керек. Әрі сабыр сақтаған жағдайда үлкен табыстарға қол жеткізеді. Сондықтан болашақтың беймәлім екендігін және ризашылық халде өмір сүрудің міндетті екендігін ешқашан ұмытпау керек.

Екіншіден, Раббымыз біз парқына барып, түсіне бермейтін көптеген нығметтер берген. Осыларды көру үшін назарды тәндік деңгейдегі төмен құмарлықтардан жоғары



парасаттылыққа аудару қажет. Мәселен, дауасыз ауруға шалдыққан адамға: «Байлығыңды берсен сауығасың!» десе, еш ойланбай бере салады, тіпті қарыздануға да барады. Ал дүниеқұмар адамға: «Екі көзіңді аламыз, оның есесіне саған барлық дүниені береміз» дейтін болса, дереу бұл ұсынысқа қарсылық білдіреді. Өкінішке орай көптеген адамдар Аллаһтың өзіне берген сансыз көп нығметтерін түсіне алмайды. Адамдардың осындай терең ғапылдығына байланысты Раббымыз:

وَقَلِيلٌ مِّنْ عِبَادِيَ الشَّاكِرُونَ

«...Құлдарымның ішінде шүкіршілік ететіндері өте аз» деп бұйырады (Сәбә сүресі, 13).

Осы жерде айта кететін мәселе, адамның басына келетін әрбір хал сынақ болуымен қатар көбіне нығметтердің сынағы мүмкіншіліктің шектелуі сынағынан да ауыр болады. Өйткені нығметтің молдығынан нәпсінің асаулығына кедергі болу қиын болса, мүмкіншіліктің шектелуі жағдайында бұл жеңілірек болмақ. Сол сияқты өмірдің жастық шақтары да нәпсі құмарлықтарының басым болуына байланысты ақиқат пен жақсылыққа бет бұрудың қиын кезеңдері болып табылады. Сондықтан жас кезінен бастап ізгіліктің жолына түсіп, тура жолға бет бұру Аллаһ алдында құны жоғары болмақ.

Аллаһ Тағала бұл турасында нығметке бөленгеннен кейін жолдан тайып, қарсылық білдірген Қарунды және оған қызығушылықпен қараған ғапыл адамдарды мысал қылып келтіреді. Аяттарда былай баяндалады:

«Сөйтiп, Қарун айбынды түрде қауымының алдына шықты. Дүниенің тіршілігін қалағандар: «Әттең, Қарунға



берілген нәрселердің бір бөлшегі болса да бізге берілсе ғой... Расында ол өте үлкен байлыққа ие!» десті. Білімді адамдар болса, былай деді:

«Сендерге нендей өкінішті! Иман келтіріп, ізгі амал жасағандар үшін Аллаһтың сыйы тіпті қайырлы. Оған тек сабырлық сақтағандар қол жеткізе алады».

Ақыры Біз Қарунды да, (мақтанып, тәкәппарланған байлығымен қоса) сарайын да жердің түбіне батырдық. Енді Аллаһқа қарсы оған көмектесетін көмекшісі де жоқ, және де ол өзін қорғап құтқара алатын адам да емес. Кеше ғана оның орнында болғысы келгендер де:

«Бізге не болған! Демек, Аллаһ құлдарынан қалағанына рыздығын мол да, аз да береді! Егер Аллаһ ізгілік етпегенде, бізді де жер түбіне батырар еді. Демек, жоққа шығарушылар құтыла алмайды екен!» дей бастады» (Қасас сүресі, 79-82)

Аяттан мына бір жәйтті де түсінуге болады: бір адамға сынақ үшін берілген дүниелік мал-мүлік оның Аллаһ алдындағы дәрежесі мен бағасын көрсетпейді. Сондай-ақ сүйікті Пайғамбарымыз ﷺ:

«Егер дүниенің Аллаһ алдында масаның қанатындай ғана құны болса, Аллаһ ешбір кәпірге дүниеден бір жұтым су да жұтқызбас еді» деген болатын (Термези, Зүһд, 13).



Исламда анық айтылады. Кейбір әмірлер мен тыйымдарға бағыну ауыр әрі ащы. Бірақ Аллаһ Тағала олардың арасына сондай хикметтер жасырған, сол хикметтер олардың ауырлығының күшін жойып, ащылығын тәттіге айналдырады. Мәселен, Хұдайбия келісінде қабылданған шешімдер сырт көзге қарағанда мұсылмандарға тиімсіз болатын. Жеңе тұра жеңілуге келіскендей еді. Сол себепті сахабалар келісімді қабылдағысы келмеді. Басында жеңіліс қорлық болып көрінген келісім, шындығында жеңіс екендігі кейіннен белгілі болды... Мәселен:

Келісім кезінде Исламды насихаттауға жаңаша мүмкіншіліктер пайда болды. Соның арқасында мұсылмандар мен мүшриктер араласып, оларға Исламды уағыздай бастады. Мұсылман екендігін жасырып жүргендер имандарын жарыққа шығара бастады. Меккеліктер Пайғамбарымыздың хал-қарекеттері, мұғжизалары, теңдессіз мінез-құлқы мен жүрген жолының ізгілігі жайлы мәлімет алып, нәтижесінде жүректері жұмсарып, Исламға кіре бастады. Осы екі жылдың ішінде мұсылмандар саны Хұдайбия келісіміне дейінгі он тоғыз жыл аралығындағы мұсылмандардың санынан неше есе артық болды. Хұдайбия келісіміне мың төрт жүз кісімен шыққан ислам әскері екі жылдан соң Меккеге он мың, кейбір реуаят бойынша жолда қосылғандармен бірге он екі мың кісілік әскермен кірген (Ғәйсәми, VI, 170; Ибн Хишам, III, 372).

Мүмин айналасында болып жатқан көптеген құбылыстарға осы көзқараспен қараса, кейбір сыртқы көріністер жайлы шығарған үкімнің уақыт өте келе өзгеретіндігін көріп, осыдан ғибрат алады. Аллаһ Тағаланың Құранда баяндаған Мұса عليه السلام мен Қызырдың عليه السلام қиссасы осы ақиқаттың ең көрнекті мысалы бола алады. Қызырдың عليه السلام оларды өзеннен



ақысыз өткізіп жіберген кедейге рахмет айтудың орнына кемесін тесіп тастағандары сырт көзбен қарағанда жақсылықты бағаламау болып көрінгенімен, аз уақыттан кейін бұл жақсылық болып табылды. Өйткені залым патша бүкіл кемелерді тартып алып жатты. Қызыр АА кемені тесіп тастап, патшаның тартып алуынан құтқарған еді. Кеменің иелері кейін бұл кішкене кемшілікті жөндеп, күнкөрістерін жалғастыра берді.

Сол сапардың барысында Мұса عليه السلام мен Қызыр عليه السلام жолдарында бір баланы жолықтырды. Қызыр عليه السلام оны өлтіріп тастады. Хазіреті Мұса:

«...Себепсіз бейкүнә жанды өлтірдің бе? Шындығында өте жаман іс жасадың!» деді (Кәһф сүресі, 74).

Бұл жердегі хикметті Қызыр عليه السلام былай деп түсіндірді:

«Ол баланың әке-шешесі мұмин адамдар еді. Баланың оларды адасушылық пен күпірлікке жетелеуінен қорықтық!» (Кәһф сүресі, 80).

Қызыр عليه السلام Хазіреті Мұсаға жамандық болып көрінген бір істің шын мәнінде жақсылық болуы мүмкін екендігін түсіндіріп, былай деді: Ер бала ертең бұзақы біреу болар еді. Оның әке-шешесі салих адамдар болатын. Сол үшін баланың ата-анасын аздырып, күпірлікке жетелеп, оларға жәбір көрсетуінен қорықтық. Осылайша Раббылары онын орнына одан да таза әрі мейірімді бала бергенін қаладық.

Екіншіден, Пайғамбарымыз ﷺ кішкене кезінде балалары өлген әке-шешелерді жәннатпен сүйіншілеген.



Аллаһ Расулы ﷺ өйелдерге айтқан бір уағыз-насихатында былай деген:

«Сендерден (әлі балигатқа толмаған) үш баласын ахиретке жіберген әр әйелді сол балалар жәһаннам қорған болады».

Араларынан бірі:

«Бұл екі бала жібергендер үшін де жарай ма?» – деп сұрады.

Расулұллаһ ﷺ:

«Иә, екі баласын жібергендер үшін де жарамды» – деп жауап берді (Бұхари, ілім, 36; Мұслим, Бирр, 152).

Тақырыбымызға қатысты назар аударарлық тағы бір хадис шәриф:

Бір құлдың баласы қайтыс болғанда Аллаһ Тағала періштелерінен:

«Құлымның баласының рухын алдыңдар ма!» – дейді.

Періштелер:

«Иә, о, Раббымыз» – дейді. Аллаһ Тағала:

«Оның көңілінің жемісін жұлдыңдар ма?» – дейді. Періштелер:

«Иә, о, Раббымыз» – дейді. Сонда Хақ Тағала:

«Жарайды, құлым не деді?» – дейді. Періштелер:



«Ол сені мадақтады:

إِنَّا لِلَّهِ وَإِنَّا إِلَيْهِ رَاجِعُونَ

«...Біз Аллаһқа тиесіліміз және соған қайтамыз» (Бақара сүресі, 156) деп, тек саған мінәжат етті» дейді. Сол кезде Аллаһ Тағала былай дейді:

«Құлым үшін жәннатта бір ұй салыңдар да, атын Бәйтүл-Хамд (Мадақ ұйі) деп қойыңдар» (Термези, Жәнәиз, 36).

Бәлкім, тек дүниелік өмірге сенген ахиреттен құр қалған адам үшін жұбаныш мүмкіндігі жоқ та, мүмин үшін ондай имани жұбаныштар мен сүйеніштер өте көп. Мәселен, екі көзінен айырылған бір адам Расулұллаһтың ﷺ мына мүбәрак сүйіншісімен тынышталады:

«Аллаһ Тағала былай бұйырады: Құлымды екі көзін соқыр етіп сынасам, ол бұған сабыр ететін болса, көздері үшін оған жәннәтты беремін» (Бұхари, Мәрда, 7).

Расулұллаһ ﷺ мал мен тәні жағынан өзін кем санаған адамға мынадай кеңес береді:

«Сендердің біреулерің мал мен жаратылыс жағынан өзінен үстем біреуді көрсе, назарын дереу материалдық жағынан өзінен төмен адамға бұрсын» (Бұхари, Рикак, 30).

«Тіршілік деңгейі сендердікінен жақсыларға емес, төменгілерге қараңдар. Өйткені Аллаһ сендерге берген нығметін аз көрмеу үшін осы лайықты әрекет болмақ» (Мүслим, Зүһд, 9).

Ислам – қиыншылықтарға сабырмен төзімділік танытса,



ол жағдайдың күнәлардың кешірілуіне себепкер немесе рухани мәртебенің көтерілуіне себеп болатындығын айту арқылы ерекше құнды жұбаныш көзі болып табылады. Пайғамбарымыз хадис шә-рифінде былай деп бұйырады:

«Шаршау, тұрақты ауру, қиыншылық, қасірет пен қайғыдан бастап аяққа кірген тікенге дейін мұсылманның басына түскендердің барлық нәрсесін Аллаһ оның қателіктерінің кешірілуіне дәнекер қылады» (Бұхари, Мәрда, 1, 3; Мұслим, Бирр, 49).

«Ер болсын, әйел болсын, мұмин адам Аллаһқа күнәдан тазарып қауышқанға дейін өзінен, бала-шағасы мен мал-мүлкінен сынақ толастамайды» (Термези, Зүһд, 57).

«Мұмин адамға бір ауру келіп, кейін Аллаһ оған шипа беретін болса, бұл ауру оның өткен күнәларына кәффәрат, қалған өмірі үшін үгіт-насихат болады. Егер мұнафық (екі жүзді) ауырып, кейіннен сауығатын болса, ол иесі байлап, кейін босатып жіберілген, бірақ не үшін байланғанын және не үшін босатылғанын білмейтін түйе сияқты» (Әбу Дәуіт, Жәнайз, 1/3089).

Сондықтан Аллаһтың достары бәлекеттер мен қиыншылықтарға сабырлық көрсету үшін «уға піскен асты» қуана жеуге тырысатын. Осы дәмді сезген Фузули ақын:

*«Уа, Раб, гашықтық бәлекетіне
құштар қыл мені,
Бір сәтке мені гашықтық бәлекетінен
құр қалдырма мені!»* деген.



Бірақ бір назар аударарлық мәселе – айтқанға жеңіл бұл ақиқаттардың өмірде жүзеге асырылуы өте қиын. Бірақ «радия (ризашылық)» мәртебесінде шынайы көңілмен айтылған осы және осы сияқты сөздерді нәпсінің күмәніне еріп немесе еліктеушілікпен орынсыз және ойланбай сөйлеуден сақтану керек. Өйткені бұл жағдайда олардың әрбірі сенімділікті білдіретіндіктен Аллаһ Тағала құлының айтқан осы сөздердің шынайылығын сынайтын болса, көптеген адамдардың сынақтан өте алмау қаупі туындайды!

Аллаһ Тағаланың ғибрат алу үшін үлгі ретінде көрсеткен мұсылман сиқыршылардың иман сынағы өте қатал болған. Перғауын мұғжизаларды көріп, Аллаһқа мойынсұнған сиқыршыларға:

«...Ант етемін, қолдарың мен аяқтарыңды шадырлап кесіп, сендерді құрманың бұтақтарына асып (ең ауыр азапты тартқызамын). Сонда қайсымыздың азабы ауыр да тұрақты болатынын жақсы түсінетін боласыңар» деген еді (Таһа сүресі, 71).

Олар да фәни өмір мен мәңгілік өмірді салыстыра отырып Перғауынға:


«...Бізге келген нағыз мұғжизалар мен бізді жаратқан (Раббымызға) сені алмастыра алмаймыз. Қандай үкім шығарсаң да өзің біл. Сен ғана осы дүниелік өмір үшін үкім шығара аласың!» деп, жауап қайтарған (Таһа сүресі, 72).

Перғауын зұлымдығын жүзеге асыра бастады, ал сиқыршылар имандары әлсіремеуі үшін:



رَبَّنَا أَفْرِغْ عَلَيْنَا صَبْرًا وَتَوَفَّنَا مُسْلِمِينَ

«...Ей, Раббымыз! Бізге сабырлық бер, жанымызды мұсылман күйде ал!» (Араф сүресі, 126) деп, Аллаһ Тағалаға мінәжат етті. Аллаһтың уәде еткен сыйы иманмен өлген адамдарға үлкен жұбаныш болды. Бастарына түскен қиыншылықты сабырлықпен қабылдап, оны мәңгілік әлемнің жемісіне айналдырды.

Сонымен қатар бәлекетке ұшыраған адам Құранда қиссалары баяндалған пайғамбарлар тартқан қиыншылықтарды ойлап, жұбануы керек. Пайғамбарымыз қиыншылықтың ең ауыры мен ең үлкеніне үмметіне үлгі болу үшін душар болғандығын ойлау керек. Абдүллаһ бин Мәсуд  былай баяндайды:

Аллаһ Расұлының  алдына бардым. Оның ыстығы көтеріліп тұрған еді.

«Ей, Аллаһтың Расулы! Шындығында, сіздің қызуыңыз көтеріліп тұр екен!» – дедім.

«Иә, сендердей екі адам көтере алатындай ауыртпалық сезініп тұрмын» – деді.

«Бұл сіздің екі есе сауапқа қол жеткізуіңіз үшін шығар» – дедім.

«Иә, солай. Аллаһ аяғына қадалған бір тікен немесе басына түскен үлкен қиыншылық үшін мұсылманның күнәларын кешіреді. Ол мұсылманның күнәлары ағаштың жапырағы сияқты төгіледі» – деді. (Бұхари, Мәрда, 3, 13, 16; Мұслим, Бирр, 45)



Осы айтылғандардан түсінетініміз – қиыншылықтың ең ауырына Аллаһқа ең жақын адамдар ұшырайды. Әбу Сайддың ﷺ мына бір риуаяты да осы мәселені құптайды:

«Ей, Аллаһтың Расулы! Адамдардың ең көп қиыншылыққа ұшырайтындары кімдер?» – деп сұрадым.

«*Пайғамбарлар!*» – деді.

«Сондан кейін кімдер?» – дедім.

«*Содан кейін ізгілер (салих адамдар)!*» – деді... (Ибн Мажә, Фитән, 23).

Бәлекеттер мен қиыншылықтардың ең ауыры пайғамбарларға, содан кейін рухани дәрежесіне қарай адамдарға келуінің бір хикметі мынадай:

Рухани тұрғыдан жоғары дәрежедегі адамдардың міндеті ауыр болғандықтан, осыны лайықты түрде орындауы үшін қажетті кәмілдікке жетуі тиіс. Қиыншылықтар мен машақаттардың адамның болмысын кемелдендірудегі ықпалы зор, яғни бәлекеттер мен қиыншылықтар, сабырлық көрсеткен рухани тұрғыдан кәміл адамдардың бір жағынан кемелдігін арттырса, екінші жағынан рухани мәртебесін көтеріп, Аллаһқа қауышуға жеткізеді. Өйткені қол жеткізілген нәтиженің абыройы соған қол жеткізі үшін арқалаған машақаттың мөлшеріне қарай болады.

Фәдала бин Үбәйдден ﷺ риуаят етілген мына бір оқиға Аллаһ Расулының нағыз шәкірт сахабалардың басына түскен қиыншылықтар мен олардың осы қиыншылықтарға көр-



сеткен теңдессіз сабырлық пен төзімділікке тамаша мысал бола алады:

«Расулұллаһ ﷺ сахабаларына намаз оқытқанда олардың кейбірі аштықтан әлсіреп, орнында тұра алмай, естерінен танып қалатын. Бұлар Суффа тұрғындары болатын. Сахарадан келген бәдәуилер «Бұлар жынды!» дейтін. Аллаһ Расулы намаз біткен соң аштықтан естерінен танғандардың қасына келіп, оларды жұбататын:

«Аллаһ Тағаланың сендер үшін не әзірлегенін білсеңдер, бұдан да кедей, пақыр болғыларың келер еді» – дейтін». (Термези, Зүһд, 39/2368)

Қорыта айтқанда Аллаһ Тағала құлдарын әртүрлі себептер арқылы сынайды. Аятта бұл мәселе былай баяндалады:

وَلَنَبْلُوَنَّكُمْ بِشَيْءٍ مِّنَ الْخَوْفِ وَالْجُوعِ وَنَقْصٍ
مِّنَ الْأَمْوَالِ وَالْأَنْفُسِ وَالثَّمَرَاتِ وَبَشِّرِ الصَّابِرِينَ

«Біз міндетті түрде сендерді аздаған қорқыныш, аздаған аштықпен, немесе малмен жанға немесе өнімдерге келетін нұқсандықтармен сынаймыз. Сен сабырлық көрсететіндерді сүйіншіле!» (Бақара, 155)

Сонымен қатар Ұлы Жаратушымыз сынаққа түскен құлдарын өз көмегінсіз қалдырмай, оларға мынадай кеңес береді:



يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا اسْتَعِينُوا بِالصَّبْرِ وَالصَّلَاةِ

إِنَّ اللَّهَ مَعَ الصَّابِرِينَ

«Ей, иман етушілер! Сабыр сақтап, намаз оқып, Аллаһтан жәрдем тілендер. Міндетті түрде Аллаһ сабырлық сақтағандармен бірге болады» (Бақара сүресі, 153).

Аллаһ Расулы ﷺ мен басқа да пайғамбарлар қиын жағдайларда Аллаһтан жәрдем мен сабырлық тілеп, дереу намазға жүгінетін. (Әбу Дәуіт, Тағауы 22; Жихад, 162; Ахмет, ІҮ, 333).

Сахабалар да бір жақынынан айырылған кезде немесе бір қиыншылыққа тап болған кездерінде намазбен жұбанып, намаз арқылы Аллаһтан сабырлық тілеген (Хақім, ІІ, 296/3066).

Қорыта айтқанда, мұсылман адам қол жеткізе алмаған нығыметтер мен мүмкіншіліктер үшін ренжімеуі керек, қол жеткізген дүниелік үшін қатты қуанып, шектен шықпауы керек. Хазіреті Мәуләнә қандай тамаша айтқан:

«Сенің жан дүниең бір қонақ үй сияқты. Қуаныштар да, қиыншылықтар да уақытша. Қуанышқа да алданба, қасіреттерге де мұңайма! Қайғылар қуанышыңа кедергі болса, уайымдама. Өйткені сол қайғылар саған қуаныш пен шаттық әзірлеуде.

Ей, Хақ жолының жолаушысы! Көңілге келген қайғыларды жылы жүзбен қабылдап, былай деп дұға ет: «Ей, менің Раббым! Сен мені бәлекеттердің жаманшылығынан сақта, бірақ сол арқылы келетін сый мен сияпаттан құр қалдырма! Раббым,



бәлекеттерге шүкіршілік ететіндей күш бер. Өтіп кеткеннен кейін неге шүкіршілік етпедім деп қасірет шекпейін»».


Аллаһым! Бізді сабырлық пен тәуекел, мойынсұнған кезде және барлық жағдайда «Ұа, Раббым, Саған разымын!» дейтін ізгі құлдарыңның қатарына қос!..

Әмин!..



Тайғамбар дәуірінен естеліктер

Ұхуд



Ұхуд пен оның шәһидтерінің Аллаһ Расулының көңілінде сондай терең із қалдырғаны соншалық, айтылған сайын Расулұлла ﷺ сол мұбәрак шәһидтердің дәрежелерін түсіндіріп, «Уаллаһи сахабаларыммен бірге мен де шәһид болып, Ұхуд тауының бауырында жатқанымды қалар едім!»

(Ахмет, III, 375) деген болатын.

Бұл жәйт сүйікті Тайғамбарымыздың ұлметіне деген сүйіспеншілік пен мейірімнің ең айқын белгілерінің бірі.



Пайғамбар дәуірінен естеліктер

Ухуд

Адамның болмысы иләһи мәліметтер мен құпия ақиқаттармен көмкелірген: Жаратылыс қамыры діни бастамаларға иленген. Хақ Тағалаға деген иман мен сенім Адаммен ﷺ басталып, алғашқы адам, алғашқы пайғамбар ретінде жіберілген. Хазіреті Адаммен ﷺ басталған иман нұры, пайғамбарлардың берекелі һидаят шырағы сияқты тізбегінің нәтижесінде, әлемге рахымшылық ретінде жіберілген Хазіреті Мұхаммед ﷺ арқылы кемелденген. Оның қияметке дейін жалғасатын пайғамбарлық нұры адамзатқа жарық беретін ең үлкен иләһи нығметтердің бірі. Көптеген надандық дәуірдің адамдарының өзі соның жеткізген діни арқылы һидаятқа қол жеткізіп, соның тәрбиесі мен руханияты арқылы тұлғалықтың шыңына жеткен. Жанқиярлық, мейірім, сезімталдық, сүйіспеншілік пен қамқорлықтың теңдесі жоқ үлгісін көрсеткен.

Аллаһты тану шынайы бақыттылыққа дәнекер болады. Әлем осы бақыттылық сыйы арқылы жаратылған. Аллаһтың ұлылығы мен құдыретінің көріністеріне толған әлем құлдары үшін сынақтың хикметіне байланысты жаратылған.



Мағрифатұлаһ, яғни Аллаһ Тағаланы жүрекпен тану тек Аллаһқа деген сүйспеншілік арқылы мүмкін болады. Адамның шынайы бақыттылығы да мағрифатұллаһ пен иләһи сүйіспеншілік қуанышында көрініс табады.

Аллаһ Расулы ﷺ былай деп бұйырады:

«Кімде-кім Аллаһқа қауышқанды сүйетін болса, Аллаһ та соған қауышқанды сүйеді. Кімде-кім Аллаһқа қауышқанды ұнатпаса, Аллаһ та оған қауышқанды ұнатпайды!»

Сол кезде Хазіреті Айша رضی اللہ عنہا:

«О, Расулаллаһ! Өлімді ұнатпауға да қатысты ма? Ешкімнің өлгісі келмейді» – деді.

Расулұллаһ ﷺ:

«Жоқ, олай емес. Бірақ мұмин (өлім келген кезде) Аллаһтың рахымы, ризашылығы және жәннәтымен сүйіншіленген кезде Аллаһқа қатты қауышқысы келіп, сүйінеді. Аллаһ та оған қауышқанды сүйеді. Кәпір болса, өлім келген кезде Аллаһтың азабы мен жазасымен сүйіншіленеді. Сол себепті Аллаһқа қауышқанды ұнатпайды. Аллаһ та оған қауышқанды ұнатпайды» деді. (Бұхари, Рикак, 41; Мұслим, Зікір, 14).

Міне, Аллаһқа деген махаббаттың нәтижесінде құлдың деңгейі көтеріліп, соның арқасында Аллаһтың сүйіспеншілігіне бөлену үшін өмірдің қиыншылықтарына сабырлық сақтау, ұстамдылық пен Хаққа деген тәуелділіктен таймау, жүрекке мағрифат пен тәухидді орнықтыру, барынша тәфәккур, тахассүс (сезімталдық) пен тәжәссүсті (зерттеуді) уахидың фәйізді аясында жүзеге асыруды қажет етеді.



Хаққа қауышуды қалаған кәміл мүминдердің мағрифат-тұллаһ жолында Құран мен пайғамбардың фәйізі мен руханияты шеңберінде «тәрбие, білім, құлшылық, нәпсіні тәрбиелеу, жүректі тазарту, жақсылық пен ізгілік» үшін тырысып, кемелденіп, дәрежесін көтеру міндеті болып табылады.

Хаққа жақындаудың ең анық көріністерін сахабалардан көреміз. Өйткені олар осы жоғары деңгейге Аллаһ Расулынан алған жағымды күш-қуат арқылы, яғни фәйізді көріністермен және оның пайғамбарлық нұрын өздерінің жан дүниелеріне ақтару арқылы қол жеткізді. Осы көрністің нәтижесінде оларда «Хаққа жақындық, яғни қауышу» қалауы шегіне жетті. 23 жылғы пайғамбарлық дәуірінде осы рухани-материалдық тебіреністің көрініс тапқан берекелі орындардың бірі Ұхуд болды. Ұхудта көрініс тапқан иман ләззәттарының бір-нешеуі мыналар:


Соғыс аяқталып, мүшріктер Ұхудты толық тастап кеткеннен кейін Аллаһ Расулы ﷺ соғыс шебінде шәһидтерді жерледі. Тура жетпіс адам шәһид болған екен. Олардың арасында Хазіреті Хамза ﷺ сияқты батырлар, Мұсаб бин Үмәйр ﷺ сияқты ер жүрек палуандар да бар болатын.

Мұсаб бин Үмәйр ﷺ Расулұллаһты ﷺ қорғап жүргенде шәһид болған еді. Сол кезде періштелердің бірі Хазіреті Мұсабтың бейнесіне еніп, қолынан туды алған еді. Пайғамбарымыз болса әлі де оның шәйт болғанынан бейхабар болғандықтан туды көтеріп жүрген адамға:


«Тақаддам, я, Мұсаб! Ей, Мұсаб алға!» деген болатын.

Сол кезде періште бұрылып қарағанда оның Мұсаб емес, періште екенін байқаған Пайғамбарымыз ﷺ мүбәрак саха-



басының шәһид болғанын түсінген еді. Содан кейін Мұсаб бин Үмәйрдің  мүбәрак денесі табылады, бірақ осы жолы оны орайтын кебін табылмайды (Ибн Са'д, III, 121-122).


Ақыры, қысқа да болса бір кебін табылды. Бірақ онымен басы жабылса аяқтары, аяқтары жабылса басы ашылып қалатын болды. Жағдайды Аллаһ Расулына айтқанда сүйікті Пайғамбарымыз мүбәрак шәһидтің басын кебінмен, ашылып қалған аяқтарын хош иісті шөптермен жабуды бұйырды (Қараңыз, Бұхари, Жәнәиз, 27).

Алайда Мұсаб бин Үмәйр  Меккенің ең ауқатты бір әулетінің баласы болатын. Барлық Мекке жастары оған қызығушылықпен қарайтын. Тіпті жас қыздар оның өтетін жолына гүл себетін. Ол мүшрик отбасының барлық қысымына қарамастан, Аллаһ Расулының көңілінде болғанды барлық фәни ләззәттардан артық көрген болатын. Әулеті құр қаласың деп қорқытқан барлық мұралары мен дүниелік мүмкіндіктер де оның көңілі мен көзінде мәнін жоғалтқан еді. Өйткені Аллаһ Расулына соншалықты үлкен тәнтілік пен сүйіспеншілікпен тәуелді болғандықтан, дүние мен дүниеліктер оның назарында құнын жоғалтқан болатын.

Шындығында да, адам баласы ең үлкен бағаны өз махаббаты үшін береді. Бұл пәни әлемде берілген ең үлкен баға – Аллаһ махаббатының ақысы. Сол себепті сахабалар мен олардың артынан ерген Хақ достары өмір бойы махаббатының ақысын өтеу үшін тырысып, өмір бойы қажыр танытты. Осылай Аллаһ пен Расулымен дос болудың жоғары ләззатына бөленді. Міне, Аллаһ пен Расулұллатың махаббатының ауыр құнын, иманның ләззатымен қуана-қуана



өтеген Ислам қаһармандарының ішінде Хазіреті Мұсабтың  орны ерекше. Хазіреті Әли  былай дейді:

«Біз Пайғамбармен  бірге мешітте отырған едік. Мұсаб бин Үмәйр шыға келді. Үстінде ішік қиқымдарымен жамылған шапанына басқа ештеңе жоқ еді. Аллаһ Расулы Мұсабты көрген соң оның Меккедегі ауқатты халі мен қазіргі халін ойлап, көзінің жасына ие бола алмай, жылап жіберді. Сонан соң былай деді:

«Біреулерің таңертең басқа, түстен кейін басқа әдемі киім киіп, алдына бір табақ қойылып, екіншісі алынып, үйлеріңді Қағбаның жамылғысындай жамылғылармен жапқан кезде (яғни дүниенің ләззаты алдарыңа қойылған кезде) халдерің қалай болмақ?!»

«Ей, Аллаһтың Расулы, әрине, ол кезде халіміз бүгінгіден де жақсы болады. Өйткені ол кезде (қазіргі қиыншылықтарымыз бен) күнкөріс тауқыметі болмайды, өзімізді толықтай құлшылыққа арнаймыз» десті.

Расулұллаһ  былай деді:

«Керісінше, қазір сендердің жағдайларың сол күнгіден де жақсы» (Термези, Қиямет, 35/2476).



Қиын да тауқыметті кездерде шынайы көңілмен орындалған Ислами қызметтер, адамдардың хақы мен жақсылықты машақатсыз орындаған бейбіт әрі молшылық кезіндегі көптеген қызметтерден артық та абзал болмақ. Өйткені



шектеулі мүмкіншіліктер, жеке адамдардың табысын қиындататындықтан оның қол жеткізген табысына еселеп сый беріледі. Бір жақсылықтың сауабы оның орындалуындағы кездескен машақат мөлшерімен өлшенеді.

Осыншалықты үлкен жомарттықпен барлық болмысын Аллаһ пен Расулы үшін аямай пайда еткен Мұсаб رضي الله عنه шәһидтік шәрбетін ішсе, бір періште оның бейнесіне кіріп, мүбәрәк сахабаның жанынан да жақсы көрген, жанын қиып, адалдықпен көтерген Ислам туын өз қолына алды. Хазіреті Мұсабтың діні үшін басын тіккен қиыншылық пен көрсеткен жанқиярлығына Аллаһ Тағала періштелеріне туды көтеруді жүктеу арқылы қасиетті жауап қайтарды.

Ұхуд соғысында Хазіреті Пайғамбармен صلى الله عليه وسلم барлық мүминдердің жүректерін терең тебіренгіп, көңілдерін қайғыға батырған оқиға – еш күмәнсіз, Ислам әскерінің теңдессіз қаһарманы, Аллаһтың арыстаны Хазіреті Хамзаның رضي الله عنه жауыздықпен шәйіт етілуі еді.

Соғыстан кейін Хазіреті Сафия رضي الله عنها інісі Хазіреті Хамзаны رضي الله عنه көргісі келді. Осы ниетпен шәһидтер жатқан жаққа жүрді. Ұлы Зүбәйір оның алдынан шығып:


«Расулұллаһ кейін қайтсын дейді, анашым» деді.


Ол:

«Неге? Бауырымды көрмеймін бе? Мен оның қандай жауыздықпен кескіленіп, туралғанын білемін. Ол Аллаһ үшін осы қасіретке тап болды. Бізді жұбататын да осы ғана. Иншаллаһ сабыр етіп, сауабын Аллаһтан күтемін» деді.



Анасының айтқандарын Зүбәйір Расулұллаһқа айтты. Пайғамбарымыз ﷺ:

«*Олай болса барып көре берсін*» – деді. Сафия  шәһидтердің мырзасы болу абыройына бөленген бауырының денесінің қасына келіп, толғана дұға етті (Ибн Хишам, III, 48; Ибн Хажар, әл-Исәбә, IV, 349).

Ұхудта болған теңдессіз дін бауырластығы көріністерін Зүбәйр бин Аууам  былай баяндайды:

Анам Сафия алып келген екі шекпенді шығарып:

«Мыналарды бауырым Хамзаға кебін қылсын деп әкелдім» – деді.

Шекпендерді алып, Хамзаның қасына бардық. Қасында әнсарлық басқа орайтын кебіні жоқ тағы бір шәһид бар екен. Шекпеннің екеуін де Хамзаға орап, әнсарлық шәһидті кебінсіз қалдыруға ұялдық. Шекпеннің бірі Хамзаға, екіншісі әнсарлық шәһидке кебін болсын дедік. Шекпеннің бірі үлкен, екіншісі кішкене болғандықтан екеуінің арасында жеребе тарттық (Ахмет, I, 165).

Осы аянышты көріністен байқағанымыздай, сахабалардың арасындағы туысқандық жақындықтың орнын иман бауырластығы басып жатқан болатын. Осылай қадірменді сахабалардың арқасында қияметке дейін келетін барлық мұминдерге дін бауырластығын ұстанудың өнегелі үлгісі көрсетілген болатын.



Шәһидтердің жаназасын шығару үшін Хазіреті Хамзадан бастап он шәһид әкелініп, намаздан кейін тоғызы жерленіп отырды. Хазіреті Хамзаның қасына тағы тоғыз шәһид әкелініп, қайта жаназа намазы оқылды. Осылай Расулұллаһ ﷺ немере ағасы әрі шәһидтердің мырзасы болған Хазіреті Хамзаның намазын бірнеше рет қайталап оқыған (Ибн Мәжә, Жәнәиз, 28). Бұл Хазіреті Хамзаның Аллаһ Расулының көңіліндегі орнын білдірсе керек.



Ұхудаға осы қайғылы көріністер көңілге терең әсер етті. Арада ұзақ уақыт өтті, Ислам күш-қуатқа ие болатын кезеңдер басталды. Бірде шүкіршіл байлардың бірі Абдуррахман бин Ауф رضي الله عنه ораза ұстаған күні алдына ауызашарға ұлы түрлі тағам қойған кезде ол қатты толқып, көз жасын ұстай алмай, былай деген екен:

«Мұсаб бин Үмәйр Ұхуд соғысында шәһид болды. Ол менен де парасатты болатын. Бірақ кебіні бір шекпен ғана болды. Онымен басы жабылса аяғы, аяғы жабылса басы ашылып қалып еді. Енді бізге дүниедегі барлық нәрсе берілді. Негізінде жақсылықтарымыздың өтеуі дүниеде берілетінен қорқамын (Тапқан сауаптарымыз ахиреттен азайтылып, осы дүниеде беріліп жатқан жоқ па екен?!)»


Абдуррахман бин Ауф رضي الله عنه осы сөздерінен кейін көңілі жабырқау күйде дастархан басынан тұрып кетеді (Бұхари, Жәнәиз, 27).



Ұхудтың ғибратты көріністерінің бірі мынадай:

Жабирдің  риуаяты бойынша Пайғамбарымыз  Ұхуд соғысында шәһид болғандарды әр қабірге екеуден қоятындай етіп жинады да:

«Бұлардың қайсысы Құранды көп білетін еді (Құранды өмірінде ұстанатын еді)?» деп сұрап, шәһидтердің қайсысы көрсетілсе, соны қыбыла жағына қойдырған (Бұхари, Жәнәиз, 73,75).

Мәдинадағы әйелдер хабар алайық деп үміттеніп, шахардың сыртына шыққан еді. Хазіреті Айша  солардың арасында болатын. Харра деген жерде ізгі әйелдердің бірі Хинт бинт Амрды жолықтырды. Хинт күйеуі Амр бин Жәмух, ұлы Халлад және інісі Абдұллаһтың шәһид болған денелерін бір түйеге артып алып бара жатыр екен. Хазіреті Айша одан:

«Артта қандай хабар бар?» – деп сұрады.

Хинт бинт Амр :

«Жақсылық, Расулұллаһ аман. Ол аман болған соң қалған қиыншылықтар жеңіл» деді. Хазіреті Айша түйедегі денелерді көрсетіп:

«Бұлар кімдер?» – деп сұрады. Ізгі әйел Хинт:

«Інім Абдұллаһ, ұлым Халлад және күйеуім Амр» – деді.

Хазіреті Айша :

«Оларды қайда алып барасың?» – деп сұрады. Хинт:

«Мәдинаға алып барамын. Сонда жерлеймін» – деді.



Артынан түйесін жетелемек болып аздап күштеп еді, түйе тұрған жеріне шөкті. Хазіреті Айша:

«Түйе жүгі ауыр болған соң шөкті ме?» – деп сұрады. Хинт:

«Неге шөккенін білмеймін. Негізінде басқа уақытта екі түйенің жүгін көтеретін. Бірақ ол қазір басқаша болып тұр» деді.

Күштеп еді, түйе орнынан тұрды, бірақ Мәдинаға қарай бұрған кезде түйе қайта шөкті. Басы Ұхудқа қарай бұрылған кезде жүре бастады. Хинт Расулұллаһтың қасына барып болған жаңдайды айтты. Расулұллаһ ﷺ одан:

«Түйеге міндет жүктелген. Амрдың қандай да бір өсиеті бар ма еді?» – деп сұрады. Хинт:

«Амр Ұхудқа барар кезде қыбылаға қарап: «Аллаһым! Мені шәһид қыла гөр! Мені торықтырып, құр алақан отбасыма қайтарма!» деп, дұға еткен болатын» – деді.

Сол кезде Пайғамбарымыз ﷺ Аллаһ алдында туралықтың дәрежесін көрсететін мына сөздерді айтты:

«Міне, сол үшін түйе жүрмейді. Ей, әнсарлар қауымы! Сендерден кім Аллаһқа ант етсе, антына адал болсын.

Ей, Хинт! Күйеуің Амр адал адам. Ол шәһид болғанда періштелер қанаттарымен оны көлеңкелеп, қай жерге жерленеді деп қарап жүрді. Ей, Хинт! Жәннатта Амр бин Жәмух, ұлың Халлад және бауырың Абдуллаһ бір жерге жиналып, жолдас болады.»



Осы сүйіншіден кейін Хинт адал күйеуімен мәңгілік өмірде де бірге болуды қалап:

«О, Расулаллаһ! Аллаһқа дұға етіңіз, мені де солармен бірге қылсын» – деп жалынды.²²

Ұхудтан тағы бір ғибратты көрініс:

Ұхуд соғысы болған күні Мәжинада «Мұхаммед өлтірілді» деген қауесет таралды. Мұны естіген халықтың күңіренісі ғарышқа дейін жетті. Тіпті әнсарлық Сүмәйра бибіге екі ұлы, әкесі, күйеуі мен бауырының шәһид болғанын есіртті. Ол мүбәрак ханым елдің айтқанына мән бермей, Аллаһ Расулының жағдайын сұрап:

«Оған ештеңе болған жоқ па?»

Сахабалар:

«Аллаһқа шүкіршілік, Ол аман. Ол өзің қалағандай тірі!» деп жауап берді.

Сүмәйра бибі:

«Оны көрмесем, көңілім жай таппайды, маған Аллаһ Расулын көрсетіңдерші» – деді.

Көрсеткен кезде дереу барып киімінің шетінен ұстап былай деді:

«Әке-шешем сен үшін пида болсын, ей, Аллаһтың Расу-


22. Уақиди, I, 264-265; Ибн Хажар, Фәтхул-Бари, Дарул-Фикр, III, 216.



лы! Сен аман болсаң болды, басқа ештеңеге қайғырмаймын!»
(Уақиди, I, 292; Һәйсәми, VI, 115).





Бәшір бин Ақраба  былай дейді:

Әкем Ақраба Ұхуд күні шәһтд болғанын естіп, жылап
Пайғамбарға  бардым. Ол кезде кішкене бала едім. Хазіреті
Пайғамбар маған былай деді:

*«Ей, сүйікті балам! Сен неге жылайсың? Жылама! Сенің
әкең мен болсам, шешең Айша болса риза болмас па едің?»*



«Әке-шешем сен үшін пида болсын, уа, Расулаллаһ!
Әрине, риза боламын» – дедім.

Сол кезде Пайғамбарымыз  басымды сипады. (Қазір
қартайып) шашым ағарғанымен, Расулұллаһтың  мүбәрак
қолы тиген жер қара қалпында қалған.²³

Аллаһпен қауышуға деген ынтызарлық пен құштарлық
көрініс тапқан тағы бір жәйт:

Жәбир бин Абдуллаһ  былай дейді:

«Ұхуд соғысынан бір күн бұрын әкем мені қасына ша-
қырып:

«Пайғамбардың  сахабаларының ішінде ең алдымен
мен шәһид болармын деп ойлаймын. Расулұллаһтан  ке-

23. Бұхари, өт-Тарихұл-Кәбир, Хайдарабад 1958, II, 78; Әли әл-Мұттақи, XII, 298.



йін мен үшін артымда қалатын ең қымбат адам – сенсің. Қарыздарым бар, соларды өте. Бауырларыңа әрдайым жақсы қара» – деді».


Басқа бір риуаятта бұл иман шабытын ұлымен де бөліскісі келетіндігін былай айтты:

«Жәбир! Үйде қамқорлыққа мұқтаж қыздар болмағанда, сенің де шәһид болғаныңды қалар едім!...»

Жабир  былай дейді:



«Таңертең әкем ең бірінші шәһид болды. Басқа бір шәһидке қосып, бір қабірге жерледім. Кейін оны жеке жерлегім келді. Алты айдан кейін оны қабірден шығардым. Қарасам, құлағынан (аз жерінен) басқа барлық денесі алғаш жерлеген күнгі қалпында екен! Оны жеке бір қабірге жерледім» (Бұхари, Жәнәиз, 78).

Хазіреті Жәбир басқа бір риуаятта былай баяндайды:

«Бір жолы мен жабырқау күйде жүргенімде Расулүллаһқа  жолыққан едім. Менен:

«*Сен неге осындай жабырқау көрінесің?*» – деп сұрады.

«Әкем Ұхуда шәһид болды. Артына қамқорлыққа мұқтаж отбасы мен біраз қарыз қалдырып кетті» – дедім²⁴. Сонда:

24. Аллаһ Расулы  Жабирге  барлық жағынан да көмек көрсеткен. Мәселен, қарызын өтеу үшін бағына барып өнімін берекелі қылау үшін Аллаһқа дұға еткен, Аллаһ Расулының осы дұғасының нәтижесінде Хазіреті Жабирдің құрмалары керемет берекеге ие болып барлық қарыздарын жабуға жеткен. (Бұхари, Уәсая, 36; Истикраз, 9; Жиһад, 49; Бүю, 34; Мүслим, Мұсақат, 109; Ахмет, III, 303, 373, 391)





«Аллаһтың әкеңді қалай қарсы алғанын саған сүйіншілейін бе?» – деді. Мен:

«Иә!» – деп едім, маған былай деді:

«Аллаһ ешкіммен бетпе-бет сөйлеспейді, әрдайым перденің артынан сөйлеседі. Бірақ әкеңді тірілтіп, онымен пердесіз сөйлесті:

«Ей, құлым, не қаласаң Менен сұра, берейін!» – деді. Әкең:

«Ей, Раббым! мені тірілт, сенің жолыңда қайтадан шәһид болайын!» – деді.

Аллаһ Тағала:

«Бірақ мен бұрын "Өлгендер дүниеге қайта оралмайды!" деп үкім шығардым» – деді.²⁵

Сонда әкең:

«Ей, Раббым! олай болса (менің халімді) артта қалғандарға білдір!» – деді. Осы талапқа байланысты мына аяттар тұсті:

وَلَا تَحْسَبَنَّ الَّذِينَ قُتِلُوا فِي سَبِيلِ اللَّهِ أَمْوَاتًا بَلْ أَحْيَاءٌ

عِنْدَ رَبِّهِمْ يُرْزَقُونَ ﴿١٦٩﴾ فَرِحِينَ بِمَا آتَاهُمُ اللَّهُ مِنْ فَضْلِهِ

25. Термези, Тәфсири, 3/3010.



وَيَسْتَبْشِرُونَ بِالَّذِينَ لَمْ يَلْحَقُوا بِهِمْ مِنْ خَلْفِهِمْ

أَلَّا خَوْفٌ عَلَيْهِمْ وَلَا هُمْ يَحْزَنُونَ ﴿١٧٠﴾

«Аллаһ жолында өлтірілгендерді әсте өліктер деп санамаңдар. Қайта олар Раббыларының жанында тірі (болғаны соншалық) Аллаһтың өздеріне сыйлаған (шәһидтік мәртебесіне) шат-шадыман болған күйлерінде (жәннат нығметтерімен) рызықтандырылады. Және олар әлі өздеріне (шәһид болып) қосыла алмағандарды да «Оларға қауіп-қатер де, қам-қайғы да жоқ» деп сүйіншілегісі келеді» (Әлү Имран, 169-170; Ибн Мәжә, Мұқаддимә, 13/190).

Ұху� пен онда шәһид болғандардың Аллаһ Расулының көңілінде сондай терең із қалдырғаны соншалық, айтылған сайын Расулұллаһ ﷺ сол мүбәрак шәһидтердің дәрежесін түсіндіру үшін:

«Уаллаһи, сахабаларыммен бірге мен де шәһид болып, Ұху� тауының бауырында жатқанды қалар едім!» (Ахмет, III, 375) дейтін. Бұл жәйт сүйікті Пайғамбарымыздың үмметіне деген сүйіспеншілік пен мейірімнің ең айқын белгілерінің бірі.

Расулұллаһ ﷺ бір күні Ұху�та шәһид болғандардың басына барып:

«Олардың (иманы мен адалдығына) куә боламын» – деді.

Әбу Бәкір :

«Ей, Аллаһтың Расулы! Біз олардың бауырлары емес-



піз бе? Олар қалай мұсылман болса, біз де сондай мұсылман болдық, олардың жиһад еткеніндей біз де жиһад еттік!» – деді.

Сүйікті Пайғамбарымыз былай деп жауап берді:

«Иә, (айтқандарың рас), бірақ менен кейін қандай бидгаттар шығаратындарыңды білмеймін»

Хазіреті Әбу Бәкір жылады да!:

«Яғни біз Сенен кейінге қаламыз ба, о, Расулаллаһ?» деп мұңға батты (Муатта, Жиһад, 32).

Хазіреті Әбу Бәкірдің бұл халі Аллаһ Расулына деген махаббатының деңгейіне және оның «Үшіншісі Аллаһ болған екеудің екіншісі» екендігіне тамаша дәлел.

Ұхудтың Расулұллаһтың ﷺ көңілінде ерекше орны бар еді. Сүйікті Пайғамбарымыз өмір бойы Ұхудты әрі Ұхудта шәһид болғандарды әрдайым зиярат етіп отыратын.

Шәһидтердің мекені – Ұхуд Аллаһ Расулының махабатына бөленген, аса құнды естеліктерден фәйз алған мекен ретінде қияметке дейін келер үмметке ерекше зиярат орны болып қалған. Әсіресе, қажылық пен ұмраға барғандардың Мәдинада Раузадан кейін ең көп зиярат ететін жерлердің біріне айналған.

Бір күні Расулұллаһ ﷺ Мәдинаның сыртына қарай шықты. Ұхудты көрісімен:

«Ұхуд тауы бізді жақсы көреді, біз де оны жақсы көреміз»
– деді (Бұхари, Жиһад, 71; Мұслим, Хаж, 504).



Ұхудтың Пайғамбарымызды тануы және Оны жақсы көруі, негізінде, барлық жаратылыстың Жаратылыс Нұрын біліп, оны қуаттауының бір дәлелі. Расулұллах ﷺ:

«Жындар мен адамдардың қарсы келгендерінен басқа жер мен көктің арасындағылардың барлығы менің Аллаһ Расулы екендігімді біледі» деген (Ахмед, III, 310).



Жансыз жаратылыс сияқты өсімдіктер де Оны танитын:

Хазіреті Әлидің ﷺ:

«Біз Меккені Аллаһ Расулымен бірге аралап жүргенде қасынан өткен таулар мен ағаштарға тіл бітіп: «әс-Сәләмү аләйкә, иә, Расулұллах!» дегенін еститінбіз» (Термези, Мәнәкиб, 6) дегені де осының көптеген мысалдарының бірі.

Басқа бір мысал, Аллаһ Расулы ﷺ бір мүшрікті Исламға шақырған еді. Мүшрик бір мұғжиза көрсетуін сұрады. Пайғамбарымыз алдында тұрған ағашқа ымдады. Ағаш тамырларын сүйретіп, алдына дейін келді де: «әс-Сәләмү аләйкә, я, Расулаллах!» деп, куәлік етті. Содан кейін Пайғамбарымыздың нұсқауымен қайтадан орнына барды. (Қараңыз, Һәйсәми, VIII, 292).

Тағы бірде Пайғамбарымыз ﷺ бұрын мінберде хұтба оқығанда сүйеніп тұратын құрма шөркесі Әлемнің Нұрынан айырылудың қайғысынан еңіреп жылай бастайды. Сол жерде болған сахабалар қауымы осы оқиғаға куә болған (Бұхари, Жұма, 26, Мәнәкиб, 25; Термези, Мәнәкиб, 6/3627; Ахмед, III, 300).



Құрма ағашы Хазіреті Пайғамбарды танитын, еститін, сезінетін, оған деген ынтызарлығы мен махаббаты тасқындайтын.

Жануарлар да Аллаһ Расулын танитын:

Иелері жәбір көрсеткен көптеген жануарлар Хазіреті Пайғамбардың алдына келіп, өздеріне тән тілдерімен жағдайын түсіндіретін. Пайғамбарымыз олардың иелерін шақырып, оларға Аллаһтың азабы туралы ескертетін (Қараңыз, Әбу Дәуіт, Жихад, 44/2549).



Адам ұрпақтарына келетін болсақ;

Аллаһ Расулын ең жақсы сахабалар мен әулиелер танитын. Оның ұлық тұлғалылығы мен мінез-құлқына таң қалатын. Жанын, малын, барлық нәрсесін соның жолында жұмсауды үлкен нығымет деп білетін.

Зәррөдан ғаламшарға дейін барлық жансыз заттар, өсімдіктер мен хайуандар танып, махаббаттарын білдірген Жаратылыс Нұрын тек адамдар мен жындардың құр алақан ғапылдары естіп, көре алмады. Осылайша имансыздық бәлесі нәпсіқұмарлықтың тұтқынына айналған кейбір соқыр, саңырау материалистермен шектелді.

Соңғы Пайғамбар ﷺ адам ұрпағын өзінің ақиқатымен қатар Раббысының зат және олардың сипаттық ақиқаттарымен де таныстырды. Оның шақыруына көңіл бөлген



мүминдердің жан дүниесін байытты. Үнсіз әлемді сөйлетті. Жансыздардың жасырын тілдерінің тәсбихы мен мінәжатын естіртті. Адамдық қасиетін жоғалтқандарға бақыттылық қазынасының кілтін, жәннат сүйіншісі мен иләһи шаттыққа қауышудың жолын көрсетті. Оған деген сүйіспеншілікпен дүниеден көшу қияметтің бақытына айналды. Оған деген осындай пәк махаббат иманды кемелдендірді.

Аллаһ ﷻ мен Расулұллаһқа ﷺ деген махаббат жүрегіміздің бітпес қазынасы мен тоймас ләззаты болғай...

Әмин!..



Тайғалибар дәуірінен естеліктер

Тәбук



Мал-жанға жанқиярлық сынағы... Тәбук жорығы...

Жаз мезгілі. Күн өте ыстық. Құмдар күйген...

Құрмалар піскен, көлеңкелер қол жетпес құнды...

*Бір жағында нығыметтер, екінші жағында
кыыншылықтар мен құр қалу... Осы жорықтан
қайтқан мұминдерге Аллаһ Расулы алысты
меңзеп: «Енді кіші жиһадтан үлкен жиһадқа
құлдың нәпсісімен күресуге ораламыз!» деп
бұйырды. Біз қазір иман сынағында Тәбук
Жорығының қай жеріндеміз?..*



Бақыт ғасырынан естеліктер:

Тәбук

«Дүние» деп аталатын қонақжайға келген әрбір фәни қашып құтыла алмайтын және ең биік деңгейдегі ақиқат болып табылатын «өлімді» татуға мәжбүр. Өлім – фәни күндермен қоштасу және мәңгілік әлемге яғни махшар таңына жетудің тоғысқан жері. Расулұллаһ ﷺ:

«Қабір — ахирет орындарының алғашқысы. Адам одан құтыла алатын болса, қалғандары жеңіл. Одан құтыла алмаса, одан кейінгі жерлер қабірден де қиын әрі қатал... Көргендерімнің ешқайсысы қабірдей үрейлі де қорқынышты емес еді!» деген (Ахмед, I, 63-64).

Әрбір адам ұйқыдан оянғандай өлімнің дәмін татады. Өлім адамның тірі кезіндегі өмірінің сапасына сай алдынан шығады.²⁶ Кейбіреуіне мереке күнгі таңдай бақыттылықты, кейбіреуіне қиыншылыққа толы азап сапары...

26. Қараңыз, Хаким, I, 93-95; Ахмед, IV, 287, 295; Ғәйсәми, II, 322, 324.



Осы тұрғыдан алғанда таза ақыл мен жүрекке ие болғандар бір күні өлімнің еріксіз әрі мәжбүр түрде шақыруына тап болмай тұрып, өз еркімен фәни жаратылыстан арылып, мәңгілік ақиқат әлеміне сапарға әзірленеді. Олар «Өлмей тұрып өліңдер» сырына көңіл бөліп, өздерін жетілдіруге тырысады. Олар бұл дүниеде нәпсінің жағымсыз қылықтарын жою қабілетімен «өлімді жағымды етіп көрсетудің» үлгісіне айналған руханият көшбасшылары.

Рухани тұрғыдан осындай кемелдікке жеткен мүминнің Жаратушымен арадағы ғапылдық пердесі ашылады. Рух Раббысына қауышудың мәңгілік ләззатын тата бастағандықтан, олардың назарында фәни ләззаттар мәнін жоғалтады. Дүниеге қатысты – мал-жан, барлық нығметтер, Хаққа қауышып, мәңгілік бақыт пен рахатқа қауышу дәнекеріне айналады. Хақ жолындағы жанқиярлық иман ләззатына айналады.

Жанқиярлық – кәміл мұсылманның жүрегіндегі өшпес алау. Жанқиярлық – құлды Раббысына жетелейтін еш теңдесі жоқ адамдық қасиет.

Адамзаттың ахлағы Құранмен кемелдік шыңына жеткен. Құран Кәрімде Аллаһтың ризашылығына қол жеткізу үшін ықыласпен жанқияр боуымызды бұйырады. Жанқияр мүмин барлық жағымды сипаттарды өз бойында жинақтайды. Жанқияр мүмин – жомарт, мейірімді, қарапайым, кішіпейіл, еңбекқор және рухқа мәңгілік өмірдің нәрін егетін рух емшісі. Жанқияр мүмин – исар иесі, яғни өзі мұқтаж бола тұра мүмин бауырын өзінен артық санап, қолындағы мүмкіншілік-тердің бәрін соған бере алатын адам. Сонымен қатар жанқияр мүмин Аллаһ жолындағы әрбір қызметті мар-



хаматпен, мейіріммен орындайтын үміт пен иман көзі. Ол рухқа тыныштық сыйлайтын әрбір талпыныстың алдыңғы шебінен табылады. Сонымен бірге ол сөздерімен, іс-әрекеттерімен, өнегелі мінез-кұлқымен әрдайым Аллаһтың ризашылығын қалайды. Ол қасіретке ұшырағандардың басына іс түскендердің қасында, жетімдер мен үмітсіздердің жанында болады. Өйткені мүминде иманның алғашқы жемісі рахымшылық, мейірім мен жанқиярлық болмақ.

Құран Кәрімде алдымыздан шығатын алғашқы Аллаһтың сипаты **«Рахман»** мен **«Рахим»**. Раббымыз өзінің «мейірімділердің ең мейірімдісі» екенін сүйіншілеп, құлына Өзінің ахлағын бойына сіңіруді бұйырады. Сондықтан Хаққа деген сүйіспеншілікке толы мүмин жүрегі Раббысының барлық жаратылысты мейірім-шапағатпен құшағына алып, сол үшін жанқиярлыққа бас тігуді қажет етеді.

Раббысын сүюдің белгісі оның жаратқан нәрселеріне сүйіспеншілікпен, мейіріммен және жанқиярлықпен қарау. Өйткені сүйген адам сүйгені үшін сүйіспеншілік көлеміне қарай жанқиярлық жасайды және одан рахаттанып, міндеті деп біледі. Аллаһтың жаратқан нәрселеріне көрсетілген жанқиярлықтар Аллаһ пен Расулына деген махаббаттың ең нақты көрсеткіші болмақ.

Бабаларымыздың қандай үлкен жанқиярлық пен мейірім түсінігіне ие болғанын көрсететін Корнейле Ле Браун деген батыс ғалымының мына бір сөздері өте маңызды сөздер:

«Түріктердің жақсылығы тек адамдармен шектеліп қана қоймай, құстарды да қамтыған. Араларынан кейбірі базар жайылған жерлерге барып, қапаста сатылған құстарды сатып алып, дереу бостандыққа жібереді. Мұны істеулерінің себебі



махшар күні сол құстардың Аллаһтың құзырына келіп, адамдардан көрген жақсылыққа куәлік ететіндігіне сенгендіктері».

Жанқиярлықтың шыңы – иман абыройымен материалдық мүмкіншіліктер тұтқынынан құтылып, барлық «жанды» нәрсенің шынайы иесі болып табылатын Хақ Тағалаға қауышу үшін, оның разылығы үшін пайда ету. Мал-жанмен жасалған жанқиярлықтар шынайылықпен әрі шын көңілден жасалған жағдайда тура Хазіреті Ибраһим мен Исмайлдің ﷺ Раббысына деген мойынсұнушылығы сияқты, Аллаһ та-рапынан ризашылықпен қабылданады.

Аллаһ үшін жасалған жанқиярлық арқылы Хаққа жақындаудың ең керемет үлгілерін Расулұллаһ ﷺ және оның сүйікті сахабаларының өмірінен көреміз. Осы үлгідегі саны жоқ мысалдарды теңізден алған тамшыдай болса да, «Тауқыметті Тәбук жорығында» болған бірнеше естеліктерге кезек берсек.

Жорыққа шығатын кезде Аллаһ Расулы ﷺ әскердің қажеттіліктері үшін сахабаларын алдымен қайырымдылық жасауға шақырады. Алайда ол кезде Мәдинада үлкен ашаршылық болса да сахабалар үлкен қажырлық танытып, иман шабытымен дүниенің барлық фәни пайда түсініктерін тастап, қайыр мен жанқиярлық жасау жарысына түсті.

Хазіреті Әбу Бәкір бар мал-мүлкін алып келді. Хазіреті Пайғамбардың ﷺ:

«Әбу Бәкірдің малынан пайдаланғандай басқа ешкімнің малын пайдаланбадым...» дегеніне, көзіне жас алып:


«Мен, мал-мүлкім тек сен үшін емес пе, уа, Расулаллаһ?!»

(Ибн Мәжә, Мұқаддимә, 11) деп, барлық нәрселерімен Хазіреті Пайғамбарға ﷺ атағандығын және ол үшін өзін де пида еткендігін көрсетті.

Аллаһ Расулының ﷺ:


«*Ей, Әбу Бәкір! Бала-шағаңа не қалдырдың?*» деген сұрағына иман шабытымен:


«Аллаһ пен Расулын (қалдырдым, о, Расулаллаһ)!..» деп жауап қайтарды (Термези, Мәнәкиб, 16/3675).

Хазіреті Омар  мал-мүлкінің жартысын әкелді. Осы жолы Хазіреті Әбу Бәкірден асып түсермін деп ойлаған еді. Бірақ тағы да жете алмады.

Хазіреті Осман да  300 түйені барлық жабдығымен әзірлеп, әскерге табыстады және соған қоса 1000 дирһәм берді. Хазіреті Пайғамбар  оған да:

«*Османға (осы жомарт қайыры үшін) осыдан кейін істейтін ешбір нәрсесі зиянын тигізе алмайды!*» (Термези, Мәнәкиб, 18/3700; Ахмед, V, 63) деп, үлкен сүйіспеншілікпен оны да пайғамбари ілтипатына бөледі.

Сонымен бірге хазіреті Османның  отбасы да барлық әшекей бұйымдарын Аллаһ жолына берді.

Барлық әйел сахабалар да бар әшекей бұйымдарын Хазіреті Пайғамбардың  алдына әкелді. Он бір жасындағы кішкене мүмин қыз да кішкентай кезінде құлағына тағылған сырғаларын шығара алмай, құлағын жырып алды. Қанды сырғаларын Аллаһ Расулының алдына қойды.



Беретін ештеңесі жоқ кедей сахабалар да мал-жанынан жанқиярлық жасауға бар күштерін салды. Солардың бірі Әбу Ақил رضي الله عنه түні бойы жұмыс істеп, екі уыс құрма тауып, бір уысын отбасына, екіншісін әскерге берді.²⁷



Тәубк соғысына дайындық барысында сахабалар Расуллұллаһпен ﷺ бірге Аллаһ жолында өз жандарын қию үшін де ат салысты. Тек сахабалардың арасында жеті адам жорыққа қатысуға мінетін көліктері жоқ еді. Көбінесе екі әскерге кейде үш әскерге бір түйеден тиді, түйені кезектесіп мінетін болды. Бірақ жорыққа қатысып әрі әрдайым Аллаһ Расулымен бірге болуды жан-тәндерімен қаласа да, кезектесіп мінетін түйе таба алмаған кедей сахабалар да бар еді. Олар да, Аллаһ Расулына келіп, өздерінің жағдайларын түсіндірді. Сонда кедейлердің соғысқа қатысу міндетінен босатылғандығын білдіретін мына бір аят түсті

وَلَا عَلَى الَّذِينَ إِذَا مَا أَتَوْكَ لِتَحْمِلَهُمْ قُلْتَ لَا أَجِدُ مَا أَحْمِلُكُمْ

عَلَيْهِ تَوَلَّوْا وَأَعْيُنُهُمْ تَفِيضُ مِنَ الدَّمْعِ حَزَنًا أَلَّا يَجِدُوا مَا يُفْعَلُونَ

«(Ей, Расулым!) Өздеріңе көлік беруің үшін саған келіп, (Сен): «Сендерге мінетін көлік таба алмаймын» дегенде, қолдарыңда ештеңесі болмай, қайғыдан көз жасын төгіп қайтқан адамдарға ешқандай жауапкершілік жоқ!» (Тәубе сүресі, 92).

27. Табәри, Жамнул-Баян ан тәули айил-Құран, Бәйрут, 1995, X, 251.



Аятта Хақ Тағаланың ризашылығына қол жеткізу үшін және Расулұллаһпен ﷺ бірге болу үшін қайғыдан көз жасын төккендігі туралы айтылған осы сахабалардың қажеттіліктерін Ибн Ямин, Хазіреті Аббас және Хазіреті Осман رضی اللہ عنہم қамтамасыз етті.²⁸ Кейін Аллаһ Расулы ﷺ кейбіреуіне өзі өлік тауып берді (Бұхари, Мәғазі, 78). Соғыстан босатылса да Аллаһ Расулынан қалып қалу олар үшін ауыр тиген болатын. Жүректері Аллаһ Тағалаға деген сүйіспеншілікке толы бұл сахабалар осы шынайы сүйіспеншіліктері үшін соғысқа қатысу нығметі мен абыройына ие болды:

Міне, осы жағдаймен сахабалардың мал-жанымен Хақ жолында қандай жанқиярлық жасағандықтары мен олардың көңіл-күйін көрсететін көп мысалдың бірі.

Тәбуктен ғибратқа толы тағы бір естелікті, Уасилә бин Еска رضی اللہ عنہ былай баяндайды:

Тәбүк жорығына шығатын күндері Мәдинада былай деп айғайлады:

«Олжамның үлесін берсем, кім мені көлігіне мінгізеді?!»

Әнсарлық бір қарт адам кезектесіп мінеміз деп келісіп, мені соғысқа алып баратынын айтты. Мен «жарайды» дегенде:

«Олай болса Аллаһ береке берсін!» – деді. Осылай сенімді серігіммен жолға шықтым. Аллаһ маған олжа да нәсіп қылды. Үлесім де көбейе түсті. Оларды айдап, әлгі әнсарлыққа алып келдім. Ол маған:

28. Ибн Хишам, ІҮ, 172; Уақиди, ІІІ, 994.



«Түйелеріңді алып кет» – деді.

«Басындағы келісім бойынша, бұлар сенікі» – дедім.

Бірақ әнсарлық сахаба:

«Ей, бауырым! Олжаңды ал, мен сенің осы материалдық үлесіңді сұраған жоқ болатынмын. (Мен сауабыңа ортақ болуды ойлаған едім)» – деді (Әбу Дәуіт, Жихад, 113/2676).

Осы ғибратты жорықта мал-жанын ахирет жемісіне алмастырып, жәннатты сатып алуға барынша тырысып, қияметке дейін үмметке өнеге боларлық көріністер орын алды. Сахабалар Хазіреті Пайғамбардың ﷺ айналасында қызмет ету үшін жүгірісіп, Аллаһ жолында барлық нәрселерімен көрсеткен жанқиярлықтарын:

«Әке-шешем, жаным Сен үшін пида болсын, о, Расулаллаһ!» деген сөздерімен білдірді.

Жорыққа шығып біраз жол жүргеннен кейін сахаба Әбу Зәһр ﷺ әскерді қуып жетті. Оның арық көлігі жолға шыдамағандықтан артта қалып қойып, ақыры көлігін тастап жаяу талай машақатпен әскерді қуып жеткен болатын. Мұны көрген Аллаһ Расулы ﷺ күлімсіреп:

«Аллаһ амандық берсін! Әбу Зәһр жалғыз өмір сүреді, жалғыз өледі және жалғыз өзі тірілтіледі» – деді.

Аллаһ Расулының осы мұғжизалы сөздері уақыты келген кезде жүзеге асып, Әбу Зәһр ﷺ жалғыз өмір сүріп, жалғыз қайтыс болады (Уакиди, III, 1000).

Әскерге Тәбукте қосылғандардың бірі Әбу Хайсәмә



болатын. Ол басында жорықтың ауыр болғандықтан Мәдинада қалып, әскер қатарына қосыла алмаған еді. Бір күні жұбайы бағында оған дастархан жайып, дастархан басына шақырды. Әбу Хайсәмә дастарханды көріп, Аллаһ Расулы ﷺ мен сахабалардың жағдайлары есіне түсіп, жүрегі сыздап, өзіне-өзі:


«Олар мына ыстықта Аллаһ жолында қиыншылық тартып жатқанда, менің бұл ісім дұрыс па?!» – дейді. Осы өкінішті оймен өзіне әзірленген дастарханға қол тигізбей, дереу жолға шығып, Тәбукте Ислам әскеріне барып қосылады.

Оның келгенін көрген Аллаһ Расулы ﷺ разы болып:

«*Ей, Әбу Хамсәмә! Жойылып кетуге шақ қалған едің!..*» деп, оны кешіруі үшін Аллаһ Тағалаға дұға етті (Ибн Хишам, IV, 174; Уаккиди, III, 998).

Аллаһ Тағала құлдарына шамалары жетпейтін міндет жүктемейді. Бірақ шамасы жететін істерді орындауға жауапты қылады. Міне, бұл Әбу Хайсәмәннің істегені өзінің шамасы келетіндей іс еді.


Осы оқиғалар біз үшін үлгі боларлық насихаттар. Дүниелік және рухани мүмкіншіліктерімізді Хақ жолында қаншалықты жұмсай алғанымызды бағамдауға және мүмин болудың жауапкершілігін ойлауға себепші болады.


Тәбук жорығында тек бір сахаба ғана шәһид болған еді. Ол сахаба мүшрік тайпаның ішінен Ислам дінін қабылдаған Абдүллаһ әл-Мүзәни  болатын.

Кедей жігіт болған Абдүллаһ мұсылман болғаннан ке-



йін тайпасынан шеттетіліп, қамқоршысыз қалған еді. Оның Мәдинаға қашып барып, басқа жастарға үлгі болады деп қорыққан мүшріктер бұл сахабаға қиянат жасап, киімдеріне дейін барлық қолындағысын алып қояды. Басынан төмен киетін қатты қылдан өрілген қапшықтан басқа ештеңе қалдырмады. Мүшріктердің ойынша бұл жанқияр мүмин осыдан кейін үйінен шықпай, адамдармен араласа алмай, ақыры тайпаның дініне оралуға мәжбүр болар деген.

Бірақ Абдұллах  алған бетінен қайтпады. Мәдинаға барып тезірек Аллаһ Расулымен қауышқысы келді. Сол үшін алдындағы барлық кедергілердің мәні болмады. Шыдай алмай, сол түні жасырын жолға шықты. Ұзақ әрі қиын сапардан кейін қол-аяғы тілімденіп, аштық пен шөлден әлі кетіп, бишара халде Мәдинаға жақындады. Қатты тебіреністе болатын. Бірақ үстіндегі қатты қаппен Пайғамбарымыздың алдына бара алмасын деп ойлады. Содан соң үстіндегі қапты екіге бөлді, біреуін беліне орап, денесінің төменгі жағын жапты, екінші бөлігін иығына жапты. Аллаһ Расулына қауышуға ынтық болып, есінен танған жас сахаба көргендерді тандандырып, Пайғамбар Мешітіне келіп дамыл тапты.



Ақыры, жетімдер мен жалғыздар зұлымдыққа ұшырағандардың панасы болған Рахымшылық Пайғамбарымен қауышты. Расулұллах  мүбәрак сахабаны мейірім мен сүйіспеншілікпен бауырына басты. Арадан көп уақыт өтсе де бұл мүбәрәк сахабаның сол күнгі жағдайы еш ұмыт болмады. Оған «қос қапшық/текемет сахаба» деген мағынаны білдіретін, Зұл-Бижадәйн деген лақап ат берілді.

Аллаһ Расулына сүйіспеншілікпен мойынсұнған бұл мүбәрак сахаба Оның қасында жиһадтан-жиһадқа араласып шәһид болып, Раббысының жолында жанын пида етуді қалады.





Тәбук жорығына шыққан кезде өзіне шәйіт болуды нәсіп ету үшін Хазіреті Пайғамбардан ﷺ дұға етуін сұрады. Расулұллаһ ﷺ оған:

«Сен Аллаһ жолындағы соғыста ыстығын шығып өлсең шәһид боласың!» деді. Расында, оның шәһид болуы мұғжиза түрінде Аллаһ Расулының айтқандай жүзеге асты.

Әскер қайтуға әзірленіп жатқан түні бірі Пайғамбарлардың ұлығы, екеуі Аллаһ пен Расылының достары үш кісі бір шырақтың жарығымен жаназа көтерген еді. Бұл үш кісі Хазіреті Пайғамбар ﷺ Хазіреті Әбу Бәкір мен Хазіреті Омар  болатын. Көтеріп жүрген жаназа «Абдұллаһ Зұл-Бижадәйндікі » болатын.

Бұл көріністі қызығып тамашалаған Абдұллаһ бин Мәсуд  былай баяндайды:

«Қараңғы түнде әскерлер шатыр тіккен жердің бір шетінде қозғалған жарықты көрдім. Орныман тұрып, артынан аңдыдым. Қарасам, Расулұллаһ ﷺ Әбу Бәкір мен Омар  Абдұллаһ Зұл-Бижадәйіннің жаназасын көтеріп барады екен. Бір жерге келіп, қабір қазды. Расулұллаһ ﷺ қазылған қабірге түсті. Әбу Бәкір мен Омар  жаназаны Пайғамбарымызға беруге әзірледі.

Пайғамбарымыз *«Бауырларыңды маған жақындатыңдар»* деп еді, олар жақындатты. Жаназаны күшақтап алған Расулұллаһ ﷺ оны қабірде жататын жерге бағыттап орналастырғаннан кейін басын көтеріп, былай мінәжат етті:

«Уа, Рабб! Мен оған разымын, әрқашанда разы болдым. Сен де разы бол...»



Абдұллах бин Мәсуд رضي الله عنه сөзін жалғастырып, былай дейді:

«Бұл көріністі көріп қатты тебірендім. Зұл-Бижадәйнге қызықтым. Сол сәтте "Осы қабірдің иесі мен болсам ғой! Әттең, сол жерге осындай Пайғамбар ілтипатымен көмілген мен болсам ғой!" деп, қатты қаладым.»²⁹

Бұл мысалдар Хаққа шын көңілмен мойынсұнып, оның жолындағы ықыласты қайратты Аллаһ Тағаланың берекеттендіретіндігін, Аллаһ Расулының жанқияр әрі адал мұминдердің хақ жолындағы қызметтерін ешқашан ұмытпайтындығын және осы жанқиярлықтың Аллаһ алдындағы бағасының асқақтығын қандай тамаша көрсетеді!

Расулұллах صلى الله عليه وسلم Тәбукте таңертең бір құрма ағашына сүйеніп хұтба оқыды. Аллаһқа мадақ айтқаннан кейін былай деді:

«Адамның ең жақсысы – атының немесе түйесінің үстінде не екі аяғымен жүргенде (тік жүргенде) өлгенше Аллаһ жолында жиһад еткен (Аллаһтың дінін һидаят күткендерде

29. Құран Кәрімнің үштен бірінен астамын қиссалар құрайды. Аллаһ Тағала, Құран қиссаларының маңыздылығын айтып, оларға ой жүрітуді, қажетгі ғибратты алуды және осыған өз жағдайымызды салыстыруды бұйырады. Аяттарда былай делінеді:

نَحْنُ نَقُصُّ عَلَيْكَ أَحْسَنَ الْقَصَصِ بِمَا أَوْحَيْنَا إِلَيْكَ هَذَا الْقُرْآنَ

«(Расулым!) Біз, осы Құранды уахи ету арқылы саған ең тамаша қиссаларды баяндаймыз...»
(Юсуф сүресі, 3)

فَأَقْصَصَ الْقَصَصَ لَعَلَّهُمْ يَتَذَكَّرُونَ

«...Қиссаны баянда, білкім ойланар» (Араф сүресі, 176).

وَلَقَدْ ضَرَبْنَا لِلنَّاسِ فِي هَذَا الْقُرْآنِ مِنْ كُلِّ مَثَلٍ لَعَلَّهُمْ يَتَذَكَّرُونَ

«Ан етеміз біз. өнеге алсын деп Құранда адамдарға өртүрлі мысалдарды бердік» (Зумар сүресі, 27).



жеткізген) адам! Адамның ең жаманы – Аллаһтың Ритабын оқып, одан ешқандай пайда алмаған пасық адам.

*Сөздердің ішіндегі ең шыны, Аллаһтың кітабы екендігін біліңдер! Ұстанатын ең мықты арқан - тақуалық! Діндердің ең жақсысы – Ибраһимнің діні (Ислам)! Сүннеттің ең жақсысы – Мұхаммедтің сүннеттері! Сөздің ең абыройлысы – Аллаһты зікір ету. **Қиссалардың ең әдемісі – Қуранда**³⁰. Ең жақсы амал – Аллаһтың парыздары. Ең жаманы амал – бидғаттар, ең жақсы жол мен бағыт – Пайғамбардың жолы мен бағыты. Ең абыройлы өлім – шәһид болу.*

Жаманшылықтың ең жаманы – тура жолдан таю. Аз ғана жеткілікті нәрсені көптей көріп, Аллаһқа мойынсұнуға кедергі болатын нәрседен артық. Кешірім сұраудың жаманы – өлім жақындағанда сұраған кешірім. Өкініштің жаманы – қиямет күніндегі өкініш. Адамдардың жағымсызы – жұмаға жеткенде ең соңынан келген, Аллаһты жаман сөздермен есіне алған адам. Қателікті көп жасайтын адам – көп өтірік айтатын адам.

Байлықтың ең жақсысы – көңіл байлығы. Ең пайдалы азық – тақуалық. Хикметтің басы – Аллаһтан қорқу. Хикметсіз (сөз бен) өлең Ібілістің ісі. Ішімдік ішу – құнәлардың барлығын жинаушы. (Пасық) әйелдер шайтанның тұзақтары. (Тәрбиеленбеген) жас – жындылықтың бір бөлігі. Пайыз – табыстың ең жаманы. Тамақтың ең жаманы – жетімнің малын жеу. Бақытты адам – өзінен басқа адамның халінен гибрат алатын адам.

30. Уақиди, III, 1016-1017; Ахмед, III, 37; Ибн Кәсир, әл-Бидая уә-Нихая, Кайр, 1993, V, 13-14.





Бәрің де төрт қадам (қабірге) барасыңдар. Амалдар үшін жауап беру ахиретке қалады. Амалдың негізі – оның нәтижесі. Ең жаман ой – жалған, арам ойлар. Мұминді балағаттау – күнәһарлық. Мұминді өлтіру – күпірлік. Мұминнің етін жеу (ғайбаттау) – Аллаһтың бұйрықтарына қарсы шығу деген сөз.

Аллаһ атымен өтірік ант еткен адам өтірікке шығады. Кешірім сұраған адам Аллаһ тарапынан кешіріледі. Ашуын жеңе алатын адамды Аллаһ сыйға бөлейді. Басына түскен қиыншылыққа төзген адамға Аллаһ сыйын береді. Қиыншылыққа төзген адамның сауабын Аллаһ еселеп қайтарады. Аллаһқа қарсылық білдірген адамды Аллаһ азапқа ұшыратады!

Ей, Аллаһым! Мені және ұмметімді кешір!

Ей, Аллаһым! Мені және ұмметімді кешір!

Ей, Аллаһым! Мені және ұмметімді кешір!

Өзім үшін және сендер үшін Аллаһтан кешірім тілеймін!»³¹




Аллаһ Расулы ﷺ қатысқан ең соңғы жорық Тәбук соғысы өте ауыр жорық болған. Ислам әскерлері 1000 шақырым жүріп, қайта қайтқан болатын. Мәдинаға жақындаған кезде жүздері солып, терілері сүйектеріне жабысып, шаш-сақалдары өсіп кеткен еді. Сонда Расулұллаһ ﷺ оларға:

31. Қараңыз, Суюти, II, 73; Мүнәуи, Фәйзул-Қадир шарху жамиус-Сағир, Бәйрут 1994, III, 141/2873; Әли әл-Мұттақи, IY, 430/11260.



«Енді кіші жиһадтан үлкен жиһадқа қайттық!» – дейді.

Сахабалар таңданып:

«Уа, Расулаллаһ! Жағдайымыз белгілі! Осыдан да үлкен жиһад бола ма?» дегендерге Хазіреті Пайғамбар :

«Енді үлкен жиһадқа – құлдың нәпсісімен күресіне оралдық!» – деді³².

Сүйікті Пайғамбарымыз басқа бір хадисінде:

«Сенің ең қауіпті дұшпаның – нәпсің!» – деген болатын.
(Қараңыз, Ажлуни, I, 143).

Нәпсі жиһады (күресі) рухани тәрбие деген сөз. Мақсаты – мінез-құлықты көріктендіріп, адамды рухани тұрғыдан кемелдендіре отыра «кәміл адамға» айналдыру. Мұның жолы Аллаһтың ақиқаттарымен біте қайнасқан ақыл, иман мен көркем мінезбен безендірілген жүрек, Құран мен сүннеттің руханиятынан бастау алған іс-әрекеттермен «тәухидтің мигражына көтеріліп», кемелдікке жету.

Аллаһ Тағала жанымен, малымен жанқиярлық жарысына түскен сахабалардың тамаша халінен ғибрат алып, шамамыз жеткенше дін жолында қайраткер болуды нәсіп етсін! Көңілімізді Құран мен сүннеттің фәйіз аясынан лайықты түрде нәсіпті болуға жазсын!..

Әмин!

32. Сүюти, II, Мүнәуиг Фәйзүл қадир шәрхүл жәмиис-сағир, Бәйрут, 1994, III, 141/2873; Әли әл-Мүттәқи, IV, 430/11260.



Тайғамбар ахлағын Бойға дарыту



Сүйікті Тайғамбарымыз адамзатқа, тіпті әлемдегі барлық жаратылысқа рахымшылық әкелді. Рахымшылық Тайғамбары бізге үнсіз әлем кітабының парақтарын ашты. Жасырын әрі беймәлім тілдердің зікірлері мен тәсбихтарын тәржімалады. Аллах Тағала Ислам діні арқылы қалаған «кәміл адам» бейнесін Хазіреті Тайғамбардың ﷺ тұлғасында көрсетіп, оны барлық адамзатқа үлгі қылды.



Пайғамбар ахлағын бойға дарыту

*Кел, ей, көңіл! Шынайы мейрам
Мұхаммедпен қауышу. Өйткені әлем-
нің жарығы сол мұбәрак жараты-
лыстың көркінің нұрынан»*

Хазіреті Мәуләнә

Жаратылыс тұрғысынан әлемдегі жаратылыстардың ең абыройлысы болып саналатын адам баласының құны физиологиялық сипатынан гөрі рухани әлеміне байланысты, яғни ахлағында жасырылған. Адамзаттың ахлақ пен парасаттылық тарихы хақ діндердің тарихымен сабақтас. Өйткені көркем мінез діннің көңілде орнығуының, пісіп жетілуінің нәтижесі болып табылады. Сондықтан да Ислам ахлағы – дініміздің өзегі, негізі және болмыс-бітімі.

Фәни жаратылыстардың пікірі мен ұстанымдары көміл ахлақтың қалыптасуына өлшем бола алмайды. Ахлақ жүйесінің бағасы қаншалықты Аллаһтан келгеніне байланысты. Өйткені адамның жаратылысын ең жақсы білетін – оны жаратқан Аллаһ Тағала. Сондықтан адамзаттың ахлағы өзінің ойынан ештеңе айтпаған Аллаһтың сөздерімен бекітілген Хазіреті Пайғамбар ﷺ мен оның жүрегіне түсірілген Құран Кәрім арқылы кемеліне жеткен.



Сондай-ақ аятта былай делінген:

﴿١٩٤﴾ نَزَلَ بِهِ الرُّوحُ الْأَمِينُ ﴿١٩٣﴾ عَلَى قَلْبِكَ لِتَكُونَ مِنَ الْمُنذِرِينَ ﴿١٩٤﴾

«(Ей, Расулым!) Оны сенімді рух (Жәбірейіл) әкеліп, сенің жүрегіңе ұялатты. Ескертушілерден болуың үшін» (Шұара сүресі, 193-194).

Аллаһ разы болатын мінез-құлықтар мен іс-әрекеттердің жиынтығы болып саналатын көркем ахлақ сүйікті Пайғамбарымыздың ﷺ мүбәрак тілі мен қолданысы арқылы адамзатқа ұсынылған.

Аллаһ Расулының ахлағын сұрағандарға Хазіреті Айша رضي الله عنها анамыз «Оның ахлағы – Құран» (Мұслим, Мұсафирин, 139) дегендей пайғамбар ахлағы толығымен «Құран ахлағынан» тұрады. Аллаһ Расулы ﷺ тірі Құран іспетті болған өмірі бойынша, әрбір хал-қарекетімен пәк жүрегіне түсірілген Құран Кәрімнің іс жүзіндегі тәфсірі болған.

Аллаһ Тағала Ислам діні арқылы қалаған «кәміл адам» бейнесін Хазіреті Пайғамбардың ﷺ тұлғасында көрсетіп, оны барлық адамзатқа үлгі қылды.

Сондай-ақ оның ахлағын мадақтау бабында:

﴿٤﴾ وَإِنَّكَ لَعَلَى خُلُقٍ عَظِيمٍ ﴿٣﴾ وَإِنَّكَ لَأَجْرًا غَيْرَ مَمْنُونٍ ﴿٤﴾

«(Ей Расулым!) Саған сөзсіз таусылмас силық бар. Сен ақиқатында ұлы ахлаққа иесің» деп бұйырады (Қалам сүресі, 3-4).



Көркем ахлақтың Хақ Тағала алдындаы бағасын түсіну үшін Хақ Тағаланың ұлық сөздері – Құран Кәрімге қарағанның өзі жеткілікті. Ахлақ Құран Кәрімде ең жоғары әрі маңызды орын алған мәселелердің біріне жатады. Сонымен бірге Құран Кәрімде маңызды орынға ие болған қиссалардың өзі ахлақ негіздерін толықтырушы болып табылады.

Хазіреті Мәуләнә осы ақиқатты тамаша баяндайды:

*«Көзіңді ашып Аллаһтың сөзіне бастан-аяқ қарап шық!
Аят-аят тұратын Құран тек әдепті ғана ұйретеді!»*

Аллаһ Расулы ﷺ да:

«Мен басқа бір мақсатпен емес, тек көркем ахлақты толықтыру үшін жіберілдім» – деп, қысқаша өзінің міндетін көрсеткен (Муатта, Хүснүл-хүлк, 8).

Расында, жаратылыс нұрының келуімен әлемнің қараңғы көкжиектері нұрға шомылды, адамзат күткен жаңа бір бақыт таңы атты, жүректерге нұр құйылды, көкірек көзі оянды, өмірдің лайланған ағысы тұныды. Сол ұлық пайғамбардың фәйізімен, берекесімен әлемге мәңгілік көктем келді. Адамзатты лайықты абырой мен қасиеттерге, жақсылыққа, ақиқатқа, әділеттілік пен тепе-теңдікке жеткізді. Өмір мен мәңгіліктің сырын сол түсіндірді.

Сол ұлық пайғамбар сауатсыз қоғамнан шықты. Бірақ әкелген ұлық кітабы арқылы әлем кітапханаларына сәуле шашты. Көңілді хикмет, сыр мен терең ілімге толтырды. Сол кітап келгеннен кейін мінбәрлар, михрабтар мен күрсілер Хақ Тағаланың ақиқат дәрісін оқыта бастады.



Расулдұллаһ ﷺ барлық адамзатқа, тіпті әлемдегі барлық жаратылыстарға иләһи рахметтің дәнекері болды. Рахмет Пайғамбары бізге үнсіз әлем кітабының парақтарын ашты. Жасырын, беймәлім тілдердің зікірі мен тәсбихтерін түсіндірді. Адамдық қасиетінен айырылған, хайуани тіршілікке кірген жүректерге шынайы адамгершілік абыройына, ар-намысына қауыштырып, көңілдегі сүйіспеншілік сарайының сұлтаны болды.

Оның сүйіспеншілігіне ие болу – мәңгілік бақыт қазынасы, жәннат жолдамасы және иләһи құзырға қабылдану куәлігі. Оның пәк сүйіспеншілігі оның жолында жанын қиғандарға нәсіп болатын пайда екені даусыз. Адамзаттың ең үлкен ахлақ қаһарманы болған Хазіреті Пайғамбардың ﷺ ізін басқандар – сахабалар мен Хақ достары. Солардың ізін баса алған мүминдер де шынайы адамдық қасиетіне жарасатын үлгілі ахлаққа ие болғандар.

Сахабалар көңілдерін Аллаһ Расулына деген сүйіспеншілікке толтырып, оған барлық жағынан мойынсұну арқылы оның ахлағын бойларына дарытқаны үшін Аллаһ Тағаланың мадағына бөленді. Сондай-ақ аятта:

وَالسَّابِقُونَ الْأُولُونَ مِنَ الْمُهَاجِرِينَ وَالْأَنْصَارِ وَالَّذِينَ اتَّبَعُوهُمْ

بِحَسَنٍ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ وَرَضُوا عَنْهُ وَأَعَدَّ لَهُمْ جَنَّاتٍ تَجْرِي

تَحْتَهَا الْأَنْهَارُ خَالِدِينَ فِيهَا أَبَدًا ذَلِكَ الْفَوْزُ الْعَظِيمُ



«(Ислам дініне кіру тұрғысында) жол бастаған алғашқы мүһәжірлер мен әнсарлар және олардың ізгілік жолында артынан ергендер бар ғой, міне, Аллаһ соларға разы болған, олар да Аллаһқа разы болған. Аллаһ оларға ішінде мәңгілік өзендер аққан жәннаттар әзірлеген. Міне үлкен жетістік осы» – делінеді (Тәубе сүресі, 100).

Біз енді сахаба болу мүмкіндігіне ие емеспіз. Бірақ аятта баяндалғандай **«оларға ізгілікте мойынсұнған»** мүминдер болып Хақ Тағаланың ризашылығына қол жеткізу мүмкіндігі мен ықтималы өмір бойынша жалғаспақ.

Сахабалардан кейінгі ғасырларда ардақты Пайғамбарымыздың ﷺ ахлағын бізге тамаша көрсеткендер – Аллаһ достары, Аллаһ Тағала соларды бізге үлгі етіп жіберді. Олар

أَلَا إِنَّ أَوْلِيَاءَ اللَّهِ لَا خَوْفٌ عَلَيْهِمْ وَلَا هُمْ يَحْزَنُونَ

«Біліп қойыңдар, анығында Аллаһтың достарына қауіп-қатер жоқ, олар қайғы қасірет шекпейді де» (Юнус үресі, 62) деген аятта баяндалғандай Хақ алдында өте үлкен мәртебеге ие. Осы иләһи кепілдіктен үлес алу үшін әлбетте сол Хақ достарының ізін басу керек.

Сахабалар мен Хақ достары Аллаһ Расулының мүбәрак тұлғасынан лайықты түрде үлес алып, соның жолына барын арнағаны үшін өмір бойы көрсеткен өнегелі әрекеттері негізінен сол Жаратылыс Нұрының көркем ахлағынан шағылысқан парасаттылық үлгілері іспеттес. Өйткені қай жерде жақсылық бар болса, ол содан келген. Оның нұрынсыз әлемде бір гүл де ашылмайды! Ол солмайтын, керісінше күн өткен



сайын жаңарып, көркейе беретін, саф нұрдан жаралған иләһи бәйшешек.

Сахабалар – Аллаһ Расулының ﷺ шәкірттері. Оның Пайғамбарлық ахлағын үйренуге талпынған сахабалар көктегі жұлдыздар сияқты адамзатқа парасаттылық үлгісін танытқан. Сондай-ақ пайғамбар ахлағының сахабалардағы көріністері болып табылатын көптеген парасаттылық үлгісінен бір-нешеуіне тоқталар болсақ:

Әбу Дүжәнә ﷺ ауырып жатқанда көңілін сұрауға келген біреу оның жүзінің нұрдай жарқырағанын көріп:

«Жүзің неге осыншама жарық?» – деп сұрайды. Сонда ол былай деп жауап береді:

«Менің екі қасиетім бар:

1. Маған қатысы жоқ мәселелер жайында тіс жармаймын.
2. Көңілім мүминдер жайында жаман ойлардан аулақ болады. әрбір мүмин турасында жақсы ой ойлаймын» (Ибн Сад, III, 557).

Аллаһ Расулының иман бауырластығы турасында айтқандары мен берген кеңестерінің тағы бір көрінісін Ибн Бүрәйдә әл-Әсләми былай баяндайды:

«Бір адам Ибн Аббасқа жаман сөздер айтты. Ибн Аббас ﷺ үндемеді. Адам таңданып Ибн Аббасқа неге жауап қайырмағанын сұрады. Ибн Аббас:

«Менде үш қасиет бар. Бұлар саған жауап беруге кедергі болады» деп ол қасиеттерін былай тізбектеді:



1. Аллаһтың Кітабынан бір аят оқылған кезде, әттең, барлық адамдар менің осы аяттан түсінген мағыналар мен хикметті білсе ғой деп тілеймін.

2. Мұсылман қазымен ешқандай материалдық-рухани байланысым болмаса да, оның әділеттілікпен үкім бергенін естігенде қуанамын.

3. Мұсылмандар тұратын өлкегеде жайылатын малым, не бір жер телімім болмаса да, сол аймаққа жаңбыр жауғанда қатты қуанамын» деді» (Һәйсәми, IX, 284).

Міне, жүректің дін бауырластығы сезіміне толы болуының сахабалардағы тамаша мысалы. Сахабалардан үлгі алған, олардың ізін ізгілікпен жалғастырған мүминдердің көңілдерінің де біртұтас жүрекке айналуы қажет. Мүмин бауырының қуанышы мен қайғысына ортақтасу түсінігі әрбір мүминнің негізгі болмысына айналуы тиіс.

Хазіреті Әли  былай дейді:

«Екі түрлі нығмет бар. Мені қайсысының артығырақ қуантатындығын білмеймін. Біріншісі – бір адамның қажеттілігін орындайтыныма сенім артып маған келіп, барлық шынайылығымен көмек сұрауы. Екіншісі – Аллаһ Тағаланың сол адамның қалауына мені дәнекер етіп қажеттілігін орындауы немесе жеңілдетуі. Бір мұсылманның қажеттілігін орындауды дүние толған алтын мен күміске ие болғаннан да артық көремін» (әл-Мұттақи, VI, 598/17049).

«Нәпсім, нәпсім» деген менмендіктен құтылып «үмметім, үмметім» деген қамқорлыққа көтерілуге үндеген пайғамбар ахлағының сахабалардың жан дүниедегі көріністерінен тағы бірі мынадай:



Ибн Аббас رضي الله عنه бір күні Нәбәуи Мешітте итикәфта отырғанда бір кісі келіп, сәлем беріп, қасына отырды. Ибн Аббас رضي الله عنه:

«Бауырым, шаршап-шалдыққан әрі мұңлы көрінесің» деді де, сөзін былай деп жалғастырды:

«Иә, ей, Расулұллаһтың немере інісі, мұңаямын! Пәленше адам мені мал үшін азат еткен еді. Бірақ мына қабірдің иесі (Аллаһ Расулы) хақы үшін айтамын, оның хақысын өтей алмаймын».

«Сен жайлы онымен сөйлесейін бе?»

«Өзің біл».

Ибн Аббас رضي الله عنه аяқ киімін алып мешіттен шықты. Әлгі адам:

«Итикәфта отырғаныңды ұмытып кеттің бе, неге мешіттен шығасың?» деді.

Ибн Аббас رضي الله عنه:


«Жоқ! Мен мына қабірде жатқан, арамыздан жаңа ғана кеткен адамнан естідім, (осылай дегенде көздерінен жас моншақтап тұрды):

«Кімде-кім, дін бауырының бір ісін мойнына алып, оны жүзеге асыратын болса, бұл ол үшін он жыл итикәфта отырғаннан да қайырлы. Алайда бір адам Аллаһ ризалығы үшін бір күн итикәфта кіретін болса, Аллаһ Тағала сол адам мен оттың арасында үш ор жаратады, әрбір ордың арасы шығыс пен батыстың арасындай алыс болады»³³.

33.Бәйхаки, Шүабұл Иман, Бәйрут, 1190, III, 424-425.




Сахабаларды осыншалықты кішіпейіл, мейірімді қылған Аллаһ Расулына деген шексіз сүйіспеншілік пен соның ізімен жүруге ұмтылуы еді. Тіпті, Аллаһ Расулының сүйген нәрсесін өзінің сүйгенінен артық көріп, қажет болғанда өз қалауларынан ойланбастан бас тартатын.

Сондай-ақ Хазіреті Омар  Пайғамбарымыз азат еткен Зәйт бин Харисаның ұлы Ұсәмәға үш мың бес жүз дирһәм беріп, өзінің ұлы Абдұллаһқа болса үш мың дирһәм берген еді.

Абдұллаһ әкесі Хазіреті Омардың бұл үлесіне қарсылық білдіріп:

«Ұсәмәны неге менен артық көресің? Ол менен көп соғысқа қатысқан жоқ ғой!» – деген болатын.

Хазіреті Омар  сол теңдессіз әділдігіне қоса қаншалықты рухани байлық пен кішіпейілділікке ие болғандығын көрсететін мынадай жауап берген еді:

«Ұлым! Расулұллаһ Ұсәмәның әкесін сенің әкеңнен де жақсы көретін. Ұсәмәны да сенен көбірек жақсы көретін. Міне, сол үшін Расулұллаһтың жақсы көргенін өзімнің жақсы көргенімнен де артық көрдім» (Термези, Мәнәкиб, 39/3813).

Қазіргі кезде сахабалар сияқты Аллаһ Расулына деген сүйіспеншілікке толып, оның жоғары ахлағын үйренуге ұмтылуымыз керек. Арада неше ғасыр өтсе де олардың ешқашан ескірмейтін, солмайтын әдеміліктерін өмірде ұстанып, басқаларға үйретуге тырысуымыз қажет. Өйткені сүйікті Пайғамбарымыздың шынайы үмметі болу абыройы мен бақытына лайық болудың жолы осы.





Омар бин Хаттабтың ﷺ мына бір риуаяты бақыт ға-
сырынан кейін Құран мен Сүннет бойынша өмір сүргендер
үшін үлкен Пайғамбар сүйіншісі:

«Бір күні Пайғамбарымызбен бірге отыр едік. Аллаһ
Расулы ﷺ арасында:

*«Айтыңдаршы, иман еткендердің арасында ең жоғары
иманға ие болғандар кімдер?»* – деп сұрады.

Сахабалар алдымен періштелерді, содан кейін пай-
ғамбарларды, содан кейін шәһидтердің жоғары иманға ие
екендіктерін айтқанымен, Расулұллаһ ﷺ әр жолы:

*«Иә, олар сондай және бұл олардың хақы. Аллаһ оларды
сондай мәртебеге шығарғандықтан бұл дәреженің соларға
берілуіне не кедергі бола алады? Бірақ мен оларды сұраған
жоқпын»* – деді.

Сахабалар:

«Олай болса кім екенін сіз айтыңыз, уа, Расулаллаһ!» –
деген соң Аллаһ Расулы ﷺ былай деді:

*«Олар қазір ата-бабаларында жасырынған адамдар. Ме-
нен кейін келеді, Мені көрмегенімен Маған иман етеді, Мені
құптайды және Құранды оқып мазмұнына сай амал қылады.
Міне, иман еткендердің ішіндегі ең жоғары иманға ие бола-
тындары солар»* деді». (Хаким, 8, 96/6993; Хәйсәми, X, 65).

Хадис шәрифтегі сүйіншіні дұрыс түсініп, Құран мен
Сүннет бойынша өмір сүру – әр мүминнің міндеті. Олай
болмаған жағдайда ахиретте Аллаһ Расулының ﷺ ұлық





шапағатын күтіп жүргенде Оның бізден шағымдануы да ықтимал, бұдан артық зиян болу мүмкін емес. Сондай-ақ өздеріне келген Құранға кереғар өмір сүргендер хақында Пайғамбарымыздың Раббысына шағымданатындығы аятта былай баяндалады:

«Пайғамбар: “О, Раббым! Қауымым шынында бұл Құранды (тәрік етіп) тастап қойды” дейді» (Фұрқан сүресі, 30).

Ахиретте осы пайғамбар шағымына ұшырамас үшін, Оған үммет болудың шарты бойынша өмір сүру қажет. Мұның жолы – Құран Кәрімнің әдебіне сай, яғни махражына, тәжвид ережелерінебағына отырып көп оқу, ішіндегі мағыналарға құштар болып, бар болмысымызбен, сүйіспеншілікпен өмірде қолдануға тырысу.

Осылай өмір сүргендерге Расулұллаһтың ﷺ осы дүниеде де ахиретте де сүйіспеншілік пен мейірім қанаты жайылады. Бірақ Құран мен Сүннетті тастап, теріс жолдарға түскендер ахиретте үлкен өкініш пен қасіретке тап болады.

Әбу Һұрайра  мынаны риуаят еткен. Бір күні Расулұллаһ  сахабаларымен бірге қабірстанға барып:

«Сендерге Аллаһтың сәлемі болсын, ей, мүминдер өлкесінің тұрғындары! Иншааллаһ бір күні біз де сендерге қосыламыз. Бауырларымды көргім келеді. Оларды соншалықты сағымдым!» – деді.

Сахабалар:

«Біз сенің бауырларың емеспіз бе, о, Расулаллаһ?» – деді.

Расулұллаһ :





«Сендер менің достарымсыңдар (сахабаларымсыңдар), бауырларым – әлі келмегендер» – деді.

Сол кезде сахабалар:

«Үмметіңнен әлі келмегендерді қалай танысың, ей, Аллаһтың Расулы?» – десті.

Сүйікті Пайғамбарымыз ﷺ:

«Бір адамның маңдайы мен аяқтары ақ (яғни қасқа, алаяқ) аты бар деп ойлаңдар. Адам осы атын қара аттардың үйірінің ішінен тани алмай ма?» деп сұрады.

Сахабалар:

«Иә, табады, ей, Аллаһтың Расулы!» – десті.

Сол кезде Расулұллаһ ﷺ былай деді:

«Міне, олар алған дәреттерінен жүздері нұрлы, аяқтары мен қолдары жарқырап келеді. Мен алдымен барып хауызымның басында оларды сыйлау үшін күтемін. Абай болыңдар! Кейбір адамдар бөтен түйенің табынынан қуылып, алыстатылғаны сияқты менің хауызымнан қуылады. Мен оларға «Мында келіңдер!» деп дауыстаймын. Маған:

«Олар сенен кейін ұстанымын өзгертті. (Сенің Сүннетіңмен жүрмей, басқа жолдарға түсті, үлкен күнәларды жасады)» делінеді.

Сонда мен де:

«Аулақ кетсін, аулақ кетсін» деймін» (Мүслим, Тахарат, 39).



Екінші бір риуаятта былай делінеді:

«Маған былай айтылады:

«Сен олардың сенен кейін не істегендерін білмейсің!» Мен де:

«Менен кейін (бағыттары мен қалыптарын) өзгерткендер аулақ болсын, аулақ болсын!» деймін!» (Мұслим, Фәдәйл, 26).

Аллаһ Тағалаға сансыз шүкіршілік, біздердей әлсіз құлдарын еш қандай ақысыз Расулұллаһтың ﷺ үмметі етіп абыройға бөледі. Осы Аллаһтың сыйының ақиқатын түсініп Расулұллаһтың ﷺ сүйіспеншілігі мен «бауырларым» деген ілтипатына лайықты болудың жолы – Оның ізгілікті Сүннетін ұстанып, ахлағын бойға дарыту.

Жаратылыс кереметі болған Пайғамбарымызды ﷺ және Оның көркем ахлағын адамның қабілеті мен шамасы шеңберінде толықтай түсіну және белгілі сөздердің мағынасы шеңберінде айтып жеткізу мүмкін емес. Мына адами қабілетіміз Оны түсіндіруге және түсінуге жеткіліксіз. Бір кесеге бір теңізді сидыру мүмкін болмағаны сияқты Мұхаммеди нұрды түсіну де мүмкін емес. Оны түсіндіру тұрғысында аузымыздан шыққан сөздер әлсіз түсінігімізге Оның теңдессіз әдемілігінен шағылысқан сәулесі іспеттес қана.

Уа, Раббым! Расулыңның көркем ахлағы мен руханиятынан жүректерімізді нәсіптендір! «Анам, әкем, жаным сен үшін пида болсын, уа, Расулаллаһ!» деген мүбәрак жүректердің ішкі сезімдерімен көкіректерімізді жандандыр!..

Әмин!..



Қуран Кәрім тәрбиесі



Қуран Кәрім – Аллаһ Тағаладан барлық адамзатқа келген һидаят хаты. Осы хат арқылы Аллаһ Тағала құлдарын жәннатқа шақырады. Осы шақыруға бару үшін Құранды көңіл көзімен оқу, мағынасын терең сезіне білу, фәйізді және тірі Құран іспетті өмір сүріп, таза жүрекке ие болу керек. Осы заманда барлық ұмметтің жаңадан сілкінуі мен өз болмысына қайтуын қалтамасыз ететін негізгі қызмет – Қуран Кәрімге бағытталған назарды арттыра білу.



Құран Кәрім тәрбиесі

«Құран бір ұшы Аллаһтың, екінші ұшы сендердің қолдарыңда тұрған берік арқан (сияқты). Оны мықтап ұстаңдар. Міне, сол кезде адасып, құрдымға кетпейсіңдер»

Һәйсәми, IX, 164.

Өмірде мыңдаған сынақ құбылыстарына тап болатын адам баласы өзінің жан дүниесімен саналы түрде ой-өрісіне кіруі шарт. Адамның түсінігі жетпейтін мәңгілік сапардық құпиясын тек әлсіз ақылмен шешудің мүмкін еместігі де белгілі. Сондықтан өмірдің осындай қауырт сынақ сапарында адам түсінігі Аллаһтың сөздерінің жол көрсетуіне қатты мұқтаж болады.

Барлық нәрсе қоректену мен тәрбиелену заңдылығына тәуелді болғандай ақыл мен сезімдер де діни санамен және иманның фәйзімен қоректенуге, иләһи тәрбиеге кіруге тәуелді. Олай болмаған жағдайда ақыл мен сезімдер жол көрсетудің орнына дағдарысқа ұшырап, иесін бәлеге ұрындырады. Осы өмір сапарының құпиясын ашатын, сұрақтарын шеше-



тін, қараңғылықтарына жарық беретін ақыл мен жүрек үшін барлық жағынан қанағаттандыруарлық дәлелдерді қамтитын бірден бір кітап – **Құран Кәрім**.

Құран Кәрім адам баласына алдымен: «Сен Аллаһтың құлысың, Құран дәлелдерімен өмір сүр, Құранның дәлелдерімен өл!» деген ұсыныс жасайды. Мәңгілік тыныштыққа қауышудың жолын көрсететін, жер мен көктердің сөздерін естіретін Құран Кәрім, адамдарды қараңғылықтан нұрға шығаратын «Мұхаммедтің пәк жүрегіне» түсірілген Аллаһтың кітабы.

Хазіреті Пайғамбар ﷺ мен Оның жүрегінен әлемге ашылған Құран Кәрім адамзаттың ең маңызды екі нұрының көзі. Расулұллаһ ﷺ былай дейді:

«Егер мықтап ұстанатын болсаңдар, сендерге менен кейін адаспайтын екі маңызды аманат қалдырып барамын. Біреуі екіншісінен де үлкен. Ол – Аллаһтың Кітабы! Құран аспаннан жер бетіне түскен жіп сияқты. Екінші аманат – әулетім. Құран мен әулетім жәннатта хауыздың басында менімен табысқанға дейін бір-бірінен ажырамайды. Менен кейін сол екеуіне қалай қарағандарыңа абай болыңдар!» (Термези, Мәнәкиб, 31/3788).

Құран Кәрім әлемнің жаратылу мақсатын және адамның дүниеге келуінің хикметін баяндап, әлемдегі Аллаһтың қойған жүйесіне үйлесімді өмір сүруімізді уағыздайтын Аллаһтың пәрмені. Аяттарында Аллаһ Тағала адам мен Құранға және әлемдегі керемет тәртіпке былай тоқталады:

الرُّحْمٰنُ ﴿١﴾ عَلَّمَ الْقُرْآنَ ﴿٢﴾ خَلَقَ الْإِنْسَانَ ﴿٣﴾ عَلَّمَهُ الْبَيَانَ ﴿٤﴾



«Рахман Аллаһ Құранды үйретті. Адамды жаратып, баянды тәлім берді» (Рахман сүресі, 1-4).

Аллаһ Тағаланың аятта алдымен Құранды үйретіп, кейін адамды жаратуы туралы айтуы, жаратылыс хикметінің басқаша түсіндірмесі. Бұл сөз адамның басқа жаратылыстардан ерекше жаратылуы мақсатының «құлдық» екендігін білдіріп, сонымен қатар Құран алдындағы жауапкершіліктерімізді есімізге салады. Өйткені адамның шынайы қасиеті мен абыройы – Құран бойынша өмір сүріп, сондағы ахлақты бойына сіңіру әр адамның шамасына қарай бағаланады. Сол үшін Рахман Аллаһ адамдармен байланыс орнатуды нәсіп қылып, сол үшін де құлдарына ең үлкен аманат ретінде Құран Кәрімді түсірген.

Хадис шәрифте былай делінеді:

«Сендердің біреуің Раббысымен мінәжат пен мұқәләмәны (Оған жалбарынып, Онымен тілдесуді) жақсы көрсе, шын жүрегімен Құран оқысын» (Суюти, I, 13/360).

Аллаһ Тағала дұрыс жолды көрсетуші Құранды түсіну үшін адам баласына баяндау қабілетін берген. Жоғарыдағы аяттың жалғасында былай делінеді:

«Күн мен ай есеппен әрекеттенеді. Шөптер, ағаштар да оған бас иеді (әміріне бойсұнады). Ол аспанды биік жаратты. Өлшеуде қаралық істемеулерің үшін таразыны бекітіп берді. Өлшеуде әділ болыңдар. таразыдан кем бермендер» (Рахман сүресі, 5-9).

Басқа бір сүреде былай делінеді:



«Ол Аллаһ жеті аспанды қабат-қабат етіп жаратты. Қайырымды Аллаһтың жаратқандарынан қылдай да селкеу таба алмайсың. (Аспан әлеміне) қайта бір көз жіберші, әлдеқандай ақау өзіңе шалығар ма екен?»

Сонан соң және екі рет көз жіберші (сырына жете алмай) күдер үзе бұлдырап талған көзің өзіңе қайтады» (Мүлік сүресі, 3-4).

Раббымыз аяттарда әлемдегі керемет күдірет ағыстарын «ақылды адамдарға» жайып көрсетеді. Ғарышта айналған және жылдамдығы, көлемі, бағыттары әртүрлі саны жоқ аспан денелері өте нәзік бір жүйеге бағынбағанда, бұл әлем бір секунд те осылай тұра алар ма еді деп ойлау керек! Миллиардтаған жылдан бері осы керемет әрекет пен қозғалыстарға қарамастан бір кемшілік немесе нұқсандық байқалған ба?

Әлемді, шексіз-шетсіз аспанды, мыңдаған нығметімен жер бетін өлшемдермен безендірген және оларды басқарып тұрған Аллаһ Тағала әлем тәртібінен кейін Құранмен тәрбиеленуді білдіреді, сонда ғана мұмин дүние мен ахирет өлшеміне қарай бағыт алады.

Аллаһ Тағала бізге Құран Кәрімді бір жол көрсетуші, шипа және рахымшылық ретінде сыйлаған. Мұмин үшін де ең үлкен дүние мен ахирет нығметі – Құран Кәрім мен Сүннеттің шарты бойынша рухани тұрғыдан өмірін реттеп, өмір бойы Құранға қызмет ету.

Аллаһ Тағала былай дейді:

﴿ ۲۷ ﴾ ﴿ لِمَنْ شَاءَ مِنْكُمْ أَنْ يَسْتَقِيمَ ﴾ ﴿ ۲۸ ﴾



«Ол Құран – бүкіл ғаламға насихат. Сендердің іштеріңдегі түзу болуды қалайтындарға (насихат)» (Тәкуир сүресі, 27-28).

Хадис шәрифтерде былай делінеді:

«Құран оқыңдар! Өйткені Құран қиямет күні өзін оқығандарға шапағатшы болады» (Мұслим, Мүсәфирин, 252; Ахмет, V, 249, 251).

«Қиямет күні Құран және дүниелік өмірін соған қарай реттеген Құран иелері махшарға әкелінеді. Сол кезде Құранның алдында Бақара мен Әлү Имран сүрелері бар. Екеуі де өзін оқығандарды қорғау үшін жарысқа түседі» (Мұслим, Мүсәфирин, 253; Термези, Фәдәйлүл-Құран, 5/2883).

«Кімде -кім Құран Кәрімді оқып, сол бойынша амал қылатын болса, қиямет күні ата-анасына тәжі кидіріледі. Осы тәждің жарығы күннің дүниедегі үйге түскен жарығынан да әдемі. Олай болса Құран Кәрімнің өзімен амал етушінің жарығы қандай болмақ, ойлана аласыңдар ма?» (Әбу Дәуіт, Уитр, 14/1453).

Сонымен қатар *«Сендердің ең жақсыларын Құранды үйренген және үйреткендерің»* (Бұхари, Фәдәйлүл-Құран, 21) деген Аллаһ Расулы ﷺ үмметіне барлық жағдайда Құран үйренуге талпыну тұрғысында ерекше үлгі болған.

Әнәс ﷺ былай дейді:

«Бір күні мешітте Пайғамбарымыздың аштықтан ішіне тас байлаған күйінде тік тұрып сұффа тұрғындарына Құран оқытып тұрғанын көрдім»³⁴

34. Әбу Нуайм, Хилиятүл-әулие, Бәйрут, 1967, I, 342.



Әбу Үмәмә رضي الله عنه былай дейді:

Біреу Пайғамбарымызға келіп:

«О, Расулаллаһ! Пәленше әулетінің үлесін алып саттым, осыншама пайда таптым» деді.

Аллаһ Расулы صلى الله عليه وسلم:

– *Саған бұдан да пайдалы бір нәрсе айтайын ба?* дейді.
Әлгі адам:

– Ондай нәрсе бар ма екен? – деп сұрады.

Расулұллаһ صلى الله عليه وسلم:

«Құраннан он аят үйренген адам сенен де артық пайда табады!» – деді.


Сол кезде әлгі адам барып, дереу он аят үйреніп келді де, Расулұллаһқа айтып берді (Һәйсәми, VII, 165).

Ахирет табысының дүние табысына қарағанда өлшенбейтін құнды әрі мәңгілік екенін білген сахабалар мәңгілік бақыт жемісіне қол жеткізудің дәмін татқан еді. Өйткені ерекше пайғамбар тәрбиесін алған болатын. Расулұллаһ صلى الله عليه وسلم былай дейтін:

«Әрбір ас беретін адам асына (адамдардың) келгенін қалайды және оған ризашылығын білдіреді. Құран да Аллаһтың асы. Одан алыс қалмаңдар» (Дәріми, Фәзәилүл-Құран, 1).

Сахабалар да Құран турасында осы пайғамбар ұстаны-



мын өмірлік дәстүрге айналдырған болатын. Абдүллаһ бин Мәсуд  біреуге бір аят үйретіп:

«Бұл аят күннің астындағы және жер бетіндегі нәрселердің барлығынан да қайырлы (пайдалы)» дейтін. Сосын бұл сөзін Құранның барлық аяттары үшін қайталайтын (Ғәйсәми, VII, 166).



Құран Кәрімді толықтай үйрену үшін мына үш сатыға көңіл бөлу керек:

1. Жүзінен (қарап), тиләуәт пен тәжуид ережелеріне бағына отрып оқу.

Аятта былай делінеді:

وَرَتَّلِ الْقُرْآنَ تَرْتِيلاً

«...Құранды байсалды, ашық (ретті түрде) оқы!» (Мүззәммил сүресі, 4)

Хадис шәрифте де Құранды әдемі оқуға мынадай ынталандыру сөздері айтылған:

«Құранды шарты бойынша әдемі оқыған адам уахи әкелген абыройлы әрі мойынсұнғыш періштелермен бірге. Ал Құранды (сөздерін буындап) қиналып оқыған адамға екі есе сауап бар» (Бұхари, Тәухид, 52).



Бір күні Расулұллаһ ﷺ:

«Шүбәсіз, адамдардың арасында Аллаһқа ең жақындары бар!» – деген еді. Сахабалар:

«Ей, Аллаһтың Расулы! Олар кімдер?» деп сұрағанда, Аллаһ Расулы ﷺ:

«Олар Құран иелері, Аллаһты танығандар және Аллаһтың қас құлдары!» – дейді (Ибн Мәжә, Мұқаддимә, 16).

Күләйб бин Шихаб айтады:

Бір жолы Әли бин Әби Тәліб ﷺ Қуфә мешітінен дауыс шыққанын естіп, не болғанын сұрайды. Оған:

«Біраз адамдар Құран оқып үйреніп жатыр» дейді.

Хазіреті Әли ﷺ:

«Олар қандай бақытты жандар! Олар Расулұллаһтың алдында ең сүйкімді адамдар» – деді (Һәйсәми, VII, 162).

Байқағанымыздай, Құран Кәрімді үйреніп, оны үйрету қызметі Аллаһ пен Расулының сүйіспеншілігіне қол жеткізуге ең үлкен дәнекерлердің бірі. Құран иелерінің Аллаһ пен Расулының алдындағы абыройы мен бағасы мына бір тарихи оқиғада да ғибратты түрде көрініс тапқан:

Ұхуд соғысының соңында сахабалар:

«О, Расулаллаһ! Шәһидтер өте көп. Бізге не істе деп бұйырарсыз?» – деп сұрайды.



Расулұллах ﷺ:

«Терең әрі кең қабірлер қазыңдар, әрбір қабірге екіден, үштен жерлеңдер!» – дейді. Сахабалар:

«Алдымен қайсыларын жерлейік?» – деп сұрағанда, Хазіреті Пайғамбар ﷺ:

«Құранды ең көп білгендерді жерлеңдер!» – деді (Несәи, Жәнәйз, 86,87, 90, 91).

2. Құран Кәрімді түсіну.

Аятта былай делінеді:

وَلَقَدْ ضَرَبْنَا لِلنَّاسِ فِي هَذَا الْقُرْآنِ مِنْ كُلِّ مَثَلٍ لَعَلَّهُمْ يَتَذَكَّرُونَ

«Расында біз бұл Құранда насихат алсын деп, адамдар үшін түрлі мысалдар келтірдік» (Зүмәр сүресі, 27).

Тағы да Аллаһ Тағала аятта құлдарынан сұрайды:

وَلَقَدْ يَسَّرْنَا الْقُرْآنَ لِلذِّكْرِ فَهَلْ مِنْ مُدَكِّرٍ

«Ант етеміз, Біз үгіт алсын деп Құранды жеңілдеттік. (Одан) үгіт-насихат алушы жоқ па?» (Қамар сүресі, 17).

أَفَلَا يَتَذَكَّرُونَ الْقُرْآنَ أَمْ عَلَى قُلُوبٍ أَقْفَالُهَا



«Олар Құранға ой жүгіртпей ме? Әлде жүректері құлыптаулы ма?» (Мұхаммед сүресі, 24).

Аллаһ Тағала Құран Кәрімді тиісінше түсініп, оқиғаларды Құранның қисыны бойынша ойлауды бұйырады. Осы тұрғыдан алғанда бақытқа да, құлдырауға да дәнекер бола білетін ақылымызды уахидың мазмұнына қарай бағыттау шарт.

Басқа бір аятта:

وَإِذَا قُرِئَ الْقُرْآنُ فَاسْتَمِعُوا لَهُ وَأَنْصِتُوا لَعَلَّكُمْ تُرْحَمُونَ

«Құран оқылған кезде оны тыңдаңдар, үндемеңдер, сонда мархаматқа бөленесіңдер» делінеді (Араф сүресі, 204).

Аллаһтың мархаматына қол жеткізу үшін Құранға әдеппен қарау, оны жан құлағымен тыңдау әрі саналы, абыроймен өмір сүру қажет.

Риуаят бойынша Әбу Хамза رضي الله عنه Абдүллаһ бин Аббасқа رضي الله عنه былай дейді:

«Мен Құранды өте жылдам оқимын. Құранды үш күнде хатым қыламын».

Ибн Аббас رضي الله عنه оған былай жауап қайтарды:

«Бақара сүресін ойланып, анықтап бір түн оқығаным,



маған сенің оқығаның сияқты оқығаннан да пайдалы болып көрінеді». ³⁵

Сүлеймен Дарани құддисә сирруһ Құран Кәрім хақындағы терең түсінігін мына сөздерімен білдіреді:

«Мен бір аят оқимын, төрт-бес түн оны ойлаймын, оны әбден түсінбейінше, басқа аятқа өте алмаймын». ³⁶

Ияс бин Мұауия Құран Кәрімді ойланбай оқығандар үшін мынадай теңеу айтады:

«Құранды оқып, оның мағыналары мен сырларын білмеген, ойланбаған адам, қараңғы түнде патшадан өзіне хат келген, бірақ хатта не жазылғанын оқып-біле алмағаны үшін бойын қорқыныш билеген адам сияқты. Құранның мағынасы мен сырларын түсінген адам болса, хаттың сырларын жарықта оқыған адам сияқты» (Құртуби, I, 26).

Расулұллаһ ﷺ Құранды түсініп оқып, үкімдерін орындаған мүминдерге Аллаһ Тағланың үлкен сыйларға бөлейтінін былай деп жеткізеді:

«Бір жамағат Аллаһтың үйлерінің бірінде жиналып, Аллаһтың кітабын оқып, өзара пікір алмасатын болса, олардың үстіне тыныштық (рухани) орнайды, олар рахымшылыққа бөленеді және айналасын періштелер қоршайды. Аллаһ Тағала оларды өзінің қасындағылармен қатар есіне алады» (Мұслим, Зікір, 38).

35. Бәйхаки, әс-Сүннәтул-Күбра, Дарул-Фикр, жылы белгісіз, II, 396.

36. Ғазали, Ихия Улүмид-Дин, Бәйрут, 1990, I, 374.



«Кімде-кім Құранды оқып, оны жақсы жаттап, халалын халал, харамын харам деп қабылдап, осыларды орындайтын болса, осының арқасында Аллаһ оларды жәннатқа кіргізеді. Тағы отбасынан тозақтық он адамға шапағат етіп, тозақтан құтқару хақын береді» (Термези, Фәдәилүл-Құран, 13/2905; Ахмед, I, 148).

Құран – Аллаһ Тағаладан барлық адамзатқа келген хидаят хаты. Аллаһ Тағала осы хат арқылы құлдарын жәннатқа шақырады. Оған бару үшін Құранды көңіл көзімен оқу, аяттарын барынша мұқият ойланып, мағынасына бойлай білу, фәйізбен, тірі Құрандай өмір сүріп, жүректі тазарту қажет. Құранның мазмұнын түсіну қажеттілігін Раббымыз былай баяндайды:

كِتَابٌ أَنْزَلْنَاهُ إِلَيْكَ مُبَارَكٌ لِيَدَّبَّرُوا آيَاتِهِ وَلِيَتَذَكَّرَ أُولُو الْأَلْبَابِ

«(Расулым!) Саған осы мүбәрак кітапты аяттарын ойлансын және ақылы барлар насихат алсын деп түсірдік» (Сад сүресі, 29)

Аятта нақты айтылғандай Құран бізден ерекше және оңаша байланыс орнатқанымызды қалайды. Осы байланысты орнату үшін тән тазалығы сияқты жүрек тазалығы да қажет. Аятта:

وَالَّذِينَ إِذَا ذُكِرُوا بِآيَاتِ رَبِّهِمْ لَمْ يَخِرُّوا عَلَيْهَا صُمًّا وَعُمْيَانًا

«Оларға Раббыларының аяттары ескертілген кезде оларға соқыр немесе саңырау сияқты қарамайды» (Фұрқан сүресі, 73)



делінеді. Өйткені рухани аурулар адамның Құранмен дұрыс әрі тамаша түрде табысуына кедергі келтіреді. Құранның рахымшылығы, шипасы және һидаятымен табыса алмағандар, керісінше, оның фәйізі мен берекесінен пайдалана алмай, зиянға тап болады. Олай болса Құранмен табысу үшін рухани аурулардан тазаруға тырысу және жүрек тазалығына мойынсұну қажет.

Құран Кәрімнің адамдардың түсінуі және дұрыс қолдануы үшін түсірілгендігі жайында былай делінеді.

﴿۲﴾ إِنَّا جَعَلْنَاهُ قُرْآنًا عَرَبِيًّا لَّعَلَّكُمْ تَعْقِلُونَ ﴿۳﴾

«Ап-анық кітаппен ант етеміз, Біз түсініп, ой жүгіртулерің үшін оны Арабша Құран қылдық» (Зұхруф сүресі, 2-3).

Осы және осыған ұқсас аяттардың мазмұнына сай Құран түсініліп, дұрыс қолданыс тапқан кезде, ой жүгірту (тәфәккур) жеңілдейді. Құран ой-санаға жетекшілік жасайды, оны ұнамды етеді. Құран Кәрім барлық жаратылыстың болмысы және жаратылыс хикметі туралы баяндайтындықтан пән ғылымдарынан жоғары әрі оларға жол сілтейтін мәнге ие. Осы сипаты арқылы адамзаттың ақырын бір деңгейде қалып қалудан, яғни адасудан құтқарып, одан да жоғары ақиқаттарды, яғни иләһи сырларды түсінуге шақырады.

Расында, мың төрт жүз жыл бұрын үмми бір пайғамбарға түскен және ғылыми ақиқаттарға тоқталған Құран Кәрім көптеген ғылыми жаңалықтармен қуатталып келеді. Ең таңдаулы ғалымдардың шынайы зерттеулерінің нәтиже-



сінде әзірленген энциклопедиялардың да ғылымның дамуы барысында кейбір кездері қателіктері ортаға шығып отырады, қазіргі кездегі ғылымның деңгейіне сай түзету қажеттілігі туындайды. Алайда, Құран Кәрім ғасырлар бойы ешқандай ғылыми тұрғыдан қателігі болмағанымен қатар жаңа ашылған ғылыми жаңалықтар да әрдайым Құранды қуаттап отырады. Басқаша айтқанда, адамзат ғылымы әрдайым Құранның артынан еріп отырады, Құранның қасиетті мазмұны адамзат біліміне жол көрсетіп келеді.

Құран тәлімінде осы мәселелерді де үйреніп, үйрету қазіргі адамдардың Исламды дұрыс әрі нақты түсінуіне себепші болады. Өйткені қазіргі кездегі көптеген адамдардың санасы ақиқатты біліммен дәлелденетіндей шындықпен шектейтін деңгейдегі шарттарға тәуелді.

3. Құран Кәрімнің мазмұнына сай өмір сүру.

Сахабалар Құранды оқып, түсініп, жан-дүниесімен ұғынып, өмірлерінде қолданатын. Хазіреті Омар رضي الله عنه:

«Бақара сүресін он екі жылда бітірдім, шүкір ретінде бір түйені құрбандыққа шалдым» (Құртуби, I, 40) – деген екен.

Хазіреті Омар бір қарағанда осы сүренің тек он екі жылда өз өмірінде қолдана бастағанын айтып отыр. Хазіреті Омардың رضي الله عنه жағдайы сахабалардың шексіз мысалдарының бірі ғана. Демек, олар Құранды тек оқумен ғана шектелмей, түсініп, өмірлерінде қолдануға тырысатын. Олардың Құран оқуы қазіргі кездегідей мағынасын түсінбей тек қарап оқып шығу немесе тек өлікке оқу үшін емес еді.



Әбу Омар Құран жаттайтындар туралы:

«Құран қарилары – Құранның үкімдерін, халалы мен харамын біліп, онда айтылғандарға сай амал қылатындар» – деген (Құртуби, I, 26).

Абдүллаһ бин Мәсуд  Құран қариларының Аллаһтың сөздерінен қандай әсер алу керектігін былай баяндайды:

«Құранды жаттаған адам адамдар ұйықтап жатқан кезде түнде тұрып құлшылық етуімен, халық тамақ жеп жүргенде ораза ұстауымен, басқалар қуанып, көңіл көтергенде ақырын ойлап қайғырумен, адамдар күлген кезде құлдықтағы әлсіздігі үшін жылауымен, адамдар бір-бірімен сөйлескен кезде үнсіз қалуымен, адамдар мақтанған кезде қарапайымдылығымен танылуы керек. Құранды жаттаған адамның жылауы, қайғысы, айбарлы да білімді болуы, тәфәккурде әрі үнсіз жағдайда болуы қажет. Құран иелері жүрегі қатты, надан, күйгелек және дереу ашушақтықтан сақтануы керек» (Әбу Нуайм, Хилия, I, 130).

Аллаһтың риза болатын құлы болу үшін Құранның жүректе орнығуы шарт. Өйткені Хазіреті Пайғамбардың Құран бойынша өмір сүруге немқұрайды қарайтындар жайлы шағымы өте ауыр:

وَقَالَ الرَّسُولُ يَا رَبِّ إِنَّ قَوْمِي اتَّخَذُوا هَذَا الْقُرْآنَ مَهْجُورًا

«Пайғамбар: “О, Раббым! Қауымым шынында бұл Құранды (тәрік етіп) тастап қойды” дейді» (Фұрқан сүресі, 30).

Хадис шәрифте қиямет күні Құранға тіл бітіп, шағымданатынын айтады:





«Кімде-кім Құранды үйреніп, оған көңіл бөлмесе, оған дұрыс қарамаса (оны өмірде қолданбайтын) болса, қиямет күні Құран келіп, адамның жағасына жармасып:

«Уа, Раббым! Бұл құлың мені қамады. Мені тастады, маған жақындамады. Менімен амал етпеді. Екеуіміздің арамызға сен үкім шығар» – дейді»³⁷.

Аллаһ Расулының ﷺ пайғамбарлық ахлағын бойына сіңіріп үлгі болған сахабалардың Құранға берілгендігі бізге де сабақ болуы тиіс. Олар Құран ақиқаттарының жәннаттында өмір сүрді. Құранның қасиетті үнін дүниенің төрт бұрышына жеткізу үшін малдарын, жандарын аямай пида етті. Олардың Құран оқуы тек сөздерін оқумен шетктелмеген. Олар Құранның хикметі мен сырларын қанып оқып отырып, ондағы Аллаһ тарапынан берілген мәнін ұғынып, өмірлерінде қолдану үшін оқитын. Өйткені Құранды шынайы түрде пайдалану осылай ғана мүмкін болады.

Сахабалар Құранды қалай оқып түсінгендігі мен оны өмірлерінде қолданып, насихатту үшін қажет жағдайда мал-жандарын пида еткендіктерін көрсететін мына ғибратты оқиғаға назар салайық:

Әнәс ﷺ былай дейді:

Кейбіреулер Пайғамбарға ﷺ келіп:

«Бізге Құран мен Сүннетті үйрететін адам жіберсеңіз!» – деді

37. Алуси, Рухұл мәани, Бйрут, XIX, 14.



Расулұллаһ ﷺ әнсарлардан құрра (Құран оқитын) жетпіс адам жіберді. Араларында жездем де бар. Олар Құран оқып, түнде оны өзара талқылап үйренетін. Күндіз мешітке су әкеліп, отын жинап сатып, түскен қаражатқа Сұффа тұрғындары мен пақырларға тамақ алатын. Пайғамбар ﷺ мұғалім сұраған адамдарға осы қариларды жіберген еді. Бірақ баратін жерлеріне жетпей алдарынан шығып, оларды шәһид қылды. Олар:

«Аллаһым! Біздің саған қауышқанымызды, саған разы екендігімізді және сенің де бізге разы болғаныңды Пайғамбарымызға жеткіз!» – деді.

Бір адам жездемнің артынан келіп найзасын қадады, найзасы денесінің бір жағынан кіріп, екінші жағынан шығып кетті. Сол кезде жездем:

«Қағбаның Раббысына ант етемін, сөзсіз, табысқа қол жеткіздім!» – деді.

Осы оқиғаға байланысты Расулұллаһ ﷺ былай деді:

«Расында, дін бауырларың шәһид болды. Олар былай деді: Аллаһым! Біздің саған қауышқанымызды, саған разы екендігімізді және сенің де бізге разы болғаныңды Пайғамбарымызға жеткіз!» (Бұхари, Жихад, 9; Мұслим, Имарә, 147).

Құранға қызмет етуге ат салысқан осы Құран ғашықтары Раббымыздың ризашылығы мен ақыл жетпес иләһи сыйларға бөленген. Осы сыйлардың бірі мынау:

Расулұллаһ ﷺ бір күні Құран ғашығы Үбәй бин Қағба қарап:



– Аллаһ Тағала «لَمْ يَكُنِ الَّذِينَ كَفَرُوا لَمْ يَكُنِ الَّذِينَ كَفَرُوا لَمْ يَكُنِ الَّذِينَ كَفَرُوا لَمْ يَكُنِ الَّذِينَ كَفَرُوا» деді. Үбәй бин Кағб:

– Менің атымды айтты ма? – деді.

Расулұллаһ ﷺ:

– Иә, – деді.

Үбәй бин Кағб Аллаһтың бұл сыйына қатты тебіреніп, еңіреп жылады (Бұхари, Мәнәкибүл-әнсар, 16; Тәфсир, 98/1, 3; Мүслим, Мүсәфирин, 246).

Аллаһ Тағала осы бұйрығы арқылы Үбәйдің Құран оқуға деген қалауы мен ынтасын бағалағанындай, сахабаларды да одан Құран үйренуге ынталандырған.

Исламның алғашқы кездерінде мұсылмандар Құран Кәрімді үлкен құрметпен, сүйіспеншілікпен оқып, рухани дәрежелерін көтерді. Солардың рухани халінен нәр алған ариф, салих, заһид, ғашықтар, барлық адал адам тірі Құранға айналды. Бірақ өкінішке орай, қазіргі кезде Құранды таяз түсініктерімен өз пайдасына қарай бейімдеуге тырысатын адамдар аз емес. Олардың жағдайы аятта былай баяндалады:

«Аллаһтың аяттарын беріп, азғана құнды (дүниелік мал мен нәпсінің қалауын) сатып алып, (адамдарды) Оның жолынан адастырды. Расында, олардың істегендері жаман іс» (Тәубе сүресі, 9).

Алайда, Құран Кәрім олар түсіне алмайтындай ұлық әрі қасиетті кітап. Аятта Аллаһ Тағала Құранның қасиетін былай баяндайды:



وَهَذَا كِتَابٌ أَنْزَلْنَاهُ مُبَارَكٌ فَاتَّبِعُوهُ وَاتَّقُوا لَعَلَّكُمْ تُرْحَمُونَ

«Міне, бұл (Құран) – мүбәрақ кітап. Оны біз түсірдік. Оған мойынсұнындар және (Аллаһтан) қорқындар, сонда сендер рахымшылыққа бөленесіндер» (Ән'ам сүресі, 155).

Хадис шәрифте:

«Егер Құран теріге оралып отқа тасталса да жанбайды» делінеді (Ахмет, IV, 151, 155).

Бұл хадистің астарлы мағынасы «Құран Кәрімді жаттап, үкімдеріне мойынсұнған адам жәһәннамда жанбайды» деген сөз.

Сондай-ақ хадис шәриф осы ақиқатты басқаша баяндайды:

«Құран оқындар... Өйткені Аллаһ ішінде Құраны бар жүректі азаптамайды...» (Дәріми, Фәзәилүл-Құран, 1).

Сонымен қатар Аллаһ Расулы ﷺ осы сүйіншілермен қатар:

«Ішінде Құраннан ештеңесі жоқ адам қираған үй сияқты» (Термези, Фәзәилүл-Құран, 18/2913) – деп, үмметіне ескерту жасайды. Жан-дүниеміздің ішінде ешқандай тіршілік белгісі байқалмайтын құрғақ шөлге айналмауы үшін бізге берілген ең үлкен Аллаһтың аманаты болып табылатын Құранды оқу, түсіну және өмірге енгізу арқылы әрдайым құрмет тұтуымыз керек. Оның алдындағы міндетімізге немқұрайдылық таныту және оны назардан тыс қалдыру мәңгілік қасіреттің ең қорқынышты себептерінің бірі болып саналады. Сондықтан



ақын Акифтің мына жолдарындағы ескертуді естен шығармауымыз керек:

*Түспеген тіпті де Құран, мұны нақты біліңдер,
 Мазарлықта оқу үшін, бал ашу үшін!..*

Ақиқат пен әділет атына әрбір тоқырау заманынан құтылудың шарасы, Құран Кәрім қызметіндегі талпыныстан тұрады. Нағыз береке осында. Қазіргі заман мұндай талпыныстардың өмірлік маңызға ие болған кезеңі. Бұл заманда барлық үмметтің жаңадан сілкініп, өз болмысына оралуын қамтамасыз ететін негізгі қызмет – Құран Кәрімге бағытталған байланысты күшейту болып табылады.

Шет тілін үйрену үшін қанша еңбек жұмсап, балаларымызды оқу орындарында оқытып, діни мекемелерді назардан тыс қалдырып, тіпті менсінбей, балаларымызды Аллаһтың сөзі мен Оның руханиятынан құр қалдырғанымыз өкінішті-ақ. Алайда, ең үлкен жетістік – өлгеннен кейінгі рухани өміріміз үшін қор жинайтын, артымыздан дұға ететін қайырлы ұрпақ қалдыру.

Адамдардың көбінесе материяға тәуелді болған заманда Құран үйрету дәрістерінің өздерін жаңартып, тек оқуды үйретумен шектелмеуі шарт. Құранның ғазиз мағынасы, әсіресе пайғамбарларға қатысты қиссалары және осы қиссалардағы Аллаһтың үгіттері жайлы әңгімелеу арқылы иман шабытының күшейтілуі керек. Сонымен қатар Аллаһ Расулының ﷺ сөздері мен іс-әрекеттеріне де аса көңіл бөлінуі қажет. Өйткені Ол өнегелі өмірімен Құранның жанды тәфсірі іспеттес. Пайғамбар өмірін лайықты түрде білу, оны жеткілікті түрде үйрену үшін де тіршілік пен ахлақ тұрғысынан



Аллаһ Расулының артынан еріп, соған ұқсауға тырысу керектігі белгілі жәйт.

Қазіргі кезде көптеген спортшылар мен әртістердің өмірлерін өнеге тұтып, ал ақиқат пен бақыттылық жолының көшбасшысы болған пайғамбарлардың тек аттарын білу, солар жайындағы Құранның насихаттарынан ғибрат алмау өте үлкен өкініш.

Құран үйретушілер, әсіресе бүгінгі күні, шәкірттеріне ерекше көңіл бөлулері қажет. Шәкірттеріне ықпал ету үшін «сүйіспеншілік» қасиетін қолданып, өздерін сүйдіруі керек.

Өйткені білімсіз және сүйіспеншіліксіз білім беру босқа жалықтырып, шаршатып жібереді.

Сонымен қатар Құран Кәрім барлық білімдердің хикмет жағын қамтығандықтан қазіргі кездегі Құран мұғалімдерінің күнделікті ғылыми жаңалықтардан да хабардар болып отыруы шарт. Марқұм Акифтің мына бір жолдары Құран алдындағы жауапкершілігімізді тамаша баяндайды:

*Тікелей Құраннан алып аянды,
Ғасырдың түсінігіне сөйлетейік Құранды!..*

Аллаһ Тағала мәңгілік бақыттылық пен һидаят жолын көрсетуші Құран Кәрім аяттарын жаттап, үкімдерімен амал етіп, сырларын ұғынған мүмин ретінде өмір сүріп, қиямет күні Құранның жағымды куәлігі мен шапағатына бөленуімізді нәсіп етсін!..

Әмин!..



Қуран Кәрімеге Махаббат пен қызмет



Әр әке-шешенің баласына беретін ең құнды сыйлығы мен ең үлкен қазынасы – оны Қуран мәдениетіне бейім етіп өсіру.

Пайғамбарымыз ﷺ былай дейді:

«Қуран – байлық, одан кейін кедейлік болмайды (яғни оған ие болған адам ең үлкен қазынаға ие болған деген сөз) және одан басқа байлық та жоқ (яғни ол Аллаһтың қазынасы ешбір материалдық байлықпен салыстыруға келмейді)»

(Хәйсәми, VII, 158).



Құран Кәрімге Махаббат пен қызмет

Құран Кәрім мұминдер үшін үлкен құрмет пен сүйіспеншіліктің көзі. Өйткені ол Раббымыздың сөзі, сонымен қатар «**һидаят көшбасшысы**» болғандықтан біздің есімізге Аллаһ Тағаланы түсіреді. Сондықтан Құран «**Раббысын таныған және Оған сүйіспеншілікпен бет бұрған**» әрбір көңілдегі терең махаббат тақырыбы. Өйткені Мұхаммед үмметі үшін ең үлкен Аллаһтың сыйы ретінде Құран Кәрімді тану болған. Аллаһ Тағала бұл ақиқатты былай деп жеткізеді:

لَقَدْ أَنْزَلْنَا إِلَيْكُمْ كِتَابًا فِيهِ ذِكْرُكُمْ أَفَلَا تَعْقِلُونَ

«Ант етеміз, сендерге атақ-абырой беретін Кітап түсірдік. Әлі де ақылға салмайсындар ма?» (Әнбия сүресі, 10)

Расында, Хазіреті Адаммен عَلَيْهِ السَّلَام басталған және Ақырзаман Пайғамбарымен ﷺ кемеліне жеткен Исламның Құран Кәрім арқылы жеткен жетістігі адам баласы үшін абырой мен парасаттылықтың шыңы болып табылады. Осылай сол ұлық кітаппен лайықты түрде біте қайнасқан көңілдердің жететін рухани шыңы ақыл мен қиял жетпейтін тұңғиық мағыналарды





қамтиды. Өйткені Құран Кәрімнің нұрлы сәулесіне жүгінбей жаратушының заттық, сипаттық ақиқаттарын түсіну және адамның қайдан келіп, қайда баратындығы сырына жету мүмкін емес.

Сол себепті Құран Кәрім барлық жағынан көзіміздің шырағы, жүрегіміздің қуанышы, һидаятымыздың нәрлі көзі болып табылады. Тұра жол көрсетуші және руханият күні болған Аллаһтың Кітабы надандық қараңғылығына батқан, қорқынышты қан көліне айналған бәдәуилік сахараларын нұрлы мәдениет бағына айналдырып, дұшпандыққа, күрес пен қылмысқа толы зұлымдық балшығын дін бауырластығының тыныштық пен сүйіспеншілік ауасына алмастырды. Исламнан бұрын бір-бірін өлтірген тайпалардың өмірі әсем тыныштыққа қауышты. Ол өзіне мойынсұнған қауымды барлық уақытта, барлық жерде тыныштық пен бақыттылықтың шыңына жеткізетін хидаят жұлдызы. Адамзаттың қолында дүниелік өмірді жәннатқа айналдырған осыншама ықпалды себеп бүгінгі күнге дейін болмаған және бұдан кейін де болмақ емес...

Қысқаша айтсақ, Құран Кәрім – барлық жағынан бүкіл әлемнің сөз айнасындағы көрініс. Өйткені әлемдегі барлық ақиқаттар Құранда көрсетілген. Өйткені Құран адамзатқа жіберілген соңғы иләһи хабар, соңғы үндеу. Әлемдегі жасырын ақиқаттар медицина, ботаника, астрофизика және эмбриология сияқты салалар ғалымдары тарапынан зерттелген, олардың түсініктемелері мен ғылыми жаңалақтарындай Құран Кәрім де Ислам ғұламалары тарапынан зерттеліп, уақыт өте келе ақиқаттары жарыққа шығып отырды. 1400 жылдан бері оның терең мазмұнына үңіліп, мағынасындағы ақиқаттарды зерттеген көптеген ғалым-Хақ достары одан



ақыл мен сана, түсініктемелер мен мүмкіншіліктер мөлшеріне сай нәсіп алып отыр. Бұл әрекет қияметке дейін жалғаса да Құрандағы ақиқаттар түгел ашылып бітпейді. Өйткені Құранның әрбір сөзі оны түсінген ғалымның санасының деңгейінде емес, одан да терең мағынаға ие. Бірақ адамдардың басым көпшілігіне керегі – оның сыртқы мағынасы. Бұл адам өмірін көміл түрде қалыптастыруға жеткілікті. Ондағы ақиқат теңізін толық түсіну мүмкін емес. Бұл Расулұллаһқа ﷺ ғана тән ерекшелік. Өйткені Құран әлсіз адамның білімі емес, осы дүниедегі барлық ғылымдардың қағидаларын ортаға қойып, адамдарға ұсынған Аллаһ Тағаланың ілімі. Сонымен қатар ғылыми жаңалықтарға себепкер болған түсінікті жаратушы да сол сөздердің иесі – Хақ Тағала.

Сол себепті, мүфәссір әр аятқа ғылымдағы шеберлігі мен рухани қабілетіне қарай мағына берген сөзін «дұрысын ең жақсы білуші – Аллаһ!» деп аяқтайды.

Хақ достары да Құранның әрбір сөзінен, тіпті, әрбір әрпінен басқа сырларды байқаған. Олар барлық білімдері мен жазылған кітаптарының Құран нұрынан бір ғана көрініс екендігін мойындаған.

Құран Кәрімді ғасырлар бойы миллиондаған қарилар жаттаған. Мұсылман емес ғалымдардың өздері де мойындай³⁸ бұл жағдай жер бетінде ешбір кітапқа нәсіп болмаған ерекшелік. Мұны Пайғамбарымыз ﷺ:

«Үмметімнің ең абыройлысы – Құран Кәрімді жаттаған

38. Қараңыз, Ж.Ж.Г. Джансен, Құранға жақындау ауд, Халилрахман Ачар, Анкара 1999, 42.





қарилар мен түнді құлшылықпен өткізгендер» деген хадисімен қуаттаған (Сүюти, I, 36/1063).

Осындай ұлық кітапты шамамыз келгенше мағыналарын түсінетіндей деңгейде үйрену, оны үйрету әрі жаратылысымыздың, әрі иманымыздың шарты болып табылады. Өйткені Құран қазір өзіне ынтық адамдар мен жүректерді іздейді.

Хазіреті Пайғамбар ﷺ былай деп бұйырады:

«Құран – байлық. Одан кейін кедейлік болмайды (яғни оған ие болған адам ең үлкен қазынаға ие болған деген сөз) және одан басқа байлық та жоқ (яғни ол Аллаһтың қазынасы ешбір материалдық байлықпен салыстыруға келмейді)» (Һәйсәми, VII, 158).

Құдси хадисте Аллах Тағала:


«Кімде-кім Құран Кәрімді оқып, Мені зікір етуі себебінен Менен бір нәрсе сұрауға қолы тимесе, сұрағандарға бергенімнен де артығын оған беремін» дейді (Термези, Фәзәилүл-Құран, 25/2926).


Құран Кәрімге деген сүйіспеншілік пен тағзым


Біз үшін өнегелі тұлғалар болып саналатын сахабалар мен әулиелердің Құран Кәрім алдында сезінген үлкен жауапкершілік сезімі оны қаншалықты өмірдің өзегі еткендігі белгілі. Қай жағынан болмасын олардың Құран Кәрімге деген тағзым мен құрметі біз үшін ең тамаша үлгі. Олар өмір бойы Құран Кәрімді дәріптеп, бейне бір тірі Құран сияқты




өмір сүрген. Сөз жоқ, бұл да Хазіреті Пайғамбардың ахлағын бойларына сіңірудің нәтижесі. Мысалы:

Хазіреті Омар мен Хазіреті Осман  күнде таңертең тұрған кезде Құран кітапты сүюді әдетке айналдырған.

Абдұллах бин Омар  да күнде таңертең Құранды қолына алып сүйіп, тебіреніспен: «Раббымның уәдесі, Раббымның ашық пәрмені!» деп, сүйіспеншілігін білдіретін (Кәттани, II, 196-197).

Икримә  Құран кітапты алып, бетіне, көзіне тигізіп, жылап «Раббымның сөзі! Раббымның кітабы!» деп, Аллаһ Тағалаға деген тағзымы мен сүйіспеншілігін білдіретін (Хақим, III, 272).

Ол кезде сиямен жазылған жазуларды өшіргенде сумен жуатын. Әнәс  төрт халифаның кезіндегі шәкірттердің Құран аяттары жуылған суды қалай болса солай төкпейтіндігін, керісінше, арнайы ыдысқа жинап, қабірдің қасына немесе аяқ баспайтын жерге шұңқыр қазып төгетіндігін айтады. Және де ол суларды шипа ретінде қолданған кездері де болған (Кәттәни, II, 200).³⁹

39. Сахабалар мен Хақ достарының осындай тағзымына қарағанда Құранның қасиеті мен руханиятына қатты мұқтаж болып отырған қазіргі кезде, өкінішке орай, кейбір надан адамдардың дәретсіз Құран оқу және оқытуға пәтуа беруге тырысуы өте үлкен қателік. Алайда, аятта нақты түрде былай делінеді:

لَا يَسْمُؤُا إِلَّا الْمَطْمُؤُونَ

«Оған толық тазарғандардан басқасы қол тигізе алмайды» (Уақиа сүресі, 79).

Бұл аятта кіші дәрет, бой дәрет және әйелдердің белгілі жағдайлары (яғни етеккір және нифас жағдайлары) туралы айтылған. Төрт мәзһәб та Құранға дәретсіз қол тигізудің харам екендігіне бір ауыздан келіскен (Мәусуатүл-Фиқһия, XVIII, 322).

Тек Мәлікі ғалымдарының біріне қатысты көзқарас бойынша, етеккір жағдайы созылған жағдайда





Сахабалар тағзыммен, құрметпен қатар Құран Кәрімді көп оқитын. Оны оқымаған немесе оған қарамай бір күннің өткенін қаламайтын. Күнді Құранмен бастап, көзі ауыргандарға да Құранға қарауға кеңес беретін (Һәйсәми, VII, 165).

ұмытлып кететіндіктен Құран жаттаған етеккірлі әйелдің Құран Кәрімді «жатқа оқуына» рұқсат берілгендігі айтылады. (Ибн Құдомә, әл-Мүғни, I, 193) Алдыңғы қатарлы хадис ғалымы Мағрибтық Хасан бин Сыддық әл-Ғимари өткен жазда Түркияға келген кезінде одан «етеккірлі әйелді Құран оқуына» қатысты Мәлікі мәзһәбіне қатысты пәтуа туралы сұрадық. Ол бұл көзқарастың негізсіз екендігін, Мәлікі мәзһәбінде бұл көзқарас бойынша амал етілмейтіндігін айтып, әйелдің кейбір уақыттарда Құран оқуының харам болатындығын айтты. Сонымен қатар Меккелік Фихр ғалымы Қубәйсиге де осы мәселе жайлы сұрақ қойылған кезде ол «Аллаһтың өмірін орындау парыз, керісінше істеу харам. Дәретсіз адамдардың Құранды ұстауы да аяттар мен хадистерде харам етілген» деген.

Имам Мәлік те былай дейді:

«Дәретсіз адам Құранды қабымен немесе жастықтың үстіне қойып та алып жүре алмайды, бұл мөкруһ... Бұл Құранға деген тағзымға байланысты» (Муатта, Құран, 1).

Сондықтан қазіргі кезде төрт мәзһәбтың да мәселенің харам екендігінде бір ауыздан келісетіндігі түсінікті болып отыр. Хазіреті пайғамбардан бастап 1400 жылдан аса уақыт осылай жүзеге асып келеді. Хадис шәрифтерде былай делінеді:

«Етеккірлі әйел болсын, жүніп болған адам болсын, Құраннан ештеңе оқи алмайды» (Термези, Тахарат, 98/131)

«Құранды таза адамдардан басқа ешкім ұстамасын!» (Хақим, I, 533/1447)

Сонымен қатара Расулұллаһ г Амр бин Хазмды Йеменге жіберген кезінде оған парыздарды, сүннеттер мен ерекше жағдайларды түсіндіретін бір баяндама жазған болатын. Сол жазуда Хазіреті Амрдың адамдарға Құран үйрететіндігі, білім мен үкім, хикметтерін жеткізетіндігі айтылғаннан кейін адамның таза болмаған жағдайда Құранға қол тигізуіне тыйым салынатындығы айтылады. (Кәттани, I, 216)

Имам Мәлік осы риуаят жайында былай дейді: Расулұллаһтың г Амр бин Хазмға жазған жазуында мынадай хадис бар:

«Құранды тек таза адамдар ұстасын!» (Муатта, Құран 1).

Бір батыс ғалымына қатысты мына бір сөздер гасыр бойы мұсылмандардың Құранға қаншалықты құрмет көрсеткендігін білдіреді:

«Құранның тілі барынша қарапайым әрі тартымды. Құран көрген құрметті дүниеде ешбір кітап көрмеген және көрмейді де. Тіпті, мұсылмандар толық таза болмаса кітаптарын ұстамайды» (Әшрәф Әдиб, Құранның азаметі уә ихтишамы, Ыстанбұл, жылы белгісіз, 58 б.)

Құран Кәрім – ең маңызды «Шәһайр Ислам», яғни Исламның рәміздерінің бірі. Аятта:

«...Кімде-кім Аллаһтың рәміздеріне тағзым ететін болса, сөз жоқ, бұл жүректердің тақуалығы» (Хаж сүресі, 32) делінеді.



Аллаһ Тағала дәрігерлік шипалармен қатар Құран арқылы тілек тілеген кезде қанша көзге шипа берген. Көздері ауырса да қари болуға тырысқан жастардың шынайы талаптары мен ниеттерінің көрінісін – қарылықтан кейін тез айығып кеткендерді көрдік.

Құранның шипа болуын Расулұллаһ ﷺ былай жеткізеді:

«Дуаның ең жақсысы – Құран» (Ибн Мәжә, Тыб, 28)

Сонымен қатар Құранға жасалған қызметтерге байланысты **«Жәмиұл-Құран/Құран жинаушы»** деген сипатпен танылған Хазіреті Осман رضي الله عنه көп оқығандықтан екі Құранды ескірткен болатын (Кәттани, II, 197)

Абдұллаһ бин Омар азат еткен Нафиге:

«Абдұллаһ үйінде не істейтін еді?» – деп сұраған кезде:

«Адамдар оның істегенін істей алмайды! Ол әрдайым намаз үшін дәрет алып, осы екі уақыттың арасында Құранды ашып, үнемі Құран оқитын» деген болатын (Ибн Сад, IV, 170).

Құран сүйіспеншілігінің тарихтағы ең тамаша мысалдарының бірі – Османлы мемлекетінің негізін салушы Осман Ғазидың көрсеткен ісі. Ол адам сол кездегі әулиелердің бірі Шәйх Әдебали Хазіретінің үйіне қонақ болған күні бөлменің қабырғасында Құран ілулі тұрғанын көріп, оған құрметсіздік бола ма деп қорқып, аяғын созып ұйықтамаған. Мемлекетінің дүниені билейтіндігіне жорылған белгілі түсін де тағзыммен өткен сол түнде отырған күйі ұйықтап қалғанда көргені айтылады. Жалпы сол мүбәрақ адам негізін салған үлкен мемлекет Құран Кәрімге деген осындай керемет құрмет





пен сүйіспеншіліктің берекесі арқасында ұзақ өмір сүріп, Аллаһтың қолдауына ие болған.

Орхан Ғазидің ұлы Мұрат ханға айтқан мына насихаттары осы тағзымның басқа бір көріністері:

«Балақайым! Құран Кәрімнің үкімдерінен айрылма! Үкімді әділеттілікпен үкім шығар! Батырларды назарыңда ұста! Пақырларды тойдыр! Дінге қызмет еткендерге өзің қызмет етуді абырой деп сана! Залымдарды жазалауға кешікпе! Әділдіктің ең жаманы – жүзеге кеш асқаны. Үкім орынды болса да, уақытында орындалмаған әділдіктің өзі зұлымдықтың бір түрі болып табылады».

Осы бағалы сөздерден түсінікті болғандай, үгіт-насихаттардың өзегі – «Құранға құрмет көрсет және әмірлеріне мойынсұн» деп кеңес беру. Сондықтан әке-шешенің баласына беретін ең құнды сыйлығы және ең үлкен қазына – Құранның әдебімен тәрбиеленгені.

Бабаларымыздың Құран Кәрімге барынша үлкен құрмет көрсетуі – Аллаһ Тағалаға деген сүйіспеншіліктің айқын көрінісі. Аллаһ Тағала сөздеріне сүйіспеншілікпен қараған және онымен біте қайнасқан құлдарын сүйеді. Расулұллаһ ﷺ былай бұйырады:

«Аллаһ түнде екі рәкәат намаз оқыған (және Құран оқыған) құлды естігендей ештеңені тыңдамайды. Аллаһтың рахымшылығы намаз кезінде құлдың басына жауады. Құлдар Құранмен бірге болғандарындай ешқашан Аллаһқа жақын болмайды» (Термези, Фәдәйлүл-Құран, 17/2911)



Әбу Зәһр :

«О, Расулаллаһ! Маған насихат айтыңызшы!» – дегеніне
Пайғамбарымыз:

«Құран оқы, Аллаһты зікір ет. Өйткені Құран жер бетінде сен үшін нұр, көкте саған азық» деген болатын (Ибн Хиббан, II, 78).

Құран Кәрім жүрегімізге дауа, рухымызға қорек пен шипа көзі. Құранға деген сүйіспеншілігіміз бен адалдығымыз қаншалықты болса, оның дауасы мен шипасы да соншалық болады. Өйткені оны «әрі шипа әрі рахымшылық» ретінде берген. Аятта былай делінеді:

وَنَزَّلُ مِنَ الْقُرْآنِ مَا هُوَ شِفَاءٌ وَرَحْمَةٌ لِّلْمُؤْمِنِينَ وَلَا يَزِيدُ الظَّالِمِينَ إِلَّا خَسَارًا


«Біз мұминдерге шипа және рахмет болатын Құран аяттарын түсіреміз. Бұл Құран тек қана кәпірлердің зиянын арттыра түседі» (Исра сүресі, 82)

Құран Кәрімді түсініп, сезініп және фәйіз алып отырып оқу

Шынайы бақыт – Құрани ақиқаттардың бағында өмір сүру. Екі дүниенің бақыты Құранның айбынына орану арқылы жүзеге асады. Өйткені Құран адамның іші-сыртын тазартатын нұр, жүрекке ғибраттар мен хикметтерді құятын насихат, қоғамдық мен жеке адамның ауруларына дауа, Хаққа апаратын ең тура әрі қауіпсіз жол. Қараңғыда жарық



беретін, өмір тылсымын шешетін жол сілтеуші, мәңгілік өмірдің бақыттылығы мен тепе-теңдігін қамтамасыз ететін Аллаһтың сөзі.

Құранның осы ерекшеліктерінен пайдалану үшін оны терң сезініп, фәйіз алып отырып оқу қажет. Сондай-ақ Әбу Нұрайра  риуаят еткен мына бір ғибратты оқиға осы ұлық Құранды түсініп отырып оқу және үкімі бойынша амал ету керектігін көрсетеді:

«Пайғамбарымыз саны көп жасақ жібермек болды. Оларға Құран оқытты. Әрқайсысы өзі жатқа білетінін оқыды. Жасы кішілердің қасына келіп:

«Ей, пәленше! Сен жатқа не білесің?» – деді.

«Жатқа пәлен сүрелерді және Бақара сүресін білемін!» – деді.

«Бақара сүресін жатқа білесің бе?» – деп сұрады.

«Иә!» – деген жауап алған соң:

«Қане, бар, оларға қолбасшы бол! Өйткені ол сүре дінді толық қамтитын ауқымда» – деді.

Жамағаттың алдыңғы қатардағыларының бірі:

«Уа, Расулаллах! Ішіндегілерді орындай алмаспын деген қорқыныш менің сол сүрені жаттауыма кедергі болды» – деді.

Сол кезде Расулұллах  былай деді:

«Құранды үйреніңдер, оқыңдар, оқытыңдар және ол



бойынша амал етіңдер! Өйткені Құранды үйреніп, оқып, онымен амал еткен адам ішіне жұпар толы қорап сияқты иісі жан-жаққа тарайды. Құранды үйреніп, ұйықтаған адам (Құранға қызмет етуден артта қалған) адам болса, ішіне жұпар құйылып аузы бекітілген қорап сияқты» (Термези, Фәзәилүл-Құран, 2/2876).

Аллаһ Расулының жоғарыдағы сөздері Бақара сүресін оқып, оны өмірде қолданған адамның рухани-материалдық дәрежесінің көтерілетінін көрсетеді.

Құран Кәрімнің жалпы әрі бірден-бір мақсаты – ақыл мен ойды ғапылдыққа салатын құмарлыққа бет бұрудан құтқару арқылы барлық жан-дүниемен Аллаһты тануға және Алаһқа жақындауға жетелеу. Осы мақсатқа жету үшін әрдайым Құранмен бірге болу керек.

Әрбір мұмин Құранның иесі ретінде оны түсініп, өмірде қолдануы иманның шарты әрі тақуалықтың көрсеткіші болып табылады. Сахабалар Расулұллаһтан ﷺ он аят үйренгеннен кейін сол аяттардағы әмірлер мен хикметтерді жақсы түсініп, өмірлерінде қолданбайынша келесі он аятқа өтпейтін (Ахмед, V, 410). Мәселен Абдұллаһ бин Омар رضي الله عنه Бақара сүресін сегіз жылда бітірген (Муатта, Құран, 11). Қорыта айтқанда сахабалар Құрандағы біліммен амал етіп, сол Құрандағы хикметтермен кемелденген болатын.

Хазіреті Әли رضي الله عنه Құран Кәрімді пайдаланудың жолын көрсетіп мынадай насихат айтады:

«Аллаһтың кітабын үйреніңдер. Өйткені Аллаһтың кітабы – сөздердің ең құндысы. Дінді жақсы түсініңдер. Өйткені дінді жақсы түсіну жүректі нұрландырады. Құранның





нұрынан шипа тілеңдер. Өйткені ол жан жарасына дауа. Құранды хақысын бере отырып оқыңдар, өйткені ең тамаша хабарлар мен үлгілер сонда».

Абдұлқадир Гейлани құддисә сирруһ та Құранның қасиеті жайлы мынадай сөздер айтады:

«Ей, ұлым! Құранмен амал ету сені Құранның дәрежесіне көтереді, сол жерге отырғызады. Сүннетпен амал ету де Аллаһ Расулына ﷺ жеткізеді. Расулұллаһ рухани жәрдемімен, жүрегімен Аллаһ достарының жүректерінен бір сәт те шықпайды. Аллаһ достарының жүректеріне көрік берген, хош иіс сіңіретін сол. Олардың болмысын тазалайтын, жағымсыз қылықтардан арылтатын да, көріктендіретін де сол».

Мұхиддин ибн Араби құддисә сирруһтың Құранды терең сезініп және фәйіз ала отырып оқу керектігі жайлы кеңестерінің бірі мынадай:

«Құранды көп оқып, мағынасына көп ой жүгіртуің керек. Оны оқыған кезде Аллаһтың сүйікті құлдарына берген тамаша сипаттарға назар сал және сол қасиетке ие болуға тырыс! Аллаһтың жағымсыз санаған азабына ұшырағандарға берген жаман сипаттар мен қылықтарды да біліп, олардан аулақ бол! Өйткені Аллаһ Тағала кітабында оларды тек қажетінше амал етсін деп айтқан. Сондықтан Құран Кәрім оқылған кезде мағынасын терең ұғынып түсіну үшін әрдайым Құранмен бірге бол.

«Сөздің ең жақсысы – Аллаһтың кітабын оқыған кезде ол Раббымыздың сөзі екендігіне, ішіндегі үкімдер мен қиссаларға жақсылап ой жүгірт! Осылайша Аллаһ Тағала саған терең түсінік сылайды. Жәбірәйіл Құранды Аллаһ



Расулының жүрегіне түсірді. Құран Кәрім өзін оқыған таза жүректі адамдардың жан-дүниесіне әр оқыған сайын жаңа түскендей фәйіз береді. Құранды басқаларға да үйрететін болсаң, Аллаһтың өкілі боласың».

«Аллаһтың аяттарын ғапылдықпен оқымауға мұқият болу керек. Сезімтал жүрекпен сезіне отырып, өмірде қолдануға тырыса отырып оқу керек. Қаншама қарилар мен ғалымдар Аллаһтың кітабын ғапылдықпен оқығандықтан пайдасын көрмей кеткен».

«Бір сүрені бастасаң, оны бітірмей сөйлеспе! Бір науқастың қасына барсаң, Ясин сүресін оқы!»

Ибн Араби Хазіреті бұл жерде басынан өткен оқиғаны былай баяндайды:

«Бір күні қатты науқастанып қалған едім. Есімнен танғандай болдым. Қорқынышты адамдарды көрдім, маған зәбір көрсеткісі келді. Сол кезде хош иісті тамаша жүзді бір адам келіп, олардың барлығын қуып жіберді. Қатты қуанып:

«Сіз кімсіз?» деп сұрадым. Ол:

«Мен Ясин сүресімін!» – деді. Көзімді ашып қарасам, бас жағымда әкемнің Ясин оқып отырғанын көрдім. Бітірген соң көргендерімді айтып бердім. Әкем маған:

«*Өлліктеріңізге Ясин сүресін оқыңдар*» (Ахмет, V, 26) деген Хазіреті Пайғамбардың әмірі бар» деді».

Ибраһим Дәсуки құддисә сирруһ та Құранның фәйізінен пайдалану турасында былай дейді:





«Құран оқитын адам алдымен тілін жаман, жағымсыз сөздерден тазартуы тиіс. Ысырап жасамауы және харамдар мен күмәнді нәрселерден сақ болуы керек. Егер осыларға назар аудармайтын болса, Құран Кәрімнің алдында әдепсіздік жасаған болады... Бұл жағдайда жадындағы Құран оған лағынет айтып, былай дейді: Кімде-кім Аллаһтың сөзіне тағзым етпесе және онымен амал етпесе, оған Аллаһ лағынет етсін!»

«Балам! Құранның сырларын түсінгің келсе нәпсіңді тазарт және Құранның фәйзінен пайдалануға тырыс! Бос сөйлеме, пайдалы істермен айналыс! Иегіңді түсір (қарапайым бол), топырақтан келгеніңді және топыраққа баратыныңды ұмытпа! Күнәларыңның қиямет күні алдыңнан шығуынан қорық! Амалдарыңның қабылданып-қабылданбайтынын жақсылап ойла! Егер осыларды істейтін болсаң, Раббыңның сөздеріндегі қаншама нәзік мағыналар мен сырларды түсінесің. Олай істемесең, бұл есік саған жабық».

Сол себепті Құранның руханиятынан құр қалып жатпаған, әрі рухсыз тек әдемі дауыспен оқыған адамдар, Аллаһтың кітабымен бірге болса да, өмірлері мен тиымдары бойынша амал қылмайынша «Құран иесі» болып саналмайды. Өйткені мұсылмандар үшін ең басты мақсат – өмірлерін Құранмен безендіру, яғни өзін тірі Құранға айналдыру ниеті, ойы – талабы. Сондықтан да нағыз сопы Құран Кәрім мен Пайғамбар сүннетін өмірінде құлшылық, қарым-қатынас және ахлақ кемелдігімен қолданған адам.

Хазіреті Пайғамбарға ﷺ деген сүйіспеншілігін білгісі келген мүмин де сол сияқты Құран ілімінен қаншалықты жеміс алғандығын, оны өмірінде қаншалықты қолданғанына қарауы керек.



Құран Кәрімді балаларымызға үйрету

Балаларымызға Құранды үйрету арқылы оларға ең үлкен қазынаны бергеніміз. Олар өздеріне жүктелген баға жетпес аманаттың арқасында Аллаһ пен Расулының сүйікті адамдарына айналады. Расулұллаһ ﷺ Құран иелерін бәрінен де жоғары санап, оларды үнемі бағалаған. Пайғамбарымыз Тәбук жорығына шығарында Нәжжәр ұлдарының туын Үмәрә бин Хазмға берген болатын. Кейіннен Зәйт бин Сабитті көріп, туды Үмәрәдан алып соған берді. Үмәрә ﷺ:

«Уа, Расулаллаһ! Маған ренжідіңіз бе?» – деп сұрағанда Пайғамбарымыз:

«Жоқ! Уаллаһи ренжімедім! Бірақ сіз де Құранды таңдаңыз! Зәйт Құранды сенен көбірек жаттаған! Мұрны тесілегі қара нәсілді құл да болса, Құранды көп жаттаған адам басқалардан жоғары болады!» деді.

Әус пен Хазраж тайпаларына да туларын Құранды ең көп жаттаған адамдарға берулерін бұйырды. Сол кезде Ауф ұлдарының туын Әбу Зәйт, Бәни Сәлиманың туын Мұаз ﷺ алып жүрді (Уакиди, III, 1003).

Құран иелерінің үстемдігіне қатысты басқа ғибратты оқиға мынадай:

Нафи бин Абдил-Харис Усфанда Хазіреті Омарға ﷺ жолығады. Хазіреті Омар оны Меккеге әмір етіп тағайындағандықтан:

«Меккеліктердің басына кімді тастадың?» – деп сұрады. Ол:





«Ибн Әбзаны!» – деді.

Хазіреті Омар:

«Ибн Әбза деген кім?» – деген сұрағына Нафи:

«Азат еткен құлдарымыздың бірі» – деді.

Омардың ﷺ:

«Орнына азат етілген (құлды) қалдырдың ба?» – деген сұрағына мынадай ғибратты жауап берді:

«Ол Аллаһтың кітабын оқиды, парыздарын да жақсы біледі».

Сонда Хазіреті Омар таңданып:

«Расулұллаһ ﷺ:

«Аллаһ мына Құран арқылы кей адамның қадірін өсіреді, кейбірін төмендетеді» деген еді!» деді (Мүслим, Мүсәфирин, 269).

Аллаһ Расулы мен сахабаларының Құранды білетін үкімдері бойынша амал ететін адамдарға көрсеткен құрметі арқылы ұрпақтарымыздың Құранды үйреніп, оның фәйзіне қол жеткізулері үшін мүмкіндігінше еңбектенуіміз керек. Құранға көрсеткен немқұрайдылық сияқты рухани өмірге қауіп төндіретін қателіктің болмау керектігін ұмытпағанымыз жөн.

Тура жолда өмір сүріп Аллаһ пен Расулының разы болған үммет деңгейіне жету үшін алдымен өзіміз, балалырымыз және қоғам болып Құран мәдениетіне ие болуымыз керек.



Өйткені Құран Көрім бізге өмірдің барлық сатыларында иләһи жол көрсетуші. Аллаһ Тағала былай бұйырады:

وَلَقَدْ ضَرَبْنَا لِلنَّاسِ فِي هَذَا الْقُرْآنِ مِنْ كُلِّ مَثَلٍ لَعَلَّهُمْ يَتَذَكَّرُونَ

«Расында, біз адамдар ойланып, ақылға келсін деп осы Құранда әр түрінен мысал көрсеттік» (Зүмәр сүресі, 27).

Құранның үштен бірінен артығы пайғамбарлар мен солардың ғибратқа толы қиссаларын қамтиды. Әрбір мұминнің жүрегі қашан да Құранмен бірге болып, өзіне қатысты мәселелердің шешімін Құраннан табуы керек. Өйткені Құран әртүрлі дертке дауа болады.

Расулұллаһ ﷺ Құранның ілімімен, хикметтерімен өміріне жөн берген, ахлағын бойына дарытқан және балаларына Құранды мұқият үйреткен әке-шешелерге мынадай сүйінші жеткізеді:

«Балаларыңды үш жағынан тәрбиелеңдер: Пайғамбарға деген сүйіспеншілік, пайғамбар әулетіне деген сүйіспеншілік және Құран оқу... Өйткені Құранды жаттағандар (қарилар) ешқандай көлеңкесіз қиямет күні пайғамбарлар және Аллаһ достарымен бірге Ғарыштың көлеңкесінде болады» (Мүнәуи, I, 226).

Құран тәрбиесі – кішкентай кезінен бастап мұқияттылықпен орындалуды қажет ететін міндет. Өйткені баланың құлағы Құранның үніне, жүрегі Құранның әлеміне құштар болуы керек. Расулұллаһ ﷺ:

«Кімде-кім Құранды кішкентай кезінде үйренетін болса, Құран оның етіне және қанына сіңеді (яғни Құранның фәйзіне бөленеді)» деген (Әли әл-Мұттақи, I, 532).



Расулұллаһтың ﷺ өзі де Абдүлмұтталиб ұлдарынан бір бала жақсы сөйлей бастағанда, оған Исра сүресінің 111 аятын жеті рет оқыта отырып үйрететін.⁴⁰

Балаларымыз – өміріміздің жалғасы, өміріміздің көркі. Олар Ислам болмысына сай жаратылып, әке-шешелеріне аманатқа берілген. Сол себепті балалардың материалдық жаратылысымен қатар рухани өмірін де дамытып, дұрыс бағыт беру – әке-шешесінің ең маңызды міндеті әрі Аллаһ алдындағы жауапкершілігі.

Әр мүминнің баласына қалдыратын ең құнды әрі шыннайы мұрасы, мәңгіліктің байлығы. Балаларға фәни ләззәттар емес, солмайтын, ескірмейтін мәңгілік бақыт жолын көрсету керек. Мұның алғашқы шарты – олардың Құран Кәріммен іс жүзінде әрі саналы түрде біте қайнасуын қамтамасыз ету. Осы ақиқат жайында Пайғамбарымыз ﷺ:

«Сендердің ең жақсыларың – Құран Кәрімді үйреніп, өзгелерге үйреткендерің» деген (Бұхари, Фәзәилүл-Құран, 21). Сондықтан мүмин адам өмір бойы Құран Кәрімнің шәкірті әрі мүмкіндігінше білгендерін үйретуге міндетті.

Жеке адамдар, отбасылар мен халықтар ең ұлық Аллаһтың аманаты – Құран Кәрімге ие болып, оған мойынсұнған кездерін бейбіт өмір кешкендеріне тарих куә. Расулұллаһ ﷺ қоштасу қажылығында:

«...Сендерге сондай бір аманат қалдырып барамын, оған

40. Абдурразақ, әл-Мүсәннәф, Бәйрут 1970, IV, 334; Ибн Әби Шәйбә, әл-Мүсәннәф, Хайдарабәд 1976, I, 348 б.



мықтап ұстансаңдар жолдарыңнан адаспайсыңдар. Ол аманат – Аллаһтың кітабы мен Пайғамбарының сүннеті...» (Хаким, I, 171/318) деген және тарихи шындық арқылы көптеп жүзеге асқан ақиқатты меңзеген.

Ахлақ пен руханият тәрбиесі жеткілікті берілмесе, соның нәтижесі арсыздық, есірткі құмарлық және әртүрлі қылмыс пен зұлымдық көбейіп, сондықтан да отансүйгіштік сезімі әлсіреген қазіргі кезде Құран қызметі мен жанқиярлық өте үлкен мәнге ие болып отыр. Бұл бағытта немқұрайдылыққа салыну – өзіміз бен ұрпағымыздың және барлық үмметтің болашағына қауіп төндіру сияқты үлкен қателік.

Құранға дұшпан болудан артық бақытсыздық жоқ болса, оған қызмет ету турасында немқұрайдылық та соған жақын қылмыс болып табылады. Адамдардың селде аққан бұтақ сияқты заманның жағымсыз үлгілеріне салынған кезде тік тұруымыз керек және күпірлік, дінбұзарлық, немқұрайдылық селінен үстімізге тамшы да тигізбеу үшін жақындарымызға, отбасы мүшелеріне, айналамызға Құранды үйретуге, оның нұрын, фәйзін, берекесін таратуға тырысуымыз керек. Екі дүниеде де Құранға мұқтаж екендігімізді еш уақытта естен шығармағанымыз жөн. Құранмен әрдайым бірге болу, оның бұйрықтары мен тыйымдары арқылы өмірімізге бағыт беруге, ахлағын бойымызға сіңіруімізге дәнекер болады. Керісінше, болған жағдайда, үлкен қасіретке әкеліп соғады. Мәңгілік болашақты фәни ләззаттар үшін пида ету болып табылады.

Қазіргі заман отбасыларын ғапыллықтың тұтқыны еткен дәуір. Тіпті, топ-тобымен ұрпақтар құрбан болып жатыр. Алайда, ең жаман ысырап – адамдардың құрбан болуы.

Екіншіден, дінді, жанды, ар-намысты, мал мен ұрпақты





қорғау қажет. Бұлар отанды қорғау арқылы мүмкін болады. Сондықтан балаларымызға кішкентайынан бастап Аллахқа деген сүйіспеншілік, Құранға деген құштарлық пен отан-сүйгіштік түсінігін сіңіруге мәжбүрміз.



Құран Кәрімге деген сүйіспеншілік, шөлдеген көңілімізге берекелі көктем жаңбыры сияқты жаумайынша Мұхамме-ди маусымның бақытына жете алмаймыз. Көңіл бағы жаңбыр күткен топырақ сияқты Құранның руханияты мен ізгі амалдардың жаңбырын күтеді. Өйткені осы рахымшылық жаңбырымен жаратушысы үшін жаратылғанға мейірім, мәрхамат, қызмет пен сүйіспеншілік дәнекері өсіп шығады. Осылайша адам әлем кітабының мазмұны мен жаратылыстың үлкен нұсқасына айналады. Раббысы оның көретін көзі, еститін құлағы, ұстайтын қолы, жүретін аяғы және ойлайтын жүрегі болады. Қолын, тілі мен көңілін барлық жаратылыс пайдаланады.

Қасиетті аталарымыз дүниеде қол жеткізілетін ең үлкен жетістік пен ахирет жемісі болып саналатын ізгілік істер жасауға барынша мән беріп, қызметін төрткүл дүниеге жеткізді. Әсіресе екі дүниенің бақытына ие болу үшін Құран қызметіне көңіл бөлу керектігін өте жақсы түсінгендіктен Құранды ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа үлкен қажырлылықпен жеткізді. Біз де ақтық демімізді тапсырғаннан кейін қабіріміздің иен әрі оңаша қалмауы, қош айтқан дүние мен адамдардан келетін рухани көмектің жалғасын табуы үшін иман шабытын және Құранның руханиятын өмірімізге серік етіп және балаларымызға жеткізіп, рухымызды безендіруіміз қажет.



БАЛАЛАРЫМЫЗДЫҢ КЕМШЛІКСІЗ БОЛҒАНЫН ҚАЛАСАҚ, КЕМШЛІКСІЗ ӘКЕ-ШЕШЕ БОЛУҒА ТЫРЫ- СУЫМЫЗ КЕРЕК.

Аллаһ алдында ең лайықты амалдардың басында – «**Әмр бил мағруф нәһи анил мүнкәр**» тұратындығын естен шығармау керек. Бұл тек Құран Кәрімді дұрыс түсініп, адамдарға үйретумен жүзеге асады. Өйткені адамзатқа қажетті ахлақ пен қайырдың, тыныштық пен бақыттылықтың көзі – Құран Кәрім.

Раббымыз! Бізді Құранның ілімімен безендір! Оның шексіз тәфәккүр әлемінен және Хазіреті Пайғамбардың ﷺ сүйіспеншілік бағынан бізге нәсіп етіп, көңілімізге көрік бер. Сенің құзырына Құранның шапағатымен баратын болайық!

Балалары мен келер ұрпаққа осындай бір абыройлы қызметті атқарып иләһи таразыда Құран Кәрім нығметінің жауапкершілігінен құтқару пәрменін ала алғандар қандай бақытты... Уа, Раббым! Бізді сол қас құлдарыңның қатарына қос!

О, Раббым! Отанымызды, халқымызды Құрансыздық, имансыздық пен арсыздықтан сақта! Мына фәни дүниеде Құран Кәрімнің шынайы айбынына оранып жәннатта өмір сүріп, фәйізді Құран ұрпақтарын жалғастыруды нәсіп ет!..

Әмин!..



Рамазан Увәриф



Адамгершілігіміздің осы дүниедегі куәгерінің бірі болып табылатын мейірім – бізді рухани жағынан Аллаһқа жақындататын иләһи құндылық. Бізге мейірімді ең тамаша түрде үйретіп, оны қуаттандыратын құлшылық түрі – ораза. Қәпсіміз аштықпен тәрбиеленсе көңілімізге мейірімділік сезімі толады, көмек қолымыз әлсіздер мен бишараларға созылады, жүрегіміз олардың қасіреті мен қайғысына ортақтасады.

Ораза ұстаған адамда нәпсінің ықпалынан құтылған рухтың рухани жеңістері басталады. Рухтар шаттық көгіне көтеріледі. Оразадан үйренген және бізді баурап алған мейірімнің көкжиегінің тереңдігі соншалық, онда қаншама әлемдердің сырлары жасырылған.



Рамазан Шәриф

Рамазан айы – ораза құлшылығымен қатар намаз, садақа және нәпсімен күрес арқылы көркем ахлаққа қол жеткізетін мұсылманның табыс мезгілі. Фәйз бен берекеге толы Құран бо-йынша өмір сүруге дәнекер болуымен қатар құндылыққа да ие. Рамазан айы фәни әлемнен мәңгілікке созылған ізгіліктің көпірі іспеттес.

Аллаһ Расулы ﷺ шағбан айының соңғы күні осы айдың бағасы мен берекесінен пайдалану жолдарын былай көрсеткен:

«Ей, адамдар! Сендерді мұбәрак үлкен бір ай көлеңкелеп тұр. Оның ішінде мың айдан да қайырлы түні бар ай. Аллаһ Тағала осы ораза ұстауды парыз етіп, түнде құлшылық жасауды сауап қылған. Кімде-кім осы айда қайырлы бір іспен Аллаһқа жақындаса, басқа айлардағы бір парызды орындағандай болады. Кімде-кім осы айда бір парыз амалды орындаса, басқа айлардағы жетпіс парызды орындағанмен бірдей болады. Ол – сабыр айы. Сабырдың ақысы – жәннат. Бұл ай басқалардың қиыншылықтары мен қайғысына ортақтасу айы. Бұл мұминнің рызығы арттырылатын ай.

Кімде-кім осы айда ораза ұстаған бір адамға ауызашар берсе, бұл оның күнәларының кешірілуіне, жәһаннам азабынан





құтылуына және өзінің сыйынан ештеңе жоғалтпай оразаның сауабына қол жеткізуге себепші болады».

Сол кезде сахабалар:

«Ей, Аллаһтың елшісі! Бізде ешкімде ораза ұстаған адамды тойдыратындай тамағымыз жоқ» дегенде, Расулұллаһ ﷺ:

«Кімде-кім ораза ұстаған адамға бір құрма немесе бір сусынмен не болмаса бір жұтым сүтпен аузын аштыратын болса, Аллаһ оған осы сауапты береді» деді де, сөзін былай сабақтады:

«Бұл айдың басы – рахмет, ортасы кешірім, соңы жәһәннамнан азат болу. Кімде-кім осы айда қол астындағы адамдарға жеңілдік жасап, жүгін жеңілдететін болса, Аллаһ оның күнәларын кешіреді және оны жәһәннам азабынан құтқарады. Бұл айда төрт маңызды нәрсеге көбірек мән беру керек. Олардың екеуі Аллаһтың ризашылығына қол жеткізу үшін, қалған екеуі өздерінен ешқашан ұзақ қала алмайтын нәрселе-рің. Аллаһтың ризашылығына қол жеткізетін нәрселерің – **тәухид кәлимәсын** көбірек айтып, **истиғфар** етулерің және өзінен ұзақ қала алмайтын екі нәрсе – Аллаһтан әрдайым **жәннатты** сұрау және **жәһәннам** отынан сақтасын деп оған сыйыну. Кімде-кім ораза ұстаған адамның аузын сумен аштыратын болса, Аллаһ Тағала да оған менің қауызымнан су береді. Тіпті ол жәннатқа кіргенге дейін шөлдемейтін болады» (Әли әл-Мұттақи, VIII, 477/23714)

Түсінгеніміздей, бұл хадис шәрифтің мағынасында әрбірі мәңгілік бақыт жемісі болатын көптеген сүйіншілер берілген. Осы сүйіншілерге жету үшін әрбір мүмин алдымен осылардың бағасын жақсылап түсініп, барынша соларды





қолдануға тырысуы керек. Маңыздылығына байланысты хадис шәрифтегі осы мәселелердің кейбіріне тоқталуды қажет деп санаймыз.

Қасиетті Рамазанның үлкен сыйлық айы болуының ең маңызды себептерінің бірі **«Қадір түні»** сияқты Аллаһтың керемет сыйын қамтуы болып табылады. Қадір түні Аллаһтың кешірімі тасыған, Мұхаммед үмметіне шексіз қазыналарды сыйлайтын түн. Оның маңызы мен құндылығы туралы жеке сүре түскен. Бұл түн Құран Кәрімнің түсуімен нұрланған, Жәбірейіл عليه السلام мен басқа періштелер жер бетіне түсіп, рухания-ты арттырылған.

Мүминдерге көрінбейтін нұрдан жаратылған мақлұқтар тарапынан сәлем берілетін фәйз бен берекеге толы бұл түн; Раббысының құлдарына деген мәрхамат түні әрі Рамазан айының көктемі. Бұл түннің қадірін түсіндіретін мына хадис шәрифтің мағынасы көңілге шабыт беретіндей:

«Қадір түнінің қасиеті мен артықшылығына сене отырып, сауабын тек Аллаһтан күтіп құлшылықпен өткізген адамның құл хақынан басқа өткен құнәлары кешіріледі»
(Мүслим, Мүсәфирин, 175)

Қадір түні тек Мұхаммед үмметіне берілген ерекше сый, кешірім мен мәрхамат түні. Раббымыз осы түнді құлшылықпен өткізгендерге мың айдың, яғни 83 жылдың сауабын береді, бұл да Аллаһ Тағаланың осы айда мүмин құлдарына деген сыйының үлкендігін көрсетуге жеткілікті.

Айша عليها السلام Пайғамбарымызға:

«Ей, Аллаһтың Елшісі! Қадір түнінің қай түн екендігін





білсем, сол түні қалай дұға етейін?» деп сұрағанда, сүйікті Пайғамбарымыз:

«Аллаһым! Сен өте кешірімдісің, кешіргенді жақсы көресің. Мені кешір! деп дұға ет!» деген. (Термези, Дәуауат, 84; Ибн Межә, Дұға, 5).



Қасиетті Рамазан айы ораза ұстау парыз болған ай. Хазіреті Мәүләнә *«Диуан Кәбир»* атты кітабында осы мүбәрак ай жайлы біздерге былай деп ескерту жасайды:

«Рамазан келді, енді материалдық жүректерден қолыңды тарт, көктен рухани рызықтар келеді. Бұл ай – көңіл дастарханы жайылатын ай. Көңіл мен тәннің қателіктерінен құтылатын ай. Көңілге ғашықтық пен иман толатын ай».

Көңіл фәни ләззаттардан арылмайынша мәңгілік ләззаттарға жете алмайды. Бұл балалардың емшектен шықпай нәрлі тағамдар мен өмірлік ләззаттарға жете алмайтыны сияқты. Ораза бізді кейбір халал нәрселерден де алыстатса, харам мен күмәнді нәрселерден қаншалықты аулақ болуымыз керектігін ескертетін құлшылық. Хадис шәрифте былай делінеді:

«...Ораза ұстаған адамға екі қуаныш бар. Бірі – оразасын ашқан сәттегі қуаныш, екіншісі – Раббысына қауышқан кездегі қуанышы...» (Мүслим, Сиям, 164).

Оразамызды ашар алдындағы ауызашар дұғасында:

*Аллаһүммә ләкә сүмтү уә бикә әмәнті уә аләйкә тәуәк-
кәлтү уә алә ризқикә әфтартү*



«*Ей, Аллаһым! Сен үшін ораза ұстадым. Саған иман еттім. Саған тәуекел еттім. Сен берген рызықпен аузымды аштым*» деп Хаққа жалбарынамыз. Ауызашар дұғасы негізінде оразаның рухани жағын түсіндіреді. Яғни оразаны қандай рухани қалыпта ұстау керектігін білдіреді. Онда:

«*Аллаһүммә ләкә сұмтү*» яғни «*Ей, Аллаһым! Сенің ризашылығың үшін ораза ұстадым*» деген кезде, ораза күндері рухани дәрежемізді, яғни риядан алыс ниетімізді айтамыз.

«*уә бикә әмәнтү*» яғни «*Саған иман келтірдім*» деген кезде, құлшылықтардың негізінің иман екендігін айтамыз. Яғни, намаз және ораза сияқты құлшылықтарды тәни сергектік және денсаулық сияқты сырттайғы падалары үшін емес, тек иманның бір шарты болғандығына сеніп орындау керек. Өйткені Хаққа құлшылық еудің рухани дәрежесі, иманның күшіне байланысты.

«*уә аләйкә тәуәккәлтү*» яғни «*Саған тәуекел еттім*» деп әлсіздігімізді мойындап, Раббымыздың шексіз құдыреті мен ұлылығына мойынсұнғандығымызды білдіреміз. Демек, пәнилерге емес, Мәңгілік Раббымызға тәуекел сезімдерімізді күшейту арқылы құлшылықтарымызға басқаша бір түрде рухани кейіп беруіміз керек.

«*уә алә ризқикә әфтартү*» яғни «*Сенің берген рызығыңмен оразамды аштым*» дегенде рызыққа қарап, «**Раззаққа** (рызық берушіге)» көбірек бет бұру түсінігімен Раббымыздың мүлкінде өмір сүретінімізді және рызықтың Аллаһтан келетіндігін жүрекпен мойындаған боламыз.





Аллаһ қабыл алатын ораза ұстай білу үшін назар аударатын негіздердің ең негізгісі – риядан аулақ болу. Рия мен көрсетушіліктен алыс, рухани кейіпте орындалған ораза құлшылығы ең абзал құлдық көріністердің бірі болып табылады. Бірақ дүниеуи мақсат араласқан көрсетушілік және ғапылдыкпен кірленген ораза мен намаздар хақында Хазіреті Пайғамбар ﷺ былай бұйырады:

«Қаниама ораза ұстағандар бар, бірақ оразадан оған құр аштықтан басқа ештеңе қалмайды! Түнде қаниама намаз (тарауық пен тәһәжжуд) оқығандар бар, намаздарынан өздеріне тиетіні тек ұйқысыздық» (Ибн Мәжә, Сиям, 21).

Әулилер ораза ұстайтындардың рухани қалыбына қарай бөлінетін дәрежелерін былай жеткізеді:

«Ораза мүкәлләф адамның ниет етіп, таңнан ақшам намазына дейін жеп-ішу мен жыныстық қатынастар сияқты құштарлық көп сезілетін қажеттіліктерден өзін алыс ұстау деген сөз. Бұл **қарапайым мүминдердің** оразасы. **Қас, таңдаулы** адамдардың оразасы тыйым салынған барлық нәрседен аулақ болу арқылы жүзеге асады. **Қастың да қасы** деген ең таңдаулы адамдардың оразасы болса, Аллаһтан басқа барлық нәрседен өзін алыс ұстауы және олардан аулақ болуы болып табылады (Бұрсауи, I, 289).



Хақ достары осындай бір рухани қалыпқа ишарат етіп, тамақтағы ысырап турасында да оразадағыдай дәреже берген. Мәселен:

а. **Шариғатта** тойғаннан кейін тамақ жеу ысырап,

ә. **Тариқатта** тойғанша тамақ жеу ысырап,

б. **Ақиқатта** Хақ Тағаланың құзырында екендігін ұмытып тамақ жеу ысырап.

Екіншіден, ораза ұстағанда қажетті рухани мұқияттылық намаздың Хақ Тағаланың алдында қабыл болуы үшін қажетті. Намаз оқыған кезде жүректің рия мен менмендіктен таза болуы керектігіне қатысты Шәйх Сағдидің «Гүлстан» атты еңбегінде баяндаған мына естелігі өте ғибратты:

«Бала кезімде зүһдге, риязатқа, түнгі құлшылыққа қатты берілген едім. Бір түні әкемнің қасында отырғанмын. Түні бойы көзімді ілмей, Құран Кәрімді қолымнан тастамаған едім. Кейбіреулері қасымызда ұйықтап жатқан. Әкеме:

– Мыналардың біреуі де бастарын көтеріп екі рәкәат тәһәж-жуд намазын оқымайды, өліп қалғандай ұйықтап жатыр, – дедім. Сол сөзіме әкем:

– Ұлым Сағди! Басқаларды сөз қылғанша, солар сияқты ұйықтасаң жақсы еді! Өйткені сенің көзге ілмеген адамдарың осы сәтте иләһи рахымшылықтан құр қалғанымен, оларға Кирәмән-Кәтибин періштелері жағымсыз ештеңе жазбайды. Сенің амал дәптерің болса, дін бауырластарыңды менсінбеу мен ғайбат ету күнәсі жазылды, – деп жауап берді».



Намазды немқұрайды, ғапылдықпен оқығандар жайында «**нендей өкінішті**» деген Аллаһтың ескертуі қалай қолданылса (Мәғун сүресі, 4), оразаның да Хақ Тағаланың алдында қабыл болатындай орындалуы үшін рухани қалыпқа келіп, ықылас көрсету шарт. Намаз ас қорытуға әсерін тигізетіндей жылдам оқылып, ораза да құрғақ аштық пен диетаға айналмауы тиіс. Сол үшін намаздағыдай оразада да құлды ықтияттылық пен ықыласқа жетелейтін көптеген сырлар бар. Өйткені ораза мен намаз тек тәннің ғана емес, жүрекке де қатысты рухани үйрелесімділіктің нәтижесінде кәміл түрде орындалады.

Оразаның Хақ Тағала алдында қабыл болуы үшін асқазанның аштығымен бірге тіл мен көз, құлақ сияқты басқа да мүшелерді күнәлардан сақтау керек. Аллаһ Расулы ﷺ бір күні:

«Ораза – ораза ұстаған адамға жараспайтын нәрселермен нұқсандық келтірілмесе (ұстаған адам үшін) қалқан болады» – деді. Сахабалар:

«(Ораза ұстаған) адам оған немен нұқсан келтіреді?» – деп сұраған кезде Расулұллаһ ﷺ:

«Өтірікпен, ғайбатпен...» – деп жауап берді (Нәсәи, Сиям, 43).

Құранның тілімен айтқанда, әсіресе «**һүмәзә**» мен «**лүмәзә**», яғни өсек-өтірік, ғайбат айту, қас-көз әрекеттерін ермек ету, мүмин бауырын қор санау және өтірік айту сияқты оразаның руханиятына нұқсан келтіретін халдерден сақтану керек.

Расулұллаһтың ﷺ азат еткен құлы Үбәйд былай дейді:

Екі әйел ораза ұстайтын. Түске қарай бір адам Пайғамбарымызға келіп:



«Уа, Расулаллаһ! Мына жерде екі әйел бар, ораза ұстайды. Шөлден өлуге жақын. (Рұқсат етсеңіз, оразаларын бұзсын)» – деді.

Аллаһ Расулы оған қарамады, жауап та бермеді. Келген адам сөзін қайталап:

«Ей, Аллаһтың Пайғамбары! Олар, уаллаһи, өлуге жақын» – деді. Сонда сүйікті Пайғамбарымыз:

«Оларды шақыр!» – деді.

Әйелдер келді. Пайғамбарымыз ﷺ бір ыдыс сұрады. Әйелдің біріне беріп:

«Құс!» – деді. Әйел ыдыстың жартысын толтырып қан аралас ірің, ет құсты. Екіншісіне де солай бұйырып еді, ол да ыдысты толтырып қан мен жас ет құсты. Сол кезде Расулұллаһ ﷺ:

«Бұл екі әйел Аллаһтың халал еткен нәрселерінен өздерін тыйып, ораза ұстады, харам еткен нәрселерімен ауыз ашып, оразаларын бұзды. Бірінің қасына бірі отырып, адамдардың еттерін жеді (яғни ғайбат айтты)» деді (Ахмет, V, 431; Хәйсәми, III, 171).

Басқа бір хадис шәрифте былай делінеді:

«Кімде-кім өтірік айтумен, арамдықпен іс істеуді қоймаса, Аллаһ ол адамның ішіп-жеуден бас тартуына мұқтаж емес» (Бұхари, Саум, 8).

Қаншалықты ғайбат пен өсек-өтірік сияқты рухани харамдардан аулақ болсақ, материалдық харамдар мен күмәнді нәрселерден де соншалықты аулақ болуымыз керек. Өйткені жеген тамақтың халал-харам болуы адамның рухани халіне ықпал ете-





ді. Аллаһқа жақын болу қаншалықты күмәнді, харам нәрселерден аулақ екендігіне байланысты. Нәпсіні тәрбиелеу мен жүректі тазарту тек халал тамақ жеу арқылы жүзеге асады. Мәуләнә құддисә сирруһ:

«Кеше түнде бізге аян басқаша көрінді. Өйткені асқазанға түскен бірнеше жапырақ күмәнді тағам аяның жолын жапты».

Хазіреті Суфиян Сәури де былай дейді:

«Адамның діндарлығы тамағының халалдығына байланысты».

Аталарымыздың харам тамақ турасындағы мұқияттылығы мен ыждаһаттылығына қатысты мына оқиға қандай ғибратты:

Явуз Сұлтан Сәлім хан Исламды бір тудың астына біріктіру мақсатымен Мысыр жорығына шыққанында Гебзе деген жерге жақын бау-бақшада әскерлерін дем алдырған болатын. Қозғалатын кезде барлық әскерлердің қоржынын қарап шықты да, ешқайсысынан нендей бір жеміс түрін таба алмаған соң, аспанға қолын жайып:

«Аллаһым, саған шексіз мадақ. Маған харам тамақ жемейтін әскер сыйладың. Егер әскерлердің ішінен бір адам иесінің рұқсатынсыз бір жеміс жұлып жесе, мен мұны естіп, Мысыр жорығынан бас тартар едім. Өйткені харам тамақ жейтін қауым ешқашан жеңіске жетпейді!» – деп, Аллаһқа шүкіршілік еткен.

Қасиетті Рамазан ораза, тарауық намазы, сәресі мен таңғы сергектік тұрғысынан да өте маңызды. Аллаһ Расулы ﷺ былай бұйырады:

Аллаһ ﷻ сендерге Рамазанда ораза ұстауды парыз қылды. Мен де оның қиямын, яғни Рамазан түнінде тарауық намазын



оқуды сендерге сүннет қылдым. Егер бір адам иманды жүрекпен, сауабын алу үмітімен Рамазанда ораза ұстап, тарауық намазын (шарттарын орындап, ықыласпен) оқитын болса, анадан туғандай күнәларынан арылады» (Ибн Мәжә, Саләт, 173).

Расында, осы айдың күндізі сияқты түндерінің де, әсіресе таңсәрі уақытының да өзгеше бір фәйзі мен руханияты бар. Негізінде жылдың қай айында болса да таңсәрі уақыты, ариф (рухани оянған) адам үшін баға жетпес, ерекше табыс көзі. Өйткені сол сәттер Аллаһтың құлын оңашалыққа шақырған кездері. Хақ Тағала таңсәрі уақытында құлшылық еткендер хақында былай дейді:

وَالضُّحَى ﴿١﴾ وَاللَّيْلِ إِذَا سَجَى ﴿٢﴾

«Таңсәрі уақытымен және тыныштыққа қауышқан кездегі түнмен ант етемін» (Дұха сүресі, 1-2).

تَتَجَافَى جُنُوبُهُمْ عَنِ الْمَضَاجِعِ يَدْعُونَ رَبَّهُمْ

خَوْفًا وَطَمَعًا وَمِمَّا رَزَقْنَاهُمْ يُنفِقُونَ

«Олардың жамбасы төсектен алыстайды, қорқынышпен, үмітпен Раббысына дұға етеді және өздеріне берген рызқтарынан қайырға (жақсылыққа) жұмсайды» (Сәжде сүресі, 16).

Раббымыз жәннат нығыметіне бөлейтіндігін уәде берген құлдарының сипаттарын баяндаған аяттарда былай деп бұйырады:

وَالَّذِينَ يَبِيتُونَ لِرَبِّهِمْ سُجَّدًا وَقِيَامًا

«Түнді Раббысына сәжде етіп, қиямға тұрып өткізеді» (Фұрқан сүресі, 64).



﴿۱۷﴾ كَانُوا قَلِيلًا مِّنَ اللَّيْلِ مَا يَهْجَعُونَ

﴿۱۸﴾ وَبِالْأَسْحَارِ هُمْ يَسْتَغْفِرُونَ

«(Олар) түнде өте аз ұйықтайтын. Таңсәрі уақытында да истиғфар ететін» (Зәрият сүресі, 17-18).

Жүрек тек Хақ Тағаламен берге болудың аркасында, яғни Аллаһтың назар еткен орнына айналудың нәтижесінде оянады. Әсіресе фәйзді жолы – таңсәріде жасалған зікір. Өйткені адамның бойында жаратылысынан орын алған «нисиян» және «ғапылдықтан» туындаған кемшіліктердің орнын толтыру үшін Аллаһқа құл болу міндетін ешқашан естен шығармау керек. Сол үшін де зікірге қажеттілік бар. Өйткені әрбір қайталанған нәрсе сана мен түсініктегі яғни, жүректегі орны қалыптасады.

Аллаһ Тағала құлдың түріне емес, жүрегіне қарайды. Осы тұрғыдан әрбір мүмин, жүрегін ғапылдықтан қорғап, зікірмен безендіруді міндет деп санаған жөн. Құлдық міндетінің ішіндегі осы ерекше маңыздылығына байланысты зікір сөзі Құран Кәрімде екі жүз елуден астам рет қайталаанады. Аллаһ Тағалаға шынайы түрде құлдық жасау зікірдің жүректегі орнына қарай жүзеге асады. Аллаһ Тағала құлдарын зікірдің руханиятынан ғапыл қалмауы үшін былай дейді:

أَلَمْ يَأْنِ لِلَّذِينَ آمَنُوا أَنْ تَخْشَعَ قُلُوبُهُمْ

لِدِكْرِ اللَّهِ وَمَا نَزَلَ مِنَ الْحَقِّ

«Иман келтіргендердің Аллаһты зікір етіп, Хақтан келген Құран арқылы жүректерінің ықыласпен дірілдейтін уақыты әлі келмеді ме?» (Хадид сүресі, 16).



Міне, зікірмен, тәсбихпен өткен таңдар өз әдеміліктерін көрсету үшін құштарлықпен жаңбырды күткен көктемгі топырақ сияқты көңіліндегі қабілеттерін дамытқысы келген мүминдер үшін маңызды да нәзік, фәйзді кездер. Бір Мәуләнә ғашығы таңғы уақыттың руханиятын былай жеткізеді:

«...Ұжданнан келген құпия дыбыстар мүминді таңсәрі уақытында құлшылыққа шақырады. Бұл дыбыс ғашықтың азаншысының рухани азанының дауысы. Бұл дауыс мүминге: "Ұйқыдан оян, өйткені Хаққа деген сүйіспеншілік ұйқыдан да қайырлы" дейді. Өйткені мүмин таңсәрі уақытында Раббысын зікір еткенде жүрегінде Хақ пен ақиқат, мағрифатұллаһ көрініс табады, намаздары миғражға айналады. Рахымшылықтың бейне бір толып тасатын кезінде ұйықтау – әдепсіздік. Жыл он екі айда бір келетін Рамазан айы мүминдерге рахымшылық айы болып келсе, жиырма төрт сағаттық бір күн ішінде таңсәрі уақытындағы бірнеше сағат – мүбәрак сәттер. Осы сағаттарда Аллаһтың қас құлдары оянып, шынайы сүйіктілерін табады. Таңсәріде рахымшылық есіктері ашылады, ояу жандарға «келіңіз, кіріңіз» делінеді. Сонымен қатар бұл шақыру айлардың сұлтан болған Қасиетті Рамазанның фәйзі мен руханиятымен безенген таңсәрісі болса, әрине, сауаптары мен руханияты да сол мүбәрак айдың абыройына лайық түрде көрініс табады».

Сұлтан I - Ахмет хан Аллаһты зікір етудің артықшылығы мен пайдаларын қандай тамаша жеткізген:



Тіл ханасы жаппай нұр болар
Зікіруллаһ нұрымен
Тіл ауасы бой түзейді
Зікірұллаһ сәулетшісімен




Әрбір мүшкіл жеңіл болар,
Тіл дертіне дәрмен болар,
Жан ішінде жан болар,
Сырлы зікірұллаһпен

Әр дем Хақты зікір ет
Аллаһ жетер мәңгілік
Басқасынан үмітінді үз
Зікірұллаһты қайталаумен



Қасиетті Рамазан – құлшылық маусымы. Сондай-ақ Айша  риуаят етілгендей Расулұллаһ  басқа айларға қарағанда Рамазан айында көбірек (құлшылық етуге) тырысатын. Рамазанның соңғы он күнінде алғашқы күндерінен артық құлшылық жасайтын. (Мұслим, Итикаф, 8; Ибн Мәжә, Сиям, 57)

Рамазан айы басқа құлшылықтардан да берекелі (құнарлы) топырақ сияқты. Мәселен, **Рамазан Ұмрасы** жайында Расулұллаһ :

«Рамазан айында жасалған ұмра толық қажсылық болып саналады немесе менімен бірге орындалған қажсылықтың орнын басады» деген (Бұхари, Ұмра, 4; Мұслим, Хаж, 221).

Рамазан айының екінші бір аты «Сабыр айы». Сабыр көркем ахлақтың негізгі көзі, иманның жартысы, бақыттылық пен рахаттың кілті. Жәннат нығметіне қауыштыратын үлкен қасиет. Сабыр көңілге ұнамайтын және адамға ауыртпалық тигізе-



тін оқиғаларға қарсы тепе-теңдігін бұзбай қалыпты сақтау, Хақ Тағалаға мойынсу болып табылады. Хадис шәрифте былай делінеді:

«Ешбірің ораза ұстаған күні жаман сөз айтпаңдар және ешкіммен ұрыспасын. Егер оны біреу балағаттап немесе түйсетін болса, «мен оразамын» десін» (Бұхари, Саум, 9)

Әсіресе, Рамазан айында ашуланбау керек. Өйткені ораза – іс-әрекеттер мен қарым-қатынастарды бақылауға алу және ретке келтірілу уақыты. Ораза ұстаған адамды қажырлылық пен табандылық, өзінің халіне ризашылық, әсіресе сабыр сияқты қасиеттерге жетелейтін құлшылық. Шарттарын орындай отырып ұстаған ораза рухты нәпсінің құмарлықтарына тұтқын болудан құтқарады. Ораза ішіміздегі нәпсі жыртқышын бақылап тізгіндейтін, сөйтіп, адамның болмысында жаратылысынан жасырынған мейірімділік сезімінің дамуын қамтамасыз ететін рухани қағида. Бізге мейірімділікті ең жақсы үйрететін және оны қолдайтын құлшылық – ораза. Нәпсінің аштықпен тәрбиеленіп, тәкәппарлықтан кішіпейілділікке қарай қадам басуы қажет. Сонда ғана көңілімізге мейірімділік сезімі толып, көмек қолымыз әлсіздер мен бишараларға созылады, жүрегіміз олардың қиыншылықтарын бөлісіп, қасірет шеккендердің қасынан орын алады. Өйткені, адамдығымыздың осы әлемдегі бір куәсі болып саналатын мейірім бізді жүрекпен Аллаһқа жақындататын иләһи құндылықтың бірі.

Ораза ұстаған адамда нәпсінің шабуылынан құтылған рухтың рухани жеңістері басталады. Тіпті, қатыгездікпен, мейірімсіздікпен көрмей қалған көңіл көзі ашылады, рух бақыт көгіне көтеріледі. Ораза үйреткен және бізді баурап алған мейірім талай әлемдер жасырылған тұңғық кеңістік іспеттес. Мейірімсіз





адам әлемге өз менмендігінің тар көкжиегінен қарағаны үшін ғапылдықпен өмір сүріп, өмірін зая кетіреді.

Міне, Аллаһтың көмегімен оқиғалар алдында қамқорлық орталығына айналып, кешірім, жұмсақтық, кішіпейілділік, жақындық, қанағат, мейірім, мәрхамат, сыпайылық пен төзімділік сияқты қасиеттермен көңілімізді безендірсек, көңіл бағымыздан жәннаттың хош иісі шығатын болады.

Мүминдердің қиыншылықтарына ортақ болудың ерекше маңыздылығы – қасиетті Рамазанда. Қасиетті Рамазан бауырластық сезімін күшейтетін ай. Исламдғыа бауырластық бір-бірін жуатын екі қол сияқты. Хазіреті Әбул Хасан Харақани Ислам бауырластығы жайлы сезімдерін жеткізген кезде нығметке шүкіршілік ету туралы былай дейді:

«Түркістаннан Шамға дейін біреуінің саусағына тікен кірсе, ол менің саусағыма кіргені. Біреуінің аяғы тасқа тисе, ол менің аяғыма тигені. Оның ауруын мен сезінемін. Бір жүрек қайғырса, сол жүрек менің жүрегім».

Сонымен қатар қасиетті Рамазанда ұстаған оразалар аштықтың не екенін сезіндіріп, нығметтің қадірін түсіндіріп, шүкіршілік сезімін күшейтеді. Мұқтаж адамдардың халін ойлап, қайырымдылық жасап, олардың көңілдерін аулап, дұғаларын алуға жетелейді. Осы тұрғыдан Рамазан айы қайырымдылық айы. Бұл айда нәпіл қайырларға да парыз сауабы беріледі. Аллаһ Расулының ﷺ осы айдағы қайыр жасауға талпынысын Абдұллаһ бин Аббас былай баяндайды:

«Аллаһ Расулы адамдардың ең жомарты болатын. Рамазан айында жомарттығы тіптен артатын. Өйткені Жәбірейіл ﷺ жыл сайын Рамазан айында келіп, айдың аяғына дейін бірге болып,



Пайғамбарымыз оған Құран Кәрімді қайталап беріп отыратын. Міне, осы күндері Аллаһ Расулының жомарттығы соққан желден де артық болатын» (Мүслим, Фәззил, 50).

Хазіреті Мәуләнә Халид Бағдади де оның асқан жомарттығы туралы мынадай теңеу айтады:

«Расулұллаһ ﷺ жомарттықтың тамаша үлгісі екендігі соншалық, оның өзінің бар болған құрметіне теңіздер інжу-маржан беретін, қатты тастан жақұт шығатын, тікендер гүл шашатын. Егер бір бақта оның көркем ахлағы туралы сөз болса, қуанғаннан қаузын ашып құлмеген яғни ашылмаған гүл қалмайтын» (Диуан, 65-66).

Ең жақсы мал – дені сау кезде берілген және иесінен бұрын ахиретке жіберілген мал. Жақсы өмір – Аллаһ жолында өткен өмір. Адам осы дүниеден өткен кезде фәни өмірінің естеліктерімен көміледі. Хадис шәрифте:

«Мүмин өлгенде намазы басында, зекеті оң жағында, оразасы сол жағында тұрады» делінеді (Хәйсәми, III, 51).

«Адам өлген кезде періштелер «Не әкелді?» – дейді. Адамдар да: «Не қалдырды?» – дейді» деулері де мүминнің болашағы мен артына не қалдырғаны туралы ойлауға міндетті екендігін көрсетеді. Өйткені ақылды адам ертеңін бүгін ойлайды.

Рамазан – тақуалық мектебі, айт – оның рухани куәлігі. Айт күндері демалыс күндер емес. Аллаһты зікір⁴¹мен шүкіршілік ететін, туыскандарымен қарым-қатынас жасайтын күндері, қоғам-

41. Әбу Дәуіт, Әдәһи, 9-10/2813





дық құлшылық күндері. Иман бауырластығының қоғамдық деңгейде жүзеге асқан мүбәрак уақыттар. Осы қуанышты күндері мұқтаждар мен бишаралардың көңілдерін аулауымыз керек. Өйткені мейірімдіге мейірімділік жасалады, Хақтың ризашылығы үшін қуандырған адамды Хақ Тағала қуантады.

Рамазан түндерінен кейін келген айт түндері де нәзік рухтан сабақ алатындай нұрлы көріністерге толы. Өйткені хадис шәрифте:

«Рамазан мен Құрбан айттарының түнінде сауабын Аллаһтан күтіп құлшылықпен өткізгендердің жүрегі барлық жүректер өлген күні тірі қалады» (Ибн Мәжә, Сиям, 68) делінеді. Сол себепті айт түндерін де ғанибет санау керек. Нағыз айт (мереке) – мүминнің тақуалық сынағынан табыспен Хақтың алдына шыққан күні екендігін ұмытпау керек. Сондай-ақ Хақ достары:

«Нағыз мереке жаңа киім кигендікі емес, Аллаһтың азабынан аман қалғандікі» деген екен.

Хазіреті Бұрсәуи бұл турасында былай дейді:

«Біздің үш мерекеміз бар. Біріншісі – Рамазан (және Құрбан) айты. Бұл табиғат пен нәпсінің мерекесі. Екіншісі – кәміл иманмен өту шартымен өлім мейрамы. Бұл үлкен мереке. Үшіншісі әрі ең үлкен мереке – ахиретте Аллаһтың дидарын тамашалаған сәттегі мереке» (Бұрсәуи, I, 295).

Қорыта айтқанда, қасиетті Рамазанда оразаның қадірін түсініп, әсіресе түнгі намаздарға тәһәжжудтер мен тарауықтармен жүректерімізді көріктендіруіміз керек. Осы қасиетті айда намазға барынша мұқият болып, Құран Кәрімді ықыласпен оқып, зікір арқылы рухымызды қанаттандырып, зекет, қайыр-садақалар-




мен ұзданымызды тыныштандыруымыз керек. Құран Кәрімнің дү-ние көгіне түсірілген осы қасиетті айда нәпсімізді жауапқа тартып, құлдық өмірімізді Құранның тәрбиесі бойынша тағы бір тәртіпке келтіруіміз керек.

Раббымыз Рамазанның рухани ауасын өміріміздің өзегіне айналдырып фәйізді өмір сүруді барлығымызға нәсіп еткей! Ахіретке ашылған есіктерімізді бақыт көріністерімен мәңгіліктің мерекесіне айналдырсын. Рамазан мен айт күндерін отанымызға, халқымызға, Ислам әлеміне бақыттылық пен бейбітшіліктің көзі қылсын!

Әмин!..



Мәбрүр Қажылық пен Ғира



Қажылықта Аллаһтың ұлылығының
алдында әр құл әлсіздік пен
дәрменсіздігін есіне алады, киген
ихрамдарымен бейне бір кебін
ауасына кірудің түсінігін бастан
кешіреді. Сол себепті қажылықтың
ең маңызды пайдасы – «өлмей
тұрып өлу» сырын неше рет
бастан кешіріп, жүректі тірілту
және «Рабыңа қайт..» (Фәжр сүресі,
28) түріндегі иләһи шақырудың
толғаныс сезімінде болу.



Мәбрур Қажылық пен Ұлма

Хазіреті Адам мен Хауадан басталған адамзат әулеті діни бейбіт әрі бақытты өмір сүру үшін қазіргі Меккедегі Қағбаның орнын алғашқы құлшылық орны етіп алған болатын. Адам баласы әртүрлі өмірлік және қоғамдық өзгерістер мен себептерге байланысты жан жақтағы өлкелерден таралып, ғасырлар өтіп, ұрпақтар ауысып, хақ діннен адасып, біраз уақыттан кейін бұл қасиетті құлшылық орны жоғалып кеткен еді. Хазіреті Ибраһим عليه السلام Аллаһ Тағаланың бұйрығымен оны қайтадан салып, дұға ету арқылы сол өлкенің берекелі болуына дәнекер болған. Аятта былай делінеді:

«Өз уақтында Ибраһим (пайғамбар) былай деген еді: “Раббым! Бұл қаланы (Меккені) бейбіт қыла гөр! Мені және ұрпағымды пұттарға табынушыдан аулақ қыла гөр!»

Раббым! Олар (пұттар) расында, адалдардың көбін аздырды. Кімде-кім маған ілесе, ол менің дінімде. Кімде-кім маған қарсы келсе, онда (оған) Өзің өте кешірімді әрі аса мейірімдісің.

Раббымыз! Анығында мен ұрпақтарымның кейбірін намаз оқысын деп құрметті үйіңнің (Қағбаның) қасындағы егінсіз ойпатқа орналастырдым, Раббымыз! Адамдардан бір бөлімінің



көңілін оларға аудара гөр! Оларды жемістермен ризықтандыр, сонымен олар шүкір қылатын болсын!» (Ибраһим сүресі, 35-37)

Ақыры, дүниедегі күннің екінтісіне ұқсас бақыт ғасыры келіп, Пайғамбарымыз Хазіреті Мұхаммедпен ﷺ діни өмір алғаш басталған жерде соңғы шыңына жеткен. Пайғамбарымыз ﷺ Мекке мен Мәдина орталығында бақытты өмір сүріп, өмір сүргізіп, сөйтіп ол өлкелер қияметке дейін Исламның әрі мұсылмандардың күре тамырына, мұсыландар әрқашан зиярат еткен мүбәрак мекенге айналды.

Аллаһ Тағала былай дейді:

فِيهِ آيَاتٌ بَيِّنَاتٌ مِّمَّا مَكَرَ الْكٰفِرِيْنَ وَمِنْ دَخَلَهُ كَانَ آمِنًا

وَلِلّٰهِ عَلَى النَّاسِ حِجُّ الْبَيْتِ مَنِ اسْتَطَاعَ اِلَيْهِ سَبِيْلًا

وَمَنْ كَفَرَ فَاِنَّ اللّٰهَ غَنِيٌّ عَنِ الْعٰلَمِيْنَ

«Онда ап-айқын ғаламат-белгілер және Ибраһимнің орны бар. Кімде-кім сол жерге кірсе, аман болады. Оған баруға жол тапқандардың (шамасы жеткендердің) үйді (Қағбаны) хаж (зиярат) етуі – Аллаһтың адамдар мойнындағы хақы. Енді кімде-кім қарсы келсе, (біліп қойсын) Аллаһ күллі әлемнен беймұқтаж» (Әлү Имран сүресі, 97).

Мұсылман құлдардың мойнындағы Аллаһтың хақы – қажылық құлшылығының лайықты түрде орындалуы оны кейінге қалдырмай, ынтамен орындалуына байланысты. Өйткені Пайғамбарымыз ﷺ:

«Қажылыққа баратындар асықсын» дейді. (Әбу Дәуіт, Мәһәсиб, 5/1732).



Сол мүбәрак жерде айтылған тәлбия, яғни «Ләббәйк» (Аллаһым, әміріңе құлдық) сөздері де осы құштарлықты үйреткендей.

Өмір нығметінің адам баласына бір-ақ рет берілетіндігін естен шығармау керек. Өмір біткен соң өкінгеннің пайдасы жоқ. Олай болса, қолымызда мүмкіншілік тұрғанда мойнымыздағы Раббымыздың хақы болып саналатын қажылық құлшылығы турасында немқұрайдылық танытпай, мүмкіндік бар кезде осы үлкен құлдық борышымызды орындауға тиістіміз.

Мүмкіндігі бар әрбір мұминнің өмірінде бір рет қажылыққа баруы – парыз. Қажылыққа қайта бару мүстәхаб әрі оның сауабы өте үлкен. Қажылық әрі малмен, әрі тәнмен жасалатын құлшылық болу тұрғысынан да орны бөлек. Біріншіден қажылықта Аллаһ Тағаланың ризашылығы бар. Содан кейін дүниенің төрт бұрышынан келген мұсылмандар арасында достық, сүйіспеншілік пен жақындық орнайды. Тілдері, түрлері, салт-дәстүрлері бөлек болғанымен, рухани сүйіспеншіліктер мен сезімдер осы айырмашылыққа қарамайды және мұсылмандарды бірге соққан жүрекке айналдырады. Көңілдерінің жақындығымен, қуанышымен тамаша дін бауырластығы орнайды. Ынта-ықыласпен қажылық жасағандар өздерін әрдайым Аллаһтың құзырында сезінеді. Аллаһтың бақылауы мен сый сезімдері жүректерінде орнығып, әдептілікті сақтау деңгейіне қарай төфәккур мен көрегенділіктері арта түседі. Аллаһ Тағала қажылыққа барғандардың жүректеріне кеңшілік, көңілдеріне тоқтық береді. Сөйтіп, оларда иманның ләззаты күшейіп, материалдық-рухани мүмкіншіліктер иләһи ләззаттар үшін көбірек қолданылатын болады.





Хазіреті Имам Ағзам шәкірттері мен істерінің көптігіне қарамастан, уақытының шамамен үштен бірін қажылық сапарына арнаған. Сол кездегі шарттарда түйемен Бағдаттан Мекке мен Мәдинаны зиярат етудің қандай ауыр сапар болғандығын ойлау керек. Бірақ Хақ достары басқа жерде табылмайтын рухани ауаны Харамайнның фәйзді ауасынан тапқандықтан, мүмкіншілік бола қалса қажылыққа баруды және Расулұллаһты ﷺ зиярат етуді үлкен ғанибет деп санаған.

Пайғамбарлар керуенінің ғазиз естеліктеріне толы, иманды жүректердің руханиятынан нәр алған және сүйіспеншілік көз жасымен суарылған мүбәрак жерлерде парасаттылықпен қажылық пен ұмра құлшылығын орындағандар сол жердегі көптеген пайғамбарлардың ғазиз естеліктерінен фәйз алады. Сол қасиетті мекенде орындалған қажылық пен умра құлшылықтары құлдық өмірдің ерекше дамуына дәнекер болады. Құл қажылықта Аллаһтың ұлылығының алдында өзінің дәрменсіздігін түсініп, киген ихрамдарымен бейне бір кебін оранғандай күй кешеді. Осы тұрғыдан алғанда қажылықта, бәлкім, «өлмей тұрып өлу» сырын бірнеше рет бастан кешіріп, рухани тірі қалыпты сақтау және **«Раббыңа қайт...»** (Фәжр сүресі, 28) түріндегі иләһи шақырудың шаттығына бөлену ең үлкен жетістік болса керек.

Ихрам кигендер белгілі бір уақыт кейбір халал істерге тыйым салынғанына қарап, күмәнді әрі харам нәрселерден қаншалықты аулақ болу керектігін басқаша түсінеді. Сонымен қатар ихрам киіп жүргенде шөп жұлға, аң аулауға, аңшыға аң көрсету сияқты әрекеттерге тыйым салынуымен мейірімге, сыпайылыққа толы иман дәрежесіне қол жеткізеді.



Басқа құлшылықтар сияқты қажылық пен ұмра құлшылықтарының да Аллаһ алдында қабыл болатындай қалыпта жасалуы имандылық пен парасаттылыққа тәуелді. Өйткені қажылық пен ұмраны «мәбрур», яғни қабылданған қажылық ретінде орындау күнәлардан арылып, Хақ Тағаланың ризашылығына бөленуге себеп болады. Яғни осы құлшылықтардан күтілетін нәтиже оларды тек Хақ Тағаланың разы болатындай қалыпта орындау арқылы жүзеге асады.

Осыған орай Шібли хазіретінің қажылық жасаған бір адамға қажылықтың рухани жағына ишарат ете отырып айтқан мына бір сөздері өте ғибратты әрі ескерту ретінде айтылған:

«Қажылыққа ниет еткенде бүгінге дейін істеген күнәларыңа тәубе етіп тура жолға бет бұрмаған болсаң, шындығында ниет етпегенің...»

Барлық күнәларыңды шығармай киіміңді шешіп, ихрам киең, онда сенің ихрамға кірмегенің. Қажылық үшін бой дәрет алғанда осы тазалық сендегі рухани кірлер мен рухани ауруларды тазаламаса, онда тазармағаның...

Құрбан шалғанда шектен тыс нәпсілік қалауларың мен еріктеріңді Хақ Тағаланың ризашылығында жоймаған болсаң, онда құрбан шалмағаның...

Шайтанға тас лақтырған кезде ішіңдегі надандық пен уәсуәселарға да тас лақтырмасаң, сөйтіп өз болмысыңда білім мен парасаттылық ояnbаса, онда шын мәнінде тас лақтырмағаның...

Қағбаны зиярат еткенің үшін Аллаһты сыйы молайды



ма, көңілің қуаныш пен шаттыққа толды ма? Өйткені хадис шәрифте:

«Қажылар мен ұмра жасағандар – Аллаһтың қонақтары. Үй иесінің келген қонақтарға сый-құрмет көрсетуі табиғи заңдылық» делінеді. Сен осы сыйдың байыбына бара алмасаң, онда шын мәнінде зиярат еткен болып саналмайсың...»⁴²

Қорыта айтқанда, Шібли хазіретінің айтпақ болғаны:

وَأْتُمُوا الْحَجَّ وَالْعُمْرَةَ لِلَّهِ

«Қажылық пен ұмраны Аллаһ ризалығы үшін толық орындандар!..» (Бақара сүресі, 196) деген Аллаһтың пәрменін орындау. Шібли хазіреті де айтқандай Аллаһ алдында мәбрур болатын қажылық пен ұмра үшін орындалуы тиіс кейбір талаптар мыналар:

1. Қажылыққа ықыласпен ниет етіп, оған қайшы ниет пен іс-әрекеттерден аулақ болу

Аллаһ Тағаланың ризашылығына бөленіп, Аллаһтың сыйына қол жеткізу үшін қажылық құлшылығына ықыласпен ниет етіп, Аллаһ Тағалаға уәде берген кезде ішімізде орныққан нәпсінің келісімі мен адами әлсіздіктерді де жоюымыз керек. Сонда ғана Аллаһтың сыр сарайына қонақ бола аламыз. Сол мүбәрак орындарда әсіресе жаратылыс кітабын ашып, менмендіктен арылу керек. Міне, қажылық пен ұмраға осындай рухани қалыпта бетбұрғандар Аллаһтың рахымшылығы мен берекесіне баратын есіктен өткені. Және де олардың міндеті:

42. Қараңыз, Ибн Араби, әл-Фүтухатүл-Мәккия, тахқиқ Осман Яхия, Кайр 1986, X, 133-138.



2. Ихрам үшін киімдерін шешкенде күнәларынан да арылу

Аллаһ ризашылығына бола қажылық пен умра үшін жасалған көңіл келісімінің бір көрінісі және осы тұрғыда ықылас пен шынайылықтың белгісі ретінде ихрам кию үшін тек сырттай киімдерден емес, жан-дүниеміздегі мал-мүлік, атақ-абырой сияқты құштарлықтардан да арылып, тақуалықтың киімін кию қажет. Сонда ғана Аллаһтың сырлары мен көріністерінен жан-дүниеміз лайықты нәсібін алады. Өйткені Аллаһ Тағала:

فَدَّ أَفْلَحَ مَنْ زَكَّاهَا

«Жан-дүниесін тазартқан (адам) құтылды» (Шәмс сүресі, 9) деп бұйырады.

Сол қасиетті ортада көңілді Аллаһқа арнап, дүниелік істермен айналыспай, қажеттіліктен тыс базар аралаудан сақтану керек. Өйткені осындай істермен айналысқан сайын көңілде әлсіздік пен ғапылдық пайда болып, мүбәрак мекеннің руханиятын пайдалану қиындайды. Сондықтан Хазіреті Омар رضي الله عنه қажылық пен ұмра міндетін орындағандарға тағзым сезімдеріне нұқсан келіп немқұрайдылық пайда болмасын деп дереу елдеріне қайтуларына кеңес берген.

Сол жерде Қағбаның Раббысын іздеу мен «Оның құлдарына күре тамырынан да жақын»⁴³ екендігін түсіну қажет болады. Сонда «Аллаһ адам мен оның жүрегінің арасына

43. Қараңыз, Әнфал сүресі, 24.





кіретінін білiндер»⁴⁴ деген аят бойынша ешбір нәрсенің Одан жасырын қала алмайтындығын түсіну қажет. Яғни өткінші дүниенің құмарлықтарынан арылып, жүректің Хақ Тағаламен бірге болуына мұқият назар аудару қажет. Өйткені қажылық пен ұмраның негізі:

3. Материалдық және рухани тұрғыдан тазару

Аллаһ Расулы ﷺ қажылық пен ұмра шеңберінде ізгі амалдар жасау арқылы туындаған нәтижені түсіндірген кезде осы мүбәрак құлшылықтардың мақсатын да тілге тиек еткен болды:

«Қажылық пен ұмраның арасын біріктіріңдер. Өйткені бұлар күнәні бейне бір көріктің темір тотын тазартқанындай тазартады» (Нәсәи, Мәнәсиқ, 6; Ибн Мәжә, Мәнәсиқ, 3).

«Мұсылман болу, һижрат ету және қажылық жасау өткенде істеген күнәлардан тазартады» (Мүслим, Иман, 192).

Осылай тазарғаннан кейін Хижаз жолаушыларының назарда ұстайтын және орындайтын қажетті бір жәйт мынау:

4. Харам мен күмәнді нәрселерді тастап, Харам Шәрифке әдеппен кіру және дін рәміздеріне тағзым ету

Алдымен барлық құлшылықтар мен қайырлар халал табыспен орындалуы тиіс. Өйткені осы құлшылықтардың фәйзі тәннің қоректенген халал қорегімен жүзеге асады. Әсіресе қажылық құлшылығында халал табыстың маңыздылығын көрсететін мына бір хадис шәрифті ғибрат ала отырып оқыған дұрыс:

44. Қараңыз, Әнфәл, 24.



«Кімде-кім осы үйді (Қағбаны) харам табыстан түскен қаражатпен зиярат ететін болса, Аллаһқа мойынсұнудан шыққаны. Мұндай адам қажылыққа ниет етіп ихрамға кіріп, үзеңгіге аяғын салып түйесін қамшылағаннан кейін «Ләббәйк, Аллаһумма ләббәйк» десе, көктен мынадай үн шығады: «Саған ләббәйк та, сағдәйк та жоқ. Өйткені сенің табысың харам, азығың харам, көлігің харам. Еш сауапсыз күнәһар болып орал! Көңіліңе ұнамайтын нәрсеге жолығатының үшін қайғы шек!»

Бірақ адам халал қаражатпен қажылық сапарына шығып, көлігінің үзеңгісіне аяғын салып, көлігіне қамшы басып «Ләббәйк, Аллаһумма ләббәйк» дейтін болса көктен мынадай үн шығады: «Ләббәйк уә сағдәйк. Саған жауап бердім. Өйткені, сенің көлігің халал, киімің халал, азығың халал. Қане, көптеген сауапқа қол жеткізіп, еш күнәсіз орал! Сені қуантып, шаттыққа бөлейтін нәрсеге жолығатының үшін қуан!»
(Хәйсәми, III, 209-210).

Сонымен қатар қажылық барысында аулақ болатын харамдар бар. Хақ Тағала былай деп бұйырады:

الْحَجُّ أَشْهَرُ مَعْلُومَاتٍ فَمَنْ فَرَضَ فِيهِنَّ الْحَجَّ فَلَا رَفَثَ

وَلَا فُسُوقَ وَلَا جِدَالَ فِي الْحَجِّ وَمَا تَفْعَلُوا مِنْ خَيْرٍ

يَعْلَمُهُ اللَّهُ وَتَزُودُوا فَإِنَّ خَيْرَ الزَّادِ التَّقْوَى وَاتَّقُونِ

يَا أُولِي الْأَلْبَابِ

«Хаж (уақыты) мәлім айларда. Кімде-кім сол айларда хажды (өзіне) парыз қылып (ихрамға кірсе), енді оған хажда әйелге жақындасуына, күнә іс істеуіне, жанжал шығаруына



болмайды. Сендер қандай бір жақсылық істесеңдер де, Аллаһ оны біледі. Және (қажылық сапар мен ахиреттік сапарға жетерліктей) азық (керек-жарақтарыңды) алыңдар, анығында азықтың ең жақсысы тақуалық (және қайыр сұрап адамдарға ауыртпалық салудан сақтану). Ей, нағыз ақыл иелері, менен ғана қорқыңдар» (Бақара сүресі, 197).

Бұл аяттағы рәфәс, фүсук және жидәл, яғни жыныстық қалаулар, бұзақылық пен талас-тартыс сияқты белгілі тыйымдармен қатар құлдың көңілін қалдырмау мәселесіне де өте абай болу керек. Өйткені сол жердегі адамның көптігіне байланысты қажылар әр сәт бір мүминнің көңілін қалдыратындай қауіпке тап болады. Осыдан сақтану үшін әсіресе тауаф кезінде құрмет пен сыпайылыққа баса назар аудару қажет. Тауафта айналу бағытына қарсы айналып тауаф еткендерге жапа шектірмеу керек.

Сонымен қатар Харам мешітіндегі, қонақ үйлер мен жедел сатылардағы адамның көптігіне байланысты әйел-еркек араласуынан да сақтанған дұрыс, кіргенде және шыққанда тәртіп пен әдептілікті сақтаған жөн. Ол жерде шөп жүлуға да болмайтынын естен шығармасақ, құлшылық ниетімен жасаған адами әрекеттеріміз бізді Хаққа жақындатады. Дөрекі әрі жағымсыз әрекеттер орнын сүйіспеншілік пен мейірімге, құрмет пен сыпайылыққа, нәзіктікке қалдырады.

Мұндай мұқияттылық мейірім мен сыпайылықтың үлгісі болған Расулұллаһтың ﷺ да көбірек тоқталған маңызды мәселелердің қатарына жатады. Расулұллаһ ﷺ бір күні Хазіреті Омарға ﷺ:

«Ей, Омар! Сен күшті-қуатты адамсың. Хажарұл-Әсуәдқа жету үшін адамдарды ығыстырып, әлсіздерге жапа



шектірме! Өзің де рахаттан, басқаларды да мазалама. Оңаша қалсаң, Хажарұл-Әсуәдты сипап, сүй; әйтпесе алыстан сәлем бер, кәлімә мен тәкбір айтып өт!» деген. (Хәйсәми, III, 241; Ахмед, I, 28).

Осылай күл ақысына қол сұқпай, сол мүбәрак жерлерде сыртқы, ішкі әдепке қатты мұқият болу керек. Өйткені қажылықтың мақсаты – сол мүбәрак жерлерге құрмет пен сол жерлердегі қасиетті орындардың естеліктерінен фәйз алып, рухани дәрежелерге ие болу. Аятты былай делінеді:

وَمَنْ يُعْظِمِ شَعَائِرَ اللَّهِ فَإِنَّهَا مِنْ تَقْوَى الْقُلُوبِ

«...Кімде-кім Аллаһтың рәміздеріне (діннің белгілеріне) тағзым ететін болса, сөз жоқ, бұл жүректердің тақуалығынан»
(Хаж сүресі, 32).

Бұл бойынша намаз, Құран Кәрім, азаны сияқты қаншама қасиетті аманаттар мен Қағба, Сафа-Мәруә жоталары сияқты қасиетті орындардың барлығы – Аллаһтың рәміздері. Қажылық пен ұмрада осыларға құрмет көрсеткенде кемшілік жасамай, керісінше, тағзым ету керек. Қағбаға қарап аяқты созып отыру немесе жату, босқа орынсыз сөздер айту, әсіресе, Құран Кәрімді қалай болса солай оқу және тағзымға нұқсан келтіріп, оны жерге қою сияқты жағымсыз әрекеттерден аулақ болған дұрыс.

Сонымен қатар, сол мүбәрак жерлерде науқастанған, жолда қалған, мүмкіншілігінен айырылған, яғни қиын жағдайға тап болған мұмин бауырларымыздың халін түсінуге, олардың қиыншылығына ортақтасуға тырысу керек. Жан-дүниеміз Аллаһтың назар ететін орны екендігін ойлап, кө-





ңілді қалдырмауға, керісінше, мүмкіндігімізше көңілдерді аулауға тырысқан жөн.

Мүминдер басқаларға кек сақтамауы керек. Өйткені кімнің не екендігін білу қиын. Өйткені жүрек дүниеге жабық, Аллаһқа ашық болады. Ең маңыздысы – сол мүбәрак жерлерде белгілі уақыттарды, азғана мезгілді маңызды міндеттерге арнай білу. Сол үшін оны-мұны айтып, орынсыз басқаларға қарап, уақытты босқа өткізуден барынша сақ болу қажет. Өйткені қажылықтағы халіміз жүрегіміздің сезімталдығын, рухани сезімдеріміздің тереңдігін көрсетеді.

Халид Бағдади хазіретінің тасаввуф жолына түспей тұрғанда басынан кешірген мына бір оқиға өте мәнді де мағыналы:

Халид Бағдади хазіреті қажылық жолына шығып Мәдинаға барған кезінде сол жерде жүзі нұрлы бір адамды жолықтырады. Йеменнен келген осы Хақ досының рухани тартымдылығына еріп, бейне бір надан адамның ғалымнан кеңес сұрағанындай одан кеңес сұрайды. Сонда әлгі адам былай дейді:

«Ей, Халид! Егер Меккеге барғанда Қағбада әдепке жат бірдеңе көрсең, сол адам хақында дереу жаман ойлап, өз бетіңше жаман үкім шығарма! Көзің мен жүрегіңді кемшілік іздеуден аулақ ұста! Ішкі әлеміңді көркейту жолын қарастыр!»

Алдында жасырын ескерту сияқты көрінген бұл сөз Халид Бағдади хазіреті мен оны негізгі мәртебесіне жеткізетін көміл пірдің арасындағы таңғажайып көріністерге ишарат болатын.



Бірақ Меккеге барғанда сол жердегі рухани фәйздің шабытымен Халид Бағдади хазіреті әлгі адамның кеңесін ұмытып, бір жұма күні киімі жұпыны, қаріп әрі нұрлы дәруіштің Қағбаға теріс қарап, өзіне қарап тұрғанын байқайды. Ішінен:

«Мынау қандай ғапыл адам, әдепке қайшы Қағбаға теріс қарап тұр! Бұл қасиетті орыннан бейхабар!» деп ойлады.

Сол кезде әлгі жұпыны киінген адам Халид Бағдадиге:

«Ей, Халид! Білмейсің бе, мүминді құметтеу Қағбаны құметтеуден де абзал. Өйткені жүрек Аллаһтың назар ететін орны. Таза жүрек – Аллаһтың үйі. Мәдинадағы әлгі салих адамның берген кеңесін есіңнен шығарма!..» деді.

Осы сөздерді естігенде Хазіреті Мәуләнә Халид іркіліп қалды, бұл адамның жәй қатардағылардың бірі емес, үлкен әулиенің бірі екендігін түсініп, дереу қолына жармасып, кешірім сұрап,

«Ей, салих адам! Өтінем, мені кешір, мені шәкірт етіп ал!» деп өтінді. Әлгі таңғажайып дәруіш көкжиектің сырлы тұңғиығына қарап:

«Сенің тәрбиенің маған тиесілі емес! Сен Үндістанның Делхи шахарындағы Хазіреті Абдұллаһ Пір Дәһләуидің тәрбиесінде кемелдікке жетесің! Аллаһ сәттілік бергей!..» деді де, кенет жоқ болып кетті.

Осы қиссадан сабақ ретінде марқұм әкем Мұса әпәндінің құддисә сирруһ мына кеңестерін де айта кеткім келеді:

«Баратындарға айтарым: ол жерде назарда ықыласты



ұстаңдар. Өздеріңнің рухани дүниелеріңе қараңдар, бос әрекеттерге бармаңдар. Ол жердегі рухани көріністерді пайдалануға тырысыңдар...

Әрине, қажылыққа барған сайын адамның руханияты өздігінен күшейеді. Үлкен ізгі қызметтерді атқарғандар қажылықты қайталап орындағандар. Қажылықтың рухани көріністері арқылы жомарттық пен мейірім күшейеді. Ондай адамдардың көңілі мен қолы ашылады, иманның шабытымен, ләззатымен ең сүйікті нәрселерін Аллаһ үшін оңай әрі қуана-қуана жұмсайтын болады»⁴⁵.

Аятта:

لَنْ تَنَالُوا الْبِرَّ حَتَّى تُنْفِقُوا مِمَّا تُحِبُّونَ

وَمَا تُنْفِقُوا مِنْ شَيْءٍ فَإِنَّ اللَّهَ بِهِ عَلِيمٌ

«Сүйікті нәрселеріңді жұмсамайынша ешқашан «биррге» (яғни ізгіліктің шыңына) жете алмайсыңдар! (Аллаһ үшін) не берсеңдер де, Аллаһ оны біледі» (Әлү Иман сүресі, 92) делінеді. Қорыта айтқанда барлық мәселе:

5. Ерікті Хақ Тағаланың ризашылығына құрбан ету.

Негізінде қажылық құлшылығында құрбан шалудың басты мақсаты, хазіреті Ибраһим мен хазіреті Исмайлдың мойынсұнғыштығын еске алып, олардағы иләһи хикметтен үлес алу және Аллаһқа деген ықыласпен және тақуалықпен құлшылық ету тұрғысында көңілдің хабардар болуы. Яғни сол

⁴⁵. Мұса, Топбаш, Аллаһ достынын дүнясындан, Ыстанбұл, 1999, 112 б.



жерде материалдық болмысынан алынған, өзінің мендігінен шыққан, қысқасы, еркін Хаққа тәсілім еткен Аллаһқа деген махаббат отына өртенуге бейім дәруіш халінде болған дұрыс. Аллаһ Тағала былай бұйырады:

لَنْ يَنَالَ اللَّهُ لُحُومَهَا وَلَا دِمَاؤَهَا

وَلَكِنْ يَنَالُهُ التَّقْوَى مِنْكُمْ

«(Құрбандықтардың) еті де, қаны да Аллаһқа бармайды. Бірақ Аллаһқа жететіні – сендердің тақуалықтарың...» (Хаж сүресі, 37).

Ойланатын нәрсе: Хазіреті Ибраһим عليه السلام ұлын пида қылды, ұлы Хазіреті Исмайл عليه السلام жанын қиды. Ал біз нәпсіміз бен малымызды Аллаһ жолында қаншалықты жұмсай аламыз? Аята айтылған: «**Мал-жандарын жәннатқа айырбастан алған мүминдер**» (Тәубе сүресі, 111) сипатына қаншалықты лайық бола аламыз?

Міне, осы жанқиярлықтар үшін өмір бойы мойнымызға артылған міндет бар. Ол –

6. Шайтан мен нәпсіні таспен ату

Шайтанды таспен ату негізінде іштегі шайтанды таспен атудан басталады. Бұл Хазіреті Ибраһим, Хазіреті Исмайл мен Хажар анамыздың шайтанды берген уәсүәселары үшін құалап, таспен атуының бір рәмізі.

Таспен ату лағынет айту мағынасына келеді. Өйткені сол кезеңдерде лағынет айту тас ату арқылы жүзеге асатын. Сондай-ақ шайтанға «ражим / тас атылған, тастың астында



қалған» денілуі лағынетке ұшыраған деген мағынаны білдіреді.

Әр уақыт өзімізді жауапқа тартуымыз керек: Ішіміздегі уәсуәселар мен күмөндарымызға, қателіктерімізге қаншалықты тас атамыз? Ибраһим عليه السلام, Хажар анамыз бен Исмайлдің عليه السلام шайтан мен нәпсіні таспен атқан кездеріндегі ықылас пен ұстанымдарынан қаншалықты үлес аламыз? Осы жағдайлар бізді қаншалықты ойландырады?

Барлық осы сатылар арқылы құлдың Хақ Тағаланың алдында қол жеткізгісі келген дәреже мен талап мынадай:

7. Әрдайым зікір мен дұға халінде болу

Аллаһ Тағала былай бұйырады:

«(Сонымен қатар хаж айларында сауда не басқа кәсіп арқылы) **Раббыларыңнан ризық талап етулерінде сендерге ешқандай күнә жоқ. Арафаттан** (тасқын су іспеттес, бірігіп) **ағыл-тегіл қайтқан кездерінде «Мәшһарүл Харамның» жанында** (Мүздәлифәда) **Аллаһты зікір етіндер. Ол сендерді қалай оң жолға салған болса, сендер де Оны еске алыңдар. (Білесіндер ғой) онан бұрын тап адасқандардан едіндер»** (Бақара сүресі, 198).

فَإِذَا قَضَيْتُمْ مَنَاسِكَكُمْ فَاذْكُرُوا اللَّهَ كَذِكْرِكُمْ

آبَاءِكُمْ أَوْ أَشَدَّ ذِكْرًا فَمِنَ النَّاسِ مَن يَقُولُ

رَبَّنَا آتِنَا فِي الدُّنْيَا وَمَا لَهُ فِي الْآخِرَةِ مِنْ خَلَاقٍ



«Мәнәсиктеріңді (хажыға байланысты міндеттеріңді) өтеп болғаннан кейін де (жәһілдік кезеңде) ата-бабаларыңды (мақтанып) еске түсіргендеріндей, тіпті онан да күштірек Аллаһты зікір етіндер. Адамдардың баз біреулері: «Раббымыз! Бізге (несібемізді) дүниеде бер» дейді. Ахиретте болса оған еш несібе жоқ» (Бақара сүресі, 200).

Сондай-ақ қажылық пен ұмрада көп айтылуы әмір етілген тәлбия да әрдайым зікір мен дұға хәлінде болуды ескертеді.

Расулүллаһ ﷺ былай дейді:

«Тәлбия айтқан әрбір мұсылманмен бірге оның оңы мен солындағы тас, ағаш, қатты топырақ қосылып тәлбия айтады. Осы қосылып айту (оңы мен солын көрсетіп) мына және мына бағыттағы жердің соңғы шегіне дейін жалғасады» (Термези, Хаж, 14/828).

Зікір мен дұға хәлінің жүректе әбден орнығуы үшін тәлбияның маңыздылығы соншалық, жекелеген құлшылықтар көбіне жасырын болса, тәлбияны қатты дауыстап айту әмір етілген. Осылайша құл әрі өзін, әрі айналасын жүрек пен тән үйресімділігімен зікір мен дұғаға бөлейді.

Сондай-ақ сүйікті Пайғамбарымыз былай дейді:

«Жәбірейіл عليه السلام маған келіп, сахабаларыма, менімен бірге болғандарға тәлбияны көтеріңкі дауыспен айтуды әмір етті» (Әбу Дәуіт, Мәнәсик, 26/1814).

Сонымен қатар, «Қандай қажылық абзал?» деп сұраған кезде Расулүллаһ ﷺ:

«Жоғары дауыспен тәлбия айтылған және көп құрбан





шалынып, мол қан аққан қажылық!» деген (Термези, Хаж, 14/827).

Сүйікті Пайғамбарымыз зікір мен дұға халінің сақталуы үшін мүбәрак орындарда намаздан тыс құлшылықтардағы сөздердің де қандай болуы керектігін былай баяндайды:

«Бәйтүллаһ айналасындағы тауаф намаз сияқты. Бірақ мұнда сөйлесе аласыңдар. Олай болса, кімде-кім тауаф кезінде сөйлейтін болса, тек жақсы сөз айтсын» (Термези, Хаж, 112/960).

Осыған дейін айтылған қағидалардың нәтижесінде көз-дегеніміз:

8. Көңілдің Аллаһтың кешірімі, фәйзі мен сыйына бөленуі

Хадис шәрифте былай айтылған:

«Бір ұмра екінші ұмраға дейінгі істелгендерге кәффәрат болады. Мәбрүр қажылықтың сыйы – тек қана жәннат!» (Бұхари, Ұмра, 1).

Міне, Харамәйн Шәрифке барған әрбір мүминнің жүрегiнің қалауы қажылық пен ұмра құлшылығын осындай сүйіншімен аяқтап, осы сүйінші шеңберінде берілген нәсіптер мен сезімдерге қол жеткізу болып табылады.



Мәдинаны зиярат ету

Қажылық пен ұмрадан бұрын немесе кейін зиярат етілетін Мәдинаның қойнында әлемнің ең ұлық құндылығын алып жатқандығын ұмытпаған дұрыс. Оған үммет болудың тебіренісімен басқаша бір әдеп пен тағзым көрсетілуі керек.

Өйткені, Расулұллах ﷺ былай деген:

«...Ибраһимнің ﷺ Меккені харам (құрмет көрсетілетін аймақ) етіп, сол үшін дұға еткені сияқты мен де Мәдинаны харам мекені еттім...» (Бұхари, Фәзәилүл-Мәдина, 6; Мүслим, Хаж, 462).

Сондықтан Мәдинаға тура Мекке сияқты, бәлкім, одан да артық тағзым көрсету керек. Өйткені Хазіреті Имам Мәлік пен Мәдина ғұламалары Мәдинаның Меккеден де артық абзал екендігіне және сүйікті Пайғамбарымыздың ﷺ қасиетті қабірі жатқан жердің жер бетінде ең қасиетті әрі абзал жер екендігіне бір ауыздан келіскен⁴⁶. Өйткені бүкіл әлем сол үшін жаратылып, соған сыйға тартылған.

Имам Бусири хазіретінің айтқаны да тамаша:

«Жан мен жиһан сұлтаны сүйікті Пайғамбарымыздың мүбәрак тәнін бауырына басып жатқан топырақтай хош иісті ешқандай иіс жоқ. Сол топырақты иіскеген адам қандай бай, қандай бақытты» (Бусири, Қасидә-и Бүрдә, №58 шумақ).

Осы сүйіспеншілік пен мұқияттылықтың көрінісі ретінде пайғамбар мешітінің имамы Имам Мәлік Расулұллаһтың басқан топырағына құрмет үшін Мәдинада көлікке мінбей-

46. Қараңыз, Қади Ияз, Шифа Шәриф, Мысыр 1995, II, 95-96.





тін, тіпті, аяқ киімін де кимейтін. Оның әдебі соншалықты, дәрет алу үшін Мәдинаның сыртына шығатын.

Міне, қажылық пен ұмра жасағандардың сол ортаның ғазиз естеліктерін лайықты түрде пайдалану үшін қасиетті орындарда әдептілік пен құрмет сезімінен ажырамау қажет. Өйткені шынайы руханиятқа кенелудің шарты – әдептілік.

Қорыта айтқанда, лайықты әрі мәбрур (қабылданған) қажылық пен ұмраның мүминнің көңіліне беретін пайдасы шексіз. Қажылық пен ұмраның әдебін орындамай, сол мүбәрак өлкеде ғапылдықпен уақыт өткізсе, лайықты түрде пайдалану мүмкін емес. Осы турасында мына бір жәйт үлкен естерту сияқты:



Пәкістанның рухани негізін қалаушы Мұхаммед Икбал бір күні Мәдинадан қайтқан қажыларды зиярат етіп, оларға мұсылман көңілін көрсететіндей мына бір сұрақты қояды:

«Мәдинаны зиярат еттіңіздер. Мәдина базарынан көңілдеріңді қандай сыйлықтарға толтырдыңдар? Әкелген сыйлықтарың – тақия, тәсбих, жәйнамаздар біраз уақыттан кейін ескіреді, жоғалады. Мәдинаның жоғалмайтын, солмайтын, көңілге нәр беретін, рухани сыйлықтарын әкелдіңіздер ме?..

Сыйлықтарыңыздың ішінде Хазіреті Әбу Бәкірдің адалдығы мен шынайылығы, Хазіреті Омардың адалдығы, Хазіреті Османның ұяты мен жомарттығы, Хазіреті Әлидің



парасаттылығы мен жиһады бар ма? Қазіргі таңда мыңдаған қиыншылықтарға ұшыраған Ислам әлеміне көңілдеріңізден пайғамбар ғасырының тебіренісін сыйлай аласыздар ма?»

**О, Раббым! Бізге Харамәйнды зиярат егуді нәсіп қыл!
Қажылық пен үмра шеңберінде жасайтын құлшылықтарымыз
бен құлдық көріністерімізді қабыл еткейсің!..**

Әмин!..



Ғазіреті Мауланәнің Асуреке үні



«Жаным мына тәнімде тұрған сайын
Құранның құлымын, Мұхаммед Мұхтардың
жолының топырағымын... Біреу менің осы
сөздерімнен басқа сөз жеткізетін болса, ол
адамнан да, сол сөздерден де аулақпын...»

«Раббым! Егер Сенің мархаматыңды
тек ізгі құлдарың үміт етуі керек болса,
күнәкарлар кімге барып паналайды?

Ей, Ұлы Аллаһым! Егер Сен тек қас
құлдарыңды қабылдайтын болсан,
күнәһарлар кімге барып жалбарынады?..

(Әлбетте, Сен, мейірімділердің ең
мейірімдісің!..)»



Хазіреті Мәуләнәнің жүрек үні

Өмір сүріп, өткенге айналған адамдар бар. Ғасырлар бұрын өмір сүрсе де, жанға өмір сыйлайтын демі қазірдің өзінде тірі қалпында қалған адамдар да бар. Яғни олар ғасырлар өтсе де ұмыт болмайтын адамдар.

Олар – барлық болмысын Мәңгілік Раббысының жолына арнап, мәңгілік өмір сырына қол жеткізген Хақ достары. Осы Хақ достарының жүректері мұминдердің көңілдерінде болады. Олар фәни тәндері ғасырлар бойы топырақтың астында болса да, фәйз, руханият пен рухани туындыларымен қазіргі күнге дейін жеткеніндей, оларды осыдан кейін де тура жол көрсету қызметтері жалғаса береді.

Көңілді нұландырып жол көрсету міндетіне Аллаһ Тағала тарапынан ғасырларға жалғасқан берекет берілген осындай дара Хақ достарының бірі Хазіреті Мәуләнә Жәләлүддин Руми құддисә сирруһ болатын.

Ол иманға шақырушы шебер көңіл дәрігері... Оның көңілінің үні мен жан айғайы қияметке дейін келетін адам баласының жүректерінің мәңгілік дауасы... Ешқашан ескірмейтін, әрдайым толастамайтын Хаққа қауышуға шақырушы... *Мәснәуи* деп аталатын жан айғайындағы мына бір жолдар оның көңіл үнінің ешқашан ескірмеуінің сырын тамаша түрде көрсетеді:





«Мәңгілік өмір өзенін көрген соң кеседегі суыңды, яғни осы фәни өміріңді мәңгіліктің өзеніне құй! Су өзеннен ешқашан қашпайды»

«Кеседегі су өзен суына араласқан соң сол жерде өз болмысынан ажырап, өзеннің суына айналады».

«Олай болса, сол кеседегі судың қасиеті мен сипаты жоғалып, заты қалады. Енді ол кірлемейді де, азаймайды да, иістенбейді».

Міне, фәни нәпсінің болмысынан ажырап, негізгі болмысына қауышқандардың көңіл үні қанша ғасыр өтсе де азаймайды, кірленбейді және иістенбейді!.. Шындығында да олар өздеріне тән түр, түс, үйлестік пен ағыстан ажырап, дариясына жеткен бұлақтар іспеттес.

Хазіреті Мәүләнә жүрегінен шыққан кітаптарында адам мәселесінің уақыт пен мекеннен тыс ақиқаттарына мәңгілік көкжиегінен жарық түсірген. Ғасырлар өтсе де тақырыбы мен мазмұны және өзіне тән сарыны жағынан өзінің өзектілігін жоймағаны сияқты, көңіл бағына ғасырлардан жеткен көктем самалының өмір сыйлығын лебі сияқты жәннәт иісін таратады.

Осындай Хақ достары оқиғаларды көңіл көзімен иләһи сүйіспеншілік пен ғашықтық назарымен көргендіктен болған қоғамына тура жолға түскісі келген қаншама адамдарға, тіпті, әлемді басқарған патшаларға жол көрсеткен. Өйткені олар түрлі сала ғылымдарының, ақыл мен ойдан туған мәліметтердің үстіндегі сырлы пердені ашқан, иләһи ғашық-тық пен махаббаттың фәйзді көріністеріне бөленген.

Хазіреті Мәүләнә құддисә сирруһ сияқты рухани дүниесі



иләһи махаббатпен пәк қалыпқа жеткендердің, әрбір сезімдері мен ойлары иләһи хикметке бағытталғандықтан Аллаһ Тағала олардың бейне бір көретін көздері, ұстайтын қолдарына айналған. Осылай нұрлы шеңбердің орталығына айналғандықтан, басқа адамдар да ерікті немесе еріксіз түрде оларды сүйеді және көңілдері соларға қарай жетелейді. Өйткені Хақ Тағала осындай ізгі құлдарын сүйгеніндей, оларды басқа құлдарына да сүйдіреді. Аятта былай делінеді:

إِنَّ الَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ سَيَجْعَلُ لَهُمُ الرَّحْمَنُ وُدًّا

«Иман етіп, ізгі амалдар істегендерге келер болсақ, Рахман Аллаһ олар үшін бір сүйіспеншілік береді, оларды көңілдерге сүйкімді қылады» (Мәриям сүресі, 96).

Сүйікті Пайғамбарымыз ﷺ да бір хадис шәрифінде былай деп айтқан:

«Аллаһ Тағала бір құлын сүйетін болса Жәбірейілді шақырып:

«Мен пәлен құлымды сүйемін, сен де сүй!» – дейді.

Жәбірейіл де оны сүйіп, көктегілерге үндеу жасайды:

«Аллаһ пәленшені сүйеді, сендер де сүйіңдер!» – деп.

Көктегілер де оны сүйеді. Сосын оған деген сүйіспеншілік жердегілерге де беріледі, барлығы оған сүйіспеншілікпен қарайтын болады» (Бұхари, Бәдул-Халқ, 6).

Олардың бұл жағдайы адамдар шүкіршілік етуге шамалары жетпейтін сондай үлкен нығмет болғандықтан түсіну қиын. Сонымен қатар Пайғамбарымыз Фазиз әрі Жәлил Аллаһ Тағаланың былай дегенін жеткізеді:





«Мен құлыма Мен жайлы ойына қарай қатынасамын. Мені зікір еткенде Мен онымен біргемін. Ол Мені өз ішінде зікір ететін болса, Мен де оны өзім зікір етемін (еске аламын). Ол Мені бір жамағаттың ішінде зікір ететін болса, Мен де оны сол жамағаттан да қайырлы бір қауымның ішінде зікір етемін» (Бұхари, Тәухид, 15; Мұслим, Зікір, 2, 19, 50).

Яғни мұмин құл Раббысын жалғыз өзі зікір етіп, Оның мақлұқтары (жаратқандары) мен нығметтері жайлы тәфәккур ететін болса, Аллаһ Тағала жолындағы перделерді ашады, оны рухани көріністерге бөлейді. Егер құл Аллаһты бір қауымның ішінде зікір етіп, сол арқылы Исламды уағыздап, қадірін асырғысы келсе, онда Аллаһ Тағала оны көктегілерге сүйкімді етіп көрсетеді, олар да осы зікір еткен құлға ізгі дұға жасайды. Осылай оның өміріне береке енеді. Кейіннен жер бетінің тұрғындарының жүрегінде сүйіспеншілік орнайды.

Бұл сүйіспеншілік – қоғамның әрбір сатысын, ең төменгі сатысынан бастап ең жоғарғы сатысына дейін әртүрлі мандық иелерін қамтыған көңіл шырағы. Оларды қалай сүймеуге болады?. Өйткені Мәуләнә сияқты Хақ достарының көңіл дүниесі мұңайғандардар ғаріптерге, азап шеккендерден мұқтаждарға, салихтардан күнәһарларға дейін көптеген адамдарға мәңгілік мейірім құшағы сияқты ашылған.

Ол Хақ досы қандай тамаша айтады:

«Пақырлық пен мұқтаждықта қиналған көңілдер түтін-деген үй сияқты. Сен олардың қайғысына құлақ асу арқылы сол түтіндеген үйдің терезесін ашсаң, оның түтіні сейіліп, сенің де жүрегің жұмсарып, рухың асқақтайды».

Хазіреті Мәуләнәнің жұмсақ та қамқор көңілі күнәнің



балшығына батып, ішіне түскен бөлекетін бақыттылық деп санайтын ғапылдардың жан дүниесінен шыққан үнсіз сұралған көмек пен айғайға терең мейірімділік теңізі ретінде әлемнің жаратушысына былай деп жалбарынады:

«Раббым! Егер сенің мейіріміңнен тек салих құлдарың үміттенетін болса, күнәһарлар кімге барып паналайды?..»

«Ей, ұлы Аллаһым! Егер сен, тек ықыласты құлдарыңды қабылдайтын болсаң, күнәһарлар кімге барып жалбарынады?.. (Әрине сен, мейірімділердің ең мейірімдісің!..)»

Сондықтан адамдар әрдайым Абдулакадир Гәйлани, Юнус Әмре, Бахаүддин Нақшибәнд пен Мәуләнә сияқты Хақ достарының сүйіспеншілікке толы құшағын сағынады. Өйткені олар «жөндеу орнына бұзылған құралдар барады» деген үкім бойынша күнәһарларға қанаты қайырылған құс сияқты мейіріммен қарап, олардың көңіл әлеміне үміт беруді барлық дүниенің нығметтерінен де құнды нәсіп әрі мәңгіліктің бақыты деп білген.

Аллаһ Тағаланың Рахман және Рахим есімдерінің толық көрінісіне ие болған осы кәміл мүминдерде мейірім мен мәрхамат негізгі болмысына айналған. Сонымен бірге бұл салих мүминдер «нәпсім, нәпсім» деген менмендіктен құтылып, «үмметі, үмметі» деген қамқорлыққа қол жеткізіп, өнегелі өмір сүреді. Олардың өнегелі өмірлері фәни денелерінен кейін де жалғасады. Олар нәпсілерін тәрбиелеудің нәтижесінде рухтарын көпір ретінде қолданып, Аллаһтың дидарына қауышады, үмметтің барлық өкілдерін де осы жолмен жүргізіп, Раббысына қауыштыруға тырысады. Олар құтқаруды күткен адамдардың мұғалімдері, Аллаһ пен құлдарының алдында жамағаттың жауапкершілігін ұзданында алып жүрген руханият қаһармандары.





Риуаятқа қарағанда Әбу Абдұллаһ Сәлимәдан:

«Хақ достарын халықтың ішінен қалай танысың?» – деп сұрайды. Хазірет былай деп жауап береді:

«Тілдеріндегі тәттіліктен, ахлақтарының көркемдігінен, жүздеріндегі жылылық пен сүйіншіден, сөздерінің сыпайылығынан, нәпсілеріндегі тоқтықтан, кемшілікті мойындаудағы жомарттығынан, Барлық жақсы-жаман адамдарға шектен тыс мейірімінен...»

Мәуләнә хазіретінің өзі ұстанып, адамдарға уағыздаған мына қағидалар да осы ерекшеліктердің көрінісі іспеттес:

«Мейірім мен мәрхаматта күн сияқты бол!

Басқалардың кемшіліктерін жасыруда түн сияқты бол!

Тоқтық пен жомарттықта ағын судай бол!

Ашу мен қаталдықта өліктей бол!

Болғаның сияқты көрін, көрінгенің сияқты бол!..»



Тасавуф жолында сырты мен ішін кемелдендірген, рухани дәрежелерден өтіп кәмілдікке жеткен Хақ достары «пайғамбарлардың мұрагерлері» болу абыройына жеткен бақытты жандар. Олар пайғамбардың көрсеткен жолы мен кемел істерінің ғасырларға жеткен жорағы көріністері. Яғни, олар Хазіреті Пайғамбар мен оның сахабаларын көру абыройына ие бола алмағандар үшін іс жүзіндегі белгілі жол сілтеушілері болып табылады.



Хадис шәрифте былай айтылған:

«(Сырты мен ішін кемелдендіріп, білімін парасаттылыққа жеткізген) ғалымдар – пайғамбарлардың мурагерлері»
(Әбу Дәуіт, Ілім, 1).

Аллаһ достарының өсиеттері мен берген насихаттары Расулұллаһтың ﷺ сұхбатынан ағылған фәйз бен берекенің көріністері. Өйткені рухани қалыптың орталығы да сол. Иләһи ақиқаттар мен рухани тебіреністерге толы сұхбаттар мен насихаттардың барлығы сол орталықтан жалғасып келе жатқан жарық сәулелер. Хақ достарының осындай мәжілістерін ғанибет деп білген дұрыс. Өйткені олар Хазіреті Пайғамбардың ﷺ жиырма үш жылдық пайғамбарлық өмірін сөздерімен, іс-әрекеттерімен, сезімдерімен үмметке жеткізген өнегелі тұлғалар. Сол себепті олардың өсиеттер мен насихаттары көңілге дауа көзі болып табылады.

Аллаһ Расулы ﷺ бір күні сахабаларына:

«Жәннат ағаштарының бірін жолықтырсаңдар, көлеңкесінде отырып, жемісінен жеңдер!» – деген. Сахабалары:

«О, Расулаллаһ! Бұл дүниеде жүргенде қалайша мүмкін болады?» – деп сұрайды.

Сонда Расулұллаһ ﷺ:

«Нағыз ғалымды жолықтырсаңдар, жәннат ағаштарының бірін жолықтырғандарың» – деді.

Міне, Хақ достары да ғасырлар бойы қайғылы көңілдерді фәйзді көлеңкесімен салқындатқан, әлі де болса салқындатып





жүрген жәннат ағаштары. Олардың хикмет пен гибратқа толы насихаттары ақиқатқа құштар көңілдердің қорегі.

Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

*«Аллаһ Тағала пайғамбарлар мен әулилерді әлемдерге рахымышылық етіп жібереді. Сондықтан халыққа қажымай, талмай насихат айтады. Осы насихаттарды тыңдамай, қабылдамағандарға да «**Уа, Раббым! Сен оларды ая, рахымышылық есіктерін оларға жапна!**» – деп жалбарынады.*

«Сен есіңді жинап, берілген насихаттарды жан-көңілмен тыңда! Тыңдап, қайғы мен қорқыныштан құтыл, рухани рахатқа, қауіпсіздікке қауыш!»

«Мүмкіншілікті жібермей, күмәнға салынбай осы фәни әлемнің алдамшыларынан арылып, өзін барынша Хаққа тәуелдендірген кәміл адамның етегінен ұстасаң, ақырзаманның, мына бұзылған дүниенің азғындықтарынан құтыласың!»

«Әулилердің сөздері өмір нәріне толы, мөлдір, тұнық өзен сияқты. Мүмкіншілік болып тұрғанда одан әбден қанып іш, көңіліңде рухани гүлдер, бәйшешектер ашылсың».

Хақ достары ұзақ жылдар бойы мыңдаған жәндік пен адамға, жануарлар мен ағашқа, гүл мен бұлбұлға өмір сыйлап ағып кететін өзен тәрізді. Бұл өзеннің сағасы да Аллаһ Тағаланың мәңгілік қауышу дариясы.

Олардың өмірі адамзат үшін бір өнеге болғанындай өлімдері де ерекше гибрат пен хикмет сабағына толы болады. Өйткені олар дүниелік өмірін әрдайым ахиреттің ақиқатын назарға ала отырып, иләһи бір жүйеге бағына отырып



өткізгендіктен олардың назарында өлім қараңғы түнек болудан шығып, мәңгілік қауышуға қол жеткізудің бірден-бір жүзеге асу шарты ретінде түсінілген. Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

«Ұлым! Әркімнің өлімі өз бояуында болады, адамды Аллаһқа қауыштыратындығын ойламай өлімнен қашқандарға, оған дұшпан болғандар үшін өлім, қорқынышты дұшпан сияқты көрінеді. Өлімге дос болғандар үшін де дос болып шығады».

Сондықтан көп адамдарда суық, үрейлі әрі қорқыныш шашқан өлім ақиқаты олар үшін той кешіне яғни, қауышу түніне айналады. Олар дүниелік өмірінде Аллаһтың қалауына қарсы келуден басқа ештеңеден қорықпағандықтан ахиреттегі барлық қорқыныштардан қауіпсіз етілген. Бұл турасында аяттарды былай делінеді:

أَلَا إِنَّ أَوْلِيَاءَ اللَّهِ لَا خَوْفٌ عَلَيْهِمْ وَلَا هُمْ يَحْزَنُونَ

«Әулиелерде қорқыныш жоқ екендігін біліңдер. Олар қасірет те шекпейді» (Юнус сүресі, 62).

لَهُمُ الْبُشْرَى فِي الْحَيَاةِ الدُّنْيَا وَفِي الْآخِرَةِ

«Дүниелік өмірде де, ахиретте де оларға сүйінші бар...» (Юнус сүресі, 64).

Пайғамбарлардың өздеріне тән қаншалықты ерекше қасиеттері бар болса, әулилердің де өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, жәләли немесе жәмәли қасиетте бола алады. Бірақ бұлардың барлығы рухани әлемде Аллаһ Тағаланы қатардағы





адамдардың түсініктерінен басқаша біліп, барлық фәнилерден жүрегін арылтып, Хаққа жақын болуға тырысады. Осы шексіз, шетсіз мағрифатұллаһ жолында әрдайым әлсіздігін түсініп отырады. Сонымен бірге олардың барлығы бірдей дәрежеде болмайтындай барлығына бірдей міндеттер де жүктелмеген.

Кейбірі халықты дінге шақыруға міндетті болмағандықтан, олар таңданыс мәртебесінде қалып, әрдайым үнсіз болады. Ондайлар иләһи құдірет көріністеріне сақау сияқты қарайды.

Басқалары болса рухани тәрбиенің нәтижесінде халыққа оралады. Олар халықты дінге шақыруға міндетті. Адамдардың алдында міндет жүктелген Хақ достары бейне бір селге айналады. Тілдері мен көңілдерінен иләһи сырлар мен хикметтер төгіле бастайды.

Бұлар кейде бір балаға сатылап сабақ беретін мұғалім сияқты, өздері білетін сырлардың, хикметтер мен ақиқаттардың көбін адами қатынастарда білмейтіндей көрінеді. Сол себепті осындайға астарлы түрде біліп-білмейтіндей көрінуді «тәжәһул-арифанә» деп атаған.

Хазіреті Мәүләһәнің Мәснәуиді **Хұсамұддин Челевидің** түсінігіне қарай айтқаны, бәлкім, осындай жағдайдың көрініс тапқандығынан. Егер Хазіреті Мәүләһә Мәснәуиін **Шәмс Тәбризи** үшін айтқанда, қандай көңіл жемісі көрінетіндігін кім білсін...

Мәүләһәға ғашық бір ойшыл оның құпия халін лайықты түрде түсіну тұрғысында адамдардың көбінің дәрменсіз екендігін жеткізу үшін былай дейді:



«Біз Мәуләнә Жәләлуддиннің шабытының айғайын естідік. Шомылған шаттық теңізінің тереңдігін көруге мүмкіндік болмады. Теңіздің түбінен көтеріліп, судың бетіне не шықса, соны ғана көреміз. Біз Хазіреті Мәуләнәнің махаббатын емес, тек махаббатынан сөзде көрінген айғайына қол жеткіздік. Сақау тілімізбен түсіндіруге тырысқанымыз осылар ғана. Шаттық теңізіне тек сол сүңгіді. Бізге шабытының толқынынан шыққан дауыстар ғана жетті. Қайда! Оны Мәуләнә деп жүрміз».⁴⁷



Түркі халықтары тарихта Құран Кәрім мен хадис шәрифтерден кейін Мәснәуиді ең көп оқумен танылған халық. Шындығында, тарихта «шәриф» сипатына ие болған үш кітап бар. Біріншісі – Расулұллаһтың ﷺ хадистерінің жинағы «**Бұхари Шәриф**», екіншісі – Расулұллаһтың мүбәрак бейнесі мен сипаттарын қамтыған «**Шифа Шәриф**», үшіншісі – Хазіреті Мәуләнәнің «**Мәснәуи Шәриф**» кітабы. Осы үш тамаша кітап Османлы тарихы бойынша таңдаулы мешіттерде танымал адамдармен тәбәрік ретінде оқылған. Тарихта бір жағынан осы сипатымыз біздің ерекшелігіміз ретінде айтылады.

Бірақ қазір осы сипатқа қаншалықты лайық екендігімізді ойлануымыз керек. Осыған байланысты Мәулананы қаншалықты түсінгенімізді, көңіл дәрігерінің, ғапылдық сияқты рухани аурулардан құтылу дауасы ретіндегі насихат-

47. Нүреттин Топшы, Мәулана уә Тасаввүф, Ыстанбұл 1998, 139 б.





тарынан қаншалықты пайдаланғанымызды жан-дүниемізде салмақтауымыз керек.

Өкінішке орай, қазіргі кезде кейбір адамдарда, әдейі немесе білместіктен, рухани сипаты жойылған және нәпсіге бет бұрған қате Мәуләнә мен Мәснәуи түсінігі орын алуда.

Осы үлкен әрі терең түсініктің негізінде «сырнай» Мәснәуиде кәміл адамды сомдаса кейбір орталарда тек бір музыка аспабы сияқты танылып, Мәуләуилікте өте бір маңызды болып саналатын «сәмә» әрекетін фольклорлық биге айналдыруға тырысады.

Алайда, Хазіреті Мәуләнәнің өмірі Құран Кәрім мен Пайғамбар сүннетіне адалдықпен берілген рухани өмір. Ол Құран Кәрімнің терең де шексіз ақиқаттар дариясы екендігін былай жеткізеді:

«Құран Кәрімді бір сауыт сиямен жазуға болады. Оның мазмұнындағы барлық сырларды жеткізуге шексіз мұхиттар сия, жер бетіндегі барлық ағаштар қалам болса да жеткіліксіз болады».

Хазіреті Мәуләнәнің Құран жолындағы мүмин екендігін мойындамай, оны басқаша сенім немесе философияның қатарынан көрсеткісі келетіндер оның мына бір нақты жауабын естиді:

«Жаным мына тәнімде тұрған сайын Құранның құлымын, Мұхаммед Мұхтардың ﷺ жолының топырағымын... Біреу менің осы сөздерімнен басқа сөз жеткізетін болса, ол адамнан да, сол сөздерден де аулақпын...»



Хазіреті Мәуләнәнің мына бір халі оның Расулұллахқа ﷺ деген сүйіспеншілігінің көрінісі:

«Ол үйіне келгенде «Бүгін үйде не бар?» деп сұрап, «Ештеңе жоқ!» деген жауапты естісе, қуанып «Шүкіршілік, бүгін үйіміз Пайғамбардың ﷺ үйіне ұқсады!» дейтін. Ешқашан нәзір мен садақа қабылдамағанындай шәкірттерін де бұдан тыйып, еңбектенуге кеңес беретін»⁴⁸

Расында, ол адамзатқа Құранның жоғары бағытын көрсететін руханият пен һидаят жолын көрсетуші, ақиқаттың шырағы. Мұны кітаптарындағы өз сөзінен де көруге болады. Ол Хақ досы былай дейді:

«Мәснәуи – ақиқатқа жету және Аллаһтың сырларына қанық болғысы келетіндер үшін бір жол. Мәснәуи тазарған адамдар көңіліне шипа. Қайғыны жойып, Құранды нақты түсінуге көмектеседі, мінез-құлықты көркейтеді».

Қорыта айтқанда, Хазіреті Мәуләнәнің қияметке дейін барлық адамдарға айтқан уағызының мазмұны;

-Иманның жүректе ләззатқа айналуы;

-Жүректің Құранның тұңғығынан және Аллаһ Расулының ﷺ руханиятынан үлес алуы;

-Дін бауырластығының сүйіспеншілік, мейірім мен қызмет арқылы дәрежесінің артуы, осы ниетте өмір сүруі;

48. Әли Нихад Тарлан, Мәуләнә, Ыстанбұл, 1974, 29 б.





-Жаратушы үшін жаратылғандарға мейірім мен мәрхатқа толы көзқарас тереңдігіне ие болуы;

-Адамның өз ақиқатын және өзіне берілген иләһи сыйларды түсініп әлем парақтарындағы сырлар мен хикметтердің мазмұнын түсінуі;

-Ең жоғарғы мәртебеде жаратылған адамның қасиетін сақтап басқа жаратылыстардан өзгеше екендігін білуі және соған қарай әрекет жасауы.

Өйткені Хазіреті Мәуләнә өз өмірін қорытындылаған кезде пән білімінің шыңына жеткен кезін «**қам-дым**», мағрифатұллаһ көріністеріне ие болып, әлемдегі сырлар оған ашыла бастаған кезді «**пісігім**», Аллаһтың махаббатында фәни болу халін «**жандым** (күйдім)» деп жеткізеді.



Қорыта айтқанда, Аллаһқа құлдық сынағы үшін осы дүниеге жіберілген адамдардың дүниенің қызығына алданып, гапылдыққа салынуы қандай өкінішті-ақ. Барлық адамдарды отты иірімдей алып кететін өлім әркімнің басына келетін болашақтағы ең қорқынышты қасіреті. Барлық өмір жолдарының айналып-айналып өлім көкжиегінде жоқ болуы, көңілді тереңнен мұңайтатын ең үлкен мәселе. Тірілер үшін өлімнен үлкен оқиға болмағандықтан, осы ұлылықты түсінген адамдардың фәни әрі өткінші нығметтерден бас тартып, тақуа болулары тиіс. Сол себепті адамдардың иләһи ұлылық пен құдіреттің ағысына таңданып, әлем парақтарындағы сырлар мен хикметтер жайлы ойланулары керек. Өлімнің



қойнынан бір ақиқат таңының ататындығын және иләһи соттың алдында толтырылған өмір таспасының есебін беретіндігін ешқашан естен шығармаған жөн.

Уа, Раббым! Мәуләнә мен басқа да Хақ достары сияқты әлемге иләһи сүйіспеншілік назарымен қарауды, оны терең сезіне отырып, ұжданның үрейі, иманның шабыты деңгейінде қарауды, көзден аққан өкініш тамшылары арқылы ғұфран түсінігіне жетуді, маңдайымыз жарқын болып, ұжданымыз рахат болып Сенің құзырыңа баруды барлығымызға нәсіп ет! Жан-дүниемізді пайғамбар мұрагері болған Хақ достарының фәйз, руханият және насихаттарымен көрікті қыл!..

Әмин!..



Басшылықтағы Аманат пен Жауапкершілік түсінігі



Басшылар мен жетекшілер және ел басқарушылар айналасында пайда үшін өзін қолпаштағандар мен адал адамдардың ұсыныстарын ажырата білуі, нәпсіге ұнайтын ілтипаттардың түбінде тұншықпауы керек. Басшылық мәртебесінің ең үлкен қауіптерінің бірі – тәкәппарлықпен, менмендікпен адамдарды қор санау. Бұдан құтылудың шарасы – жасалған қайырлы қызмет пен табыстардың нағыз иесінің Аллаһ Тағала екенін түсіну, керісінше, қателіктер мен кемшіліктерді де өз нәпсімізден көру.



Басшылықтағы аманат пен жауапкершілік түсінігі

Аллаһ Тағала әлем мен оның ішіндегілерді адамға аманат ретінде тапсырып, осыларды қолдану турасында оны жауапты қылған. Байлық, бала, денсаулық, атақ, абырой сияқты барлық нығыметтер адамға берілген. Адам баласы осы аманаттарға мұқият қарауға міндеттіміз. Аманатқа қажетінше қарап, сол нығыметтердің шынайы иесі болып табылатын Аллаһтың ризашылығы жолында қолдану иләһи рахымшылыққа, кешірім мен берекетке бөленудің ең маңызды себебі.

Иләһи сынақ алаңы болып табылатын осы дүниеде әркім қабілеті мен рухани-материалдық кемелдігіне қарай бір дәрежеге жетіп, сол жолда Аллаһтың құлдарына қызмет етіп, сынақ тапсырады. Осылардың ішіндегі жауапкершілігі ең үлкен болатын сынақ – басшылық, яғни басшы қызметін атқару. Өйткені басшылық лайықты түрде орындалған жағдайда сауабы көп, лайықсыз орындалған жағдайда обалы ең ауыр болатын жауапкершілік.

Әр қоғамның тыныштығы, бейбітшілігі мен бақыты көптеген себептердің ішінде алдымен аманат жауапкершілігін лайықты түрде түсінген басшыларға ие болу арқылы мүмкін



болады. Осы тұрғыдан алғанда адамды қабілетіне сай етіп тәрбиелеу, оған лайықты орын беру – қоғамның ең маңызды міндеттерінің бірі. Олай болмаған жағдайда лайықсыз орынға келген адамдардың қызметі тоқырауға ұшырап, рухани-материалдық өмірде шегіну пайда болады. Басшылық қызметтердің сол іске лайықты адамдарға берілуі, аятта былай баяндалады:

اللّٰهُ يَأْمُرُكُمْ أَنْ تُؤَدُّوا الْأَمَانَاتِ إِلَىٰ أَهْلِهَا

وَإِذَا حَكَمْتُمْ بَيْنَ النَّاسِ أَنْ تَحْكُمُوا بِالْعَدْلِ

«Аллаһ сендерге аманатты иесіне/лайықтысына тапсыруларыңды, адамдар арасында билік айтар болсаңдар, әділдікпен үкім берулеріңді бұйырады. Шынында Аллаһ сендерге қандай тамаша үгіт-насихат айтып жатыр. Анығында Аллаһ (сөздерің мен үкімдеріңді) толық естуші, (барлық істеріңді) аса көреген» (Ниса сүресі, 58).

Аллаһ Расулы ﷺ осы Құранның қағидасын лайықты түрде ұстанып, әрбір адамды қабілетіне қарай орындарға тағайындаған. Яғни сахабаларынан діндарлығымен танылған адамды әскер басшылығына, әскер басшылығына лайық адамды қазылыққа тағайындамаған.

Сонымен бірге Расулұллаһ ﷺ аманаттың иесіне берілмеуін (лайықсыз адамдардың тағайындалуын), дүниелік өмірді қияметке айналдыратын үлкен шығынның себебі ретінде санаған. Бір күні сахабаларымен сөйлесіп отырғанда бір адамның:

«Ақырзаман қашан болады?» – деген сұрағына:



«Аманат зая кеткен кезде қияметті құт!» – деп жауап берген.

«Аманат қалай зая кетеді?» – деп сұраған кезде:

«*Істер лайықсыз адамдарға берілген кезде қияметті құт*» – деген болатын (Бұхари, Білім, 2; Ахмет, II, 361).

Сондықтан өмірдің барлық саласында рухани-материалдық аманатты лайықты адамдарға беру және лайық болған кезінде қызметті соған табыстау шарт.

Ислам ойшылдары ұлық дініміздің ең кіші қауымынан бастап мемлекетке дейін басшылық мәселесіндегі ең басты қағидаларды анықтаған кезде:

1. Басшылардың ізгі амал істейтін адам болуын,
2. Аманаттың, яғни мәнсап пен мемлекеттік қызметтің лайықты адамдарға қарап тағайындалғанын,
3. Ақылдасу арқылы шешілетіндігі туралы айтқан.

Осы үш қағидадан тыс мәселелер, уақыт пен сол жердің шарттарына қарай бағалануы керек деген шешімге келген.

Сонымен қатар, Аллаһ ризашылығын алу және қоғамға қызмет ниетімен рухани және материалдық салада басшылық қызметке келгендер сол орынның аманат екендігін, ол жерде уақытша, яғни белгілі бір уақытқа ғана отырғандығын біліп, сол орында мәңгілік отыратындай тәуелді болудан сақтануы керек. Сондай-ақ осы шындық жөнінде «**Сот қазыға мүлік болмас**» деген қанатты сөз бар.





Аманатты арқалағандардың оны лайықты түрде орындауы үшін Құран Кәрім мен Сүннеттің өлшемдері шеңберінде тақуалық өмірді ұстануы шарт. Қоғамды басқарған адамдар әртүрлі әрекеттер мен шаралардың, бір сөзбен айтқанда, иләһи камераның алдында екендігін түсініп, нағыз мұсылманның тұлғалығын танытуы тиіс. Кемел басшы бір жағынан қызметін лайықты түрде орындауға тырысса, екінші жағынан **«Көкте және жерде ешбір нәрсе жасырын қалмайтын»** (Әлү Иман сүресі, 5), **«...Құлына күре тамырынан да жақын»** (Қаф сүресі, 16) Раббысының алдында екендігін әрдайым ихсан түсінігінде өмір сүруі керек.

Қануни Сұлтан Сүлеймен ханның үлкен жетістіктерге жеткен Ғази Бали Бейге жіберген мына бір пәрмені аталарымыздың басшылықтағы аманат пен жауапкершілік түсінігін тамаша түрде көрсетеді:

«...Он сегіз қамалды алыпсың. Кеме зауытына отыз мың станок жіберген екенсің. Денсаулық тілеймін. Екі дүниеде де жүзің жарқын болсын, саған ризашылығымды білдіремін.

...Барлық табысыңды Аллаһтан деп біл. Ешқашан мен істедім деп менменсіме! «Өз қылышыммен осыншама елдерді жеңдім!» деп мақтанба.

Мүлік Аллаһтікі. Одан соң Хазіреті Пайғамбардікі. Сонан соң Хақ Тағаланың әмірі бойынша халифтікі.

Би болу екі басты таразы сияқты. Бір басы жәннат, екінші басы жәһәннам. Көзің ұйқыда болса да жүрегің ояу болсын! Барлық нәрсе әділеттіліктен басталады. Әділетті болсаң бұл да құлшылық болады. Аллаһ Тағала барлығымызды әділ құл етсін. Сен билеп отырған жерлерде жасалған зұлымдық



пен әділетсіздікті махшар күні бізден жауап алатын болса, сенің жағаңа жармасатын боламын. Сол күні ұятқа қалмасаң, табысың сол.

Бір адамды қызметке тағайындаған кезінде ешқашан сырт көрініске сенбе! Көптеген адамдар бар, қолында мүмкіншілік болмағандықтан саған күліп қарап, мүмкіндік болған кезде Нәмуртқа айналады (қатыгездік жасайды).

Қысқасы, адамдарды сынап, жақсылап танысаң, кейін өкінбейсің.

Көзің мен құлағыңды жақсылап аш! Егер билер мен өкілдер жақсы болса, халық та жақсы болады.

Кейбір адамдар бар, күндіз ораза ұстап, түнде намаз оқиды. Бірақ пұтқа табынатындар сияқты. Олар мал-мүлікті ұнататын адамдар. Халықты мал-мүлікке деген сүйіспеншіліктен артық аздыратын қасірет жоқ.

Ешқашан фәни нәрсеге көңіл бөліп, сүйіспеншілікпен қарама. Нығметтерді Аллаһтың құлдарына молынан шаш. Жомарт бол. Барынша қызғаншақтықтан сақтан. Өнімдеріміз қажеттіліктерімізге жетпейді деп мазасызданба! Қажеттілік үшін қиналсаң осында хабарла. Қолымыздағы қазынадан саған қажетті қаражатты беруге шамам келеді. Алынған қамалдардың мал-мүлкі мен азық-түлігінен бір бөлігін қазынаға жина. Қалғаны мұсылман әскерінің ақысы. Әскерлерге жақсы қара!

Үлкендерді әкең, қатарыңды бауырың, өзіңнен кішілерді балаң деп сана! Балаларыңа мейіріммен қара, бауырларыңа жомарт бол, әкелеріңе құрмет ет. Мұсылман әскеріне



ешқашан қиыншылық тудырма. Сол жерлерде тұратын пақырларға қамқор бол. Садақаға мұқтаж адамдардың кимімі мен азықтарын қазынадан қамтамасыз ет. Өйткені кедейлер Хақ Тағаланың құлдары. Қазына болса, Аллаһтың құлдарының хақысы.

Пайғамбарымыздың ұрпақтары бар болса, маған есімдерін хабарла. Аллаһ Расулының ұрпақтары ешқашан қиыншылық пен таршылық көрмесін.

Кедейлердің ренжігеніне ешқашан риза емеспін. Адамдардың барлығы рахат өмір сүрсе, мұсылман еместер халқымыздың халіне қызығушылықпен қарап, мұсылмандарға бет бұрады, Исламға деген сүйіспеншіліктері артады.

Кейбір ауылдарды қорға бергің келеді. Алынған ауылдар мен елдімекендердің барлығын қорға берсең де қарсы емеспін. Қорға бергің келген ауылдардың тіркеу дәптерлерін жібер әрі бізден кейін Осман ұлдарынан шыққан патшалар, уәзірлер... жалпы айтқанда мұсылмандардың қайсы бірі сенің қорыңның шарттарына бағынбайтын болса, махшар күні шағымданып, қарсылық білдіретін боламын.

Қазір, ей, Фази Бали Бей! Сен де барлық шамаңмен Ислам діні үшін және мемлекеттің істері үшін қолыңнан келгенінше еңбектен... Жомарт бол. « نِعْمَ الْمَوْلَىٰ وَنِعْمَ النَّصِيرُ **Ол қандай жақсы дос және қандай жақсы қамқоршы** » (Әнфәл сүресі, 40) деген зікірді қайталап, ғалымдар мен Хақ достарының қамқорлығын өзіңе жолдас қыл! « ادْعُوا رَبَّكُمْ تَضَرُّعًا وَخُفْيَةً » аятын берік ұстан, оны еш тас-тама. Хақ Тағала жолыңды ашық қылып, дін дұшпандарынан әрдайым мұсылман әскерімен сені жеңіске жеткізсін!»

Фибратпен оқылатын осы мәлімдеме аталарымыздың мін-



детке тағайындаған адамдарға айтқан насихатындағы шеберлігін айтудың өзі жеткілікті. Олардың халқы өз нәпсілерінен артық ойлағандарын, басшылықтағы аманат, жауапкершілік сезімдерін ең жоғары деңгейде сезінгендігін көрсететін осы біо ескертулер біз үшін тамаша қағидалар.

Басшылар, жетекшілер мен алдыңғы қатардағылар айналасында пайда үшін өзін қолпаштағандар мен шынайы адамдардың қолдауын ажырата білу керек, нәпсісіне ұнайтын ілтипаттардың толқынына түншықпауы қажет. Жасандылықпен, пайда көздеп өздерін қолпаштағандарға соқыр, жағымпаздар үшін саңырау болып, тура жолда ақиқатты қолдаудан ғапыл қалмау керек.

Сондықтан басшылық орындарда отырған адамдардың көмекшілері мен кеңесшілерін таңдаған кезде лайықты адамдарды таңдау маңызды. Сондай-ақ мына бір хадис шәриф басшыны ақиқат пен әділдікке немесе, керісінше, пайдаға итермелеу турасында көмекшілерінің қаншалықты маңызды қызмет атқаратындығын көрсетеді:

«Аллаһ Тағала бір басшы үшін жақсылықты қаласа, оған тура сөзді уәзір нәсіп етеді. Бұл оны ұмытқан кезде есіне салады, есіне түскен кезде көмектеседі. Аллаһ Тағала бір басшы хақында жақсылықты қаламаса оған жаман бір уәзір жібереді. Бұл уәзір оның ұмытқанын есіне салмайды, есіне түскен кезде де көмектеспейді» (Әбу Дәуіт, Хараж, 4/2932; Нәсәй, Бәйат, 33).

Бұл ақиқатты түсінген және рухани кемелденген мүмин пайда үшін келген жасанды ілтипаттарға алданбауы керек.

Сонымен бірге басшылық мәртебесінде отырған адам фәнилердің (адамдардың) мақтауы мен ілтипатына се-





ніп, тәкәппарлық пен менмендікке салынып, амалдарының сауабынан да айырылмағаны жөн. Сондай-ақ Расулүллаһ ﷺ осындай халге түсуден қауіптеніп, орынсыз мадақ пен мақтауға тыйым салған, егер мадақталатын жәйттар нәпсіқұмарлыққа себеп болатын болса:

«(Сендерді пайда үшін) мақтаған адамның жүзіне топырақ шашыңдар!» деп бұйырған (Ахмет, VI, 5).

Бұл турасында Явуз Сұлтан Сәлім ханның Мысыр жоғырынан оралған кезіндегі ұстанымы тамаша мысал болады:

Явуз Сұлтан Сәлім хан үлкен жеңіспен Мысыр жорығынан Ыстанбұлға қайтып, күндіз Үскідарға жетеді. Ыстанбұл халқы оны үлкен марапатпен қарсы алатындығын естіген соң, тәрбиешісі Хасан Жанға:

«Күн батсын, адамдар үйлеріне қайтсын, көшелер босасын, мен содан кейін Ыстанбұлға кірейін. Адамдардың мадақтары, ілтипаттары мен жеңіс ұрандары нәпсімізді тәкәппарлыққа жетелеп, амалымыз босқа кетпесін!» деді.

Явуды сол қорқынышты Сина шөлінде ақырған арыстан, Мысырға кіре берісінде көзі жас, шүкіршіл, қарапайым бір мүмин, Үскідарда өзін нәпсісін сұраққа алған иләһи әрі рухани ләззаттарға толы дәруиш ретінде көреміз.

Дүние салтанатын әрдайым жүрегінен тыс ұстаған үлкен патша өмірінің соңғы сәттерінде Хасан Жанның:

«Алдияр! Енді Раббымызбен бірге болу уақыты келді» – дегеніне таңданып бетіне қарап:



«Тақсыр! Сен бізді осы уақытқа дейін кіммен бірге деп ойлаған едің!» – деп жауап берген болатын.

Қазіргі кезде Явуз сияқты материалдық пен рухани, дүниелік пен ахиреттік, тән мен рух теңдігіне ие, имандағы күштарлық, ахлақтағы парасаттылық және түсініктері терең қабілетті басшыларға қаншалықты мұқтажбыз!..

Гүл бағын аралаған адам сол жердегі гүлдердің сұлулықтарына қарап әрдайым күлімсіреп жүретін болса, қоғамның назарында жүргендер де осындай қалыпта сабырлы, жылы жүзді және адамдардың қиыншылықтарын көтеруде шыдамды болулары қажет. Өйткені олар басшылықтың ең алдымен көңіл табумен, көңілге тыныштық пен баыттылық сыйлаумен болатындығын білуі керек. Хазіреті Мәүләнә құддисә сирруһ қандай тамаша айтқан:

«Егер сенде көрегенділік бар болса, көңіл Қағбасын тауаф қыл! Топырақтан жасалған деп ойлаған Қағбаның негізгі мағынасы көңіл... Сен Аллаһтың назар орны болған көңілді қалдыратын болсаң, Қағбаға жаяу барсаң да алған сауабың, көңіл қалдырудың күнәсін шая алмайды».

Қай салада қызмет етсе де, әрбір басшы қызметіне қажетті физикалық, рухани және ғылыми қабілетке ие болып, жан дүниесін рухани қасиеттермен безендіруі қажет. Жан дүниесі Аллаһ, Расулұллаһ пен дін бауырластарына деген сүйіспеншілікке толы болуы тиіс. Жаратушысы үшін жаратылғандарға мейіріммен, сүйіспеншілікпен, мәрхаматпен қарай білуі ләзім. Ықылас, қарапайымдылық, турашылдық, кешірімді болу, кеңесіп шешім қабылдай білу сияқты қасиеттерге ие болып, өзін ғылыми және адамгершілік тұрғыдан әрдайым жетілдіріп отыруы қажет. Қоластындағылардың



кемшіліктерін өзінен көріп, қаталдықты өзіне, жұмсақтықты басқаға бағыттауы керек. Аллаһқа мойынсұнудың, ол берген мүмкіншіліктерге қанағат етудің маңыздылығын көрсететін Аллаһ пен пайғамбардың сөздерін ұстанып, осы бойынша қарапайым өмір кешу қажет.

Кішіпейілділікке қайшы келетін тәкәппарлық менмендікке салыну болып табылады. Атақ болса адам үшін ең үлкен нәпсі апаттарының бірі. Тәкәппарлыққа салынып, атаққұмарлыққа берілген адам көптеген зұлымдық жасайды, бірақ мұның парқына да бара алмайды. Ақыры өзінің абыройынан айырылып, ұятқа душар етеді де залым болады. Хазіреті Мәуләнә құддисә сирруһ былай дейді:

«Көктем мезгілінде тас көгере ме? Топырақ сияқты қарапайым болсаң, сенен түрлі-түсті гүлдер мен бәйшешектер өсіп шығады!..»

Яғни көктемнің берекесінен нағыз үлес алатын тек топырақ қана. Сондықтан топыраққа гүл өсіп, түрлі-түсті шешек атқан кезде тас та көктемді көреді, бірақ ол көктемнен нәсіп ала алмайды. Тәкәппарлық пен атаққа душар болған адамдар да табиғаттағы тастар сияқты. Олардың үстінен көктем жаңбыры ағып кетеді, ешбір үлес ала алмайды. Нәпсі кедергісінен өте алмаған адамдар үшін нәпсінің осындай қауіптері олардың негізгі құндылығына айналады.

Кішіпейіл ізгі құлдарды Аллаһ Тағала аятта былай мадақтайды:

وَعِبَادُ الرَّحْمَنِ الَّذِينَ يَمْشُونَ عَلَى الْأَرْضِ هَوْنًا

«Рахманның қас құлдары жер бетінде қарапайым жүреді...»

(Фұрқан сүресі, 63).



Адамгершілік қасиетіне жараспайтын жағымсыз қасиеттерді жою үшін зұһд, тақуалық пен ихсан қалыбында құлдық өмірді ұстану керек. Хақ достарының ұстанымдары бұл тұрғыда тамаша мысал. Көңіл сұлтаны Бахауддин Нақшибәнд құддисә сирруһ да өмір бойы Аллаһтың берген нығыметтерінің шүкіршілігін орындауға тырысып, жылдар бойы мұқтаж адамдарға, науқас жануарларға қызмет етіп, тіпті көшелерді өз қолымен тазалап, осы аяттың мағынасына сай болуға тырысып, тебіреніспен өмір сүрген. Оның рухани дәрежелерінің биіктігіне қарамастан өзін әрдайым есіктің босағасында көретін рухани халге ие болғандығын көрсететін мына бір жолдары бізге қандай ғибратты көңіл көкжиегін көрсетеді:

*Әлем бидай мен сабан,
Әлем жақсы мен жаман!..*

Осы тұрғыдан алғанда қандай да бір қауымды басқарған басшылар жауапкершілігін өз мойнына алған адамдарды өзінің қызметкері емес, керісінше, өзін соларға қызметші ретінде көріп, оларға қарапайымдылықпен, жылы жүзбен әрі мейіріммен қараулары керек. Өзінің әрекеттерін әрдайым бақылауға алып, нысапсыз әрі қатал жүректі адам болудан сақтану керек. Өйткені хадис шәрифте былай делінеді:

«Басшылардың ең жаманы – нысапсыз әрі жүрегі қатал болғандар» (Мұслим, Имарә, 23).

«Аллаһым! Үмметімнің басшылығын арқалап, оларға қиыншылық тудырған адамға сен де қиыншылық тудыр. Үмметімнің басшылығын мойнына алып, оларға жұмсақ қарағандарға сен де жұмсақ қара!» (Мұслим, Имарә, 19; Ахмет, VI, 93, 258).





Иманның ең дара қасиеті болып табылатын мейірім ең алдымен билік иелері үшін керек. Мейірімнің жемісі – Аллаһтың құлдарына қызмет ету. Өйткені әділ әрі турашыл басшылар қияметтің қиын күнінде Ғарыштың көлеңкесінде болатындығы хадис шәрифтерде сүйіншіленеді (Бұхари, Азан, 36; Мұслим, Зекет, 91).

Адамдарға мейірім мен сүйіспеншілікпен қараудың қазіргі күнде де ерекше үлгі болатындай мысалдардың бірі мынадай:

Сұлтан II - Абдұлхамит хан асығыс бір іс болып қалған кезде түннің қай уақыты болса да өзін оятуды қалайтын, ертеңгі күнге қалғанына риза болмайтын. Бұл туралы мемлекеттің бас хатшысы Әсад Бей өзінің естеліктерінде былай дейді:

«Бір күні түн ортасында өте маңызды бір құжатқа қол қойдыру үшін Сұлтанның есігін қақтым. Бірақ есік ашылмады. Біраз күткеннен кейін қайтадан қақтым, тағы да ашылмады. «Сұлтанға Хақтың бұйрығы жетті ме (бақилық болды ма)?» деп қауіптендім. Аз уақыттан соң қайтадан қақтым. Бұл жолы есік ашылып, қолына орамал ұстаған Сұлтан шықты. Бетін сүртіп тұрып, күлімсіреп:

«Балам! Осы уақытта өте маңызды іспен келгеніңді білдім. Есікті алғаш қаққан кезінде оянғанмын, бірақ дәрет алып кешігіп қалдым, кешірерсің! Мен осыншама уақыт халқымның ешбір құжатына дәретсіз қол қойған емеспін... Әкел, қолымды қойып берейін!..» – деді.

«Бисмиллаһ» айтып құжатқа қол қойды».



Расулұллаһтың мына бір хадисі де әділ де қабілетті басшылардың Хақ Тағала алдындағы ерекше орнын тамаша көрсетеді:

«Қиямет күні адамдардың Аллаһ Тағалаға ең сүйіктісі және оған ең жақын болатындар – әділ басшылар...» (Термези, Ахкам, 4/1329; Нәсәи, Зекет, 77).

Хазіреті Омардың :

«Адамдар басшыларының жүрген жолымен жүреді» деген хикметті сөзі бойынша халық басқарып отырған басшыларға қарай бейімделеді, солардың жүрген жолымен жүреді. Сондай-ақ халық арасындағы *«Балық басынан шіриді»* деген мақал осыны көрсетеді. Осыған қатысты бірнеше тарихи мысал келтірсек:

Әмәуи халифасы Уәлид бин Абдүлмәлік тамаша ғимараттарды қатты жақсы көріп, сондай істерге құштар болатын. Оның кезеңінде адамдар да соған қарап, құрылыспен айналысуға құштар болды. Әрдайым мәжілістер мен отырыстарда құрылыс тақырыбы қозғалатын.

Сүлеймен бин Абдүмәлік тамаққа салынған патша болған. Оның заманындағы адамдар да тамақты сөз етіп, уақыттарын өткізетін.

Омар бин Абдүлазиз болса тақуа, құлшылыққа құштар мүмин болатын. Оның дәуірінде халық құлшылыққа, тақуалық пен қайырда жарысқа түсті. Мәжілістерде «бүгін түнде қандай дұға оқыдың, Құран Кәрімнен қанша аят жаттадың,





осы айда қанша күн ораза ұстадың, қанша қайыр жасадың?» деген сөздермен бір-бірін ынталандырып, отыратын⁴⁹.

Яғни тарих адамдарға менменшіл мен тәкәшпар адамдардың тудырған ауыртпалық пен қиыншылыққа толы көріністерін, олардың аянышты соңын ғибрат ретінде ұсынғандай, тақуалы да ізгі басшылардың мейіріммен, мәрхатпен, қамқорлыққа толы абыройлы сән-салтанатты көріністерін де бағалап көрсетеді. Міне, Омар бин Абдүлазиз адамдарға тамаша қызметтерін көрсетіп, халқына бақыттылық сыйлаған, тарих беттерінен абыройлы орын алған. Оның үмметтің жауапкершілігін арқалау турасында арқалаған үлкен аманат жауапкершілігінің түсінігін көрсететін сансыз үлгілерінің бірін жұбайы Фатима былай баяндайды:

«Бір күні Омар бин Абдүлазиздың қасына бардым. Жайнамазында отырып, қолымен маңдайын тіреп, көз жасы көл болып жылап отыр екен. Одан:

«Сізге не болды?» – деп сұрадым. Ол былай деп жауап берді:

«Ей, Фатима! Бұл үмметтің ең ауыр жүгін арқалап жүрмін. Үмметтің ішіндегі аш пен кедейлер, науқастанып дәрі таба алмағандар, жалғыз қалған жесір әйелдер, ақсын ала алмай зұлымдыққа ұшырағандар, бөгде елдегі кәпірлердің қолына түскен мұсылман тұтқындар, қажеттілігін қамтамасыз ете алмай, еңбектенуге шамасы келмейтін қарттар, көп жанды кедей отбасылары мені қайғыға батырады! Жақын,

49. Қараңыз, Ахмет Жәудәт Паша, Қисас әл-Әнбия уә тарихил-Хуләфә, Ыстанбұл, 1976, I, 717; Табари, Тарихул-Үмәм уәл-мүлк, Кайр, 1939, V, 266-267.



алыс жерлердегі осындай мүмин бауырларымды ойлаған сайын жауапкершілігімнің ауырлығынан қиналамын. Ертең есеп беретін күні Раббым осылар үшін мені жауапқа тартатын болса, Расулұллах ﷺ сол үшін маған ренжісе, мен не деп жауап беремін?» (Ибн Кәсир, әл-Бидая, IX, 208).

Жұбайы Фатима сөзін сабақтап, былай дейді:

«Ол сіздер сияқты құлшылық ететін. Бірақ түнде төсекте Аллаһтан қорқып, қиямет күнгі есебін ойлап, қатты қобалжып, жүрегі жиі-жиі соға бастайтын. Бейне бір суға түскен немесе қолға түскен құс сияқты шыр-пыр болатын. Мен де оның осы халіне шыдай алмай үстіне көрпесін жауып, өзіме: «Әттең, басшылық жауапкершілігі бізге берілмегенде ғой, әттең, басшылық пен біздің арамыз күн мен жердің арасындағы қашықтықтай болса ғой» дейтінмін».

Өмірінің соңында кейбір басшылық пен саяси оқиғаларға қатысқаны үшін қатты өкінген Амр бин Ас رضي الله عنه та өлім төсегінде теріс қарап жатып, ұзақ уақыт жылаған, ақырының қандай болатындығын ойлайтынын айтқан (Мұслим, Иман, 192). Жиған малына қарап:

«Әттең, сен түйенің тезегі болсаң ғой немесе мен Затүс-Сәләсил соғысында өліп кетсем етті» деген болатын.

Хазіреті Омардың رضي الله عنه басшылықтағы жауапкершілігін көрсететін мына мысал өте ғибратты:

«Қанжарланған кезде оған:

«Орныңызға біреуді тағайындасаңыз!» – дегенде ол:

«Бұл үмметімнің жауапкершілігін көзімнің тірісінде



арқалағанымдай, өлгеннен кейін де арқалайын ба?.. Мен атқарған халифалық үшін ешқандай сый күтпеймін. Жауапқа тартылмасам болғаны!» – деп жауап беріп, өзінің толғанысын жеткізген (Мүслим, Имарат, 12).

Кейбір адамдар Хазіреті Омардан өте қабілетті ұлы Абдұллаһты халифа етуге өсиет етуін сұраған кезде ол:

«**Бір отбасынан бір құрбан жеткілікті**» – деген болатын.

Хақ Тағала аятта:

إِنَّا عَرَضْنَا الْأَمَانَةَ عَلَى السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ وَالْجِبَالِ

فَأَبَيْنَ أَنْ يَحْمِلْنَهَا وَأَشْفَقْنَ مِنْهَا وَحَمَلَهَا الْإِنْسَانُ

إِنَّهُ كَانَ ظَلُومًا جَهُولًا

«**Біз аманатты көк пен жерге, тауларға ұсынып едік, олар мұны міндегіне алудан бас тартты, (жауапкершілігінен) қорықты. Оны адам көтерді. Шынында ол өте залым, өте на-дан**» (Ахзаб сүресі, 72) – деп, әрбір адамды өзіне аманат берілген жаратылыс ретінде қабылдайды. Бұл бойынша жауапкершілік тек халықтың аманаты мәселесіне ғана қатысты емес.

Өйткені Расулұллаһ ﷺ былай дейді:

«Барлығың шопансыңдар және барлығың баққандарыңа жауаптысыңдар. Имам – шопан және қарамағындағылардан жауап береді. Еркек – отбасының шопаны және қол астындағыларға жауапты. Әйел – күйеуінің үйінде шопан, ол



да малына жауапты. Қызметші қожайынының малы мен баққандарына жауапты» (Бұхари, Ахкам, 1; Мұслим, Имарат, 20).

Жеке өмірде де Аллаһ берген нығметтерін лайықты түрде шебер қолдану қажет. Бірақ мұндағы кемшілік тек жекелеген зиянды тудыратын болса, халықты басқарудағы қабілетсіздік басшының қол астындағыларға да әсер ететіндіктен одан да үлкен жауапкершілікті тудырады.

Осы тұрғыдан алғанда діни мәселелерде жол көрсетіп, үлгі болатын адамдар да алдымен өздерін тәрбиелеуі шарт. Өйткені хидаят пен тура жолда болу алдымен солар үшін керек. Өздері ізгі болмаса басқаларын ізгілікке шақыра алмайды.

Бір күні Хазіреті Әбу Ханифа балшықта жүрген бір баланы көреді. Оған мейіріммен күлімсіреп:

«Балам, абайла, жығылып қалма!» – деді.

Бала да зеректік пен тапқырлық байқалған көзімен имамға бұрылып, одан күтпеген кемелдікпен былай деп жауап берді:

«О, Имам! Негізінде сіз өзіңіз абайлаңыз, құлап қалмаңыз! Өйткені ғалымның құлауы әлемнің күйреуі деген сөз. Менің жығылғаным ештеңе емес, жығылсам өзім ғана зиян шегемін. Бірақ сіздің аяғыңыз таятын болса, сіздің артыңыздан ергендердің де аяғы таяды, жығылады, олардың барлығын тұрғызу қиынға түседі!..»

Имам Әбу Ханифа осы сөзден қатты әсерленіп, үлкен тебіреніске түсті. Сол күннен кейін қандай да бір мәселені шәкірттерімен бірге толық бір ай талқылағаннан кейін ғана





барып, ижтиһад жасап, пәтуасын беретін. Шәкірттеріне де мынадай насихат айтатын:

«Егер бір мәселеде сендердің қолдарыңа қуаттырақ дәлел тұссе, онда бұл мәселеде маған мойынсұнбаңдар. Исламдағы кемелдіктің белгісі осы. Маған деген сүйіспеншілік пен адалдықтарың да осылай көрініс табады...»⁵⁰.

Басшылар мен жетекшілер Расулұллаһтың ﷺ мына бір ескертуіне үлкен мән беріп, шариғи мақсат үшін шариғатқа жат тәсіл қолданбаулары керек. Ол мына хадис шәриф:

«Исламда жақсы жол ашқан адамға ол ісінің сауабы бар. Сол жолда жүргендердің сауабынан бір бөлігі оған да беріледі. Сонда олардың сауабынан ешқандай азаймайды. Кімде-кім Исламда жаман жол ашатын болса, ол адамға оның күнәсі бар. Сол жаман жолда жүргендердің күнәсінен де ол өз үлесін алады. Бірақ олардың күнәлары одан азаймайды» (Мүслим, Зекет, 69; Нәсәи, Зекет, 64).

Қоғамның алдында жүргендердің жақсылығы айналасына әсер ететіні сияқты қате әрекеттері де адамдарды еріксіз еліктетеді. Сондықтан басшы әділ де жақсы үлгі болып, нәпсінің қалауынан бас тартып әділдікпен үкім беруі керек. Олай болмаған жағдайда жаман өнегелі адамдардың да обалын арқалайды. Сонымен бірге басшы адам Аллаһ Тағаланың Дәуітке عليه السلام жасаған мына ескертуін ешқашан естен шығармауы керек:



يَا دَاوُدُ إِنَّا جَعَلْنَاكَ خَلِيفَةً فِي الْأَرْضِ فَاحْكُم بَيْنَ النَّاسِ
بِالْحَقِّ وَلَا تَتَّبِعِ الْهَوَىٰ فَيُضِلَّكَ عَن سَبِيلِ اللَّهِ

«Ей, Дәуіт! Әлбетте, біз сені жер бетіндегі халифа қылдық. Енді адамдар арасында әділдікпен үкім жүргіз, әуестікке салынба. (Бұл жағдай) сені Аллаһ жолынан адастырмасын...»
(Сад сүресі, 26).

Расулұллаһ ﷺ бір жолы сахабаларына былай деп ескертеді:

«Бір іске тағайындаған адамымыз бізден бір ине немесе одан да кішкене бір нәрсені жасырған болса, бұл – қиянат. Қиямет күні соны алып келеді».

Сонда әнсарлардың ішінен бір адам тұрып:

– О, Аллаһтың Елшісі! Маған берген қызметіңді қайтарып ал! – деді.

Хазіреті Пайғамбар ﷺ:

– *Саған не болды?* – деп сұрады.

– Сіздің жаңа айтқандарыңызды естідім!– деген кезде Пайғамбарымыз ﷺ:

– *Мен оны қазір де қайталаймын: «Кімді бір қызметке тағайындайтын болсақ, аз болсын, көп болсын, қолындағысын бізге әкелсін. Содан өзіне берілгенін алады, тыйым салынғанға жоламайды* (Мүслим, Имарат, 30).



Қорыта айтқанда, ең жоғары деңгейдегі басшыдан ең төменгі дәрежедегі отағасына дейін адамдардың барлығы мойнындағы аманатқа қиянат жасамай жауапкершілігіне лайықты түрде түсінікке ие болуы керек. Осы орайда шәкірттердің алдындағы мұғалімдердің немесе қауымның алдындағы жетекші тұлғалардың тек білімді болуы жеткіліксіз. Олар да адамның руханиятына ынтық, қамқор, те-рең ойлы, алдынан шыққан қиыншылықтарды шешуге қабілетті, саясат іліміне, яғни адамдарды басқару сырларын меңгерген, қызметінің маңыздылығын түсінетін болулары керек. Қандай жағдайда болмасын өлшемнен шықпай, қызметте өнегелі болуға тырысып, қызметке құштар әрі ынталы болуы қажет. Өйткені жетекшінің қабілеті оның жауапкершілігін арқалаған адамдарда көрініп тұрады. Алтын өңдейтін зергердің шәкірттері де алтын қызметшісі болады.

Тағы бір есте сақтайтын жәйт: басшылық мәртебесінің ең үлкен қауіптерінің бірі – тәкәппарлықпен, менмендікпен адамдарды менсінбеу науқасы. Бұдан құтылудың шарасы – жасалған ізгі қызметтер мен жетістіктердің шынайы иесінің Аллаһ Тағала екендігін түсіну. Және қателіктер мен кемшіліктердің нәпсімізге тиесілі екендігін мойындау. Сонымен қатар жоғары дәрежеге ие болғандар Аллаһ Тағаланың рұқсатынсыз сол мәртебеге тек өзінің еңбегінің арқасында жетуінің мүмкін еместігін біліп, қолындағы күш пен қуат Хақ Тағаланың ризашылығын алу жолында өзіне берілген қызмет жолы екендігін естерінен шығармаған дұрыс. Әрдайым Аллаһқа сиынып, қателіктері мен кемшілігі үшін ешкімнің зиян шекпеуін тілеп, бұл қызмет үшін өзінен де лайықты адамдардың келуін шын жүрекпен тілеу қажет.



Аллаһ пен Расулының бізге берген аманатқа лайықты болуды, мойнымыздағы аманаттарға дұрыс ие болуды, Хақ пен халыққа қызмет түсінігімен өмір сүріп, жақсы мүмин ретінде танылып, Аллаһтың ризашылығына жетуді Раббымыз барлығымызға нәсіп еткей!..

Әмин!..



Мәнсапқорлық пен басшылықтың Жауапкершілігі



Мәнсапқорлық пен басшылыққа қуштарлық – ең үлкен атакқумарлық сезімі. Бұл сезім адамнан ең соңынан және ең қиын кететін нәпсіқумарлығы. Басшылық мәртебесінде отырғандар өздеріне аманатқа берілген қоғамның ең төменгі сатыдағылардың рухани-материалдық өмір шарттарын назарға алып, олардың тіршілігімен үйлесімді, қарапайым өмір сүрулері қажет. Екіншіден, «Басшылық жауапкершілігін толық түсіндім бе, әлде мәнсапқорлыққа салынып, рухымды ұландырып жатырмын ба?!» деп, өзін әрқаша жауапқа тартып отыруы керек.



Мәнсапқорлық пен басшылықтың жауапкершілігі

Адам баласы дүниеге сынақтан өту үшін жіберілген. Осы сынақ сырына байланысты Аллаһтың әмірлеріне немесе нәпсінің құмарлығына мойынсұну арасында ерік-бостандық берілген. Сол себепті адамның жан дүниесі онда жасырылған жақсы мен жаман сезімдердің күрес алаңы іспетті.

Адамның шынайы бақыты мен шаттығы рухты қинайтын кедергілерден арылып, жоғары сезімдермен безенуге тырысу және иманның абыройына сай өмір сүру арқылы жүзеге асады. Ол үшін мәңгілік бақытқа нұқсан келтіретін, мәнсәпқорлық, яғни басшылыққа құштарлық, атақ пен мәнсәпқұмарлық сияқты рухты уландыратын нәпсіқұмарлықтардан арылу шарт.

Рухани тұрғыдан кемелдену нәпсінің құмарлықтарынан арылу арқылы жүзеге асады. Бірақ мұндай тазаруда адамнан ең соңынан қиын шығатын нәпсінің құмарлығы – **«мәнсәпқорлық пен атаққұмарлық»**. Өйткені бұл жағымсыз жағдай менмендік, тәкәппарлық, қызғаншақтық және тойымсыздық сияқты көптеген жаман қасиеттерге себеп болатын ең нашар нәпсіқұмарлығы. Сол себепті оны көңіл-



ден ысырып тастау өте қиын. Сондықтан рухани тәрбие барысында ең соғы сатыда тұрады.

Байлық, атақ және мәнсапқорлыққа салынған, оларға қол жеткізу үшін барлық шараны қолдануға бел буған адамның рухани және ахлақтың талаптарына қарамайтындығы рас. Мәнсапқорлыққа салынып, көзі қарайған адам жыртқыш жануарлардан да зиянды болуы мүмкін. Расулұллаһ ﷺ адамдағы осы қасиеттің қаншалықты қауіпті екендігін былай деп баяндайды:

«Мал-мүлік пен мәнсапқа құмар адамның дініне берген зияны қоралы қойдың ішіне жіберілген екі аш қасқырдың келтірген шығынынан да үлкен» (Термези, Зүһд, 43/2376).

Расында, көзін дүниеқұмарлық торлаған, көңілі мәнсап пен атаққұмарлыққа тұтқын адам бейне бір адамгершілік қасиеттерден құр алақан. Хақ достары дүниелік атақ пен мәнсапқа деген құштарлықты барлық жаман істердің қайнар көзі деп санаған.

Хазіреті Әбу Бәкір Уәррақ:

«Біқыласты болғың келсе алдымен басшы болуға деген құштарлықты жүрегіңнен алып таста, сосын өзіңді ешкімнен жоғары санама!» – деген.


Басшылық яғни елді басқару үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Жеткілікті қабілет, шеберлік, лайықтылық пен күш-қуаты жоқ әрі мойнына алған міндетін лайықты түрде атқара алмайтындардың басшылықты талап етулері өте орынсыз. Хазіреті Мәуләнә жауапкершілік сезімі жеткілік-



ті дамымаған адамның лайықсыз орынға көтерілуіне қатысты мынадай теңеу айтады:

«Негізінде лайықты емес адам жоғары мәртебеге көтеріліп, материалдық тұрғыдан мәртебесі артқан адам халықтың иығына шыққан жаназа (мәйіт) сияқты. Мұндай адамдар негізінде жоғары мәртебеде емес, керісінше, адамдардың ертерек иықтарынан түсіргісі келетін мәйіт іспетті».

Сахаба Әбу Зәһр  бір күні Пайғамбарымызға:

«Уа, Расулаллаһ! Мені әкім етіп тағайындаймысың?» – дегенде, Аллаһ Расулы  былай деп жауап береді:

«Ей, Әбу Зәһр! Сен әлсіз адамсың. Қалаған қызметің – үлкен аманат. Бұл аманатты лайықты түрде алып, мойныңа жүктелген міндеттерді орындаумен бірге бұл қызмет қиямет күні үлкен өкініш пен қорлық әкеледі» (Мүслим, Имара, 16).

Расулұллаһ :

«Мына көк күмбездің асты мен жердің үстінде Әбу Зәһрдан артық әрі шыншыл әрі адал адам жоқ» (Термези, Мәнәкиб, 35/3802) дегеніне қарамай, оның ахлағы мен мінезін, тақуалыққа бейімділігін, дүниені күнсыз санайтындығын жақсы біле тұра оны басшылыққа тағайындамаған. Өйткені «ахлақи кемелдік» пен «басшылық қабілет» екеуі екі басқа. Осы күннің өзінде қаншама басшылық қабілеттері жоқ абзал адамдар бар.

Бір адамды халық мадақтап, оның артынан еру үшін оның ерекше адамгершілігі мен ахлағы болуы керек. Адамның өмірі сүйіспеншілікке ұласқан иман, ынта-



ықыласпен орындалған құлшылықтар мен тәнтi боларлық iзгi әрекеттермен жасалған қызметтiң арқасында кемелденiп, бағалауға лайық болады. Көптеген адамдар әдеми сөйлей алады, жеке мәселелердегi мұқияттылығымен табысқа қол жеткізуi де мүмкін. Бірақ бұлардың халық үшін жауапкершілігін міндетіне алуға жеткіліктілігін жақсы ойланып, есепке алулары керек. Өйткені басшылық лайықты түрде орындалуы аманаттың ең қиын түрі. Бұл турасында қажетті материалдық-рухани қабілетке ие болмай, халықты басқаруға кіріскендер ахiретте үлкен жауапкершілікке тап болады.

Мәнсапқорлық яғни басшы болуға құмарлық, қоғам мен діни өмірде дауасы қиын үлкен жараларға себеп болатын дерт. Тарих беттері басшылық пен мәнсабынан айырылмау үшін қауымын бәлекетке жетелеген, лайықсыз да қанағатсыз басшылардың рухани-материалдық зұлымдығы мен қатыгездік көріністеріне толы. Мәнсап үшін қанша әскерлер бір-бірімен соғысып, күнәсіз адамдардың қаны төгілген, қаншама байлық жұмсалып, адамдардың атақ-абыройы аяққа тапталған. Тек бір мысал ретінде Құран Кәрімде Перғауынға қатысты айтылған мына теңеу қандай ғибратты:

يَقْدُمُ قَوْمَهُ يَوْمَ الْقِيَامَةِ فَأَوْرَدَهُمُ النَّارَ وَيَسَّ الْوَرْدُ الْمُورِدُ

«(Перғауын қауымын теңізге апарып суға батырғанындай) қиямет күні де қауымының алдына шығып, оларды (суға жетелегендей) отқа жетелейді. Сол барған жерлері қандай жаман жер» (Ғуд сүресі, 98).

Адамдардың басшы болуға деген құмарлығы мен Расулұллаһтың ﷺ бұл тұрғысындағы ұстанымына қатысты Әбу Мұса әл-Әшаридің ﷺ баяндаған мына оқиғасы да өте мағыналы:




«Немере ағамның екі ұлын ертіп, Аллаһ Расулының алдына кірген едім. Олардың біреуі:

«Уа, Расулаллаһ! Басшылығын Аллаһ Тағала саған берген міндеттерінің біріне бізді басшы етіп тағайында!» – деді. Екіншісі де осы сияқты бірдеңе айтты. Сол кезде Расулұллаһ ﷺ былай деді:

«Уаллаһи біз ондайды қалаған адам мен мәнсапқор адамды басшы етіп тағайындамаймыз!» (Бұхари, Ахкам, 7; Мұслим, Имарат, 15).

Аллаһ Расулы ﷺ одан ешқандай қызмет сұрамаған Әбу Мұсаны Йеменге әкім етіп тағайындады. Өйткені ол қызмет сұрамаған, Расулұллаһ ﷺ оның бойынан көрген қабілеттеріне қарай оған осы аманатты тапсырған еді.

Хазіреті Әбу Бәкір  халифа болып, халық өзіне сенім білдірген кезде мінберге шығып, былай дейді:

«Мен ешқашан халифа болуды сұрамадым, оған қызықпадым да. Жасырын не әшкере ешқашан Аллаһтан тілемедім. Өйткені халифа болған жағдайда менде тыныштық болмайды».

Бұл сөздер басшылық жайында мүмин көңілдерінде болуы қажет берік иман ұстанымы мен басшылықтың, қоғамның мүмкіншіліктері арқасында сән-салтанатпен өмір сүру емес, қоғамға қызмет ету екендігін тамаша түсіндіреді.

Атақ пен мәнсапты нәпсіні қанағаттандыру үшін емес, Аллаһтың құлдарына қызмет ету мақсатымен қабылдау кісілігін көрсеткен рухани кемелденгендердің бірі Явуз Сұлтан





Сәлім хан болатын. Патша бір күні халқына былай деп үндеу жасайды:


«Әлі де бас көтермек болсаңдар, айтыңдар, қазір-ақ биліктен кетейін. Мен бұл салтанатты Исламға қызмет ету үшін әкемнің қолынан алдым және әлемді тура жолға шақыру үшін туысқандарым мен ағайындарымды пида қылдым. Келісім сұрадым, маған келісім бердіңдер. Мен ұйқымды, рахатым мен тыныштығымды тастап, дінді күшейтуге тырысамын. Егер Исламды жаңғыртқыларың келмесе, негізінде менің де салтанатқа құштарлығым жоқ».

Лайықты түрде атқара аламын ба, жоқ па деп ойланбастан, қиялға беріліп немесе нәпсіге еріп, мәнсапқорлыққа салынудың үлкен жауапкершілікті қажет ететіндігі анық. Бірақ қалайда халыққа қызмет көрсету керек. Сондықтан бір істі лайықты түрде орындайтындай қабілеті бар адамдардың да жауапкершіліктен қашып, шеткері қашуға және қызметті тастап кетуге хақысы жоқ. Өзіне осындай қызмет берілген адам лайықты екендігіне сенімді болса және жанында өзінен де лайықты адам жоқ болса, ұсыныстан бас тарта алмайды. Егер бас тартатын болса, бәрі-бір жауапкершілігінен құтыла алмайды. Өйткені халықтың аманатын арқалау кейде қажеттілікке айналуы мүмкін. Мүминге осы жарасады. Яғни мүмин үшін өнегелі өмірімен, көркем ахлағымен, саяси ілімімен, көрегенділік, парасаттылығымен, қабілетімен басшылыққа құштар емес, атқарушысы болу қажет.

Ислам халифаларының ішінде төрт үлкен халифадан кейін парасаттылық тұрғысынан ең дара орын алған Омар бин Абдулазизге халифа мәртебесі ұсынылғанда ол қабылдамаған болатын. Бірақ өзінен басқа лайықты адам



табылмағанын көрген ғалымдар кеңесі егер ол осы міндетті алмайтын болса обалына қалатынын айтқан соң Омар бин Абдулазиз осы міндетті алуға мәжбүр болды. Омар бин Абдулазиз өзіне қашан да ақиқат пен шындықты айтып отыратын кеңес құрып, олар халифаны ескертулерімен, үгіт-насихаттарымен қателіктерден қорғауға тырысқан.

Мәнсапты қаламаса да өзіне мәнсап берілген, шынайылықпен оны орындауға тырысқан адамдарға Аллаһ Тағала көмектеседі. Расулұллаһ ﷺ Абдуррахман бин Сәмураға  мынадай кеңес берген:

«Ей, Абдуррахман! Басшылықты қалама! Егер сенің қалауыңмен саған басшылық берілетін болса, сұраған нәрсенің жауапкершілігі сенің өзіңе жүктеледі. Егер сен қаламай, саған басшылық берілетін болса, онда жәрдем көресің» (Бұхари, Әймән, 1; Мүслим, Имарәт, 19).

Адамның хақысын өтей алмайтындай бір міндетті табандылықпен талап етуінің ахиреттің үлкен қасіреті екендігі бір хадис шәрифте былай баяндалады:

«Сендер қызмет алу тұрғысында қатты ынталысыңдар. Алайда (қол жеткізу үшін) тырысқан міндеттерің қиямет күні өкініштің себебіне айналады» (Бұхари, Ахкам, 7; Нәсәи, Бәйәт, 39; Кұдат, 5).

«Аллаһ Тағала бір адамды басқаларға әмірші етеді, ал ол қоластындағыларға қулық жасап, өлетін болса Аллаһ оған жәннатты харам етеді» (Бұхари, Ахкам, 8; Мүслим, Иман, 227; Имарәт, 21).

Бұл турасында барлық үмметке үлкен міндет жүктеледі. Бұл аманат берілетін лайықты адамдарды тамаша тәрбиелеу



және оларды лайықты орындарға тағайындау. Басшылыққа құштар болу жоғарыда айтылған себептерге байланысты онша ұнамды болмаумен қатар, қажетті сипаттарға ие адамдардың қажет болған жағдайда бұдан қашпауы, керісінше, келісіммен қызметке ат салысулары қажет. Мұның ең тамаша мысалы ретінде Хазіреті Юсуфты ﴿يوسف﴾ айтуға болады. Ол зынданнан шығып Мысыр патшасының арнаулы адамы болғаннан кейін үлкен ашаршылық күткен өлкенің қаржы істерін басқаратын адам ретінде өзін танып, осы қызметті қалаған және Құран Кәрімде баяндалғанындай Мысыр патшасына:

قَالَ اجْعَلْنِي عَلَىٰ خَزَائِنِ الْأَرْضِ إِنِّي حَفِيظٌ عَلَيْمَ

«Мені елдің қазына басшылығына тағайында! Өйткені мен (оларды) жақсы сақтаймын және бұл істерді жақсы білемін» деген» (Юсуф сүресі, 55).

Бұл аяттан әділ де лайықты адамның басшылық міндетін қалауына болатындығы түсінікті болады. Сонымен қатар аятта ақиқат пен әділдіктің басым болып, өтірік пен зұлымдықтың жойылуы үшін басқа шара қалмаған жағдайда басшылықты қолға алудың қажеттілігіне де ишарат етіледі. Міне, Юсуф ﴿يوسف﴾ қалаған қызметіне қатысты барлық қабілеттерге лайық және қажет болғандықтан үлкен жауапкершілікпен қазына басшылығын қалаған. Юсуфтың ﴿يوسف﴾ бұл турасындағы тақуалығы мен қабілетін көрсететін көптеген мысалдардың бірі мынадай:




Бір күні Юсуфтан :

«Сен қазынаның иесі әрі басшысы бола тұра неге өзінді аш қалдырасың?» – деп сұрағанда ол:

«Мен тоқ болсам, аштарды ұмытып кетем бе деп қорқамын» – деп жауап берген.

Осы тұрғыдан басшылықта отырғандар өздеріне аманатқа берілген қоғамның ең төменгі сатысындағылардың рухани-материалдық өмірін және бастарына түскен қиыншылыққа байланысты душар болған көңіл-күйлеріне көңіл бөліп, олардың өмірімен үйлесімді және соларға сай өмір сүрулері керек.

Басшыларда болуы қажет рухани қабілеттердің ең тамаша үлгісін Аллаһ Расулының  өмірінен көруімізге болады. Ол әрдайым жететіндей мөлшерде ғана тұтынып, тіпті кедейлік пен пақырлық ішінде өмір сүретін, сахабаларын тойдырмайынша өзі тойып жүрмейтін. Үмметінің қуанышын өзінің қуанышынан артық көретін. Пайғамбар мешіті салынып жатқанда мүбәрак арқасымен тас көтеріп, бір жорық кезінде от жағу үшін сахабаларымен бірге отын жинаған, өзі де қызмет ету арқылы барлық басшыларға үлгі болатын іс жүзінде жақсы өнеге қалдырып:

«Бір қауымның мырзасы – соларға қызмет етуші» (Дәйләми, II, 324) деген болатын. Осылайша сахабаларының күнкөрісін өзінің басынан кешіріп, олардың қуанышына қуанып, қайғысына ортақ болған.

Бір күні Расулұллаһқа  мезгілінен бұрын піскен құрма ұсынылған еді. Аллаһ Расулының әрдайым жайдары жүретін



жүзінен сол сәтте көңілсіздік байқалды. Сахабаларының да осындай құрмаларды жеген-жемегендігін сұрап, олардың жемегенін білген соң:

«Алып кетіңдер мына құрмаларды, мына балалар жесін! Мен ұмметімнің жемеген нәрсесін жемеймін! Халқының жемегенін жеп, кимегенін киген басшы болудан Аллаһқа сыйынамын...» деді.

Міне, осындай пайғамбар ахлағын бойына сіңірген Хазіреті Омар رضي الله عنه да түнде әсіресе шеткі ауылдарды аралап әрдайым қиындыққа тап болғандардың қасынан табылатын, мұқтаждарға ұн арқалап апарып беретін. Оның бұл мәселедегі мұқияттылығын білдіретін мына бір хал өте ғибратты.

Ұтбә бин Фәрқад баяндайды:

Бір жолы Хазіреті Омарға құрма мен майдан жасалған бірнеше себет халуа алып бардым. Ол бұлар не деп сұрады. Мен:

«Саған тамақ әкелдім. Өйткені таңнан кешке дейін халықтың ісімен жүресің. Үйіңе қайтқан кезде жақсы тамақ жеп, күш жинасын дегенім» – дедім. Хазіреті Омар себеттердің біреуінің аузын ашып:


«Ей, Ұтбә, Аллаһ үшін айт! Бұлардан әрбір мұсылманға бір себет бердің бе?» – деп сұрады.

«Ей, мүминдердің әміршісі! Қайс тайпасының барлық малын жұмсасам да барлық мұсылмандарға бір себеттен халуа бере алмаймын» – дедім. Сонда Хазіреті Омар رضي الله عنه:

«Олай болса маған да қажет емес» деп, кешкен нан мен



қатты еттен жасалған бір табақ тирит тамағын әкелдірді... Содан кейін еттің жақсы жағын келген қонақтарға бергенін, қатты жері мен сіңірлерін өзі жейтінін айтты...» (Әли әл-Мұттақи, XII, 627/35936).

Ислам әскерінің батыр қолбасшысы Халид бин Уәлидтің  бұл турасындағы рухани ұстанымы да тамаша үлгі боларлық:


Сириялықтар мен Римдіктер арасында болған соғыста кеш түсіп, батырлар дем алуға кіріскен болатын. Кейін дастархан жайылып, ашыққан батырлар құр нан мен құрмадан жасалған тамақтарын жеп жатқан. Бірақ қолбасшы Халид бин Уәлидтің дастарханына жұмсақ нан мен салқын су әкелінген еді. Мұны көрген Халид бин Уәлид нанның күннің астында қалайша кеппегенін және суық суды қайдан тапқанын таңданып сұрайды. Оған:

«Біз бұл нан мен суды шұңқырлар мен дымқыл жерде сақтадық. Сондықтан нан жұмсақ, су суық» – дедік.

Сол кезде Хазіреті Халид:

«Әскерлерім де жұмсақ нан жеп, суық су ішіп жатыр ма?» – дегенде:

«Жоқ, Олардың жейтіні кепкен нан, жылы су!» – деген жауап алды.

Халид бин Уәлид  былай деп жауап қатты:

«Олай болса мына жұмсақ нан мен суық суды алыңдар! Маған әскерлер жеген кепкен наны мен ішкен жылы суынан әкеліндер! **Соғыста бірге жүріп, тамақта дараланған қолбасшы**



болудан Аллаһқа сыйнамын! Біз үлгі алған адамдар мұндай болған жоқ, біз де ондай бола алмаймыз!..»

Сонымен қатар Расулүллаһ ﷺ ақиқат сүйгіш әділ әрі салих басшылардың ешқандай пана табылмайтын қиямет күні ғарыштың көлеңкесінде демалатын жеті сыныптың біріне жататындығын сүйіншілеген (Бұхари, Зекет, 16; Рикак, 24; Мұслим, Зекет, 91).

Басшылық міндет арқалағандар қоластындағы адамдардың рахатын өзінің рахатынан артық көре білуі керек. Табандылықпен тек өзім ғана істедім деп ойлайтындар тез шаршап, іші тарылып, көзқарастары өзгереді. Уақыты келгенде адамдарды менсінбей бастайды, тәкәппарлыққа салынады. Мәнсапқорлықтың тұтқынына түседі. Халыққа қызмет етіп, Хақ Тағаланың ризашылығына қол жеткізуге дәнекер болатын мәнсап пен күш бір уақыттары жекелеген үстемдік сезімін қанағаттандыруға қызмет ететіндей халге түседі.

Шынайы әрі кәміл басшылар болса жеке басының мүддесінен өтіп, өздерінің өмірін қоғамның тыныштығы мен бақытына арнайды. Олар өздерін қызмет керуенінің ең артындамыз деп қабылдайтын кәміл нөкер сияқты қарапайым ұстайды. Аллаһ Тағаланың: «**Рахманның (қас) құлдары, жер бетінде қарапайымдылықты ұстанады...**» (Фұрқан сүреді, 63) деген аятты өздеріне өмірлік қағида етіп алады.



Фатих Сұлтан Мехмет хан Ыстанбұл шәһидтерінің отбасыларына оларды ренжітпеу үшін ерекше мән беріп, кешкі қараңғылықта жабулық қораптармен тамақ жіберетін.

Барлық патшалар бас иген 24 миллион шаршы шақырым жерге билік жүргізген әлем патшасы I - Ахмет хан өзінің




атымен аталатын мешіттің іргетасында күні бойы жұмысшы сияқты еңбек істеп, кейд арқасымен тас көтеріп, барлық басшыларға үлгі болатын ізгілік танытқан.

Сұлтан I - Абдұлхамит хан Ози қамалынан айырылған кезде қатты қайғырып «Әскерлерім мен қарапайым тұрғындарым бөлінді!» деп, олардың қайғысын жүрегімен сезініп, осы қайғыға шыдай алмай аз уақыттан кейін қайтыс болған. Әлемдік деңгейдегі патшаның өліміне себеп боларлықтай деңгейде «Әттеген-ай» дегізген және жүрегін елжіреткен иман құндылығы қандай керемет! Олар қоластындағы адамдардың алдындағы осы жауапкершілік, мұқияттылық пен мейірімге байланысты әлемге патша болумен қатар халықтың көңілінде салтанат орнату абыройына ие болған.

Хазіреті Әли  халифа болған кезінде бір әкімге жіберген хатында жазылған мына бір сөздер халықтың басшылары хақындағы куәгерлігінің қаншалықты маңызды екендігін көрсетеді. Хазіреті Әли  былай дейді:

«...Сен сенен бұрынғы әкімдердің істерін қадағалаған едің. Халық болса қазір сенің ісінді қадағалайды. Сол кезде сенің олар жайлы айтқандарыңды халық қазір сен жайлы айтатын болады. Кімнің ізгілікті басшы болғаны тек Аллаһтың құлдарының аузынан шыққан сөздерінен түсінікті болады»

Сондықтан Хақ Тағаланың басшыларға разы болуы бір қарағанда мұмин халықтың оларға разы болуына тәуелді. Хазіреті Әли  әкімге айтқан насихатының соңында былай дейді:


«Ешқашан "Мен күштімін, бұйрық беремін, олар мойын-







сұнады!" деуші болма. Өйткені бұл көңілді қалдырып, дінді әлсірету мен жойылуға итермелеу болып табылады».

Ізгі басшылар мойнына алған міндетті лайықты түрде орындағаны сияқты реті келсе халықтың амандығы үшін жанқиярлық көрсетіп, осы аманатты өздерінен де лайықты адамдарға ризашылықпен тапсыра алады. Тарихта мүмин қауымының бірлігі, тұтастығы мен амандығы үшін теңдессіз кемелдігімен, парасаттылықпен іс атқарып, қажет болғанда мәнсабын өз ризашылықтарымен берген көптеген қаһарман басшылар болған.

Сондай-ақ Пайғамбарымыздың немересі Хазіреті Хасан  халифалықты алты ай атқарғаннан кейін мұсылмандардың бөлінбеулері үшін халифалықты Мұавияға тапсырып, саяси таластардың алдын алуға үлкен қауымдардың қақтығысып, мұсылмандардың қандарының төгілуіне кедергі болуға тырысқан.

Әбу Бәкір  Аллаһ Расулының бұл жағдайды мұғжиза ретінде алдын ала айтқандығын айтып былай дейді:

«Расулұллаһтың  мінберде тұрғанын көрдім, қасында Хазіреті Хасан бар еді. Бірде Хасанға қарап, бірде халыққа қарап:

«Аллаһ осы немерем арқылы екі үлкен мұсылман әскерін бітімге келтіреді» деді» (Бұхари, Мәнәкиб, 25; Фәдәилүл-Асхаб, 22).

Шынайы қаһармандықтың тағы бір үлгісі мынадай:

Осман Ғазидың қайтыс болуына байланысты қоғамдық ұйымдар мен биліктегі басшылар тарапынан қолдау тапқан



және салт бойынша таққа отыру құқына ие болған Алауддин Бей інісі Орхан Бейге жол беріп былай дейді:

«Бауырым! Атамыздың дұғасы мен құрметіне сен ие болдың. Ол көзінің тірісінде қолбасшылықты саған тапсырған еді. Сондықтан билік сенікі».

Осындай үлкен жанқиярлық танытқан Алауддин Бей інісіне қолдау көрсетіп, өзі оның уәзірлік қызметін атқарған⁵¹.

Осындай өнеге көрсеткен тарихи тұлғалардың бірі Шығыс Анатолияны қылыш қолдануға мүмкіндік бермей, үлкен сүйіспеншілікпен Османлыға қаратқан Ыдырыс Битлиси хазіреті. Явуз Сұлтан Сәлім хан оған қалаған адамына билік беруіне пәрмен бергенімен ол бұлардың ешбірін қолданбаған.

Осындай жанқияр тұлғалардың бірі Барбарос Хайреддин Паша болған. Ол да Алжирден бастап, Солтүстік Африканың сұлтаны бола тұра билігіндегі жерлерді Ислам бірлігі үшін Османлыға беріп, Солтүстік Африка патшасы болудың орнына Османлы теңіз қолбасшысы болуды таңдаған.

Басшылықтағы адамдардың назар аударуы тиіс ең маңызды мәселелердің бірі шынайы әрі салих адамдармен кеңес құрып, пасық адамдармен қажет болмаса, жақын болмауға тырысуы қажет. Өйткені Имам Ғазали хазіретінің айтқанындай пасықтардың ойына қосылған жағдайда уақыт өте келе **«пікір жақындығы»** пайда болады. Бұл жақындық одан әрі дамып, Аллаһ сақтасын, **«жүрек жақындығына»**

51. Зия Нұр Аксун, Османлы Тарихы, Ыстанбұл, 1994, I, 36.



айналады. Бұл тұлғалық және рухани өмірдің күйреуі деген сөз.

Шәйх Әдәбали хазіреті былай дейді:

«Биікте орын алғандар төмендегілердей қауіпсіз емес екендігін естен шығарма».

Осы тұрғыдан басшылық мәртебесінде отырғандар өте мұқият болулары керек. Тік әрі биік таудың шыңына өрмелеген адамдай, аяғын басқан жеріне, ұстаған бұтағына өте мұқият болуы қажет. Түзу жолда шалынып жығылған адам қайтадан орнынан тұра алады. Бірақ биік шыңда қате қадам басу немесе шіріген бұтақтан ұстау адамды шыңырауға құлататындай қауіпті. Сонымен бірге бұл қауіп тек адамның өз басымен шектелмейді. Жауапкершілігін арқалаған қауымды да артынан алып кетеді. Қателік жасаған саудагер қаражатынан айырылып, өзі зардап шегеді, бірақ қателік жасаған басшы, барлық халыққа зардабын тигізеді. Сондықтан олардың обалын да арқалайды.

Қорыта айтқанда, әрбір мұмин Аллаһ Тағаланың өзіне берген рухани-материалдық мүмкіншілігін жауапты қоғамға барынша пайда келтіретіндей мөлшерде қолдануын ойлауы қажет. Міндетін лайықты түрде атқара алмайтын кездерінде нәпсісіне жеңілмей, үлкен парасаттылықпен орнына өзінен де лайықты адамды қалдыруы керек. Атақ пен мәнсаптан қашып, қажет болған жағдайда үлессіз, атақсыз өмір сүріп, мәнсәпқорлықтың тұтқыны болудан сақтану қажет. Расулұллаһтың ﷺ қайтыс болар алдында мүбәрак аузынан шыққан *«Намаз! Намаз! Қоластыңдағыларың хақында Аллаһтан қорқыңдар!»* (Әбу Дәуіт, Әдеп, 123-124/5156) деген тәліміне барынша мұқият қараған жөн.



Басшылық қызмет атқарғандар әрдайым нәпсілерін жауапқа тартып, «**Басшылық жауапкершіліктің ауыр шарттарын түсіне алдым ба, әлде мәнсапқорлыққа салынып, рухымды уландырып жатырмын ба?!**» деп, өзін жиі жауапқа тартып отыруы керек.

Уа, Раббым! Ең төменгі дәрежеден ең жоғарғы дәрежеге дейін міндет арқалаған барлық мүминдерді нәпсінің байлық, атақ, мәнсапқорлық сияқты жаманшылықтарынан сақтағайсың. Барлығымызға қолы мен тілін, көңілін Мұхаммет үмметі пайдаланатын ерекше құл болуды нәсіп еткейсің!..

Әмин!..



Ұрпақ тәрбиесі 1



*Отбасы өмірінде сұстылық пен тәкәппарлық,
қарапайымдылық пен қорлық, шынайылық пен
немқұрайлылық арасындағы нәзік шекараға
барынша мұқият болу қажет.
Өнегелі ұрпақ тәрбиелеу – адамшылықтан
туындайтын қасиетті сезім. Сондықтан
балаларымызды құлшылық құштарлығымен
тәрбиелеуіміз керек. Олардың тәрбиесі үшін
ешқандай еңбек пен қамқорлықты аямаған жөн.
Балаларымыздың кемел болғанын қаласақ кәміл
ата-ана болуға тырысайық.*



Ұрпақ тәрбиесі 1

Адамнан ﷺ бері барлық пайғамбарлар ұрпақтың саулығы үшін неке мәселесіне өте мұқият қараған. Өйткені ұрпақ жалғастығы отбасылық жүйенің беріктігі арқылы жүзеге асады. Отбасында тәрбиеленбеген, некеден тыс қалыптасқан ұрпақ өмірдің үйлестігін бұзып, қоғамдық жүйеге нұқсан келтіріп, қайшылыққа себеп болады. Некенің бақыттылығын, күнәнің арамдығына айырбастаудан артық ақымақтан надандық болмайды!..

Сондай-ақ осы ақымақтық пен арамдықтың халі мигражда Расулұллаһқа ﷺ көрсетілген еді:

«...Жәбірейіл ﷺ мен Пайғамбарымыз азап шегіп жатқан бір қауымға жолыққан болатын. Адамдардың алдында, тамаша піскен дәмді тағамдармен қатар шикі әрі иістенген жемтіктер бар еді. Олар әлгі тамаша көуәпты тастап, лас, иістенген жемтікті жейтін. Аллаһ Расулы, бұлар кім деп Жәбірейілден ﷺ сұрағанда ол былай деп жауап берді:

«Олар үмметіңнің ішіндегі халал (адал) жарын тастап, харам әйелмен кеткен еркектер мен күйеуін тастап арам еркектермен кеткен әйелдер» (Хәйсәми, I, 67-68).

Отбасын құрайтын өмірлік жұбайлардың бақытты шақта-





ры, нәзік әрі әдемі естеліктер, шынайы күлкілер, ты-ныш-тық пен шаттық және ұрпақ сүйіспеншілігі тек некенің арқасында, жақсы түсінілген Ислам қағидалары арқылы қалыптасқан кемелдіктің арқасында жүзеге асады.

Шынайы бақыт ер мен әйелдің арасындағы барлық қарым-қатынас Аллаһтың бұйрықтарына сай жүзеге асуының нәтижесінде пайда болады. Өйткені Аллаһ Тағала оларды әрі рух тұрғысынан, тән тұрғысынан бір-біріне тәуелді етіп жаратқан. Ер мен әйел, бір-бірінің кемішілігін толықтырады. Адамдардың еркек, әйел болып бір-бірін толықтыратын екі жыныс түрінде жаратылуы табиғаттың тепе-теңдігін, бақыттылығын қамтамасыз ететін маңызды элементтер болып табылады. Бұл тепе-теңдік соғыс сияқты себептермен бұзылған жағдайда арада ширек ғасыр өтпей, Аллаһ тарапынан қайтадан ретке келтіріледі.

Жұбайлардың заңды қосылуымен қоғамның іргетасы болып табылатын отбасы пайда болады. **Отбасы** қоғамдық жүйенің кемелденуі мен жанұяның бақытқы болуы үшін ең негізгі құрылым болып саналады.

Отбасы қалыптасқан кезде ер мен әйел бір-біріне нақты уәде береді. Сүйіспеншілік, шындық пен сенім негіздеріне сүйене отырып бірігеді. Осылайша Аллаһтың құдыретінің арқасында бір-біріне жат екі адам бір-біріне ең жақын адамдарға айналады. Сөйтіп көтерген шаңырақтары олар үшін өздерінің шыққан шаңырағынан да ыстық болады. Аллаһ Тағала ер мен әйелдің бір-біріне Аллаһтың сыйы екендігін былай баяндайды:



وَمِنْ آيَاتِهِ أَنْ خَلَقَ لَكُمْ مِنْ أَنْفُسِكُمْ أَزْوَاجًا لِتَسْكُنُوا إِلَيْهَا
وَجَعَلَ بَيْنَكُمْ مَوَدَّةً وَرَحْمَةً إِنَّ فِي ذَلِكَ لَآيَاتٍ لِقَوْمٍ يَتَفَكَّرُونَ

«**Оның** (бар болуы және бір болуының) дәлелі – өздеріне мойын бұрып, үйренерсіңдер деп сендерге жұптар жаратуы мен араларында сүйіспеншілік пен мейірімділікті орнатуы. Әрине, мұнда ойланған адам үшін біраз дәлелдер бар» (Рум сүресі, 21)

Отбасында жұбайлар арасындағы екі жақты түсіністік пен кемелдіктің жемісі ретінде бақыт мұқият сақталуы тиіс. Екі жақ ешқашан немқұрайдылыққа салынбай, шынайылықпен өмір сүруі қажет. Отбасы өмірінде **салмақтылық** пен **тәкәппарлық**, **қарапайымдылық** пен **қорлық**, **шынайылық** пен **немқұрайдылық** арасындағы нәзік шекараға мүмкіндіктерінше мұқият болулары қажет. Сонымен қатар осы дүниеде назар аударатын нәрсе – **«бақытты болу»** екендігін естен шығармаған жөн. Бұл тұрғыдан алғанда отбасылық кездесулерде осы шекараға абай болып, бақытсыз адамдардан олардың көңілін қалдырмай, аулақ болуға тырысу керек.

Үй тек өмір сүруге қажет төрт қабырға емес. Ол жерде болып жатқан жағдайларды құпияда ұстау және отбасындағы жәйттарды сыртқа шығармау, бақыт пен шаттықтың негізгі шарты болып табылады.

Ислам дұрыс түсініліп, жақсы ұғынылған жағдайда отбасы **«жәннәтқа»** айналады. Сондықтан «Еркектің жәннаты – өз үйі» делінеді.

Адам өмірінің мақсаты – Жаратушысын танып, білу.



Танудың санадағы сатылардан өтіп, рухани мәнге ие болуы шынайы сүйіспеншілік, яғни **«мұхаббатұллаһ»**. Мұхаббатұллаһ – жүректің ең жоғары деңгейдегі әрекеті. Сондықтан Құран Кәрімде **«...Жүректер тек Аллаһты зікір етумен ғана тынышталады»** (Ра'д сүресі, 28) деген сөз орын алған. Бірақ жүректің Аллаһқа деген сүйіспеншілікке қолайлы жағдайға келуі тек белгілі дәрежелерден өту арқылы жүзеге асады.

Ислам бойынша отбасы мен ұрпақ сүйіспеншілігі жүректің Аллаһтың сүйіспеншілігіне бөленетіндей қалыпқа келуі үшін қажетті алғашқы сатыларының бірі. Мәжнүннің **«Ләйлә, Ләйлә, – деп Мәуләны (Жаратушыны) таптым»** деген сөзі осы хикметтің басқа түсініктемесі болса керек.

Мәжнүннің қаһармандығы тек осы дүние шеңберінде тоқталып қалмай, «жасанды ғашықтықтан» «шынайы ғашықтыққа» яғни фәни адами ғашықтықтан Аллаһқа деген махаббатқа жетуі болатын. Оның басында өмірін қиятындай сүйген Ләйлә ақыры Аллаһтың махаббатына ауысқан баспалдақ болды. Мәжнүн іздеген ақиқатын Аллаһқа деген махаббат әлемінде тауып, өміріндегі Ләйләнің рөлі аяқталды.

Осы сияқты Ләйләлардан басталған махаббат хикаясы жаратушыға барып тірелсе, махаббат шынайы мақсатына жеткені. Біз Мәжнүн сияқты фәни махаббаттарды Аллаһқа деген махаббатқа өтетін баспалдақ етіп, не іздеп жүргенімізді түсінгеннен кейін яғни шынайы Аллаһқа деген махаббаттың дәмін татқан күні жүрегімізден мынадай қуанышты дауыс естіледі:

«Раббым! Сені алыстан іздеп жүріп, жүрегімнен таптым!...»



Байқағанымыздай жүректің Аллаһқа деген махаббат үлгілеріне ие болуда адами махаббат арқылы дәрежені көтерудің маңызы зор. Міне, осы жолда басылатын ең үлкен қадамдардың бірі – неке көлеңкесінде кемелденген заңды махаббат. Өйткені қарсы жынысқа деген махаббат – табиғи махаббат. Хауа анамыз Хазіреті Адамның қабырға сүйегінен жаратылып, сол арқылы араларында рухани байланыс пайда болған.

Жұбайлар арасындағы жақындық заңды түрде жүзеге асатын болса және оның Раббысы қолдаса, осы жақындықтың ең үлкен жемісі – балалы болу. Жүректің Аллаһқа деген махаббат жолындағы екінші адами қадам – ұрпаққа деген мұхаббат арқылы. Әке-шешенің баласына деген мейірімі өз әке-шешесіне деген сүйіспеншілігімен салыстыруға келмейтіндей үлкен. Өйткені Хазіреті Адам عليه السلام мен Хазіреті Хауа анамыздың әке-шешесі болмағандықтан, махаббаттағы бағыт жоғарыдан төмен, яғни әке-шешеден балаларға бағытталған. Балалардың сүйкімді болуының да себебі осы. Осы керемет сүйіспеншілік тек дүниеде, яғни нәпсі тұрғысынан жалғасатын болса, Құран Кәрімде мал мен ұрпақ сияқты нығметтер хақында айтқан «фитнә / бүлік» сипатына ие болады.

Аятта былай делінеді:

وَأَعْلَمُوا أَنَّمَا أَمْوَالُكُمْ وَأَوْلَادُكُمْ فِتْنَةٌ وَأَنَّ اللَّهَ عِنْدَهُ أَجْرٌ عَظِيمٌ

«Малдарың мен балаларың (сынақ үшін екендігін) фитнә (бүлік) біліңдер. Үлкен сый – ахиретте Аллаһтың қасында» (Әнфәл сүресі, 28).



Өйткені ғапылдықпен тәрбиеленген балалар отбасы үшін үлкен жауапкершілік. Әрине, ысырапшылық – харам. Ысырапшалықтың ең жаманы – адамды ысырап ету. Сондықтан балаларымызды рухани сезімдерімен безендіріп, тәрбиелеу тұрғысында барынша мұқият болу – ең үлкен құлдық міндеттеріміздің бірі.

Мал мен бала тұрғысындағы ұстанымдарымыз Аллаһтың ризашылығына сай болып, иманның ләззатына дәнекер болса, онда «өміріміздің көркіне» айналады. Құран Кәрімде былай делінеді:

الْمَالُ وَالْبَنُونَ زِينَةُ الْحَيَاةِ الدُّنْيَا وَالْبَاقِيَاتُ الصَّالِحَاتُ

خَيْرٌ عِنْدَ رَبِّكَ ثَوَابًا وَخَيْرٌ أَمْلاً

«Мал-мүлік, бала-шаға... Бұлардың барлығы дүние өмірінің көркі. Мәңгілік қалатын салих амалдар – Раббыңның алдында әрі сый жөнінен, әрі үміт арту тұрғысынан әлдеқайда қайырлы» (Кәһф сүресі, 46).

Мал мен ұрпақтың бір аятта «фитнә», екінші бір аятта «өмірдің көркі» ретінде айтылуы өте маңызды жәйт. Бұлардың фитнә болуы жүрекке тамырымен орнығып, құлдың Раббысынан ғапыл қалуына себеп болу қаупіне байланысты. **Өмір көркі** болуы Аллаһтың ризашылығына сай бағытталған жағдайда жүректегі иманның дәрежесін көтеретін және жария садақа ретінде өлгеннен кейін де сауаптың жалғасуына дәнекер болатын ең маңызды екі себеп болғандығына байланысты.



Хадис шәрифте былай делінеді:

«Аллаһ Тағала жәннәттағы салих құлының дәрежесін көтереді де, таңданған құл:

«Уа, Раббым, менің дәрежемді қандай себеппен көтердің?» деп сұрайды.

Сонда Аллаһ Тағала:

«Балаңның саған жасаған истиғфар мен дұғасына байланысты...» дейді» (Ахмет, II, 509; Ибн Мәжә, Әдеп, 1).

Бір хадис шәрифте былай делінеді:

«Адам өлген соң барлық амалдардың сауабы тоқтайды. Бірақ, мына үш нәрсе бұған жатпайды:

Жария садақа, пайдалы білім, артынан дұға еткен ізгі ұрпақ...» (Мүслим, Өсиет, 14; Термези, Ахкам, 36).

Әке-шешенің ең маңызды міндеті – өздеріне Исламның жаратылыс бойынша табысталған баланы ізгіліктермен безендіру және оны қайырлы бала етіп тәрбиелеу. Қайырлы балаға ие болу әрі дүниеде, әрі ақыретте бақыт пен шаттық дәнекері болады. Осындай тәлім-тәрбиені беруге болатын ең тиімді орта – отбасы. Отбасындағы ең маңызды міндет анаға артылған.

Ананың жүрегі мен құшағы баланың тәрбиесі қалыптасатын керемет дәрісхана. Өйткені кішкентай жастағы балаға айтылатын әрбір сөз оның тұлғалығын қалыптастыратын керпіш іспетті. Мейірімнің көзі болып табылатын аналардан тамаша тәрбие алған балалар өмір бойы қателікті аз





жасайды. Қиыншылықтар мен кедергілерге қарамай, өмір үшін сенімін ақырына дейін сақтайтындар да көбіне ізгі ана тарапынан тәрбиеленгендер. Сондықтан ақылды әрі ізгілікті аналар ар жерде дүниелік өмір шаттық пен бақытты болады.

Басқаша айтсақ, алғаш бала ақиқат пен ізгілікке бет бұрудың қажеттілігін ең отбасынан үйренеді. Содан кейін бұған қоғамның басқа ықпалдары қосылады. Бірақ отбасында алған тәрбие негізгі іргетасқа айналады. Сондықтан әке-шеше балаларын жақсы тәрбиелеуі, яғни ізгі қасиеттермен безендіруі олар үшін ақыреттің жауапкершілігі болып табылмақ. Бұл балалардың әке-шешесінің алдындағы ең маңызды міндеті. Осы тұрғыдан ата-аналар балалардың тәрбиесінде өте мұқият болулары қажет. Бала тәрбиелеудегі әке-шешенің назарда ұстайтын басты мәселелері мыналар:

а) Балаға руханиятты білдіретін тамаша ат қою керек.

ә) Рухани ортада тәрбиелену үшін жеген тамағының халал болуына назар аудару қажет.

б) Балаларың еліктеушіліктері басым болғандықтан оларға үлгі болатын іс-әрекеттер жасау. Өйткені үлгі болудан артық әсерлі нәрсе жоқ. Жасалған жақсылық пен жаманшылықтың әр қайсысы өз нәтижесін береді. Мәселен, әке-шешесі үнемі ұрыс-жанжал шығарған ортада өскен балалар тәртіпсіз болып шығады.

в) Балалардың іс-әрекеттерін үнемі бақылап, көз алдымызда жасай алмайтын жаман қылықтарды жасырын әрі оңаша жерлерде жасауына мүмкіндік бермеу. Өйткені бұл жағдайда олардың тәрбиесі әлсіреп, екі жүзді болады. Мұның мысалдары – өтірік айту мен рияшылдық.



Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай деп бұйырады:

وَأَلْقَيْتُ عَلَيْكَ مَحَبَّةً مِّنِّي وَلِتُصْنَعَ عَلَى عَيْنِي

«... (Ей, Муса! Сүйкімді болып) **менің қадағалауымда тәрбиеленуің үшін саған өз тарапымнан махаббатымды бердім**»

(Таха сүресі, 39)

Аяттан түсінгеніміздей балаларымызды сүйіспеншілікпен, мейірімділікпен тәрбиелеп, рухани-материалдық қауіптерден қорғау керек. Мұны да қысым жасап, ұрып емес, жылы сүйіспеншілікпен түсіндіріп, оларға сүйіспеншілік ортасын қалыптастырған дұрыс. Сондықтан балаларымызды ешқашан көзден жібермей, әрдайым қадағалап, қамқорлыққа алып назардан тыс қалдырмай тәрбиелеуіміз қажет.

г) Балалардың жақсы істерін бағалап, сыйлық беріп, ал қателіктеріне де жеңіл-желпі қарамау керек. Өйкені жағымды әрекеттер сыйлық арқылы бекітіліп, баланың бойында тұрақты қалады. Керісінше, уақытында тыйым салынбаған кемшіліктер қайталана берсе, оның болмысынан орын алады. Әсіресе қыз балалардың кішкентай кезіндегі орынсыз киімдеріне кешіріммен қарамау керек. Өйткені адамның үйреншікті істері уақыт өте келе бас тарта алмайтын әдетке айналуы мүмкін.

ғ) Жиі-жиі жазалап, баланы қасарыстырмаған жөн.

д) Бұйрық, тыйым мен қағидаларды үйреткен де олардың түсінетіндей мысалдармен түсіндіре отырып жеткізу керек.

е) Қарым-қатынас пен ахлақ қағидаларын үйретіп, әсіресе



ауқатты отбасылар балаларының туыстарына дөрекі, менсінбей қарауына жол бермеулері керек. Өйткені бұлар уақыт өте келе үйреншікті әдетке келеді. Оларға қарапайымдылықты үйретіп, түсінікті тілмен Қасас сүресіндегі «Карун» қиссасы,⁵² Кәһф сүресіндегі «екі бақшасы бар адамның» қиссасы⁵³ түсіндірілуі қажет.

ж) Балалардың балалық шақтарын белгілі ортада өткізуіне мүмкіншілік жасау керек. Бірақ шектен тыс еркін жіберуге де болмайды, шектен тыс тыюға да болмайды. Өйткені шектен тыс еркіндік нәпсіні аздырады, жалқаулыққа себеп болады. Шектен тыс тыйым алған балалар ез әрі жасқаншақ болады. Сондықтан белгілі мөлшердегі ұстаныммен уақыттарын парасатты адам болуына үйрететін іс-әрекеттермен тәрбиелеуге тырысқан жөн.

з) Олардың есіне Аллаһ Тағаланың нығметін ескертіп, шүкіршілік пен мадаққа үйрету керек. Пайғамбарымыздың өмірінен мысал келтіріп, жан дүниесінің руханият аясында қалыптасуына еңбек ету керек.

и) Кішкентай жасынан бастап құлшылық пен қызметке үйретіп, құлшылық жауапкершілігі мен қызметтің маңыздылығын үйрету қажет.

Өнегелі ұрпақ тәрбиелеу – адамгершіліктен туындайтын қасиетті сезім. Балаларды тәрбиелеу тұрғысында бастан кешірген миқнат мен машақаттар күнелардың кешірілуіне себеп болады. Балаларды жақсы тәрбиелеуде Аллаһ Расулы ﷺ былай бұйырады:

52. Қасас сүресі, 76-83

53. Кәһф сүресі, 32-44.



«Ешбір әке баласына тамаша ахлақтан (тәрбиеден) артық мирас қалдырмайды» (Термези, Бирр, 33/1952).

Сондықтан балаларымызды құлшылыққа құштарлық сезімімен тәрбиелегеніміз дұрыс. Оларды, тәрбиелеуде ештеңені аямау керек.

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде:

وَأْمُرْ أَهْلَكَ بِالصَّلَاةِ وَاصْطَبِرْ عَلَيْهَا

«Отбасыңа намаз оқуды үйрет, өзің де оны сабырмен жалғастыр!..» (Таһа сүресі, 132) делінеді. Аятта айтылғандай, балаларымызға құлшылық етуді түсіндіріп, оларды құлшылыққа үйрету керек.

Сонымен қатар балаларымызды бостықтан, немқұрайдылықтан, орынсыз қыдырыстан, үйге кеш келуден, жаман жолдастардан, қысқасы, рухани сезімдерін әлсірететін әртүрлі жағымсыз қылықтардан қорғауымыз қажет.

Балаларымыздың арасында әділдікті сақтап, қызғанышқа орын бермеу керек. Уақыты келгенде, мүмкіншілік болса, оларды үйлендіруіміз керек. Күйеу балалы болған немесе келін алған кезде де мал-мүлік, мәнсап, атақ сияқты пәни, дүниелік, жасанды құндылықтардан гөрі иман, көркем мінез және рухани өміріне көбірек көңіл бөлген жөн. Өйткені имани және ахлақи сезімдері үшін қосылмаған жұбайлардың ақыры не өкінішті ажфрасулар не мазарға дейін жалғасатын ауыртпалықтарға айналады.

Аятта былай делінеді:



يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا قُوا أَنفُسَكُمْ وَأَهْلِيكُمْ نَارًا

وَقُودُهَا النَّاسُ وَالْحِجَارَةُ

«Ей, иман келтіргендер! Өздерінді және отбасыларыңды отыны адамдар мен тастан тұратын оттан қорғандар!..» (Тахрим сүресі, 6)

Аллаһ Расулы ﷺ осы аяттағы бұйрықты былайша түсіндірген:

«Оларды Аллаһтың сендерге тыйым салған нәрселерінен аулақ ұстап, бұйырған нәрселеріне үгіттеңдер. Міне, бұл оларды жәһәннамнан сақтайды» (Алуси, XXVII, 156).

Аллаһ Тағала біздерге «көзіміздің қарашығы болатын» ұрпаққа ие болуымыз үшін былай деп дұға етуді үйретеді:

وَالَّذِينَ يَقُولُونَ رَبَّنَا هَبْ لَنَا مِنْ أَزْوَاجِنَا وَذُرِّيَّاتِنَا

قُوَّةً أَعْيُنٌ وَاجْعَلْنَا لِلْمُتَّقِينَ إِمَامًا

«Раббымыз! Бізге көзімізді ашатын жұбайлар және ұрпақтар бер және бізді тақуаларға үлгі ет!» (Фұрқан сүресі, 74).

Екінші жағынан Аллаһ Тағаланың өздеріне бала бермеген отбасылар да ризашылықпен өмір сүріп:



وَعَسَىٰ أَنْ تَكْرَهُوا شَيْئًا وَهُوَ خَيْرٌ لَّكُمْ وَعَسَىٰ أَنْ تُحِبُّوا

شَيْئًا وَهُوَ شَرٌّ لَّكُمْ وَاللَّهُ يَعْلَمُ وَأَنْتُمْ لَا تَعْلَمُونَ

«...Көңілдеріңе жақпаған бір нәрсе сендер үшін қайырлы болуы мүмкін. Және де жақсы көрген бір нәрселерің сендер үшін жамандық болуы ықтимал. Аллаһ біледі, сендер білмейсіңдер» (Бақара сүресі, 216) деген аяттағы хикметке ой жүгірту керек.

Сонымен қатар осындай жағдайда болғандар мүмкіндігінше жетім-жесір, кедей балалардың қолынан ұстап әрі өздеріне қуаныштың жолып іздеп, әрі олардың қоғамнан шеттетілген бишараларға айналуының алдын алуы тиіс. Аллаһ Расулының ﷺ мына бір хадис шәрифін қағида ретінде ұстануымыз шарт:

«Өз жетімі мен басқа біреудің жетіміне қамқор болған адаммен жәннәтта осылай қатар боламыз».

Хадисті риуаят еткен Мәлік бин Әнәс ﷺ Пайғамбарымыздың істегеніндей сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын көрсетті (Мұслим, Зүһд, 42).

Осы қоғамдық құлшылық барлық мұсылмандарға қатысты міндет. Өйткені мүмин адам өз балаларындай басқалардың да балаларын ойлайтын қамқор көңілді болуы керек. Рухани отбасы ортасында тәрбиеленген ізгі ұрпақтың әкешесі үшін жария (сауабы үзілмейтін) садақа болатындығы анық. Жетімдерге қамқор болғандардың да Аллаһ Расулының көңілін табатындығы шындық.





Сондай-ақ Расулұллаһ ﷺ сахабаларынан «*Бүгін бір жетімнің басынан сипадыңдар ма?*» деп жиі сұрайтын.

Соңғы уақыттарда аяқ киім бояп, күн көретін кішке-не балалар арасында жасалған бір сауалнамада, 9 жастағы оқушының тілімен айтқан «бізге жанашырлықпен қараңдар» деген айға-йы әрбір сезімтал мүминді осындай қоғамдық жауапкерші-ліктер тұрғысында ұждан есебіне тартатындай.

Әрбір сөзі балалықтың тазалығы мен пәктігін көрсеткен сөздерінде аяқ киім бояушы бала былай дейді:

«Мен жәннатқа барғым келеді. Ол жерде құстар, көбелектер, хош иісті тамаша бәйшешектер бар. Ол жердегі алма, мандарин, банан, киви басқа да түрлі жемістерден жегім келеді. Менің қуыршақтарым болғанын қалаймын, тамаша ертегілер оқығым келеді және енді ешқашан аяқ киім бояғым келмейді. Отырып дем алып, сол жерде жатып ұйықтағым келеді.

Кітаптар оқысам деймін. Оқуымды бітіріп, дәрігер болғым келеді. Науқастар менің қолымнан жазылса екен.

Сыртта қар жауып тұр, тоңып тұрмын!..»

Қоғамдағы осындай үнсіз айғайлар, мейірімсіздік пен азғындықтың жетегінде өмір күресіне тап болып жалғыз қалған бейкүнә балалардың қиналысы мен біздің солардың алдындағы жауапкершілігімізді қаншалықты аянышты түрде білдіреді!..

Міне, мейірімсіздік пен азғындықтың суық дәліздерінде өмір күресіне тап болған бейкүнә балалар жүрегіне мейірім мен мәрхамат толы мүминдердің өздерін қамқорлыққа алатындығын, өмірлерінің жәннәтқа айналатын күнді үнсіз жалбарынышпен тағатсыз күтуде...



Сонымен қатар тек қарындарын тойдырып, жақсы киімдер киіп, қалтасына ақша салумен қатар, рухани қажеттіліктерін де түсінгенімізді қалайды. Бізге рухтарының аштығын тойдыратын, көңіл жарасын жазатын, Аллаһтың салих құлы болудың сол арқылы жәннәтқа кірудің жолын көрсететін рухани қамқорлыққа жауапты екенімізді тағы да есімізге салады.

Өйткені, біз олардың материалдық қажеттіліктерін қамтамасыз етумен қатар олардың рухани және діни тәрбиесінен де Аллаһ алдында жауаптымыз. Қоғам осындай бишаралар мен жағдайлары жоқтардың рухани аштығын тойдырып, олардың жан жарасын жазатын, оларға жәннаттың жолын көрсететін рухани бай адамдарға қандай мұқтаж!?

Қоғам ішінен шыққан «бізге жанашырлықпен қараңдар» деген айғайды естімегендер өмірден орнын таба алмағандар екенін естен шығармайық. Мейірім мен қызмет сүйіспеншілігін барлық фәни құштарлықтардан жоғары қоймасақ өзімізге обал болады.

Адамдардың нәпсіқұмарлықтарын пұтқа айналдырып, қоғамдық науқастарға немқұрайды қарайтын қазіргі кезде жетелеген пайда мен уайымдарын тастап, өзін қоғамның ауруына жауапты санайтын, жетімдерді, зұлымдыққа ұшырағандар мен жетім бейкүнәларды өз баласы сияқты бауырына басқан мүминдер нендей бақытты!

Раббымыз бізге тақуалық жолында отбасылық өмір, айналамызға мейірім мен мәрхаматқа толы көңіл нәсіп етсін!..

Әмин!..



Ғрпак, тәрбиесі 2



Балалар әке-шешеге берілген Аллаһтың аманаттары. Ислам болмысы бойынша әке-шешеге берілген балалардың пәк әрі таза жүректері таза топырақ сияқты өңделуге әзір, дайын гауһар. Оның тікен немесе гул, ащы немесе тәтті жеміс беруі егілген дәнектердің түріне байланысты. Өйткені Мықты дәнектер күшті отбасылардың және абзал аналардың жемісі. Мұның ең тамаша үлгісі - әйел сахабалар. Олар балаларын жанынан, малынан жанқиярлық жасауға үйретті. Балаларының көңілдеріне пайғамбарымызға деген сүйіспеншілікті сіңірткен.



Ұрпақ тәрбиесі 2

Аллаһ Тағала құлшылық орны етіп жаратқан осы дүниеде рухани ерекшеліктерін, құлдық көріністерін, адамгершілік қасиетінен айырылған өлкелердің, әлем тарихынан қалайша жойылып кеткендігін дүниеге ғибрат үшін баяндаған Құран Кәрім адамдарға тура жол сілтеп, мәңгілік бақыттылық жолына жарық шашады.

Адам ең абыройлы жаратылыс болғандықтан ол жайлы басқа жаратылыстардан ерекше түрде абырой мен қасиет, ұят пен салмақтылығын сақтап қуаттайтын иләһи бұйрықтар түскен. Осылардың бірі – «тәсәттүр». Тәсәттүр – жаратылыс арасында тек адамға ғана тән ерекшелік. Аятта былай делінді:

يَا بَنِي آدَمَ قَدْ أَنْزَلْنَا عَلَيْكُمْ لِبَاسًا يُؤَارِي سَوْءَاتِكُمْ

وَرِيشًا وَلِبَاسُ التَّقْوَىٰ ذَٰلِكَ خَيْرٌ

«Ей, Адам балалары! Сендерге әурет жерлеріңді жабатын және сәнденетін киім бердік. Тақуалық киімі онан да қайырлы...» (Араф сүресі, 26)





Адам баласы Аллаһ Тағала берген адамдық намыс, ұят пен тұрақтылығын сақтау үшін киінуге мәжбүрміз. Олай болмаған жағдайда адами қасиеттері жоғалады. Адам өзінен төменгі мақлұқтардың деңгейіне түседі.

Қоғамда ұяттың жоғалуы, азғындық пен арсыздықтың таралып, ашық істелетіндей дәрежеге жетуі қиямет белгілерінің ең бастыларының бірі.

Хадис шәрифте:

«*Ұят иманнан !*» (Бұхари, Иман, 3) делінеді. Хазіреті Адам мен Хазіреті Хауа, жәннатта басқа адамдар болма са да бір-бірінен, басқа жаратылыстардан ұялды. Асығыс түрде сол жердегі жапырақтармен әурет жерлерін жабуға тырысты. Бұл материалдық киім мен оның рухани астары болып саналатын әдептілік пен ұят, адам баласының жаратылысында бар ең жақсы қасиет әрі тақуа белгісі екендігін көрсетеді.

Хазіреті Мәүләнә былай дейді:

«*Иман дегеніміз не?*» деп ақылымнан сұрадым. Ақылым жүрегімнің құлағына иіліп былай деп сыбырлады: «*Иман дегеніміз – әдептілік*».

Ислам адамдық қасиетке сай киінуге қатысты кейбір шарттар қойған. Осылардың бірі – киімнің дене бөлшектерін көрсететіндей дәрежеде тар немесе жұқа болмауы. Расулүллаһ ﷺ Хазіреті Айшаның сіңлісі Әсмәнің жұқа киім кигенін көріп, теріс қарап, былай деген:

«*Ей, Әсмә! Балиғатқа толғаннан кейін әйелдердің беті*



мен қолын көрсетіп, мына-мына жерлерінен басқа жерінің көрінгені дұрыс емес» (Әбу Дәуіт, Либас, 31/4103).

Екінші жағынан, әйелдің әйелдік, еркектің еркектік қасиетінің сақталуы шарт. Бұл турасында Пайғамбарымыз былай бұйырады:

«Әйел сияқты киінген еркектер, еркек сияқты киінген әйелдер Аллаһтың рахымшылығынан алыс қалады» (Қараңыз, Әбу Дәуіт, Либас, 28).

Ислам әйелге өте маңызды орын берген. Әйелдер де шынайы бақыттылықты Құран мен сүннеттің рухани аясынан іздеуі керек. Өкінішке қарай, қазіргі кезде әйелдер әртүрлі уәделер мен әдемі сөздермен бақыттарын көшеден іздеуге тырысады. Алайда Аллаһ Тағала әйелдің сезімің еркекке қарағанда артығырақ жаратқан. Бұл сезім мен сезімнің молдығы отбасында әйелдің негізгі әрі табиғи міндеті болып саналатын ұрпақ жалғастығы мен тәрбиесінде үлкен пайда келтіретін болса, қоғам мен қызметкерліктің әйел жаратылысына сай келмейтін қиын шарттарында зиянға айналып, оны шаршататындай нәтиже тудырады. Сондықтан әйел өзіне арналған иләһи жүйеден артық кетсе, оның жаратылысына қиянат жасалғаны.

Ақылды әрі қабілетті еркек үйіне қайтқан кезде ақылын, сауда орталығына кірген кезде сезімін есік алдында қалдыра алады. Әйел болса, жаратылысында басым рөл атқаратын сезімталдықтан қажет жағдайда оңайшылықпен бас тарта алмайды. Бұл ақиқат қоғамда әйелдердің жағымсыз пайдалануына жол ашатын басты себептердің бірі.

Аллаһ Тағала әйел мен еркектің арасындағы бір-бірін



толықтыратын міндеттерді өте тамаша бөліп, екеуіне де қабілеттер берген. Әйел мен еркек материалдық және рухани тұрғыдан бір-бірін толықтырып отырған жағдайда жаратылыс мақсатына сай кемелдік пайда болады, отбасы және осыған қатысты қоғамның тыныштығы артады.

Өкінішке орай, қазіргі кезде әйел мен еркектің арасында басталған жасанды теңдік жарысы, әйелдердің әйелдік және аналық міндеттеріне нұқсан келтіріліп, отбасының тыныштығы бұзылып, ал қоғамдық өмір дағдарысқа ұшырап, қоғам отбасының күйреуіне сахына болып келеді. Алайда, әйел мен еркектердің физиологиялық және рухани болмысы тең болмағандықтан, қызметтік және құқықтық теңдіктер қажет болмайды. Ең маңыздысы, барлық саладағы теңдік емес, құқық пен қызмет арасындағы әділдік пен тепе-теңдік.

Аллаһтың еркек пен әйелге берген табиғи ерекшеліктеріне кереғар тепе-теңдік бұзылатын болса, отбасындағы түсінбеушіліктер, қақтығыстар қанағаттанбаған адамдарды тыныштық пен бақытты басқа жерден іздеуге итермелеп, ақыры ғарышты тебіrentкен ажырасулар мен қоғамның іргетасы болып саналатын отбасылар күйрейді. Осылайша үйде отбасылық жылылықты таба алмаған, үлгі алатын ата-анасынан жаман қарым-қатынасқа тап болған балалар да көшенің еркіне тасталуда. Үйден қашып, көшедегі балалардың қатарын толықтырған балалар аз уақыттың ішінде темекі, алкоголь, есірткі, адам саудасы сияқты әртүрлі ұйымдасқан топтардың қармағына ілініп, қоғамдық дағдарысына алғышарт болуда. Бұл жағдай, әрине, қоғам өміріне зиян келтіретін қорқынышты моральдық дағдарысты өзімен бірге ала келеді.



Қазіргі кездегі ең қорқынышты да жиіркенішті қылмыстардың бірі – қажеттілік болмаса да тек нәпсінің рахаты үшін баланы алдыру. Қыз балаларын тірідей жерге көмген жартылай жабайы надандық адамдарымен зұлымдық жарысына түскендей болып, ананың құрсағындағы бейкүнә сәбилерді жұлымдап заманауи қылмысқа құрбан болуда. Ең алдымен бұл Аллаһтың сыйына көз жұмып қарау деген сөз. Сонымен қатар мұны істегендер өмірдің қандай күтпеген сыйына душар болары да белгісіз. Осы қылмысты істегендер, бәлкім, ертең өмірде жалғыз қалған кезде қолынан сол бала ұстайтынын жақсылап ойлану керек. Не болмаса өзінің ата-аналары да оларды қаламай, сондай нәтижеге ұшыратқанда, бүгін өмірде болмайтындығын назарға алу керек.

Дін мен иманнан мақрұм болып, өмірге тек тәндік тұрғыдан қараған, менмендігін мен нәпсілік құмарлықтарын қанағаттандырудан басқа еш нәрсе ойламай адамдық абыройы мен арынан ажыраған менменшіл ұрпақтың қандай бір азғындық көріністерін қалыптастырғанына тарих сан рет куә болған.

Ұрпақтарын сақтауға тырысқан өсімдіктер мен жануарлардың алдында жаратылыстың ең абыройлысы адамдардың осы сезімдерден құр қалуы қандай аянышты, жиіркенішті десеңізші! Олар адам деген аттан алыстап:

أُولَئِكَ كَالْأَنْعَامِ بَلْ هُمْ أَضَلُّ

«...Олар хайуандар сияқты: Тіпті одан да бетер төмен...»

(Араф сүресі, 179) деген аяттың шеңберіне кіру қандай өкінішті-ақ...



Әйелдің табиғатына сай өмір сүруі қоғамды жәннатқа айналдырады. Шаттыққа толы отбасылар қоғам бақытының қайнар көзі. Тарих беттеріне қарасақ қоғам әйелдермен безеніп, солардың қолымен күйрегенін көреміз. Егер бақыт үшін әйелдерге көшелерді көрсететін болсақ, өмір соқпақтары әйнек сынықтарына толады.

Арсыздық пен пасықтықтың таралуы, азғындық пен бұзақылықтың шабуылы немесе рухани-материалдық дағдарыстардың мәжбүрлеуіне байланысты себептермен ар-намысын қорғау үшін қиын жағдайға тап болғандарға қол ұшын беру әрі Ислами қажеттілік, әрі адамдық борышымыз. Хадис шәрифте былай делінеді:

«Кімде-кім намысы тапталып, ары аяқ пен басылған жерде мұсылманға көмек бермесе, мұқтаж болған сәтінде Аллаһ та оған жәрдем бермейді.

Намысы қорланып, ары тапталған жерде мұсылманға көмектескен адамға мұқтаж болған жағдайда Аллаһ жәрдем береді» (Әбу Дәуіт, Әдеп, 36/4884).

Әйел бақыты – арын сақтап өмір сүріп, отбасын ұстап тұруда. *«Жәннат аналардың аяғының астында»* (Суюти, I, 125) деген хадис шәриф ізгі әйел үшін Пайғамбардың тамаша куәлігі.

Хадис шәрифте:

«Дүние – өткінші пайда ғана. Оның пайда тигізетін ең қайырлы жаратылысы – ізгі әйелдер» делінеді (Мүслим, Рада', 64).

Парасатты ана Аллаһтың құдіретінен нәр алған ра-



хымшылық құшағы, отбасындағы бақыттың көзі, рахат пен шаттықтың сәулесі, отбасы мүшелерінің мейірімділік тірегі. Раббымыздың Рахман және Рахим есімдерінің дүниедегі ерекше көрініс тапқан орны. Қайырлы ұрпақ тәрбиесіндегі аналардың орны ерекше. Барлық әулиелер мен батырлар алғашқы фәйзін (нәрін, сүтін) ізгі әйелден емген. Пайғамбарымыздың бір хадис шәрифінде:

«Үйінде (жетім) балалардың тәрбиесімен айналысқан мұсылман әйел жәннәтта менімен бірге болады» деп бұйырады (Суюти, I, 104).

Әйелдің отбасы мен қоғамдағы маңызды рөліне қатысты қыз балаларға ерекше көзбен қарауды бұйырған Пайғамбарымыз ﷺ бір хадис шәрифінде:

«Кімде-кім екі қыз баланы балиғат шағына дейін өсіріп, тәрбиелейтін болса, қиямет күні онымен осылай қатар боламыз» деп, саусақтарын көрсеткен (Мұслим, Бирр, 149).

Басқа бір хадис шәрифте де былай делінеді:

«Кімде-кім қыз балаларды тәрбиелеуде қиыншылықтар көріп, оларды (тура жолда, яғни қайырлы жолда) жақсы тәрбиелейтін болса, сол балалар оларды жәннәм отынан қорғайтын қорған болады» (Мұслим, Бирр, 147).

Пайғамбарымыз ﷺ қызы Фатиманың ﷺ үйінде қалған күні Хазіреті Хасан мен Хазіреті Хұсайн одан су сұрады. Аллаһ Расулы алдымен Хазіреті Хасанға су берді. Хазіреті Фатима Пайғамбарымыз Хазіреті Хасанды жақсы көреді деп ойлады. Пайғамбарымыз болса:





«Жоқ, алдымен Хасан су сұрады» – деді. (Қараңыз, Ахмет, I, 101) Содан кейін:

«Бергендеріңді балаларыңа тең беріңдер. Егер мен біреуін артық санайтын болсам, қыздарды артық санаған болар едім» – деді. (Хәйсәми, IV, 156; Ибн Хажар, әл-Мөталибул-Алия, IV, 69).

Күшті дәндер, күшті отбасынан шығады. Күшті отбасылар көбіне рухани тәрбиеден өткен, яғни нәпсі кедергісінен өткен парасатты аналардың еңбегі. Осының ең жақсы үлгісі – әйел сахабалар. Олар балаларына малдарынан, жандарынан жанқиярлық жасауды үйреткен. Балаларының көңілдеріне пайғамбарымызға деген сүйіспеншілікті сіңірген.

Аллаһ Расулының ﷺ рухани тәрбиесімен үмметке үлгі боларлық аналарға айналған әйел сахабалар Расулұллаһты ﷺ көре алмаған немесе онымен ұзақ уақыт кездеспеген балаларына ескерту жасайтын. Сондай-ақ Хүзәйфә ؓ бір естелігінде былай деп баяндайды:

Анам менен:

«Пайғамбарымызға соңғы рет қашан кездестің?» - деп сұрады. Мен:

«Бірнеше күннен бері онымен көріскен жоқпын» - дедім.

Маған қатты ашуланып, мені жаман жазғырды. Мен де:

«Тоқта, ашуланба, анашым! Дереу Расулұллаһқа ﷺ барайын, онымен бірге ақшам намазын оқиын, сонан соң өзім үшін де, сен үшін истиғфар етуін сұрайын» дедім. (Термези, Мәнекиб, 30/3781; Ахмет, V, 391-392).



Міне, балаларын осылай тәрбиелеген аналар ақиқатты, ізгілік пен һидаятты барлық әлемге таратқан үлгілі ұрпақ тәрбиелеудің рахатына бөленіп, Раббысына қауышты. Қазір де сахабаның сүйіспеншілігі мен күштарлығын балаларына Аллаһ пен Расулын танытып, оларға деген сүйіспеншілікті орнықтырып, сол мүбәрак ұрпақтың ізін басу – әр мүмин ата-ананың міндеті.

Халықтың болашағын көру керемет емес. Ол үшін олардың жастарына қарау жеткілікті. Әрбір заманның жастары өз болмысына сай, бойындағы күш-қуатын жұмсайтын өзгеше талпыныста өмір сүреді. Әр халық жастардың сезімі мен пікіріне қарай бағыт алады. Егер халық жастары күш-қуатын руханият пен парасаттылық жолына сарып қылса, ол халықтың болашағы бар. Жүректеріне иман толған ұрпақтың қолындағы метафизикалық күш дүшпанның материалдық күшін жойғанына барлық дүние куә. Бірақ осыған кереғар жастар барлық күшін нәпсінің құмарлықтарына, яғни құр күшке тұтқын етіп, бағындыратын болса, тарихтағы мысалдар сияқты ақыры құрдымға кетеді.

Қазіргі кезде парасатты ұрпақ тәрбиелеу үшін рухани тәрбие беретін құрылымдарға, әсіресе Құран курстарына үлкен міндет жүктеліп отыр. Өйткені Аллаһтың сөзіне немқұрайдылық жасаудан артық адамның рухани өмірін қарайтатын қателік жоқ. Сондықтан адамдардың көбінесе материаға көңіл бөлетін кезінде Құран Кәрім тәрбиесіне көбірек көңіл бөлу шарт.



Құран Кәрім адамның туындысы емес Әлемнің Жаратушысының құлдарын екі дүниенің бақытына бөлеу үшін берген һидаят жетекшісі екендігін ұмытпаған жөн. Осы тұрғыдан рухани тәрбие беретін құрылымдарда, әсіресе мына мәселелерге көңіл бөлу керек:

1. Шәкірттер ең алдымен Аллаһтың аманат ретінде түсініліп, оларға Аллаһтың ұлылығы мен әлемдегі құдіретін тәфәккур етуді үйретіп, ойының одақ нүктесіне Пайғамбарымыздың таңданарлық ахлағы орналастырылуы тиіс. Рухани тәлім-тәрбие, біліммен қоса сүйіспеншілікпен толықтырылып, одан ләззат алатындай халге келуі керек. Өйткені иманның ләззатын сезіну қызмет ету үшін ең үлкен қуат көзі болып табылады.

2. Бұл құрылымдар мейірім, жанқиярлық және қызмет орталығы болуы тиіс. Ол жерлер тек бос мәліметтер жиынтығы болғанына қарай сүйіспеншілік және құштарлықпен Құран қызметі үйретілуі керек. Құранның қолданысы дегініміз пайғамбар сүннетінің қолданыс табуы деген сөз.

3. Шәкіртке сыпайылықпен әдептілікпен жылы жүзбен қарап, қателіктер болса мейіріммен жөнге келтірілуі керек. Шебердің өнері жөндеген затынан көрінетіндігін ұмытпаған жөн.

4. Адам жоғары тұлғалық пен жақсы мінезге таңданып, сүйсінеді. Құрметтеген адамына еліктеуге тырысады. Адам сүйіктілерінің ықпалында болады. Өйткені махаббат екі жүректің арасындағы электр сымы іспеттес. Сондықтан Құран қызметін атқарушылардың өнегелі істер атқарып, өздерін ұнамды жағынан көрсетуі шарт. Ол үшін **«жар болып, машақат тудырмауды»**, яғни достармен дос болып, жүгін



жеңілдетуді, сонымен бірге ешкімге ауыртпалық салмауды дәстүрге айналдыру қажет.

5. Жан тазалығымен қатар сыртқы тазалық пен қарапайымдылыққа баса назар аударып, киім-кешек пен сыртқы үлгімен де өнеге болу керек. Өйткені киімнің тазалығын өмір етіп, олпы-солпы киінгенді дұрыс көрмейтін Пайғамбарымыз шаш-сақалдың да орынсыз өскенін ұнатпайтын. Сондай-ақ бір жолы Расулұллаһ ﷺ мешітте отырғанында шашы мен сақалы өсіп кеткен бір адам шыға келеді. Расулұллаһ оған қолымен шашы мен сақалын реттеуді ымдады, әлгі адам осы бұйрықты орындағаннан кейін Пайғамбарымыз:

«Бұл кейбіреулеріңнің үсті-басы шайтан сияқты олпы-солпы жүргенінен гөрі жақсы емес пе?» деді (Әлиул-Қари, Миркат, VIII, 261).

Бір жолы тағы да үсті-басы олпы-солпы болып алдына келген бір адамға:

«Малың бар ма? Хал-жағдайың қалай?» деп сұрап, адамның материалдық жағдайының жақсы екенін естіген соң:

«Олай болса, Аллаһ саған мал берсе, белгісі киіміңнен байқалатын болсын!» деп, оған ескерту жасаған (Нәсәи, Зинәт, 54; Ахмет, IV, 137).

6. Құранмен рухани тереңдікке жету, Құранның терең мағыналарын ізгі амал түрінде іс-әрекеттерде көрсету үшін жүректің жағымды қуатымен махаббат пен руханиятқа толуы шарт. Құраннан лайықты түрде пайдалану үшін оның мұқабасын құрметпен, тағзым мен әдептілікпен ашып, оның адамдарға Рахманның үйреткен түсінігімен оқылуы тиіс. Өйткені аяттарда былай делінеді:





«Рахман Құранды үйретті. Адамды жаратты. Оған баянды үйретті» (Рахман сүресі, 1-4).

7. Құран курстарымыз үйретуге қарағанда Құран Кәрімнің ұлылығының алдында тәфәккур, мұқияттылық пен ізденімпаздық сезімдерін арттыратын тәрбиені мақсат етуі керек. Әсіресе пайғамбар қиссаларындағы ғибратқа толы хабарлар, қияметке жақын туатын азғындықтар, қиямет белгілеріне қатысты хабарлар, имандылық-күпірлік, мойынсұнушылық-қарсылық, харам-халал, әділдік пен әділсіздік бір-бірінен ажырататын үкімдерді қарастырып, өмір мен әлемді аяттар шеңберінде салмақтай білу біліктілігі берілуі қажет.

8. Рухани тәрбие құрылымдарында қызмет атқарғандар кемел қызмет адамы болуы тиіс. Ол үшін, ізгі амалдар істеп, мейірімділік пен қамқорлық сияқты ахлақи сипаттарға ие болған адам болу керек. Сонымен қатар, қандай топтың ішінде өмір сүрсе де өз болмысын, иманын сақтай білуі қажет. Олар азғындық ортасында да айналасына жағымды ықпал жасайды, бірақ өзі жағымсыз әсерге ұшырамай, руханияты тұрақты болуы керек. Қандай жағдайда да жүректерін мал-мүлік, мәнсәп сияқты дүниелік пайдаларды ойлаудан аулақ ұстауы шарт.

9. Шәкірттің көңілін қалдыратындай қатал сөз, әділетсіз қарым-қатынас, көңілді қалдыру мен қаталдықтан сақтану керек. Құранға қызмет еткендер өздерін «лә йүсәл» яғни жауапты екендігін, бір күні Аллаһтың таразысында есеп беретіндігін естерінен шығармауы тиіс. Сондықтан өздеріне аманат етілген шәкірттеріне командир-сарбаз қатынасын жасаудан, мәжбүрліктен, ынтасыздық пен жасанды мінезбен тек мәліметтер беріп, дәріс үйретуден аулақ болуы ке-



рек. Сонымен бірге (тура жолда) тәрбиеленген әр адамның сауабы қолдан шыққан әрбір адамның да ахирет жауапкершілігін тудыратынын ұмытпаған жөн.

10. Орташа қалыпты ұстану керек. Барлық нәрсені бір сәтте үйретуге тырыспай, қорыта отыруды әдетке айналдыра отырып, дәрежелі тәлім-тәрбие жүргізген дұрыс. Шәкірттің түсінік дәрежесі мен қабілеттері де назарға алынып, болашақта үйретілуі қажет мәселелер алдында, қажетті негізгі білім берілмей тұрып үйретілмеуі қажет.

11. Тақырыптар көптеген теңеулермен, әзілдермен, сұрақ-жауаптармен толығып керек. Бір тәрбиешінің ең үлкен жетістігі мен өнері – шәкірттің рухынан бір тамыр тауып, жүрегіне жеткізе білуі. Өйткені ең үлкен жеңіс – бір адамның көңіліне жол табу. Хазіреті Мәуләнә айтқандай *«Көңіл – Жалал да Әкбәр Аллаһтың назар орны»*.

12. Тәрбиешілер шәкірттің халін жүзінен түсінетіндей қабілетте болуы қажет. Оларды бағалап, қиыншылықтарымен жеке айналысып, мәселелерін шешуі керек. Өйткені, мәселесін шешкен адамның көңіліне жол табатындығын білу керек. Сондықтан қамқорлыққа ерекше көңіл бөлген жөн.

13. Аллаһтың құлдарына шүкіршілікпен қызмет етуді дәстүрге айналдыру қажет. Өйткені солардың арқасында оған осы қызмет берілген. Сондықтан рухани тәрбие қызметінде тәрбиеленушіге жылы жүзбен және шүкіршілікпен қарау – негізгі қасиетке айналуы тиіс.

14. Жүректерге иман сүйіспеншілігін орнықтыратындар алдымен өз жан-дүниелерін ретке келтіргені шарт. Олай болмаған жағдайда сөзінің әсері азаяды. Адам тәрбиелеу – ең



ауыр іс. Өзін тәрбиелей алмаған, ішкі жан-дүниесінен бей-хабар адам басқасын қалай тәрбиелемек? Хазіреті Мәуләнә күддисә сирруһ рухани қалыптан мақрұм наданның халін тамаша баяндайды:

«Бір күні Хазіреті Исаға ﷺ жолдас болған надан біреу:

«Ей, Иса өтінемін! Білетін Исми-ағзамды маған да үйрет, мына шіріген сүйектерді тірілтейін» деді.

Иса ﷺ оған:

«Ол сенің қолыңнан келмейді. Исми-ағзамды оқып, өлікті тірілту үшін жаңбырдан да таза жүрекке, құлдықта періштелерден де терең түсінікке ие болу керек. Исми-ағзам пәк тіл мен таза жүректі қажет етеді. Нәпсі таза адамның дұғасы қабыл болады... Сенде Исаның таза демі болмай тұрып исми-ағзамды оқығаның саған қандай пайдасы бар?!» деп жауап берді.

Бірақ надан адам алған бетінен қайтпаған соң Хазіреті Иса бұл ақымақтың сөзіне қатты таңданып:

«Уа, Раббым! Бұл сырдың қандай хикметі бар? Бұл ақымақтың соншалықты табандылыққа бару себебі не? **Өзінің жүрегі өлі бұл адам басқасының тәнін тірілтуге тырысады.** Алайда, оның міндеті – өзінің өлі жүрегін тірілту. Өзінің жүрегін тірілту үшін дұға етудің орнына, басқаларды тірілтуге тырысады. Бұл қандай надандық!» деп таңданды.

Осы мысалда айтылғандай өз жүрегінде ештеңе сезінбей, иманның сүйіспеншілігі мен шаттығын кішкентай, бей-



күнә жүректерге сездіре алмаған тәрбиеші және Құранның терең мәнінің көүсәрынан дәм татпаған басқаларға да таттыра алмаған мұғалім үлкен жауапкершілікке тап болады. Өйткені қызмет еткен орны мен тәлім-тәрбиесін мойнына алған шәкірттер, оған Аллаһтың берген аманаты. Шәкірттерге қажетті рухани тәрбиені бере алмаса, құл хақысы туындайтыны хақ.

Міне, болашақтың абыройлы парақтарын толтыратын өнегелі ұрпақ осындай сипаттарды бойына сіңірген рухани тәрбиенің жемісі болмақ. Осыған қол жеткізген ұрпақ Аллаһтың мейірімімен дәрежесі өсіп, бақытқа қол жеткізеді. Сондықтан дүние тарихында ең ұзақ өмір сүрген мемлекеті Османлының негізінде Құран Кәрімге көрсетілген құрмет пен тағзым, сүйіспеншілік пен қызметтің жатқаны белгілі.

Балалар – әке-шешелерге берілген Аллаһтың аманаттары. Ислам жаратылысымен әке-шешеге берілген балалардың таза әрі пәк жүректері тың топырағы сияқты өңделуге дайын құндылық. Оның тікен немесе гүл, ащы немесе тәтті жеміс беруі, оған егілген дөңдердің құрамына байланысты.

Әке-шешелердің балаларын жәһаннам отынан қорғауы, дүниенің бәлекеттері мен қиыншылықтарынан қорғау да жүректің Аллаһ пен Расулына деген сүйіспеншіліктен нәр алуына байланысты. Балаларына Аллаһ Тағаланы, Пайғамбарымызды сүйдіре алмаған ата-аналар олардың әрі дүние, әрі ақырет қасіретін әзірлегені.

Екіншіден, баланың тәрбиесін үш жасынан бастау керек, «әлі кішкентай, түсінбейді» деген түсініктермен кейінге қалдырмау керек. Ата-аналар балаларының қасында әрбір





мүмкіншілікте Аллаһ Тағаланың ұлылығы, барлық нәрсенің жаратушысы екендігі, барлық нығметтерді сол бергендігі, оған шүкіршілік ету керектігі, әрбір сәт Аллаһтың бақылауында екендігі туралы айтып, қабірде сұралатын сұрақтар мен оған берілетін жауаптарды, яғни қабірдің тілін үйретіп, балалары рухани піскен кездерінде осы айтылғандардың өшпес із қалдыратындығын жақсылап ойлану қажет. Жастар ислами тәрбиеден қажетті үлесін алмаған балалардың болашақта тәрбиеленуінің қиын болатындығын назарда ұстаған дұрыс.

Бала тоңбасын, ұйқысыз қалмасын деп оны намазға тұрғызбау да үлкен жауапкершілікті тудырады. Мұндай әрекеттер балаға жақсылық емес, керісінше, жамандық әкеледі. Ата-аналар балаларын тамаша түрде тәрбиелеу үшін оларды кішкене кезінен бастап құлшылыққа, жақсылық жасауға үйретіп, оларды айналаның жағымсыз әсерлерінен қорғау қажет.

Жақсы бала дүниеде ең құнды жаратылысының бірі болғандықтан ахиреттегі өміріміз үшін де жалғасатын құндылығымыз әрі таусылмайтын кірісіміз болмақ. Сондықтан Аллаһтың берген сыйы болып табылатын бала нығметін қате жерлерде және дүниелік пайда үшін босқа жіберу ахиретте үлкен орны толмас шығын болады.

Балаларымыздың тек дүниедегі дәрежесіне көңіл бөліп, рухани жағынан назардан тыс қалдыру, көшенің, жаман достардың және жағымсыз топтардың жемісі болуына көз жұмып қарау, ахлаққа жат аспасөздер мен жарнамалардың құштары болуына кешіріммен қарау – Аллаһтың сыйына үлкен қиянат болады.

Қорыта айтқанда, мәңгілік ахирет бақыты үшін дүние



мүмкіншіліктерінен, әсіресе мал-мүлік пен бала нығметін Аллаһ Тағаланың ризашылығына қол жеткізуге бір дәнекерге айналдыру шарт. Осы дүниедегі соңғы қонағымыз болып табылатын қабіріміз оңаша әрі қараңғы болмауы үшін қазіргі күнімізді жақсы бағалап, артымызға қайырлы ұрпақ қалдыруға тырысайық. Балаларымызды жүрегіміздің пәк жемісі етсек қана алыс әрі қиын сапарымызда біз үшін жария садақа болады...

Раббымыз берген неке отбасы мен ұрпақ нығметінің дүние және ахирет бақытымызға дәнекер болуын нәсіп етсін!..

Әмин!..



Ұрпақ Жасауанкершілігі



*Мұминнің ең жақын мұрагерлері –
өзінің балалары. Оларға қалдыратын
нағыз мұра – мәңгіліктің байлығы.
Балаларымызға пәни жаратылыс
пен ләззатты емес, ескірмейтін,
солмайтын, таусылмайтын бақыттылық
мұрасын қалдыруымыз керек. Ол
Тайғамбарымыздың бізге аманат ретін-
де қалдырған Құран Кәрім мен сүннеті.
Осы қасиетті мұраның ұрпақтарымызға
жетуде көрсетілетін қызмет үлкен жа-
рия садақа болса, мұны назардан тыс
қалдыру да әрбір ата-ана үшін үлкен
ақыреттің қасіреті болмақ.*



Ұрпақ жауапкершілігі

Дүние нығметтері, сүйіспеншіліктері, үміттері мен алдамшылығы – алдымызға жайылған сынақ алаңы. Мал-мүлік пен ұрпақ сияқты дүниеге тиесілі құндылықтары да ахирет жемісі болу мақсатымен қолданысын бізге берген сынақ себептері. Сондықтан дүниенің мүмкіншіліктерін ахиреттің бақыттылығы үшін дәнекер ету шарт. Аятта былай делінеді:

الْمَالُ وَالْبَنُونَ زِينَةُ الْحَيَاةِ الدُّنْيَا وَالْبَاقِيَاتُ الصَّالِحَاتُ

خَيْرٌ عِنْدَ رَبِّكَ ثَوَابًا وَخَيْرٌ أَمْلاً

«Байлық пен ұлтар дүние тіршілігінің көркі. Мәңгілік қалатын амалдар Раббыңның алдында әрі сауап тұрғысынан қайырлы, әрі үміттеріне лайықты» (Кәһф сүресі, 46).

Мал-мүлік пен бала Хақ жолында жұмсалған жағдайда «дүние көркі» болса, құмарлық пен құштарлық үшін ақылсыз қолданылған жағдайда «азғындыққа» айналады.

Мүминнің ең жақын мұрагерлері – өзінің балалары. Оларға қалдыратын нағыз мұра – мәңгіліктің байлығы. Балаларымызға пәни жаратылыс пен ләззатты емес, ескір-



мейтін, солмайтын, таусылмайтын бақыттылық мұрасын қалдыруымыз керек. Ол – Пайғамбарымыздың бізге аманат етіп қалдырған Құран Кәрім мен Сүннеті. Осы қасиетті мұраның ұрпақтарымызға жетуде көрсетілетін қызмет үлкен жария садақа болса, мұны назардан тыс қалдыру да әрбір ата-ана үшін үлкен ахиреттің қасіреті болмақ.

Аятта былай делінеді:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا قُوا أَنْفُسَكُمْ وَأَهْلِيكُمْ

نَارًا وَقُودُهَا النَّاسُ وَالْحِجَارَةُ

«Ей, иман келтіргендер! Өздерінді, бала-шағаларыңды отыны адамдар мен тастардан тұратын жәһәннам отынан қорғандар!..» (Тахрим сүресі, 6).

Пайғамбарымыз да ﷺ:

«Барлықтарың шопансыңдар және баққандарыңа жауаптысыңдар... Еркек отбасының шопаны және баққанына жауапты. Әйел үйінің шопаны және баққан малына жауапты» (Бұхари, Уәсәя, 9) деп, әке-шешенің балалары тәрбиесінде ортақ жауапкершілікте екендігін баяндаған.

Екінші бір хадис шәрифте:

«Балаларыңа сый тартыңдар, оларды жақсылап тәрбиелеңдер!» делінеді (Ибн Мәжә, Әдеп, 3).

Пайғамбарымыз кейбір хадис шәрифтерінде тәрбие міндетін жиһад сияқты дінде ең қасиетті болып саналатын



амалдан да жоғары санаған. Жиһадқа шығу үшін өзіне барған кейбір сахабалардың артта қалған бала-шағалары мен қарт ата-аналарына қарайтын адам болмағанын естіп:

«Солардың қасына бар, өйткені ең жақсы жиһад солардың қасында» деп, кері қайтарған кездері болған.⁵⁴

Бір күні Хазіреті Пайғамбарға ﷺ күш-қуатты, денсаулығы мықты бір жігіт келеді. Оның бұл түрі айналасындағы сахабалардың назарын аударады. Араларынан кейбіреуі өздерін ұстай алмай:

«Ей, Аллаһтың Расулы, өттең, мына адам Аллаһ жолында (жиһад ететін адам) болса ғой!» дейді.

Хазіреті Пайғамбар ﷺ сонда былай деп жауап береді:

«Егер бұл адам қарт ата-анасы үшін қызмет етсе – Аллаһ жолында, нәпсінің ар-намысын қорғау үшін жүрсе – Аллаһ жолында, отбасының нәпәқасын табу (оларды жақсылап тәрбиелеу) үшін еңбек етуге шыққан болса, Аллаһ жолында. Тек мақтану үшін шыққан болса, шәйтанның жолында» (Хәйсәми, VIII, 144; Әли әл-Мұттақи, IV, 12/9252)

Балалардың тәрбиесіне шақыру бабында Аллаһ Расулының ﷺ кейбір хадис шәрифтері мыналар:

«Әке баласына жақсы әдеттен артық ештеңе сыйлай алмайды» (Термези, Бирр, 33/1952).

54. Қараңыз, Бұхари, Жиһад, 138; Азан, 17, Әдеп, 3; Мұслим, Бирр, 5; Әбу Дәуіт, Жиһад, 31; Термези, Жиһад, 2; Нәсәи, Жиһад, 5.





«Әкесінің мойнындағы міндеті – баласына жақсы әрі руханиятты ат қоюы және жақсы тәрбие беру» (Бәйхаки, Шұабұл-иман, VI, 401-402).

Ата-ана балаларына құлшылықта, қарым-қатынаста, ахлақта жақсы үлгі болып, кішкентай кезінен бастап тәрбиесіне көңіл бөлу керек. Төменде айтылған қисса осы жағдайды тамаша баяндайды:

Абдұллах бин Аббас رضي الله عنه бала кезінде түнгі намазды оқыған Пайғамбарымызды көріп дереу оған еліктей бастаған, ол өзінің осы тамаша естелігін былай баяндайды:

«Аллаһ Расулының صلى الله عليه وسلم жұбайы апайым Мәймунәнің үйінде қонған болатынмын. Сол түні Пайғамбарымыз да соның қасында болатын. Аллаһ Расулы құптан намазын оқытты. Содан кейін үйіне келіп, тағы төрт рәкәат намаз оқыды. Біраз уақыт ұйықтағаннан кейін тұрып, мені меңзеп «Балақай ұйықтап қалыпты» деді. Сосын орнынан тұрды. Мен де (тұрып, намаз оқу үшін) сол жағында тұрдым. Сүйікті пайғамбарымыз мені оң жағына алды. Бес рәкәат намаз оқыды. Сонан соң екі рәкәат тағы оқыды...» (Бұхари, ілім, 41).

Сонымен қатар Ибн Аббас رضي الله عنه бала кезінде Расулұллахпен صلى الله عليه وسلم бірге жаназа мен айт намаздарына қатысқан, оның құлшылық тебіренісінен фәйіз алған (Бұхари, Жәнәйз, 60; Идәйн, 16).

Пайғамбарымыз صلى الله عليه وسلم балалармен бірге тамақ жеп, оларды тамашалап, ақыл мен жан дүниелерін қозғап, үнемі қателіктерін дұрыстап отырған. Осы мәселеге қатысты бір естелігін Омар бин Әби Сәләмә رضي الله عنه былай баяндайды:

«Мен, Расулұллахтың صلى الله عليه وسلم тәрбиесі мен қамқорлығында



өскен бала едім. Тамақ жеген кезде ыдыстың барлық жағынан жейтінмін. Бір күні Расулұллаһ маған:

«Балам! Бисмиллаһ айт, оң қолыңмен тек алдыңнан же!» деді. Содан кейін солай істейтін болдым» (Бұхари, Әт'имә, 2; Мүслим, Әшрибә, 108).

Басқа бір риуаятта сүйікті Пайғамбарымыз ﷺ: *«Дастарханға жақында, балам!..»* деп, жылы әрі сүйіспеншілікке толы сөздермен сол балаға тамақ жеудің шарттары мен әдептерін көрсеткен (Ибн Хажар, әл-Исәбә, 519).

Қорыта айтқанда, балаларының тәрбиелі әрі кемел болғанын қалайтын ата-ана алдымен өздерінің кемшіліксіз болуына тырысып, жақсы өнеге болуы тиіс. Расулұллаһ ﷺ былай дейді:

«Сендер бөгде әйелдер үшін арлы болсаңдар, сендердің әйелдерің де ар-намысын сақтайды. Балаларыңа ізгілік жасасаңдар, балаларың сендерге ізгілік жасайды. Бір адам өзінен кешірім сұрап қасына келген бауырын, оның құқы болсын-болмасын, қабылдасын. Олай болмаған жағдайда жәннатта Кәусәр қауызының басында қасыма келе алмайды» (Хақим, IV, 170/7258).

Екіншіден, балаларымызға әрдайым жақсы сөздерді айтып отыру және оларға ашуланып қарғыс айтпау керек. Осы жайлы мына мысал өте ғибратты:

Бір адам Хазіреті Абдұллаһ бин Мүбәракқа келіп, оның баласының тіліне бағынбайтындығын айтып шағымданды. Хазіреті Абдұллаһ бин Мүбәрак әлгі адамнан:





«Балаңды қарғап па едің?» – деп сұрады. Әлгі адам:

«Иә» – деп жауап берді. Сонда Абдұллаһ бин Мүбәрак:

«Балаңның бұзылуына өзің себеп болған екенсің!» – деді.

Екінші бір маңызды мәселе – ата-аналар еш уақыт балаларын алдамауы, оларды әрдайым шындыққа үйретуі керек. Абдұллаһ бин Амр رضي الله عنه былай дейді:

«Бір күні мені анам шақырды. Расулұллаһ صلى الله عليه وسلم үйімізде отырған. Анам:

«Келші, саған бірдеңе берейін!» деді. Аллаһ Расулы:

«*Оған не берейін деп едің?*» деп сұрағанда, анам:

«Оған бір құрма берейін деп едім» деп жауап берді. Сонда Расулұллаһ صلى الله عليه وسلم:

«*Егер оған ештеңе бермесең, саған бір күнә жазылар еді, осыны біл*» – деді (Әбу Дәуіт, Әдеп, 80; Ахмет, III, 447).

Пайғамбарымыз басқа бір хадис шәрифінде былай дейді:

«*Жақсылық жасау үшін балаларыңа көмектесіңдер. Қалаған адам (көмектесу арқылы) баласының қарсылық сезімін жоя алады*» (Хәйсими, VIII, 146).

Балаларымызды тәрбиелеуде іс жүзіндегі талпыныстарымызбен қатар олар үшін әрдайым ізгі дұға жасауымыз қажет. Өйткені осы екі жағдайдың бір болуы шарт. Ибн Аббас رضي الله عنه былай дейді:



«Расулұллаһ ﷺ мені бауырына басып: «*Аллаһым, мына балаға хикметті үйрет!*» деп дұға етті» (Бұхари, Асхабун-Нәби, 24).

Расулұллаһтың ﷺ жасаған осы дұғасының берекетімен Ибн Аббас رضي الله عنه үлкейгенде «Үммет ғалымы» және «Тәржүмәнүл-Құран: Құран мағыналарын түсіндіретін мүфәссір» деген атаққа ие болған.

Балаларымыздың тәрбиесіне қатысты алдыңғы буын ғалымдарының кейбірінң берген өсиеті де ғибратен оқылатын құндылыққа ие:

«Әбу Зәкәрия әл-Анбәри былай дейді:

«Әдепсіз білім – отынсыз от. Білімсіз әдеп – тәнсіз рух сияқты».

Хазіреті Әлидің رضي الله عنه ұлына айтқан мына өсиеттері біз үшін де үлкен ғибрат:

«Ей, ұлым! Ең алдымен Аллаһтан лайықты түрде қорық! Барлық әмірлерін орында! Оны зікір ету арқылы жүрегіңді тірілт! Аллаһтың жібін (Құранды) мықтап ұста! Егер осы берік арқанды ұстайтын болсаң, Раббың мен арадағы байланыстан артық қандай күшті байланыс болуы мүмкін?

Шынайы түрде өлімді есіңе ал және өлімді есіңе алу арқылы жүрегіңді тірілт. Барлық нәрсенің жоқ болатындығын біліп, жүрегіңе жоқтықта тұрақтайтынын түсіндір!

Осы өсиеттеріме жақсылап құлақ салып түсін! Барлық жандының өмірін қолына ұстаған Аллаһ Тағала сенің өміріңді де қолыңда ұстайтындығын біл. Жаратылысқа жан беріп,



өмір берген, нәтижесінде соларды өлтіруші. Байларды кедей, кедейлерді де бай қылатын сол. Әр түрлі бәлекет пен ауруды беретін сол, барлық бәлекетке дауа мен шипа беретін де сол. Дүние тасымен, топырағымен, түр-түсімен, ағаштарымен, жемістерімен сонікі, оның қалауы бойынша іс атқарады. Ахирет те есебімен, жазасымен, жәннәтымен, жәһәннамымен және біз білмейтін көптеген нәрселерімен сонікі.

Қанша білімді болсаң да білмейтін нәрсең көп болады. Өйткені тәфәккур алаңынан тыс және көзің көре алмайтын көптеген ақиқат бар. Егер осылардың біріне көз жеткізсең және Аллаһ саған кейбір хикметтер мен сырларды саған үйрететін болса, оған өз құдыретіммен қол жеткіздім деп ойлама! Керісінше, сол үшін де Раббыңа жалбарын! Соның ризашылығы үшін құлшылық ет, махаббатыңды да соған арна, тек содан ғана қорық!

Қорыта айтқанда, дүниенің жақсылығы аз, тірлігі қысқа, жылы жүзділік танытуы рияқорлық, теріс айналуы қасірет, ләззаты мен қауышуы өткінші, нығметтері мен жақсылықтары пәни, күнәлары мен жауапкершілігі болса мәңгілік... Әрбір жаманшылықтың басы дүние сүйіспеншілігі тойымсыздық пен қызғаныш екендігін ұмытпа. Осы жаман қасиеттер сенің жүрегіңе жол таппасын! Тақуа болсаң дауа табасың. Яғни дүниенің нығметтерің аз мөлшерде қолдан, оларға арқа сүйеме, Аллаһ жолында жұмса!»

Шәйх Әдәбали ұлындай санаған Осман Газиге айтқан өсиетінің кейбірі мынадай:

«Сөзің нақты болсын! Барлық сөзді мойныңа алма! Көрсен, айтпа; білсең, жеткізбе! Құрметке бөленген жеріңе жиі барма, сүйіспеншілігің мен сенімің азаяды...»



Мынадай үш адамға, яғни надандар арасындағы ғалымға, бай болып кедейге айналғанға және құрметті болып сенімнен айырылғандарға аянышпен қара! Жоғарыдан орын алғандардың төмендегілердей қауіпсіз еместігін ұмытпа...

Ең үлкен жеңіс – нәпсіні тану. Дұшпан – адамның өзі. Дос болса, нәпсісін таныған адам».

Осындай теңдессіз әрі рухани өсиеттер арқылы өміріне бағыт берген Осман Гази де ұлы Орхан Газиге мынадай насихат айтады:

«Ұлым! Дін істерін бәрінен жоғары қой! Өйткені бір парыздың орындалуын қамтамасыз ету дін мен мемлекеттің күшеюіне дәнекер болады! Сол үшін ғалымдарды құрметтеуде және олардың хақысын орындауда кемшілік жіберме!..

Ұлым! Менің әулетімнен кімде-кім әділдіктен алшақтайтын болса, махшар күні Расулұллаһтың ﷺ шапағатынан мақрұм қалсын!

Әскеріңмен, байлығыңмен мақтанушы болма! Менің мына күйімнен гибрат ал, қазір әлсіз бір құмырысқа сияқтымын. Еш лайықсыз, Аллаһтың ﷻ көптеген сыйларына бөлендім.

Сен де менің жолыммен жүр! Аллаһ пен құлдарының хақысын жеме! Қазынадан алатын қаражатыңа қанағат ет! Мемлекеттің қажетті шығындарынан басқа қаржы жұмсама! Сенен кейін келетін ұрпақ сені өздеріне үлгі ететін болсын! Зұлымдыққа жол берме! Әрдайым әділ әрі нысапты бол! Әр түрлі істерге Аллаһқа сыйын, содан жәрдем сұра және мінажат ет!»





Әкесінен осындай тамаша әрі хикметті насихаттарды тыңдаған Орхан Гази ұлы Мұрат ханға былай деп насихат айтып, жол сілтейді:

«Ұлым, салатаныңның айбынына мақтанба! Дүниенің Хазіреті Сүлеймен нен де қалғандығын ұмытпа. Ақыры оның да тағы құлаған. Өйткені дүние салтанатының барлығы фәни! Бірақ өмір барлық адам үшін үлкен мүмкіндік. Аллаһ жолында қызмет етіп және Пайғамбардың ﷺ шапағатына ие болу үшін осы мүмкіншілікті жақсы пайдалан!

Дүниеге ахиреттің өлшемімен қарасаң, оның мәңгілік ахирет бақыттылығын қиюға тұрмайтындығын көресің!..»

Имам Ғазали ұлына мына бір өсиеттерді қалдырған:

«Ей, ұлым! Білімсіз амалдың болмайтынындай, амалсыз білім де жындылық. Бүгін сені күнәлардан алыстатпай, құлшылыққа жақындатпаған білім ертең жәннәттан ұзақтатпайтындығын білгейсің».

Төрт халифадан кейін бесінші адал халифа ретінде қабылданған білім, парасаттылық пен тақуалықтың шыңына шыққан Ислам тарихында екі жарым жылдық халифалығыммен ең абыройлы із қалдырған Омар бин Аб-дүлазиздің халифа болған күннен бастап, балаларына деген қарым-қатынасы өзгерген еді. Халифа болып сайланған күні халық топ-тобымен Омар бин Абдулазизге (бәй'ат) сенім білдірген кезде адамның көптігінен ұлы Абдүлмәліктің киімі жыртылған болатын. Оны көрген Омар ұлына:

«Балам, барып киіміңді тіктір. Өйткені бүгіннен бастап,



бәлкім, осы киімнен басқа киім таба алмай, осыған мұқтаж боларсың!» деген.

Омар бин Абдүлазиз түн сайын қыздарын аралап, хал-жағдайларын сұрағаннан кейін ұйықтауға кететін. Бір күні түнде тағы соларға барған еді. Әкелерінің келгенін естіген қыздары қолдарымен ауыздарын жауып есікті ашады. Омар қастарындағы тәрбиешілерінен неге бұлай істегендерін сұраған да, ол:


«Оларда ноқат пен рияздан басқа жейтін ештеңе жоқ еді. Пияздың иісі сізді мазаламасын деп, ауыздарын жабады» - деді. Олардың осы әдептіліктері мен сыпайылықтарына Омар бин Абдүлазиз көзіне жас алып, қыздарына:

«Қыздарым! Сендердің әртүрлі дәмді тағамдармен дүниенің нығметтерін қалауларың, әкелерің үшін ахирет жауапкершілігін тудыруы мүмкін еді» – деді.

Бір де Омар бин Абдүлазиз науқастанып, төсек тартып жатқанда жақындары:

«Өзіңнен кейін балаларыңа, әулетіңе қазынадан бірдеңелерді мұраға қалдыр!» дегендеріне ол:

«Балаларым не жақсы, не жаман адам болады. Ізгі болса, олардың мұндай нәрсеге қажеттіліктері жоқ. Егер жаман болса, онсыз да менің оларға ештеңе тастағаным керек емес. Екі жағдайда да бұған қажеттілік жоқ» деген.

Мұаз бин Жәбәл  ұлына былай деп өсиет айтқан:

«Балам! Намаз оқыған кезінде оны ең соңғы намазың деп ойла! Екінші рет осындай намаз уақытына жетемін деп үміттенбе!..



Ұлым! Мүмин адам екі ізгі істің арасында өлгені абзал. Яғни, мүмин бір ізгі істі жасаған соң екінші бір ізгі істі жасауға ниет етіп, талпынуы қажет, арасына жаман амал араластырмауы тиіс».

Осы ескертулер мен насихатардың барлығы әрі өзімізді, әрі балаларымызды Аллаһтың ризашылығына бағыттайтын маңызды өмірлік ұстанымдар. Осы қағидалар бойынша өмір сүріп жатқан пәни дүниеге қош айтпай тұрып, нәпсінің құмарлықтары мен тәкәппарлықтарынан бас тартып, Аллаһтың сұрағына әзірленуіміз қажет. Осы үшін де жанымызды қайда қолданғандығымызды, мал-мүлікті қайдан тауып, қайда жұмсағандығымызды, балаларымызға қанша еңбек жұмсағанымызға, олардың біз үшін қиямет күні абырой ма, әлде күйік бола ма, қысқасы, әрбір іс-әрекеттерімізді жағымды немесе жағымсыздығына байланысты жақсылап ойлануға міндеттіміз. Өйткені аятта:

وَأَعْلَمُوا أَنَّمَا أَمْوَالُكُمْ وَأَوْلَادُكُمْ فِتْنَةٌ وَأَنَّ اللَّهَ

عِنْدَهُ أَجْرٌ عَظِيمٌ

«Малдарың мен балаларың сынақ есебі және үлкен сый Аллаһтың қасында екендігін білiндер» делiнедi (Әнфәл сүресi, 28).



Расулдұллаһтың ﷺ сүннетi бойынша баланың дiнiн үйренiп, ахiрет мекенiне әзiрленуi және сол арқылы көркем ахлаққа ие болуы, әрi өзi үшiн әрi ата-анасы үшiн дүние мен ақыреттiң бақыты болмақ. Аллаһ Расулының айтуына қарағанда:



«Өлгеннен кейін құлдың мәртебесі биіктейді. Құл:

«Ей, Раббым! Бұл сауап қайдан келді?» деп сұрайды. Аллаһ Тағала оған:

«(Артыңа қалдырған) қайырлы әрі ізгі ұрпағың сен үшін истиғфар айтты, дұға етті дейді» (Ибн Мәжә, Әдеп, 1; Ахмет, II, 509).

Ибн Аббастан  риуаят етілгені бойынша, Расулұллах  былай дейді:

«Қабірдегі өлік теңізде батып бара жатқан үрейлі, көмек сұраған адам сияқты. Әкесінен, анасынан, бауырынан, шынайы әрі адал достарынан дұға күтеді. Егер бір дұға келсе бұл ол үшін дүние және дүниедегілердің барлығынан құнды әрі сүйкімді болады. Шүбәсіз, Аллаһ, қабір тұрғындарына дүниедегілердің дұғасының берекеті арқылы таудай сауап береді. Тірілердің өлгендерге жіберетін ең жақсы сыйлық – олар үшін истиғфар ету және олардың атынан садақа беру» (Дәйләми, Мүснәд, IV, 103; 6323; Әли әл-Мұттақи, XV, 694/42783; XV, 749/42971).

Бұл жағдайда адамға көмектесетін дүниеде қалдырған жария садақа қабіріміз бен ақыретіміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Ең маңызды жария садақамыздың бірі – ізгі ұрпақ. Ғаріпнама деген тасаввуф кітабының авторы Ашық Паша адамның ұрпағының төрт түрде жалғасатындығын айтады:

1. Бел ұрпақ: Адамның өз тегінен жалғасқан баласы. Мұның жалғасуы тағдырға тәуелді. Күні келген кезде үзілуі мүмкін. Ізгі болар болмасы да белгісіз.



2. Мал ұрпақ: Адамның мал-мүлкімен жасаған қайырлы қызметтері. Ол қызмет жақсылығы жалғасқан жағдайда иесіне садақаның сауабы жазылады.

3. Қол ұрпақ: адамның тәрбиелеген және артына қалдырған балалары мен шәкірттері. Бұлар да өздерінен кейін адам тәрбиелейтін болса, жалғаса береді.

4. Жол ұрпақ: кісінің Хақ жолында құлдардың санасы мен көңілін дамытатын мағынада жазылған кітаптар. Ең пайдалы әрі үзілмейтін ұрпақ осы. Жазылған кітаптар қияметке дейін келетін белгісіз оқырмандарға жіберілген һидаят хаты іспетті.

Сонымен ата-аналар бала тәрбиесінде ерекше сақ болатын негізгі мәселелер мыналар:

Балаларымыз арасында әділдікті сақтап, өзара қызғанышқа орын бермеу керек. Уақыты келген кезде, мүмкіншілік болса, оларды үйлендіру, күйеу бала немесе келін таңдаған кезде олардың дүниелік құндылықтарын емес, иман мен көркем мінез өлшемдерін негізге алу қажет. Өйткені діни және ахлақи түсініктермен жүзеге аспаған некелер не ажырасумен аяқталады немесе қабірге дейін жалғасатын қасіреттерге себеп болады. Балаларымызды әуестіктерден, орынсыз қыдырыстан, үйге кеш келуден және жаман жолдастардан шамамыз елгенше қорғауымыз керек. Оларға ұстаздар мен қарттарға, туыс-туғандарына, көршілері мен әлсіздерге, жетімдер мен мұқтаж жандарға деген міндеттерін түсіндіре отырып тәрбиелеп, оларға молынан дұға етуіміз керек. Балаларымызды науқастардың көңілін сұрау міндетін жақсылық жасаудың бағдарын көрсетіп, таза рухтарына садақа берудің рухани дәмін таттыруымыз қажет. Ру-



хани талпынысын арттырумен қатар пайғамбар жолы мен бабаларымыздың тарихтың алтын беттеріне жазып кеткен мейірбандық пен батырлық, жанқиярлық пен хақ-құқықты сақтау ұстанымдарын олардың жан дүниесіне орнықтыруды өз міндетімізге алайық.

Осы мәселелерге назар аударған ата-аналардың балалары діннің, өз Отан мен өз халқының көзінің қарашығына айналады. Тарих бойы өмір сүрген әулилер, батырлар мен қолбасшылардың барлығы солардың жемісі.

Жәннәт аяғының астында жасырылған ізгі аналар қандай бақытты! Дұғалары пайғамбардың үмметіне жасаған дұғасындай сияқты болған ізгі әкелер қандай бақытты! Балаларын өздері үшін бітпейтін сауап, яғни жария садақа ретінде тәрбиелеген ата-аналар қандай бақытты жандар!..

Аллаһ Тағала балаларымызды дінімізге, отанымыз бен халқымызға қайырлы қылсын! Оларды заманның азғындығы мен қаупінен сақтап, біз үшін жария садақа болуын нәсіп етсін!..

Әмин!..



Махаббат



*Махаббат екі жүректің арасындағы
электр сымы іспетті. Сүйгендер
ешқашан сүйіктілерін жан-
дүниесі мен тілінен тастамайды.
Мүмкіншіліктерін сүйіктілеріне
аямай беру арқылы өмір бойы осы
жомарттықтары шаттығымен өмір
сүреді.*

*Жан-дүниеміздің қаншалықты Аллаһ
пен Расулының сүйіспеншілігіне
толы екендігін таразылау үшін
пәни нығыметтерді қаншалықты
Аллаһтың махаббатына дәнекер
ете алғанымызды ойлауымыз керек.
Махаббат тілімізден жүрегімізге
түспеген құр сөз болып қалмасын!*



Махаббат

*"Қабірімнің үстіне айбынды кесене
салмаңдар. Үсті ашық болсын, құр топы-
раққа көміңдер, үстіме Аллаһ Тағаланың
рахымшылық жаңбыры жаусын"*

**Сұлтан II Мұрат
ханның өсиетінен.**

Махаббат – фәни өміріміздің дәмі, қуанышы, шабыты мен шаттығы. Сүйіспеншілік ұйтқысымен араласқан жаратылыстың ұйтқысы. Махаббат – Аллаһ Тағаланың құлдарына берген ең үлкен сыйларының бірі. Осы тұрғыдан алғанда махаббатымызды лайықтыларға қарай бұру және достық ақиқатына жеткен көңілдерге қолданған жөн. Өйткені махаббаттың осы дәрежесі, Аллаһқа деген махаббатқа жетудің бір сатысы. Бірақ өкінішке орай, адамдардың көпшілігі Аллаһтың сыйы махаббатты пәни мен нәпсі құмарлықтары үшін босқа жұмсайды.

Лайықтысын таба алмаған махаббаттар фәни өмірдің өкінішті ысырапшылығы. Арзан және қарапайым пайдалардың қармағына ілінген махаббат соқпақ жолдың жиегіне өскен гүл сияқты ертелі-кеш тапталып, жоқ болуға мәжбүр. Көшеге түскен асыл тастың құны қандай! Лайықсыз қолдың орынсыз мүлкі болу қандай қасіретті өкініш!





Хазіреті Мәуләнә махаббат жемісін өткінші әрі фәни жаратылыстардың жолына жұмсап, Аллаһ Тағалаға деген сүйіспеншіліктен құр қалғандар жайлы мынадай ғибратты теңеу жасайды:

«Дүниеге көңіл бөлгендер көлеңке аулаған аңшыға ұқсайды. Олар қалайша көлеңкеге қол жеткізбек? Сондай-ақ ақымақ аңшы құстың көлеңкесін құс деп ойлап, оны ұстап алуға тырысады. Тіпті бұтақта отырған құстың өзі де осы ақымаққа таң қалады».

Бір Хақ досы былай дейді:

«Аллаһ Тағала құлдарына деген мейірімі мен мәрхаматы арқылы оларды өзіне сүйіспеншілікпен қарауға шақырды. Нәсіпсіз құлдары бұдан қашты. Хақ Тағала осы күнәнің жазасы ретінде оларды өздеріне мейірімсіз адамдардың махаббатына тәуелді қылды».

Махаббат дәні ашылмаған көңіл, күзде қоймаға құйыла алмайды. Менмен сезімдердің тұтқыны болып, рухани сезімдердің жаназасын арқалағандай болады. Руханият аясында иләһи қайнардан нәр алған махаббаттар мыңдаған хош иістер сіңген жәннәт бақтарының гүлі сияқты. Оның кейде жапырақтары түсіп, гүлдері солғанымен, ол сонда да көктемнің жылы жүзімен берекеленіп, өсіп-өнеді.

Махаббаттың қайнар көзі – Аллаһқа деген махаббатты түсінгендер барлық жаратылыспен дос бола алады. Яғни жаратушының көзімен жаратылғандарға қарай алу қабілетіне ие болады. Осы жетістікке жеткен барлық Хақ достары барлық нәпсілік құмарлықтардан бас тартып, шынайы ләз-



заттың мағрифатұллаһ және мұхаббетұллаһ екенін түсініп өмір сүреді.

Хадис құдсида былай делінеді:

«...Құлым өзіне әмір етілген парыздардан артық сүйкімді нәрселермен маған жақындай алмайды. Құлым маған (парыздарға қосымша істеген) нәпіл құлшылықтармен жақындайды, ақыры мен оны сүйемін. Құлымды сүйген соң мен (бейне бір) оның еститін құлағы, көретін көзі, ұстайтын қолы мен жүретін аяғы боламын...» (Бұхари, Рикак, 38).

Бұл рухани биіктік дүниедегі тау шыңдары сияқты өте сирек кездеседі. Осы иләһи фәйіз бен руханилықты болмысына сіңіріп, тәфәккүрде басым көргендер қатардағы жай адам болудан құтылады. Мұндай адамдар жаратылысқа басқаша қарайды. Жүрек сол жаратылыстың тіліне құштар болса болғаны!

Әдемі гүлден сайраған бұлбұлдан, сарқыраған бұлақтан құлақтары еститіндерге қандай өзгеше үндер естіледі! Таңсәрі уақыты қандай дастандарды жырлайды! Естір құлақ болса, кім білсін, жел қаншалықты таң самалының әуенін жырлайтынын!?

Көңіліне ғашықтық пен махаббат толған кәміл мүминдер осы әлемдегі Аллаһтың хикметтері мен сырларының ағысын гибратты тамашалай алатындар. Осыншалықты жайылған иләһи сырлар мен өнер туындыларын көріп Хақ Тағалаға деген махаббаттың көңілге жағымды үндерінен әсерленбеу зерек түсінік пен тірі жүрек үшін мүмкін бе?..

Махаббат сүйілген жаратылыстың маңыздылығы мен



кемелділігіне ғана мәнге ие болады. Осы тұрғыдан алғанда адами махаббатта қол жекізетін шың – Расулүллаһқа ﷺ деген махаббат. Өйткені адамзаттың махаббатына одан артық лайықты ешкім болуы мүмкін емес.

Бірақ, ол да махаббаттың ең соңғы шыңы емес. Адам үшін махаббатты бағыттайтын негізгі мақсат – әлемнің жаратушысы Аллаһ Тағала. Адамның махаббат жолында жеткізетін ең соңғы саты әрі соңғы тұрағы сол. Тасаввуфшылар (сопылар) мұны «фәнә филлаһ» немесе «бәқа биллаһ» деп атайды. Бұл жағдай мұхит суларына араласып, сонда жоқ болып кеткен өзендер сияқты.

Бір үлкен Хақ досы «фәнә фир-Расул» мен «фәнә филлаһ» отына жанғанын мына шумақтарымен жеткізген:

*Тәжәллайы жәмәлинден хабибім неубахар атеш!
Гүл атеш, бұлбұл атеш, сүнбұл атеш, һәк ү хар атеш*

(Хабибім, сүйікті пайғамбарым, сенің сұлулығыңнан көрініс тауып жарыққа шыққаны үшін Саған ғашық болған көктем от, гүл де от, бұлбұл от, сүмбіл де от, топърақ пен тікен де от!..)

*Шұайы афитабындыр якан билжүмле үшишакы
Діл атеш, сине атеш, һәм дү чәшм-и ешк-бәр атеш*

(Барлық ғашықтықты лаулатқан күн сияқты жарық нұрың. Сол нұрдың шағылысуымен көңіл от, жүрек от ғашық болып жылаған мына, екі көз де от!..)

*Не мүмкүн бүнжа атешле шеһид-и ышкы гасл етмек
Жесед атеш, кефен атеш, һәм аб-ы хош-гуар атеш*

Осыншама ғашықтық отына өртеніп, махаббатың үшін шәһит болған адамды жуу мүмкін бе? Тәні от, кебіні от, шәһидті жуатын тұщы суы да от!..

Мұхаббатұллаһқа жету үшін адамдық махаббаттың соңғы дәрежесі – Расулұллаһқа деген махаббатты лайықты түрде түсіну керек. Өйткені бұл иләһи махаббатқа жеткізетін соңғы сатыдай. Сондықтан Расулұллаһқа деген махаббатты бастарынан өткізбегендер мұхаббатұллаһқа жете алмайды. Аллаһқа деген махаббат дариясына жеткізетін бірден-бірі ра-хымшылық пен махаббаттың көзі Хазіреті Пайғамбар ﷺ екенін білу керек. Тіпті Хазіреті Пайғамбарға деген махаббат – Аллаһқа деген махаббат. Оған мойынсұну – Аллаһқа мойынсұну. Оған қарсы келу – Аллаһқа қарсы келу деген сөз. Сондықтан Хазіреті Пайғамбардың ғазиз болмысы адамзат үшін махаббаттың панасы. Сондай-ақ аятта былай делінеді:

قُلْ إِنْ كُنْتُمْ تُحِبُّونَ اللَّهَ فَاتَّبِعُونِي


يُحِبِّبْكُمْ اللَّهُ وَيَغْفِرْ لَكُمْ ذُنُوبَكُمْ


«(Расулым!) Айт: егер Аллаһты сүйсеңдер, маған еріңдер. Сонда Аллаһ та сендерді сүйеді, күнәларыңды кешіреді...» (Әлү Иман сүресі, 31).

Шүбәсіз, махаббаттың ең үлкен белгісі – мойынсұну, сүйіктінің жолында жанқиярлық жасау. Сүйген адам сүйіктісіне көңіліндегі махаббаттың дәрежесіне қарай мойынсұнады. Егер іс-әрекеттерінің негізінде махаббат бар болса, сол жерде шынайылық, ықылас пен берекет болады. Амалдар махаббат отымен жүзеге асқан кезде құнды болады. Махаббатсыз не-




месе жүректен шықпай, мәжбүрліктен туындаған іс-әрекеттер болса, шынайылықтан ада болғандықтан нәпсіге жағынудан ары бармайды.

Әбу Бәرزә  баяндаған мына бір оқиға сүйгеннің сүйіктісіне қандай бағынышты болуы керектігін көрсететін тамаша мысал:

Әнсарлардың бірінің қызы бой жеткенде Аллаһ Расулынан қызына қатысты кеңес сұрап пікірін білмейінше, оны тұрмысқа бермейтін. Бір күні Пайғамбарымыз  әнсарлардың біріне:

«Сізден қызыңызды сұраймын» – деді. Әнсарлық оған қатты қуанып:

«Жарайды, уа, Расулаллаһ! Бұл мен үшін үлкен абырой!» – деді. Аллаһ Расулы :

«Оны өзім үшін сұрап отырғаным жоқ» – деді. Әнсарлық:

«Кімге сұрап тұрсыз?» – деп сұрады. Пайғамбарымыз :

«Жүләйбике» – деді. (Жүләйбиде, ешкімі жоқ бір ғаріп сахаба болатын) Әлгі адам:

«Олай болса, қызымның анасымен ақылдасайын» деп кетіп қалды. Әйеліне:

«Расулүллаһ  қызыңды сұрап жатыр!» – деді. Әйелі:

«Қандай жақсы бұл үлкен абырой ғой!» – деп қуанды. Сахаба:



«Бірақ өзі үшін емес! Жүләйбиб үшін құда түсті» – деді. Әйелі:

«Жүләйбибке ме? Жүләйбибке ме? Жоқ, уаллаһи, оған қызымды бере алмаймын» деді.

Сахаба жағдайды Расулұллаһқа айтпақ болып тұрғанда қыздары:

«Сендерге мен үшін кім құда түсіп жатыр?» – деп сұрады. Анасы жағдайды айтты. Сонда қызы:

«Расулұллаһтың қалауына қарсы шығып отырсыңдар ма?! Мені Расулұллаһқа қалдырыңдар, Ол мені жамандыққа апармайды» деді.

Сол кезде әкесі Расулұллаһтың қасына барып, қызының жауабын айтып: «Қызымыз жайынба шешімді сіз қабылдаңыз» деді. Расулұллаһ қызды Жүбәйбибпен үйлендірді.

Біраз уақыт өткеннен кейін Аллаһ Расулы ﷺ жорыққа аттанды. Жеңіске қол жеткізілген бұл жорықта Аллаһ Тағала Пайғамбарына олжа берді. Қайтар кезінде сахабаларынан:

«Жолдастарынан айырылған ешкім бар ма?» – деп сұрады.

«Жоқ» деп жауап берді олар.

«Бірақ мен Жүләйбибті көрмей тұрмын, оны іздеңдер!» деді.

«Сахабалар іздей бастады, жеті өлген мүшріктің қасында шәһид болғанын көрді. Аллаһ Расулына:





«Уа, Расулаллаһ, міне, осы жерде жеті адамды өлтіріп, соңында өзі де шәһид болыпты» – деді.

Пайғамбар ﷺ келіп:

«Жеті кәпірді өлтірген, олар да оны шәһид қылған! Ол маған, мен де оған разымын» – деді. Осы соңғы сөздерін екі-үш рет қайталағаннан кейін қабір қазуды бұйырды. Қабір қазылып болған соң Жүләйбигтің денесін өз қолымен қабірге қойды.

Табиунның үлкендерінің бірі Сабит әл-Бүнәни былай дегені:

«Әнсар әйелдердің арасында Жүләйбигтің әйелінен артық қайырымды әйел жоқ еді. Өйткені Расулұллаһ ﷺ ол үшін:

«Аллаһым, бұл әйелге қайыр-берекетіңді мольнан жаудыр, оның өмірін тауқыметті қылма!» деп дұға еткен болатын»» (Ахмет, IV, 422, 425; Хәйсәми, IX, 367-368)

Міне, Аллаһ Расулына деген шынайы махаббаттың берекесі!..

Жүректен шыққан ең кішкентай бір іс таудай болып көрінген жасанды амалдармен салыстыруға келмейтін үлкен амал болады. Оның маңызды көріністері махаббаттың шыңы болып табылатын мұхаббатұллаһта да көрінеді. Құл үшін ең жоғарғы әрі кәміл дәреже – Аллаһқа деген махаббаттың фәйзіне бөлену. Сонымен қатар, барлық нәрсе сияқты махаббаттың да жаратушысы, әлбетте, Аллаһ Тағала. Ол қаламасаб құл бұл мәртебеге жете алмайды. Олай болса бұл



турасында құлдың міндеті Хақ Тағалаға жалбарыну, мінәжәт ету. Аятта:

قُلْ مَا يَعْزُبُ عَنْكُمْ رَبِّي لَوْلَا دُعَاؤُكُمْ

«(Расулым!) **Айт:** (Егер құлдық пен) **жалбарынуларың болмаса Раббым сендерді не деп бағалайды?..**» делінеді (Фұрқан сүресі, 77).

Аллаһты сүюдің белгісі және оның махаббатына қауышудың жолы, Аллаһтың парыз қылған және міндетті санаған ең төменгі деңгейлі құлдық міндетін үлкен шабытпен орындағаннан кейін міндетті болмаса да тек жүректен тұған сүйіспеншілік пен махаббатқа байланысты нәпіл құлшылықтарды және ізгі амалдарды барынша әдептілікпен, тағзым және шабытпен арттыруға тырысу керек. Осылай жалғастыра беріп мұхаббатұллаһқа жету адам баласының жаратылыс мақсатын жүзеге асыру болып табылады. Өйткені Исламда адамға берілген Аллаһ тарапынан жүктелген міндетердің шыңы әрі ең соңғы мақсаты – «Аллаһқа қауышу». Мұның да ең үлкен қоры – махаббат. Басқа амалдар осы махаббаттың көрінісі.

Мүминнің көңілінде Аллаһқа деген махаббат артқан сайын Аллаһ үшін істелген амалдардың көбейетіндігі заңды. Сол себепті, Аллаһқа деген махаббатта ілгері басқан адамдар парыз құлшылықтарымен шектеліп ғана қоймай, кейбір қосымша құлшылықтарды да парыздардың шабыты мен тебіренісінде орындайтын болады. Осының нәтижесінде сахарада жүрген шөлдеген адамның суға деген құштарлығының сияқты құштарлығы шексіз болады. Осы халге жеткендерге Аллаһқа қайтудан басқа ешқандай жұбаныш болмайды. Сол кезде:



يَا أَيُّهَا النَّفْسُ الْمُطْمَئِنَّةُ ﴿٢٧﴾

ارْجِعِي إِلَىٰ رَبِّكِ رَاضِيَةً مَّرْضِيَّةً ﴿٢٨﴾

«Ей, тынышталған нәпсі! Сен оған разы, ол да саған разы болған жағдайда Раббыңа қайт!» (Фәжр сүресі, 27-28) деген аяттың көрінісінен басқа жұбаныш табылмайды.


Аллаһқа деген махаббатымен мұндай халге жеткен мүминдер осы теңдессіз күйге бөлену үшін фәнилердің ілтипатынан аулақ, оңаша жерлерде және түннің қараңғылықтарында Аллаһқа жалбарынып, өмірлері мен алған әрбір демін өмір тәсбиxына (Аллаһты мадақтау) айналдыруға тырысады. Тұрақты құлдық түсінігімен ихсан қалыбында Аллаһқа деген махаббаттың шәрбәтына мас болуға тырысады. Осылай, реті келгене малдан, мәнсәптан, дүниеден, тіпті жанынан да бас тартады. Бәрінен де маңыздысы Аллаһтың махаббаты мен оның ризашылығына қол жеткізу үшін рухани тұрғыда әрдайым мінәжат халінде өмір сүреді.


Аллаһ Тағала өзін сүюдің шарттары туралы баяндай отырып, былай дейді:

«Ей, иман келтіргендер! Сендердің қайсың дінінен шығатын болса, Аллаһ жақында олар Аллаһты сүйетін, Аллаһ та оларды сүйетін бір қауым әкелетіндігін білсін. Ол мүминдерге жұмсақ, көпірлерге айбынды да қатал. Аллаһ жолында еңбектенеді, талпынады, ешқандай айыптаушының айыптауынан да қорықпайды. Бұл Аллаһтың сыйы, оны қалағанына береді. Аллаһ – мол ізгілік иесі, барлық нәрсені өте жақсы білуші». (Мәндә сүресі, 54).




Аллаһқа деген махаббат нығыметіне қол жеткізу үшін алдымен Аллаһтың құлын сүюі керек. Бұл үшін де құлшылықпен, қызметтермен Аллаһ Тағалаға лайық болуға тырысу және Раббымыздың қолымыздан ұстауы үшін әрдайым мінәжат халінде болу шарт. Кейіннен Аллаһты сүйген адам мүминдерге қарапайым, кәпірлерге айбынды, батыл әрі өзіне сенімді болуы керек. Барлық нәрсесін пидә етіп, Аллаһ жолында еңбектеніп, осы тұрғыда ештеңеден тартынбай, адамдардың айыптауына мойымай хақ (тура) деп санаған жолында тура жүруі керек. Аллаһ Тағаланы разы ету үшін жанмен қоса барлық нәрселерін пидә етуі тиіс.

Сахаба Аммар бин Ясирдің  мына бір халі Аллаһқа деген махаббатымен оның жолында пәни болғанын қандай тамаша жеткізеді:

Аммар бин Ясир  соғысқа қатысу үшін Ефраттың жағасында жүргенде басынан өткен бір жәйтті былай баяндайды:

«Уа, Раббым! Өзімді осы таудан құлатып, сенің разылығыңа бөленетінімді білсем, оны ойланбай істер едім. Үлкен от жағып ішіне түссем, Сенің маған разы болуыңа дәнекер болатынын білсем, оны да дереу істер едім. Уа, Раббым! Суға секіріп түншығып, сенің разышылығыңды оятатынын білсем, оны да істеймін. Ей, Аллаһым! Мен тек сенің ризашылығың үшін соғысамын, сенің зиян шектірмегендігіңді тілеймін, мен сені қалаймын» (Ибн Сад, III, 258).

Талха бин Бәраның  халі Аллаһқа да, Расулұллаһқа да деген махаббаттың ең жоғарғы мысалдарының бірі. Ол қайтыс болмай тұрып:



«Мені тезірек жерлеп, Раббыма қауыштырыңдар. Хазіреті Пайғамбарға айтпаңдар. Өйткені мұнда келе жатқанда еврейлер Аллаһ Расулына қастандық жасайды деп қорқамын. Расулұллаһтың ﷺ мен үшін қандай да бір қиыншылыққа тап болғанын қаламаймын» деп өсиет еткен болатын.

Түн уақытында Аллаһ Расулына хабар берілмей Талха رضي الله عنه жерленді, ертеңінде хабар Хазіреті Пайғамбарға жеткізілді. Расулұллаһ Талханың қабірінің басына келіп:

«Аллаһым, сен оған, ол саған разы болып, Талханы құздырыңа қабылдап ал!» деп дұға етті (қараңыз, Ибн Әсир, Усдүл-ғабә, II, 29).

Міне, тезірек Раббысына қауышқысы келген және Расулұллаһтың ешқандай қиыншылыққа дүшар болғанын қаламаған көңіл күйі... Шынайы махаббаттың теңдесі жоқ үлгісі...

Хақ ғашығы Рабиатұл-Адауия Аллаһқа деген махаббаттың ләззәтын мына сөздерімен тамаша көрсетеді:


Сен тәтті бол, барлық өмір уға толсын,
Сен разы бол, барлық адам ашулансын.
Менің арам сенімен жақсы болсын,
Қаласа, сосын барлық амалдар ойран болсын.
Сенің сүйіспеншілігің басқасының бәрі бос.
Өйткені жердің үстіндегі барлық нәрсе
бір күні міндетті түрде топыраққа айналады.

Аллаһ Расулына деген махаббат – дініміздің негізі және Хаққа қауышудың ең нұрлы жолы. Аллаһқа жақындау




мен рахымшылықтың жалғыз ғана негізі. Хақ Тағаланың махаббатына қауышу – Аллаһқа қауышудың ең биік мәртебесі. Өйткені Аллаһ құзырының есігі махаббат кілтімен ашылады. Бірақ махаббат тек бос сөз болмауы керек. Сөзбен айттып, негізінде ешбір мәні жоқ бос сөздердің шынайы махаббатпен ешқандай байланысы болмайды. Сонымен қатар бұл жәйт тек нәпсіні өсіру болады.

Шынайы махаббаттың ең шыңайы үлгілерін сахабалар көрсеткен. Өйткені олар өмірлерімен, діни уағыздарымен, Аллаһ пен Расулына деген махаббаттарымен нағыз үлгі болған. Осының бірнеше мысалы мыналар:

Аллаһ Расулы ﷺ Исламды тарату үшін маңайдағы тайпаларға мұғалімдер жіберетін. Адал мен Карә тайпалары да Аллаһ Расулынан мұғалім сұраған болатын. Осы тайпаларға он адамнан тұратын топ жолға шығады. Бірақ топ тұзаққа түседі. Мұғалімдердің сегізі шәһид болып, екеуі тұтқындалады. Тұтқындалған Зәйт пен Хубәйб  Мекке мүшрикртеріне табысталып, шәһид етіледі. Шәйт болмай тұрып Хазіреті Хубәйтбан:

«Өміріңді сақтап қалу үшін сенің орнында Пайғамбарыңның болғанын қалар ма едің?» деген сұрақ қойылды.

Хубәйб  осы сұрақты қойған Әбу Сүфиянға аянышты сезіммен қарап:

«Мен бала-шағамның қасында болып, Пайғамбарымның осы жерде болғанын қалау түгілі менің өлімнен құтылғаным үшін оның қазіргі отырған жерінде аяғына тікен кірсе де ешқашан көңілім разы болмас еді» деді.



Бұл сүйіспеншілікке үнсіз қалған Әбу Сүфиян:

«Шындығында да таң қаларлық! Мен дүниеде Мұхаммедтің сахабаларының оны сүйгендей бір-бірін сүйетін ешкімді көрмедім» деді (Уақиди, I, 360; Ибн Сад, II, 56).

Хубәйттің ﷺ шәһтд болар алдындағы бір ғана қалауы болған еді. Ол

«Хазіреті Пайғамбарға махаббатқа толы бір сәлем жолдау!..» болатын.

Бірақ кіммен жолдай алмақ! Шарасыз аспанға қарап:

«Аллаһым! Бұл жерде сәлемімді Расулұллаһқа жеткізетін ешкім жоқ. Оған сәлемімді сен жеткіз!» деп жалынды.

Сол кезде Мәдинада сахабаларының қасында болған Расулұллаһ ﷺ «Уә аләйһүссәләм», яғни «оған да сәлем» деді. Мұны естіген сахабалар таңданып:

«Уа, Расулаллаһ! Кімнің сәлемін қабылдадыңыз?» деп сұрағанда:

«Бауырларың Хубәйттің сәлемін. Жәбірейіл Хубәйттің сәлемін жеткізді!» деді.

Кейіннен мүшріктер Зәйттің ﷺ қасына барып, дінінен бас тартса босататынын айтты. Хазіреті Зәйт былай деп нақты жауап берді:

«Дүниені берсеңдер де дінімнен ешқашан бас тартпаймын!».



Меккелік мүшріктер екі сахабаны да айуандықпен (қинап) шәһид қылды. Хазіреті Хубәйбтің шәһид болар сәтіндегі айтқан сөздері өте мағыналы:

«Мұсылман болғаннан кейін қалай өлсем де қам жемеймін!..» (Қараңыз, Бұхари, Жиһад, 170; Мәғазі, 10, 28; Уәқиди, I, 354-363).

Аллаһ пен Расулұллаһқа деген махаббат арқылы жас сахабалар Пайғамбарымыздың дінге шақыру хаттарын тарату абыройына қол жету үшін жарысқа түскендей еді. Оның бір қалауын орындау үшін олар әртүрлі жанқиярлыққа барып ешқандай сылтау айтпай, жан-тәнімен қызмет етуге талаптанған. Шыңды таулар мен иен шөлдерден асып, барған жерлерінде баскесерлердің арасынан өтіп патшалардың алдында Аллаһ Расулының хатын үлкен иман батылдығымен оқуы олардың Аллаһ пен Расулына деген терең махаббаттарының нақты көріністері.

Сахабалардың Хазіреті Пайғамбарға ﷺ деген тағзым мен құрметі әдептері мен махаббатын білдіретін көп мысалдарының бірі:

Халид бан Уәлид رضي الله عنه бір мұсылман тайпасының қасынан өтіп бара жатқанда, тайпа басшысы одан Хазіреті Пайғамбар ﷺ туралы сұрады. Халид бин Уәлид رضي الله عنه:

«Оны айтып жеткізе алмаймын» деді. Тайпа басшысы:

«Жеткізе алғаныңша айт» деген соң Хазіреті Халид былай деп жауап берді:

«Саған мынаны ғана айтайын:



ЖІБЕРІЛГЕН ЖІБЕРГЕННІҢ ҚАЛАУЫ БОЙЫНША БОЛАДЫ, ЖІБЕРГЕН ӘЛЕМНІҢ ЖАРАТУШЫСЫ БОЛ-
ФАНДЫҚТАН ЖІБЕРІЛГЕННІҢ АБЫРОЙЫН ӨЗІҢ ША-
МАЛАП КӨР!..»⁵⁵

Сондай-ақ Амр бин Ас ﷺ осыған ұқсас бір жағдайды былайша баяндайды:

Мен Расулұллаһпен ﷺ ұзақ уақыт бірге болдым. Бірақ оның алдында сезінген ұят сезімі мен оған деген тағзыммен басымды көтеріп, тойғанымша мүбәрәк та нұрлы жүзін сипаттай алмадым. Егер бүгін маған «Бізге Расулұллаһты сипаттап бер, оны түсіндір» десе, түсіндіре алмаймын» (Мүслим, Иман, 192; Ахмет, IV, 199 б.).

Сахабалардың Хазіреті Пайғамбарға ﷺ деген махаббат көріністерін оның әмірлері мен тыйымдарына қалай мойынсұнғандығына және оның пайғамбарлық ахлағын қалай бойларына сіңіргендіктеріне қарап көруімізге болады. Өйткені сүйген адам өз сүйіктісіне сүйіспеншілік дәрежесіне қарай еліктеп, оған мойынсұнады. Аллаһ Расулының әлемге рахымшылық етіп, оны жаратылғандарға мейірім мен мархамат назарымен қарауының оған ғашықтықпен тәуелді болған сахабаларындағы көріністерінің бірі мынадай:

Әбу Абдуррахиман Жәбәли былай дейді:


Римдіктерге қарсы жорық кезінде Әбу Әйюб әл-Әнсаримен ﷺ бір кемеді болдық. Қасымызда Абдуллаһ бин Қайс та болатын. Хазіреті Әбу Әйюб әл-Әнсари олжаны

55. Мүнәуи, V, 92; Қасалани, Мәуәһибү ләдунния Тәржүмесі, Ыстанбұл, 1984, 417 б.



бөлуге міндеттелген адамның қасына келгенде, оның қасында жылап отырған бір әйелді көрді. Бұл әйел соғыс кезінде тұтқындалған болатын. Хазіреті Әбу Әйюб оның не үшін жылап отырғанын сұрағанда:

«Бұл әйелдің бір баласы барекен. Анасы баласынан айырылғанына жылап отыр» деп жауап берді.


Әбу Әйюб  дереу баланы тауып, оны анасына әкеліп беріп, әйелдің көз жасын тоқтатты.

Олжаны бөліп жүрген қызметкер Абдүллаһ бин Қайсқа барып Хазіреті Әбу Әйюбтың істегенін баяндап берді. Абдүллаһ бин Қайс Әбу Әйюб әл-Ансариден бұл істегендерінің себебін сұрағанда, ол былай деп жауап берді:

«Мен Расулұллаһтан  мына бір хадисті естіп едім:

«Ана мен баланы бір-бірінен айыргандарды Аллаһ Тағала қиямет күні барлық сүйіктілерінен айырады» (Ахмет, V, 422; Термези, Бүю, 52/1283).

Міне, Аллаһ пен Расулұллаһқа деген махаббат арқылы барлық жаратылғандарға мейіріммен, мәрхаматпен, махаббатпен қарауды міндеттеді. Өйткені иманның ең үлкен жемісі – махаббат пен мәрхамат. Жаратылғанға махаббат пен мәрхамат берекетінің нәтижесінде иманға қауышқанын білдіретін мына бір оқиға өте гибратты:

Пайғамбар дәуірінде Хаким бин Хизам деген сахаба бар еді. Ол Хазіреті Хадишаның туысқаны Хаким  болатын. Жомарт, мейірімді, ізгілікті сүйетін адам еді. Надандық ке-





зеңінде қыздарын тірідей көмбек болған әкелерден оларды сатып алып, бағып, өмірге қауыштыратын.

Бір күні Расулұллаһтан ﷺ:

«Ей Аллаһтың Расулы, надандық дәуірінде жасаған жақсылықтарым бар. Садақа беру, құлдарды азат ету, туысқандардың арасын жарастыру сияқты... осылар үшін сауап беріле ме?» деп сұрады.

Сүйікті Пайғамбарымыз ﷺ сонда былай деді:

«Сен онсыз да алдында жасаған осы ізгіліктерің үшін мұсылман болдың!» (Бұхари, Зекет, 24; Бую, 100; Итқ, 12; Әдеп, 16; Мұслим, Иман, 194-196).

Жаратылысқа махаббатпен, мәрхаматпен қарау, имансыздарды ең үлкен нығмет болып табылатын иманға келуге жетелейтін болса, иман иелерін қандай үлкен нығметтерге жеткізетінін ойлау керек...

Адамды жоғарғы мәртебелерге жеткізетін сипаттар баяндалған тағы бір оқиға мынадай:

Бишри Хафи былай дейді:

«Бір күні түнде түсімде Пайғамбарымызды ﷺ көрдім. Ол маған былай деді:

«Ей, Бишр! Аллаһ жақындарыңның арасында сенің қадіріңді неге көтергенін білесің бе?»

«Жоқ, уа, Расулаллаһ!» – дедім. Ол былай деді:



*«Менің сүннетімді орындағаның, ізгі адамдарға қызмет етуің, дін бауырларыңа уағыз бен насихат айтуың, сахабаларым мен әулетімді сүйгендігің сені ізгілердің мәртебесіне көтерді».*⁵⁶

Иман – Аллаһ Тағаланың құлдарына берген ең үлкен нығметі. Раббымыз осы нығметті өмір бойы мұқият түрде сақтауды және ақтық демімізді иманмен тапсыруды ескертіп бұйырады. Аятта былай делінеді:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا اتَّقُوا اللَّهَ حَقَّ تَقَاتِهِ

وَلَا تَمُوتُنَّ إِلَّا وَأَنْتُمْ مُسْلِمُونَ

«Ей, иман келтіргендер! Аллаһтың ұлылығына жарасатындай тақуа болыңдар және тек мұсылман халінде жан тапсырыңдар!» (Әлү Имран, 102).

Иман нығметінің ең үлкен жемісі – Хақ Тағаланың көзімен жаратылғандарға қарау және оларға махаббатпен жақындай білу. Құлдық өмірдің дәрежесін көтеретіндер, сол мөлшерде Хақ Тағаланың кешіріміне, мейірімі мен махаббатына кіргендер осы қасиеттерді бойына сіңіріп, барлық жаратылысқа мейірім шашады. Хақ досы Хазіреті Мәуләнә осы мәселенің хикмет толы үлгісін былай баяндайды:

Медреседегі сұхбат кезінде бір мас адам кіріп келеді. Дәруиштер оны ренжітіп, сыртқа шығаруға тырысады. Хазі-

56. Маһир Из, Тасаввуф, Ыстианбұл 1996, 184 б.





реті Мәуләнә мастың ақиқатты іздеп медресеге кірген адам деп ойлап, оны ренжіткендерге:

«Шарапты ол ішіпті, ал сендер мас болыпсыңдар!» дейді.

Бұл оқиға күнәға қарсы табиғи түрдегі жиіркенішті күнәһарға бағытталмауының, керісінше, күнәһарларды жаралы құс сияқты мейірімге мұқтаждар деп қабылдау керектігін, оны мейірімділікпен жан сарайына енгізіп, жол көрсетудің теңдесі жоқ үлгісі.

Хазіреті Қожа Ахмет Яссауи қандай жақсы айтқан:

*«Көңілі жабырқаулыны қайдан көрсең де дауа бол сен
Сондай мазлұм жолда қалса, қамқор бол сен».*



Қазіргі арада жүрген иманды қауым пайғамбар дәуірінің қасиетті мұрасының берекесі екендігін ұмытпау керек. Сахабалар мен хазіреті әулиелер осы қасиетті аманаттың келер ұрпаққа жетуіне үлкен еңбек етіп, қолдау көрсеткен Аллаһқа деген махаббаттың шеңберінде жарықтың айналасындағы көбелек сияқты болған. Олар һидаят көгінің жұлдыздары, ақиқат мектебінің мұғалімдері, қазіргі күніміздің берекесі мен рахымшылығы, дәуіріміздің нұры мен жер бетіндегі Аллаһ Тағаланың куәгерлері болған.

Пайғамбарымыздың, сахабалардың, әулиелер мен салих құлдары Аллаһтың дінінің жолында Аллаһқа деген махаббатпен көрсеткен еңбектері мен жанқиярлықтары бізге үлгі болулары керек. Бізге аманат етілген осы қасиетті мұраны жоғалтпай, тазалығын сол қалпында сақтай отырып



келер ұрпаққа жеткізу – мәңгілік бақытымызға қатысты ең үлкен жауапкершілік. Мүмин көңілдердің әрдайым осындай иманның құштарлығымен Аллаһқа деген махаббаттың пәк тебіренісін жоғары деңгейде сезінулері қажет. Өйткені шынайы бақыт пәни және жасанды махаббаттардың тар шеңберінен асқаннан кейін басталады.

Фәни құштарлықтар тұтқындығынан құтылып, көңілін олардан тазалау мәңгілік нығметтерге жетудің негізгі шарты болып табылады. Фәни махаббаттарды тазалау әрбір махаббаттың соңғы мақсатын Аллаһқа бағыттау арқылы жүзеге асады. Отан, халық, отбасы, бала-шаға сүйіспеншіліктері, дін бауырластығы, құлшылық, садақа және көркем мінез сияқты барлық ізгіліктер сол махаббатқа тірелген кезде құлды Раббысының махаббаты мен ризашылығына жеткізеді.

Міне, сахабалардың Аллаһ пен Расулына деген терең махаббатымен соның нәтижесінде Жаратушының назарымен жаратылғандарға осылай қарайтын. Олар барлық болмысын махаббаты үшін пида ете алған еді. Дүние атаулыдан ештеңелері жоқ сахабалар да, бәлкім, өмірде қол жеткізуге болатын ең үлкен байлықты Аллаһ Расулынан алыс қалмай, онымен бірге болу үшін ойланбастан пида еткен болар ма еді...

Сонымен бірге кейін келген ұрпақтар ішінде де Пайғамбарымызды осыншалықты сүйетін тәрбиелі адамдар болады. Олар жайлы Расулұллаһ ﷺ былай дейді:

«Үмметім ішінде мені қатты сүйетіндер менен кейін келетіндердің арасынан да шығады. Олар мен көрсін деп малдары мен отбасыларын пида еткілері келеді» (Мұслим, Жәннат, 12).





Фузули шайыр махаббат орны «көңіл» екендігін және махаббатта пәни болу жағдайын мына мысал арқылы көрсетеді:

«Мәжнүн Ләйләнің ауылында сенделіп жүргенде бір бөгде адам келіп, Ләйләнің үйін сұрайды. Мәжнүн:


«Оның үйін босқа іздеп шаршама!» дейді де, жүрегін көрсетіп:

«Өйткені Ләйләнің орны осы жерде!» деп жауап береді».

Біз де осы мысалда айтылған терең хикмет жайлы ойланyp, көңіліміздің қаншалықты Аллаһтың назар салатын орнына айналғанығына қарап отыруымыз керек. Яғни көңілімізге Аллаһ пен Расулына деген махаббат толған ба? Иман құштарлығы құлшылықтарымыз бен іс-әрекеттерімізде көрініс таба ма? Әлде махаббат тілімізден жүрегімізге өтпейтін құр сөз ғана ма? Жүрек соғысы мен іс-әрекеттеріміз қаншалықты Құран Кәрімнің бағыты мен сүннеттің шартына сай келеді? Пәни нығыметтерді қаншалықты Аллаһқа деген махаббатқа дәнекер етудеміз?

Хазіреті Омар  айтқан:

«*(Иләһи сотта) жауапқа тартылмас бұрын нәпсілеріңді жауапқа тартыңдар*» (Ибн Кәсир, Тәфсир, I, 27) қағидасы бойынша барлық ақиқаттар алдында халімізді таразыға салуымыз керек.

Хазіреті Пайғамбардың  өнегелі тұлғасынан және руханият болмысынан нәр алып, махаббаттың ақиқатына жеткендер қандай бақытты!..



Уа, Раббым! Барлығымызды иман махаббатымен безендір! Біздерді күпірлік пен қарсылықтың жаманшылығын көріп, осылардан барынша сақтануды нәсіп ет! Сүйгендеріңді бізге де сүйкімді қыл, жиіркенгендеріңді бізге де жиіркенішті ет! Біздерге ғашықтық пен ынта және иман шабытына толы құлдық өмір сүргізіп, жүректерімізді шаттандыр! Сүйіктілердің махаббатымен бірге Расулұллаһқа деген махаббатқа және Аллаһқа деген махаббатқа жеткен күйде дүниеден көшуді нәсіп қыл!..

Әмин!..



Ихсан және мұрақаб



Ихсан – мұминнің өзін Аллаһтың назарында яғни Аллаһтың бақылауында сезініп, құлшылықты, қарым-қатынас пен іс-әрекеттерін осы қалыпта жүргізуі. Құлшылықтан ләззәт алу, одан шаршамау тек ихсан сезімі арқылы жүзеге асады. Көңіліне ихсан сезімі орнықпаған адам намаз оқыса шаршайды, оған ауыр болады. Бай болса зекет пен садақа, ізгілік жасаудан тартынады. Өйткені олар иләһи қадағалаудан аулақ болғандықтан иманның ләззатын ала алмағандар.

Ихсан және мұрақаб

Тасаввуф құлдың әрдайым Аллаһ Тағаланың құзырында болғанын есінде сақтап, көңілінде сергек күйде ұстау болып табылады. Өйткені тек осы түсінікке ие болған қас құлдар құлшылыққа, қарым-қатынас пен сезімге, қысқасы, өмірдегі барлық іс-әрекеттерге мұқият қарайды. Әрбір демімізде:

وَنَحْنُ أَقْرَبُ إِلَيْهِ مِنْ حَبْلِ الْوَرِيدِ

«...Біз оған (адамға) күре тамырдан да жақынбыз» (Каф сүресі, 16) аяттың мағынасы бойынша өмір сүреді.

Міне, осы **ихсан** мен **мұрақаб** деп аталатын хал құлдың қашанда Аллаһ Тағаланың қадағалауында әрі әрбір жағдайын біліп тұратынын есінен шығармау болып табылады. Расында, бұл жағдай күнәларға қарсы берік сауыт іспетті. Өйткені адам өзін Аллаһтың құзырындамын деп санап, жүрегі «Уа, Раббым!» деп Аллаһпен бірге болса қалай күнә жасай алады?


Күнделікті өмірімізде екі көз оның өзін көріп тұрғанын сезген адам істейтін қаншама іс-әрекеттер мен сөздерден бас тартады, сонымен қатар оны жазалай алмайтын әлсіз екі көз болса да... Бұл адам жаратушының **қадағалауын** лайықты түр-



де сезінетін болса яғни **ихсан** сезімінде болса, ол Аллаһтың күдіретіне қайшы келетін іс-әрекет жасай ала ма? Аллаһтың ризашылығына қайшы сөз айтуға, тіпті, қабыл болмайтын бір ойды да санасынан өткізуге батылы бара ала ма? Ешқашан...

Егер адам Аллаһ Тағаланың өзіне **күре тамырынан да жақын** екендігін жүрекпен сезіне алса, тұрақты тақуалықпен өмір сүріп, әрдайым қорқыныш пен жауапқа тартылу қаупімен сергек жүреді. Осы жалғыз аяттың өзі оған жеткілікті.

Пайғамбар дәуіріндеге бұл жағдайға мына мысал:

Түнгі уақыт болатын. Хазіреті Омар  әдеттегідей Мәдинаның көшелерін аралап жүріп, кенет тұрып қалды. Жанынан өтіп бара жатқан үйден шыққан сөз таласы назарын аударған болатын. Анасы қызына:

«Қызым, ертең сататын сүтке аздаған су араластыр!» – деген еді.

Қыз болса:

«Анашым, халифа сүтке су араластыруға тыйым салмады емес пе?» – деді.


Қызының сөздеріне анасы ашуланып:

«Қызым, түннің осы сағатында халифа сүтке су қосқанымызды қайдан білсін?!» – деді.

Бірақ, Аллаһқа деген сүйіспеншілік пен қорқынышы берік қыз сонда да анасының сүтке су араластыру қулығын қабылдамады:



«Анашым! Халифа көрмейді делік, Аллаһ көрмей ме? Бұл қулықты адамдардан жасыру оңай, бірақ барлық нәрсені көріп тұрған әлемнің жаратушысы Аллаһтан жасыру мүмкін бе?..» – деді.

Аллаһтың ақиқаттырына толы таза ұжанды, тірі жүректі осы ибалы қыздың Аллаһқа деген үлкен қорқынышымен анасына берген жауабы Хазіреті Омарды  қатты толқытты. Мүминдердің әмірі оны қатардағы сүтшінің қызы емес, көңіліндегі тақуалығымен ерекше нәсіп санап, өзіне келін етіп ұлына алып берді. Бесінші халиф ретінде айтылатын мәшһүр Омар бин Абдүлазиз, міне, осы таза әулеттен шықты.

Сондықтан барлық жағдай Аллаһ Тағаланың қадағалауында екендігімізді сезініп өмір сүру. Аятта былай делінеді:

وَهُوَ مَعَكُمْ أَيْنَ مَا كُنْتُمْ

«...Қай жерде болсаңдар да ол сендермен бірге...» (Хаид сүресі, 4).

Аллаһ Тағала барлық жерде, барлық уақытта барлық нәрсенің және барлық адамның қасында. Әрбір істелген әрекеттен хабардар және құлдарын қадағалауда екендігі ақиқат. Олай болмаған жағдайда бұл Аллаһ Тағала үшін нұқсан болар еді. Аллаһ Тағала барлық нұқсан сипаттардан пәк. Адам осы ақиқатты көміл түрде түсінетін болса нәпсі тазарып, жүрегі нұрланып, Аллаһ Тағалаға қарай жақындай бастайды. Барлық пәни уайым-қайғылары арылып, оның орнын мәңгілік өмірге қатысты толғаныс пен әзірліктер басады. Аллаһпен бірге болу сезімі адамды әрдайым қорқыныш пен сергектік күйде ұстап, өмірдің әртүрлі кірі мен дақтарынан тазартады.






Хақ достарының бірі былай дейді:


«Ешбір жолаушы бекетте ұйықтамайды. Қай жаққа барғысы келсе, солай қарай әзірленіп, көлікке отырады. Басқа бірі көлікке мінбейді. Міне, дүние де ахирет әлемінің бекеті іспетті. Сондықтан сана мен жүректің күшін арттыру керек».

Аллаһ Тағаланың әрқашан да әр жерде бізбен бірге болғаны ақиқаты бір жағынан адамды үрейлендірсе, екінші жағынан рахаттандырады, тыныштандырады. Аллаһтан қорқуды образды күйге келтіргені үшін үрейлендіреді. Керісінше, Аллаһ Тағалаға жақындықтың ләззатын таттырғаны үшін оған тыныштық пен рахаттық сыйлайды.

Аллаһ Тағала басқа аяттарда құлдарымен әрдайым бірге болғандығын былай баяндайды:

«Көрмейсің, Аллаһ көктерде не бар, жерде не барын білетінін? Бір жерге келіп жасырын сыбырласқан үш адамның төртіншісі міндетті түрде Аллаһ. Бес адам жасырын сөйлесе, алтыншысы міндетті түрде Аллаһ. Осыдан аз болсын, көп болсын, қай жерде болса да міндетті түрде ол олармен бірге. Болашақта қиямет күнінде істеген істерін оларға жеке-жеке білдіріп, қаласа, ақысын да береді. Шүбәсіз, Аллаһ барлық нәрсені білуші» (Мүжәддәлә сүресі, 7).

Хазіреті Омар  халифа болған дәуірде Хазіреті Мұазды Килабұлдары тайпасына жібереді. Мемлекет қазынасына төленетін ақшаларды төлеп, тиісті малдарды беріп, байлардан алынған зекеттерді пақырлар мен мұқтаждарға таратуы тиіс болатын.


Мұаз  мойнына алған міндетін тамаша мұқияттылық-



пен орындап, адамдардың көңілдерін қуантып, жақсы әсерлермен оралатын. Кейін қайтқанда дүниелік мал атына тек иығына салған орауышы қалатын. Бұл орауыш барған жерлеріне де қолында жүретін. Оны мойнын шаңнан және күннен қорғау үшін қолданатын.


Әйелі шыдай алмай:

«Мұндай міндеттерді атқарғандар белгілі бір ақы алады, үйлеріне сыйлықтар әкеледі. Сенің сыйлықтарың қайда?» – деп сұрады.

Мұаз  былай деп жауап берді:

«Менімен бірге ешқашан жанымнан кетпейтін қадағалаушы бар. Әрбір бергенім мен алғанымды есептеп отырады».

Әйелі ашуланып:

«Расулұллаһ  барлық істе саған сенім артатын. Әбу Бәкір де сондай болатын. Омар сенімен бірге бақылаушы жібере ме? Әрбір істегеніңді қадағалай ма?» – деп сұрады.

Бұл сөз Хазіреті Омардың әйеліне, одан кейін Хазіреті Омарға жетеді. Хазіреті Омар Хазіреті Мұазды шақыртып зілді түрде:

«Мен сенің артыңнан қадағалаушы жібермесем де мына естігендерім не, ей, Мұаз? Мен саған сенбейді деп ойлайсың ба?» – деп сұрады.


Хазіреті Мұаздың берген жауабы өте тамаша еді:

«Ей, мүминдердің әмірі! Әйелімнің аузын жабу үшін





осылай айттым. Әрі қадағалаушы дегенім сіздің қадағалаушыңыз емес, Аллаһтың қадағалауы болатын. Сол себепті істеген қызметімнің сауабын жоғалтпау үшін үлес берсе де өзім үшін ештеңе алмаймын...»

Хазіреті Омар оның осы сөздерімен нені меңзегенін түсінген еді. Өйткені Мұғаз  нәпсі мен дүниеге қатысты ештеңеге қызықпайтын. Халифа оны марапаттап, біраз сыйлық беріп:

«Барып мынаумен отбасыңның көңілін аула!» – деді.

Ихсан мен мұрақабә халін қысқаша баяндайтын тамаша мысал мынадай:

Бір уағыздаушы мінберде ахирет жағдайын баяндап жатқан. Жамағаттың арасында Хазіреті Шәйх Шібли де бар еді. Уағыздаушы Аллаһ Тағаланың ахиретте сұрайтын сұрақтары туралы айтып:

«Біліміңнен қалы пайдаландың, мал-мүлкіңді қайда жұмсадың деп сұралады! Өміріңді қалай өткіздің, құлшылықтарың қандай халде деп сұралады! Харам мен халалға абай болдың ба деп сұралады!.. Мыналарды сұрайды, аналарды сұрайды!» деп, көптеген мәселелерді ұзақ айтты.

Уағыздаушы осыншалықты егжей-тегжейлі баяндағанына қарамастан негізгі мәселеге назар аудармағанына Хазіреті Шібли дауыстап:

«Ей, уағыздаушы мырза! Сұрақтардың ең маңыздысын ұмыттың! Аллаһ Тағала сұрайды: **«Ей, құлым! Мен сенімен бірге едім, сен кіммен бірге болдың?»**».



Осы оқиғалардан алынатын сабақ – әрдайым Аллаһ Тағаланың бақылап тұрғанын түсіне отырып өмір сүру, яғни **ихсан** сезімінде және **мұрақаба** халінде болу керек. Негізінде барлық ісі тек халыққа қызмет көрсететін қайырымдылық мекемелерінде қызмет атқаратын адамдардың еңбекақы алып, өз бала-шағасын асырауы өте заңды жайт. Бірақ Хазіреті Мұаздың халі үлкен парасаттылық әрі жомарттық үлгісі. Екіншіден, қызмет орындарында жұмыс істегендер ақылы істеген еңбектерінен артық істеп, бұл қызметтерін Аллаһ разылығы үшін жасап, осылай жомарттық пен парасаттылықты көрсетуіне болады.

Әр сәтте Аллаһты зікір етіп, мұрақаба түсінігімен жүрудің қажеттілігін білдіретін мына хадис шәрифке де назар аударғанымыз дұрыс:

«Аллаһты естен шығарып қажетсіз әңгімеге бас қоймаңдар. Өйткені Аллаһты естен шығарып айтылған сөздер жүректі қатайтады. Аллаһтан ең алыс адам – жүрегі қатайған адам» (Термези, Зүһд, 62/2411).

Бұл үшін таңсәрі уақытындағы фәйзді де рухани сәттерді күні бойы жалғастыруымыз керек. Таңсәрінің сол бір ерекше сәті күннің кішкене үлгісі іспеттес болуы тиіс. Таңсәрісі мен күнін осылай реттеген құл Аллаһ Тағаланың разышылығына бөленеді. Бұл – **«мәрдия»** мәртебесі. Бұл мәртебеде күн сәулесінің күшті шуақтарының астындағы шөп-шалаңды өртейтіні сияқты жүректелі жаман қылықтар жоғалып, көркем сипаттар көрініс тауып, жақсы мінездер мен жағымды қылықтар өседі. Тіпті жаратушы үшін жаратылғандарға мейірім мен мәрхамат, сүйіспеншілік пен жомарттық, сабырлық пен кешірімділік, сыпайылық пен



нәзіктік және сезімталдық ләззатқа айналады. Нәпсісін ең тамаша түрде жауапқа тартып, қадағалайды. Әр сәтте жаратылыстың мәнін қадағалап, нәпсінің қулықтарына алданудан сақтанады. Өйткені жүрегінде өзіне рухани халдерді сыйлаған Раббысымен бірге болу халі басталады. Аятта былай делінеді:

وَأَعْلَمُوا أَنَّ اللَّهَ يَحُولُ بَيْنَ الْمَرْءِ وَقَلْبِهِ

«Мынаны жақсы біліңдер! Аллаһ адам мен оның жүрегінің арасына кіреді...» (Әнфәл сүресі, 24)

Осы аяттың мағынасына кірген құл достықтың жылылығы мен иманның шынайы ләззатына қол жеткізеді. Раббы оны дәнекерсіз ілімге мұрагер қылады. Әлемнің парақтарын оқи бастайды. Хикметті сырлар мен нақтылыққа қол жеткізеді. Аятта былай делінеді:

وَاتَّقُوا اللَّهَ وَيُعَلِّمَكُمُ اللَّهُ

«...Аллаһтан қорқыңдар (тақуалықта болыңдар! Білгейсіңдер), Аллаһ (сендерге білмегендеріңді) үйретеді!..» (Бақара сүресі, 282)

Юсуфды عَلِيٍّ сұлулыққа, мәнсап пен байлыққа ие әйелдің «Маған кел!» деп шақырған тұзақ пен азғындықтан құтқарған жүрегінің үнемі **мұрақаба** халі мен жан-дүниесіндегі **ихсан** сезімі болған. Яғни ол өте үлкен қауіптен **мұрақаба** мен **ихсан** арқылы құтылған.



Сондықтан **ихсан** сезімі жүректе орнығып, яғни амалдарында көрініс тапса ғана қауышуға дәнекер болады. Әйтпесе **мұрақаб** халіне немесе **ихсан** сезімін тілмен ғана айту көңілге ештеңе сыйламайды.

Бұл үшін махаббаттың заттан, фәнилерден бақиларға яғни Раббыға бағытталуы шарт. Махаббат Аллаһқа бағытталса, құлда зүһд халі байқалады. Зүһд халі байқалған соң нәпсіге қатысты мал құнын жойып, тек Аллаһқа тән яғни қайырымдылыққа жұмсау арқылы мәнге ие болып, мақсатына бағытталады. Өйткені көңіл Хақ Тағалаға деген махаббатты ізгі амалдың кәусәрімен нәрлендіреді. Сүйіктісінің сүйікті амалдары рухына шаттық сыйлайды.



Өзен мен арық суы теңіз бен үлкен мұхит суына қосылып, араласқаннан кейін қалай сол теңіз бен мұхиттың су ерекшелігі мен түсі басым болып, өзенінің өзіне тән ағысы мен түсі жойылса, **ихсан** да тура сол сияқты. Сондықтан **ихсан** – яғни Хақ Тағаланың жолында фәни болу және Хақ Тағаланың көркем есімдерінің көріністеріне қол жеткізу.

Сондықтан **ихсан** – иманның өзегі мен негізі. Барлық құлшылықтар мен ізгі әрекеттерден күтілген шабыт, ықылас пен тақуалық сияқты парасаттылық жемістер тек **ихсан** арқылы жүзеге асады. Өйткені Хақ Тағаланы көріп тұрғандай жасалған әрбір ізгі амал ықылас көшетін жарып, тақуалықтың бүршігін атады, шабыт жемісін береді. Ешбір құлдың көрмеген жерлерде де тура бағытта болу, адамның назарынан алыс жерлерде күнәлардан аулақ болу тек «**Ол мені көріп тұр**» деген түсінік арқылы жүзеге асады. Сол үшін тасаввуф бастан-аяқ барлық шарттары мен үкімдерінде жан-көңілді





осы халге жеткізуді мақсат етеді. Хақ достары өмір бойы осы халді бойларына дарыта білудің жолында шәкірт болған.

Анасы Хазіреті Уәйсәл Қараниден (Ойсыл Қара):


«Ұлым, түні бойы таң атқанша құлшылық етесің? Бұған қалай шыдайсың?» – деп сұрайды. Ол:

«Иә, сүйікті анам! Құлшылығымды жан тәніммен жасаймын. Жүрегімнің шабыт арқылы кеңейетіні соншалық, шаршағанымды сезбеймін. Жер бетімен, әртүрлі тәнті сезімдермен байланысым үзіледі. Бір қарасам, таң атып кеткен!..» деп жауап береді.

«Ей, Уәйс! шабыт халі деген не?»

«Шабыт халі – тәнге жебе кірсе, жанның бейхабар болуы».



Ислам тарихында айтулы бір оқиға мынадай: Хазіреті Әлидің аяғына жебе қадалған еді. Ауырғаны үшін оны шығара алмайды. Ақыры Хазіреті Әли :

«Мен намазға тұрайын, сонда шығарыңдар!» – деді.

Оның айтқанындай істеді. Еш қиналмай жебені суырып алынды. Хазіреті Әли сәлем беріп:

«Не істедіңдер?» – деп сұрады.

«Жебені алдық!..» – деді.

Өйткені Хазіреті Әлидің  денесі намаздың шабыты



мен рухани ләззаты арқылы бейне бір балқығандай болып, дүниеден алыста болатын. Хазіреті Әлидің осы халі **ихсан** мен **мұрақабаның** нақ үлгісі.

Қорыта айтқанда, құлшылықтан осылай ләззат алып, шаршағанын сезінбеу тек **ихсан** сезімі арқылы жүзеге асады. Көңіліне **ихсан** сезімі орнықпаған адам намаз оқыса шаршайды намаздан қиналады. Бай болса зекет пен садақа беруден тартынады. Өйткені ол адам Аллаһтың қадағалауынан алыс болғандықтан иманның ләззатын тата алмаған адам.

Сондықтан орынды оқылатын намаз, көңілмен берілетін зекет пен садақа, махаббатпен ұсталынатын ораза, сүйіспеншілікпен орындалатын қажылық, жүректі үміт пен күдіктің арасында ұстайтын таза жүрекке ие болу қасиеттері, көркем ахлақ пен басқа да барлық қасиеттер – исхан сезімінің жемісі.

Ихсан мен мұрақабә халінде болу Аллаһ Тағаланы мол зікір ету арқылы жүзеге асады. Өйткені зікір ақыл мен көңілдің Хақ Тағаламен байланысын күшейтіп, қуаттандырады. Сол үшін Аллаһ Тағала Хазіреті Мұса عليه السلام мен Хазіреті Һарунды عليهما السلام Перғауынды дінге шақыруға жіберген кезде былай деп бұйырады:

اذهب أنت وأخوك بآياتي وَلَا تَنِيَا فِي ذِكْرِي

«Інің екеуің аяттарыммен (Перғауынға) барындар мені зікір етуде босаңсымаңдар» (Таһа сүресі, 42).



Құран Кәрімнің көп жерлерінде зікірге қатысты Аллаһтың әмірлері бар. Бірақ тек осы аяттың өзі оның маңыздылығын түсіну үшін жеткілікті-ақ. Зікір – жүректің бірден-бір әрлеушісі және тояттаудың дәнекері. Аятта былай делінеді:

أَلَا يَذْكُرُ اللَّهُ تَطْمِئِنُّ الْقُلُوبُ

«...Абайлаңдар! Жүректер тек Аллаһтың зікірімен ғана тояттайды» (Ра'д сүресі, 28).

Зікірмен тояттаған жүрек Аллаһтың назарының көрініс табатын орны болады. Өйткені ол құлшылықтардың қасиеті айнадай таза жүрек сипатында болады да, мына аяттың сырына бөленеді:

«Ол күні мал да әулет те пайда бермейді! Тек Аллаһқа таза жүрекпен келгендер басқа!» (Шұара сүресі, 88-89).

Адам нәпсінің кедергілерінен құтылып, өлімді ойлау нәтижесінде рухында жасырылған періштелікпен мәртебелерге көтерілетін болса, онда өлім қиял жетпес ұлық әрі күдіретті Раббыға қауышудың міндетті шарты ретінде көрінеді. Сөйтіп, көбіне адамдарда суық үрейлерге себеп болатын өлім онда сүйіктіге қауышудың тебіренісіне айналады. Мұндай өлім тасаввуф жолының үлкендерінің бірі Мәуләнә Жәләладдин Румидің сөзімен айтқанда «Шәб-и арус», яғни неке түні. Бұл адамзат үшін ең қорқынышты құбылыс болып табылатын өлімді көріктендіретін жол. «Өлімді көріктендіру» үшін нәпсінің кедергісінен құтылып, тәуба мен зүһд, тәуекел мен қанағат, зікір мен мойынсұну, сабырлық пен



мұрақаб және ризашылық сияқты рухани халдер арқылы кемелдену шарт.

Риуаят бойынша Иса عليه السلام екі жағы да кіріп кеткен бір алапес адамды жолықтырады. Әлгі адам үстіндегі аурулардан бейне бір хабарсыз сияқты өз-өзіне:

«О, Раббым! Саған шексіз мадақ, адамдардың көбі душар болған аурудан мені қорғадың!..» дейді.

Иса عليه السلام адамның түсінігі мен кемелдігін байқайын деп оған:

«Ей, адам! Аллаһ сені қандай дерттен қорғады?!» – деді.

Науқас адам былай деп жауап берді:

«Ей, Рухұллах! Ең қорқынышты ауру – жүректің Хақ Тағаладан қапыда қалуы. Шүкіршілік, мен Аллаһ Тағаламен бірге болудың ләззаты мен рахатына бөлендім. Тіпті, денемдегі ауруларымнан да бейхабар сияқтымын...»

Осы барлық ақиқат хикмет пен түсініктерді қорытатын болсақ, діннің пәтуа жағы бір ғимараттың негізгі тіректері, ал тақуалық – сол тіректердің айналасындағы оны толықтырып тұрған бөлшектері мен әсемдеуші бөлшектері. Тәрбие әдісінде осы екі ерекшелікті біріктірген тасаввуф ізгі амалдар мен ахлақтың кемелденуіне қосымша адамға өмір мен әлемді түсіндіріп, жауапкершіліктің ауқымды хикметпен түсінілуі мен орындалуын қамтамасыз етеді. Сондықтан тасаввуф мұхаббатұллах пен мағрифатұллах мәселесінде құлдар үшін көңілдерінен миғражға қарай ашылған рухани терезе іспетті.



Тасаввуф – Исламды ықылас пен тақуалық, зүһд пен **ихсан**, **мұрақаба** мен шынайылық, мойынсұну және махабат өлшемдерімен өмір сүру. Оның ең маңызды мәселесі – осы ақиқаттарды өмірімізде мүмкіндігіміз бен қабілетіміз жеткенше қолдана білу. Ертеде ізгі ғалымдар айтқан уағыз-насихаттарында иләһи әдемілік пен көркем ахлақты түсіндіріп болған соң:

«Айту – оңай, тыңдау – оңай, бірақ шарт бойынша амал ету – өте қиын!..», «Аллаһ хақты хақ деп біліп мойынсұнып, жалғанды жалған деп санап, одан аулақ болуды нәсіп етсін! » деп, адам көңілінің кемелденуі үшін кеңес беретін.

Сондықтан тасаввуфтың негізгі мақсаты – парасаттылық зәмзәмі, тақуалық кәусәры және ғашықтық пен махабаттың өмірлік нәрімен көңіл бәйшешегін көгерту және ғапылдыңтың шөлі болып табылатын осы дүниеде қасіретке тап болмай, құлдарды Аллаһқа қауыштыру. Осы ақиқатты түсініп, оны өмірлерінде қолданғандар тасаввуфты да түсініп, өмірде ұстанғаны. Тасаввуф үлкендері айтқандай:

«Тасаввуф – сондай бір хал, оны тек дәмін татқан біледі!..»

Басқаша айтқанда тасаввуф – Хазіреті Пайғамбардың ﷺ 23 жылдық пайғамбарлық өмірінен үлес ала білу.

Нағыз тасаввуфшы (сопы) – тек Құран Кәрім мен Сүннетті құлшылық, қарым-қатынаспен және ахлақ кемелдігімен өмірінде серік еткен адам.

Сонымен қатар тасаввуф – өмірімізде ұлы өмірді қортындылайтын «Жәбірейіл хадисін» (иман мен **ихсанның** қысқаша таным жасалған хадис) қолдану.



Сонымен бірге тасаввуф – Хазіреті Пайғамбарға ﷺ және сол арқылы барлық үмметке аса мәнді бұйрық болып табылатын « فَاسْتَقِيمْ كَمَا أَمَرْتُ **Әмір етілгені сияқты тура жүр!..**» (Һуд сүресі, 112) аятының мағынасын түсіне білу. Бұл аят Расулұллаһтың ﷺ шаштарын ағартқан.

Назар аударарлық жәйт Аллаһ Расулы ﷺ 23 жылдық пайғамбарлық өмірінде қанша қиын соғыстарға қатысты, шашы ағармады. Күндер бойы аш қалды, шашы ағармады. Хазіреті Хадиша, Хазіреті Хамза сияқты қаншама сүйіктілері мен көмекшілерінен айырылды, шашы ағармады. Тіпті жеті баласының алтауы, бірнеше немерелері мен жұбайлары көзінің тірісінде қайтыс болды, сонда да шашы ағармады. Бірақ **«Әмір етілгендей тура жүр!..»** аяты түсіп еді, бір сәтте мүбәрак шашы мен сақалына ақ кіре бастады...

Өйткені қауышудың жолы өте ұзын әрі тар дәліз тәрізді. Ішкі сынақтар мен қиыншылықтарға толы. Пайғамбар үшін оның шашын ағартатындай жауапкершілік бар. Сол үшін Хазіреті Пайғамбар ﷺ әр сәтін ихсан халінде өткізіп, сол қауышудың жолында жүріп өткен әрбір дәрежеден кейін әрдайым алғашқы халіне тәуба мен истиғфар етіп отырған. Сонымен қатар әр сәт сайын куә болған шексіз иләһи көріністер мен ұлылықтың алдында құлдықтағы әлсіздігін былай деп тілге тиек еткен:

«Уа, Раббым! Біз Сені Өзіңе лайық боларлықтай, тиісінше тани алмадық...» (Мүнәуи, II, 520).

Осы үлкен ақиқаттың сәулесінде **ихсан** мен **мұрақаб** тақырыбындағы біздің міндетіміз – Аллаһтың бізді қадағалауын түсінгеннен кейін халімізді **ихсан** халінің бірден-бір



үлгісі болған Хазіреті Пайғамбардың ﷺ халімен салыстыра отырып, бағыт беру. Оның сабырлылығы қандай еді, біздің сабырлылығымыз қандай? Оның жомарттығы қандай, біздің жомарттығымыз қандай? Оның адалдығы қандай, біздің адалдығымыз қандай? Оның намазы, оразасы, қажылығы, зекеті, иманы қандай еді, біздікі қандай? Оның тамақтануы қандай еді, біздікі қандай? Оның Хақ жолындағы қызметі мен күштарлығы, әділдігі мен ынсабы қандай еді, біздікі қандай? Қысқасы, барлық өмірімізді қамтитын ахлақтарымыз бен іс-әрекеттерімізді осылай бағалап, жауап беріп отыруымыз керек. Өйткені бір ғана іс жүзіндегі өнегесі мен ізгі үлгісі қияметке дейін адамзатқа ізгі өнеге болатындай. Ол – екі дүниедегі куәгеріміз бен шапағатшымыз...

Ихсан мен **мұрақаба** сезіміне қол жеткізу үшін нәпсіміз бен жүрегімізді тазарта отырып « **فَدَأْفَلَحَ مِنْ زَكَاةِمَا** **Жан дүниесін тазартқан құтылды**» (Шәмс сүресі, 9) аятының мағынасына сай болуымыз шарт. Ол үшін де ең негізгі мәселелер мыналар:

- Халал тағамға мұқият болу.
- Құл хақы мен мақлұқтардың хақын жемеу.
- Таңсәрі уақыттарын құлшылықпен өткізу.
- Ынтамен Аллаһтың әміріне тағзым, яғни Аллаһтың әмірлері мен тыйымдарын ынтамен орындау.
- Қоғамдық қызметтерге ат салысу.
- Садақа беру, мал-мүлікті Аллаһ үшін және шын көңілмен бере білу.



-Салих адамдармен бірге болу.

-Құранды сіңіру және Құранға қызмет ету.

-Зікірді жүрекке орнықтыру.

-Менмендік, ғайбат, қызғаныш, ысырап, өтірік, көре алмастық, рияқорлық, мәнсапқорлық, өсек тасу сияқты жаман ахлақтан аулақ болу.

-Өлімді ойлау, өлімді ойлай отырып ақтық деміне дейін барлық сәттерін сергектікпен өткізуге тырысу.

Аллаһ Тағала барлығымызға иман мен парасаттылығымызды, осылардың жемісі болып табылатын барлық амалдарымызды және өмірімізді қамтитын әртүрлі құлдық әрекеттерімізді ихсан сезімі мен мұрақаба аясында орындауды нәсіп етсін!..

Әмин!...



Жан мен мал



*Чағыз парасаттылық – жан-дүниені
жомарттық пен қолқорлыққа
толтырып, дариядай Хақ Тағаланың
берген нығметтері мен дүние саудасын
ахиреттің байлығына айналдыру. Осы
тұрғыдан малдың ең жақсысы – иесінен
бұрын ахиретке жіберілгені, жанның
қайырлысы – Алланың ризашылығы үшін
қолданылғаны.*

*Жан мен малды қажетінше қолдануды
білетіндер күн сияқты жақсылығымен
барлық қараңғы қуысқа жарық береді,
мұқтаж, ғаріп және шаршаған көңілдерге
ізгілік пен жомарттықтың сәулесін
шашады.*



Жан мен мал

Сынақ үшін дүниеге жіберілген адамға мына фәни өмірде берілген құндылықтардың ең бастысы – «жан мен мал». Мүминдер осы құндылықтарды нақты мақсаттар мен жоғары жетістіктер үшін қолдануға міндетті. Өйткені аятта:

إِنَّ اللَّهَ اشْتَرَى مِنَ الْمُؤْمِنِينَ أَنْفُسَهُمْ وَأَمْوَالَهُمْ بِأَنْ لَهُمُ الْجَنَّةَ

«Аллаһ мүминдерден, малдары мен жандарын, оларға жәннәтты беріп сатып алған...» деп бұйырылады (Тәубе сүресі, 111).

Аллаһ Тағаланың адам баласына берген жаны мен малы сияқты әртүрлі мүмкіншіліктерінің барлығы – аманат. Осы нығметтердің барлығын сол берген және соған тиесілі. Сол себепті көңіл көзі ашылғандардың Хақ алдындағы ұстанымдары әрдайым:

«Алған сенсің, берген сенсің, қылған сен!..

Не берсен, сол. Басқа неміз бар!...»

– деген түсінікте болған. Осының нәтижесінде Аллаһ достары құл ретінде Хақ алдында түкке тұрмайтындықтарын түсініп, қол жеткізген нығметтерді сол нығметтердің шынайы иесі Аллаһтан аяу ғапылдығынан барынша аулақ болған.



Аллаһтың өзіне жақындауға дәнекер еткен нығметтерін Аллаһ Тағаланың әміріне қайшы, теріс жерлерге қолданғандар үшін да Аллаһтың қатал ескертулері де бар. Аятта былай делінеді:

قُلْ إِنْ كَانَ آبَاؤُكُمْ وَأَبْنَاؤُكُمْ وَإِخْوَانُكُمْ وَأَزْوَاجُكُمْ وَعَشِيرَتُكُمْ

وَأَمْوَالٌ اقْتَرَفْتُمُوهَا وَتِجَارَةٌ تَخْشَوْنَ كَسَادَهَا وَمَسَاكِينُ

تَرْضَوْنَهَا أَحَبَّ إِلَيْكُمْ مِنَ اللَّهِ وَرَسُولِهِ وَجِهَادٍ

فِي سَبِيلِهِ فَمِثْلُ بَعْضِ مَا كَسَبْتُمْ بِهِ وَإِنَّ اللَّهَ لَبِئْسَ بِالْمُنَافِقِينَ

الْقَوْمِ الْفَاسِقِينَ

«Айт: Егер әкелерің, ұлдарың, бауырларың, жұбайларың, туыс-туғандарың, тапқан малдарың, зиян шегуден қорыққан саудаларың, ұнатқан баспаналар сендерге Аллаһтан, Расулынан және Аллаһ жолында жиһад етуден де артық сүйкімді болса, онда Аллаһ әмірін жібергенше күтіңдер. Аллаһ пасықтар қауымын хидаятқа салмайды» (Тәубе сүресі, 24).

Аяттың шарты бойынша дүниелік өмірде біздерге сынақтың себепшісі ретінде берілген жан мен мал нығметтерін Аллаһтың ризашылығы жолында қолдану Аллаһ Тағала мен Хазіреті Пайғамбарға ﷺ деген махаббатымыздың ең нақты өлшемі. Өйткені сүйген адам сүйіктісі үшін сүйгенінің талабына қарай жомарттық жасауды ең үлкен ләззат деп түсінеді. Бұл сүюдің мөлшеріне қарай жанымен жасалатын жанқиярлыққа дейін жетеді.



Сондай-ақ Әбу Мұса әл-Әшаридің ﷺ ұлы Әбу Бәкір сүйгеннің сүйіктісі үшін еш ойланбастан жанын да үлкен құштарлықпен пидә ете алатындығын көрсететін мына бір тамаша оқиғаны баяндайды:

«Әкем Әбу Мұса ﷺ дұшпанының алдында тұрып:

«Расулұллаһ ﷺ *"Шүбәсіз, жәннат есіктері қылыштар көлеңкесінің астында"* деді».

Сол кезде үсті-басы алба-жұлба біреу орнынан тұрып:

«Ей, Әбу Мұса! Бұл сөзді Расулұллаһтың ﷺ аузынан естідің бе?» деп сұрады. Әбу Мұса:

«Иә, аузынан естідім» деп жауап берді. Мұны естіген адам жолдастарының қасына барып:

«Сендерге сәлем!» деді де, қылышының қынын сындырып, лақтырып жіберді. Сосын қолындағы қылышымен дұшпанға қарай бет алды да, шәйіт болғанша дұшпандармен соғысты» (Мұслим, Имара, 146; Термези, Фәдәйлүл-Жиһад, 23/1659)

Сахабалар үшін Аллаһ Расулының ﷺ айтқан сөзінің өзі жеткілікті болатын. Ол сөз үшін пидә етілмейтін ешбір фәни ләззәты болмайтын. Өмірлерін да ойланбастан бере алатын болған.

Ең ауыр да машақатты өтеу – иманның өтеуі. Өйткені соның арқасында жүректің көкжиегі ашылып, жан да, мал да осы төлеуді өтеу үшін Хақ Тағала разы болатын ең орынды жерлерге жомарттықпен қуана-қуана жұмсалады. Иманның ләззаты, тебіренісі және шаттығымен жан мен мал сияқты



өртүрлі мүмкіншіліктерге жанқиярлық жасау, көңілде рахат көзіне, ал жүректе ұстаным халіне айналады.

Тағы бір аятта Аллаһ Тағала былай бұйырады:

لِلْفُقَرَاءِ الَّذِينَ أَحْصَرُوا فِي سَبِيلِ اللَّهِ
 لَا يَسْتَطِيعُونَ ضَرْبًا فِي الْأَرْضِ يَحْسَبُهُمُ
 الْجَاهِلُ أَغْنِيَاءَ مِنَ التَّعَفُّفِ تَعْرِفُهُمْ بِسِيمَاهُمْ
 لَا يَسْأَلُونَ النَّاسَ إِحْفَافًا وَمَا تُنْفِقُوا مِنْ خَيْرٍ
 فَإِنَّ اللَّهَ بِهِ عَلِيمٌ

«(Садақалар) өзін Аллаһ жолына атаған, (жиһад қылып, ғылым-білім үйреніп-үйретумен шұғылданғандықтан) **жер бетін** (тіршілік ету үшін) **аралауға шамасы жетпеген**, (олардың) **жағдайын білмейтіндер ар-намысы мен көңіл тоқтығы себепті** (тіленшілік етпейтіндігіне қарап) **оларды бай деп ойлаған, сен болсаң оларды келбеттерінен танитының сондай-ақ бетсіздік жасап адамдардан (бір нәрсе) сұрай алмаған пақырлардікі. Хайыр деп не берсеңдер, Аллаһ оны толық біледі**» (Бақара сүресі, 273).

Аллаһ жолында жанқиярлық жасағандардың жүректерінде аятта айтылған «**Сен оларды келбеттерінен танисың**» деген сөздің көріністерімен осы мәселеде парасаттылық, яғни терең түсінік пайда болады. Қайыр түсінігі біліктілікке айналады. Әрбір мамандық иесі өз мамандығына үйре-



неді. Жоғарыдағы аяттың мағынасына ие болу үшін өзін Хақ жолына арнағандардың, әсіресе Құран Кәрімге қызмет еткендердің жағдайына көңіл көзімен қарап, соларға жақын болу керек. Өйткені аяттың теріс мағынасы назар аударатын болсақ, Аллаһ жолында еңбектенген назарға ілінбейтін көңіл адамдарына қаталдық жасап, олардан алыс қалудың ең ауыр бишаралықтың бірі екендігін оп-оңай түсінуге болады.

Сондықтан иманды байлар байлықтарын білімге, ахлаққа, әсіресе өздерін Құранға қызмет етуге арнағандарға жұмсап мұқтаж пақырларға қарап, ғаріптік ғұмыр кешкен, қиналған мүминдердің қасынан қашпау керек.

Малы мен жанын қате жұмсағандар Аллаһтың берген нығметтерінің зиянын шегеді. Аллаһ Тағала осындай ғайыптыққа тап болғандардың қатал ақырын аятта былай баяндайды:

وَالَّذِينَ يَكْنِزُونَ الذَّهَبَ وَالْفِضَّةَ وَلَا يَنْفِقُونَهَا

فِي سَبِيلِ اللَّهِ فَبَشِّرْهُمْ بِعَذَابٍ أَلِيمٍ ﴿٣٤﴾ يَوْمَ يُحْمَى

عَلَيْهَا فِي نَارِ جَهَنَّمَ فَتُكْوَى بِهَا جِبَاهُهُمْ وَجُنُوبُهُمْ

وَوَطُورُهُمْ هَذَا مَا كَنْتُمْ لِأَنْفُسِكُمْ فَذُوقُوا مَا كُنْتُمْ

تَكْنِزُونَ ﴿٣٥﴾

«... Алтын мен күмісті жинап, оларды Аллаһ жолында жұмсамайтындар бар ғой. Міне, оларға ауыр азапты сүйіншіле! (Осы ақшалар) жәһәннам отында қыздырылып, солар-






мен олардың маңдайлары, жақтары мен арқалары қақталатын күн (оларға былай делінеді): «Міне, бұл өздерің үшін жинаған байлықтарың. Енді жинаған нәрселеріңнің (азабын) тартыңдар!» (Тәубе сүресі, 34-35).

Сол себепті табыстарымыз бен өмір нығметін мәңгілік өмірге ыңғайлы түрде реттеуге міндеттіміз. Шәйх Сағдидің дүние байлығына шектен тыс салынып, сараңдық жасағандарға жасаған мына бір ескертуі қандай ғибратты:

«Ақша жинап көтерілемін деп ойлама. Ағынсыз су сасиды да құрғайды. Беруге, ағызуга тырыс. Ағынды суға көк көмектеседі. Жаңбыр жаудырады, сел жібереді, оны дарияға айналдырады»

Сондықтан шынайы мағрифат – жомарттықпен, қамқорлықпен көңілді дарияға айналдырып, Хақ Тағаланың берген нығметтерін және дүниенің саудасын ахиреттің байлығына айналдыра білу. Осы тұрғыдан малдың ең қайырлысы иесінен бұрын ахиретке жіберілгені, жанның қайырлысы – Аллаһтың ризашылығы үшін қолданылғаны.

Әбу Зәурға  тиесілі мына бір хикметті сөздері мұминнің дүниеге нығметтеріне қалай қарауы керектігін қысқаша баяндайды:

«Бір малда үш ортақ бар. Біріншісі – малдың иесі, яғни сен, екіншісі – тағдыр. Ол жақсылық па, жамандық па әлде өлім сияқты жаманшылық әкеле ме, оны сенен сұрамайды. Үшіншісі – мұрагер. Ол да ертерек сені басыңның жерге тигеніңді (яғни өлгеніңді) күтеді, өлген соң малыңды алып қалады, есебін сен бересің. Егер шамаң келсе, сен осы үш ортақтың ең әлсізі болма!»



Аллаһ Тағала: «Сүйген нәрселеріңнен қайырымдылыққа жұмсамайыңша жақсылыққа (ізгіліктің шыңына) жете алмайсыңдар...» (Әлү Имран сүресі, 92) деп бұйырады. Міне, менің ең сүйікті малым мына түйем, (ахіретте алдымнан шығуы үшін) оны өзімнен бұрын жіберіп (садақа етіп беремін)» (Әбу Нуайм, Хилия, I, 163).

Демек, Аллаһтың берген нығметтері құлды Раббысына жақындататын мәңгілік әлемнің шырағы болу керек. Өйткені жан мен мал нығметтері Аллаһ жолында жұмсалған жағдайда Құран тілімен айтқанда «**дүние көркі**» болады, олай болмаған жағдайда «**фитнәға**» айналады.

Аллаһ Расулы ﷺ үмметінің болашақ фитнәсы турасында былай дейді:

«Әрбір ұмметтің фитнәсы бар. Менің ұмметімнің фитнәсы – мал» (Термези, Зүһд, 26/2336).

Біз үшін сынақтың себебі болған мал мен жан нығметтерін дұрыс қолдануға қатысты көптеген ескертулері бар. Сондай-ақ бұл турасындағы бірнеше аяттарда былай делінеді:

«...Пайғамбарлар және онымен бірге иман еткендер малдарымен, жандарымен күресті. Міне, барлық қайырлар солардікі, олар құтылғандардың (табысқа қол жеткізгендердің) нағыз өздері» (Тәубе сүресі, 88).

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا هَلْ أَدُلُّكُمْ عَلَىٰ تِجَارَةٍ تُنَجِّيْكُمْ مِّنْ عَذَابِ أَلِيمٍ ﴿١٠﴾

تُؤْمِنُونَ بِاللَّهِ وَرَسُولِهِ وَتُجَاهِدُونَ فِي سَبِيلِ اللَّهِ بِأَمْوَالِكُمْ وَأَنْفُسِكُمْ

ذَلِكُمْ خَيْرٌ لَّكُمْ إِن كُنتُمْ تَعْلَمُونَ ﴿١١﴾



«Ей, иман келтіргендер! Сендерді ауыр азаптан құтқаратын сауданы көрсетейін бе? Аллаһ пен Расулына сеніп, малдарыңмен, жандарыңмен Аллаһ жолында күресіңдер. Егер білсеңдер, осы сендер үшін әлжеқайырлы артық» (Саф сүресі, 10-11)

Бір күні сахабалар Аллаһ Расулынан ﷺ:

«Уа, Расулаллаһ! Ең жақсы адам кім?» – деп сұрайды.

Аллаһ Расулы ﷺ:

«Жанымен, малымен Аллаһ жолында еңбек еткен мұмин» деді. (Бұхари, Жиһад, 2; Мұслим Имарат, 122)

Аллаһ Тағала өзінің жолында жанымен, малымен еңбектенген құлдарын сүйетіндігін айтып, сол құлдары да оның өзін сүйетіндігіне куәлік етеді. Аятта былай делінеді:

يُحِبُّهُمْ وَيُحِبُّونَهُ أَذِلَّةٍ عَلَى الْمُؤْمِنِينَ أَعِزَّةٍ عَلَى الْكَافِرِينَ

يُجَاهِدُونَ فِي سَبِيلِ اللَّهِ وَلَا يَخَافُونَ لَوْمَةَ لَائِمٍ

ذَلِكَ فَضْلُ اللَّهِ يُؤْتِيهِ مَنْ يَشَاءُ وَاللَّهُ وَاسِعٌ عَلِيمٌ

«...Аллаһ (олардың орнына) өзі сүйетін, олар да Оны/ Аллаһты сүйетін, мұминдерге аса ибалы, кәпірлерге салмақты да қатал бір қауымды әкелетіні сонша, олар Аллаһ жолында жиһад/күрес жүргізеді, жазғырушылардың айыптауынан да тайсалмайды. Міне, бұл – Аллаһтың мол рахметі мен ғиаяты, оны қалаған адамына береді. Аллаһ – аса кең, толық білгір» (Мәндә сүресі, 54).



Ислами еңбектер бітіп, қоғамның нәпсіге тәуелді болған кезінде Аллаһ Тағала оларды жойып, орнына әкелетін қоғам сондай адамдардан құралады:

-Аллаһ оларды сүйеді, дүние мен ахирет жақсылығын мақсат етеді, олар да Аллаһты сүйеді, мойнынсұнуға тырысады, әмірлеріне қарсы келуден сақтанады.

-Мүминдерге кішіпейіл, адал, сыпайы, мейірімді әрі сүйкімді, көпірлерге айбынды, күшті, кешірімсіз әрі қатал.

-Аллаһ жолында күреседі, жандарымен, малдарымен еңбектенуге тырысады. Бұл жолда айыптағандардың таққан айыптарынан қорықпайды, яғни әрі күреседі, әрі діндеріне адал. Құлдардың ризалышығын емес, Хақ Тағаланың ризашылығын көздейді.

Сондай-ақ II Сұлтан Баязит хан Аллаһтың ризашылығы мен сүйіспеншілігіне қол жеткізу үшін жанымен, малымен күресіп, тіпті Аллаһ дінін тарату үшін шыққан жорықтарында үстіне жүкқан шаңды қағып, жинап, осы шаңнан тәбәрік ретінде бір кірпіш құйдырған.

Бірақ аяттар мен хадис шәрифтерде айтылған мал мен жан арқылы күрес дегені тек қылышпен соғысу емес. Қылыш – зұлымдықты жою, әділдікті орнату сияқты қажетті жағдайларда қолданылатын темір бөлшегі. Нағыз жеңіс – көңілдерді табу.

Сондай-ақ жиһад аяттары көп түскен Мекке дәуіріне мүминдердің қуаттары соғысуға жоқ еді. Надандық дәуірі адамдарының ланкестігіне қарсы яғни адамзатты әділдікпен шындықты орнату әрі дінді уағыздау тек бір мүминнің



жүрегінде болды. Аллаһ Тағала оларға Құран Кәрім арқылы үлкен жиһад жасауды бұйырып былай деді:

فَلَا تُطِعِ الْكَافِرِينَ وَجَاهِدْهُمْ بِهِ جِهَادًا كَبِيرًا

«Кәпірлерге ешқашан мойынсұнба! Және бұл (Құранмен) оларға қарсы үлкен жүзегі жүзеге асыр!» (Фұрқан сүресі, 52)

Тарихтағы һидаят жеңістеріне қарасақ осыны анық түрде көре аламыз. I Мұрат ханның Косовоны, Фатих Сұлтан Мехмет ханың Боснияны алғаннан кейін осы өлкелерге руханиятқа бай, таза Анатолия халқы орналастырылады, Косоволықтар мен Башнақтар олардың жан-дүниесінің көркіне танданып, мұсылман болған.

Чанаккала соғысы кезінде Мұсылман түрік әскерлерінің тұтқынына түсіп, көрген мейірім мен мәрхамат, парасаттылық пен иман қасиеттері үшін өлтіруге келген мүминдердің жан-дүниелерінде рухтары тіріліп, мұсылман болған Джосеф Миллер және басқа да қаншама адамдар көңіл жеңістерінің тарихи мысалдарының үлгілері. Жеңіп алған жерлердің халықтарын бейбітшілікке бөлеп, қасірет шеккен рухтарына өмір сыйлаған бабаларымыз қан төгу үшін емес, жүректерін құтқарушы үшін соғысқан.

Құран Кәрімде адамдарды һидаятқа қауыштыру мақсатымен «Аллаһ жолында күресуге» қатысты көптеген сөздер орын алады. Бірақ бұлардың белгілі бір бөлімінде «суық соғыс» деген мағынаны білдіретін «қитал» сөзі қолданылады. Ол да қажеттіліктен. Исламды қорғау немесе дінді тарату, яғни Аллаһтың сөзін асқақтату мақсаты үшін болған соғыс соғыс болмайды. Тек жерлерін кеңейту үшін жасалған соғыстар



адамзаттың абыройына дақ түсіретін зұлымдық. Алайда исламда соғыс міндетті түрде әділдікті орнату, һидаятқа дәнекер болу мен зұлымдықты жою сияқты абыройлы ақиқаттарға сүйенеді. Өйткені Құран тілімен:

مَنْ قَتَلَ نَفْسًا بِغَيْرِ نَفْسٍ أَوْ فَسَادٍ فِي الْأَرْضِ فَكَأَنَّمَا
قَتَلَ النَّاسَ جَمِيعًا وَمَنْ أَحْيَاهَا فَكَأَنَّمَا أَحْيَا النَّاسَ جَمِيعًا

«Кімде-кім бір жанды/адамды басқа бір жанға бола (соны өлтірді деп) немесе жер жүзінде бұзақылық қылмаған біреуді (заңсыз) өлтірсе, ол бүкіл адамзатты өлтіргенмен тең. Ал, кімде-кім оны (адамды заңды жолдармен өлімнен) құтқарса, ол бүкіл адамзатты тірілкенмен тең» (Мәйдә сүресі, 32).

Міне, осы өлшемдер шеңберінде және Ислами мақсаттар үшін мүминдердің мал-жандарымен жасайтын әртүрлі жан-қиярлығы Хақ Тағаланың алдында жәннатты сатып алу сияқты Аллаһтың үлкен сыйына себеп болатын әрекет.

Екіншіден, мал-жанды Хақ Тағаланың жолында қолдану, көркем ахлақты бойға сіңіру және ізгі амалдар жасау арқылы рухымызды жаманшылықтардан арылту, оларды Аллаһ пен Расулы бұйырған бағытта қолдану арқылы жүзеге асады. Бір мүмин пақыр, орташа жағдайлы немесе бай, өмірдің қандай сатысында болса да Аллаһ Расулының өнегелі өмірінен үлгі алуы керек. Өйткені Аллаһ Расулы ﷺ баршылықта да, жоқшылықта да жомарттықтың шыңында болған. Ол сахабаларын бай-кедей деп бөлмей жомарттық пен ізгілікке жұмсауға шақырған.





Расулұллаһ ﷺ сахабаларына діни мақсат үшін көмектесуді ұсынса, әйелдер, тіпті кішкене қыз балалардың өздері сырғаларын, білезіктерін, моншақтарын барлық әшекейлерін қуана-қуана беріп, шын көңілден жомарт істер жасаған.

Сахабалардың ізгілік жасай алмайтындай мүмкіншілігі болмағандардың өзі қайыр-садақаның сауабына ие болу үшін таудан отын әкеліп, құдықтан су тартып садақа жасайтын, қысқасы, қайырымдылыққа құштарлықпен қолынан келгенін істейтін.

Осы қайырымдылық құштарлығымен өмір сүргендердің бірі Әбу Акил әл-Әнсари رضي الله عنه болған. Ол екі уыс құрма үшін түні бойы су арқалап, табысының жартысын отбасының қажеттілігі үшін, екінші жартысын Аллаһтың ризашылығына қол жеткізу үшін Расулұллаһқа ﷺ алып келген (Табари, X, 251).

Сондықтан садақаның мөлшері әркімнің шамасы өзі үшін салыстыру өлшемі болумен қатар, оның Хақ Тағаланың алдындағы құнын анықтайтын, қайырдағы жанқиярлықтың дәрежесі мен жүректегі жомарттықтың өлшемі.

Малы мен жанын Хақ Тағаланың жолында қолданудың ең тамаша үлгісін сахабалар көрсеткен. Олар әділдіктің, ізгілік пен мәңгілік құтылу шақыруының мүмкіншіліктері жеткенінше жандары мен малдарын сол жолда жомарттықпен жұмсаған.


Хазіреті Омардың رضي الله عنه мына бір үлгісі осының сансыз үлгілерінің бірі. Өзіне Хайбар олжасынан құнды жер телімі түскен Хазіреті Омар Расулұллаһқа ﷺ келіп:

«Уа, Расулаллаһ! Хайбарда бір жерге қолым жетті, бүгінге дейін ондай құнды жерге ие болмаған едім. Онымен не істегенім жөн?» – деді.



Сүйікті Пайғамбарымыз ﷺ былай деді:

«Қаласаң, оны (Аллаһ үшін) пайдалан және оның (табысын) қорға бер!»

Сонда Хазіреті Омар  жерін мынадай шарттармен қорға берді: оның өзі сатылмайды, сыйға берілмейді және оған мұрагерлік болмайды. Ол пақырлар, жақын туысқандар, құл азат ету, Аллаһ жолында жұмсау және жолда қалған адамдарға арналады» (Бұхари, Шурут, 19; Мұслим, Уасият, 15).

Бүгінгі күнде біз де сахабалардың иман сүйіспеншігімен, күштарлығымен өз халімізді салыстырып, ұжданымызды жауапқа тартуымыз шарт. Сахабалар дүние өмірін ахиреттегі бақытты үшін қор ету үшін пақырлықтан қорықпай қайыр жарысына түскен. Біз де ахиретімізді ойлап, олардың осы ұлық қасиетінен нәсіп алуға тырысуымыз қажет.

Хадис шәрифте былай делінеді:

«Кімде-кім ахиретті ойлайтын болса, Аллаһ байлықты оның жүрегіне орнатады, істерін бытыраңқылықтан сақтайды және дүние оған бас иіп, өзі келеді. Кімде-кім дүниені ойлайтын болса, Аллаһ кедейлікті оның көз алдына қояды, оны пұшайман етеді және дүниеден оған тек белгіленгендей гана келеді» (Термези, 30/2465).

Сондықтан мүминге жарасатын Аллаһ ризашылығы үшін мал-мүлікпен және тәнмен жанқиярлық жасау арқылы жомарттықтың ұждандағы рахатын, сараңдықтың фәни әрі нәпсілік уәсуәсәсынан артық көруі.

Хазіреті Мәуләнә құддисә сирруһ жомарттық сипаты мен сараңдық қасіретін тамаша бейнелейді:





«Жомарттық – жәннат рахатының бұтағы. Осы бұтақтан айырылып қалғандарға нендей өкініш. Егін еккен алдымен қамбаны босатады, кейін өнімі мол болады. Ал дәнін қамбада сақтаған адам кейін оны тышқандарға жем қылады».

Мүлік Аллаһқа тиесілі екенін ұмытпау керек. Құл тек белгілі бір уақыт үшін оны қолданушы немесе күзетшісі іспетті. Әйтпесе малы өзін мәңгілік етеді деп ойлап, жер бетінде тұрақты қалатындай, ғапылдықпен өмір сүріп, шығын қылған жан мен мал иесінің жүзіне дақ болып, рухын уландырудан басқа неге жарар?

«Аллаһтың өз молшылығынан берген дәулетін (хақ жолда сарып қылмай) сараңдық еткендер әсте сараңдықты өздеріне жақсылық әкеледі деп есептемесін. Қайта бұл оларға зиянды. Олардың сараңдық еткен нәрселері қиямет күні мойындарына ажырғы етіліп кигізіледі. Көк пен жердің мұрагерлігі Аллаһтікі. Аллаһ не істесеңдер (барлығынан) толық хабардар» (Әлү Имран, 180)

Аллаһтың берген нығметтерін шығындағандар үшін Аллаһ Тағала ескерту ретінде аятында былай деп бұйрады:

«(Расулым!) Оладың малдары мен балалары сені қызықтырмасын. Өйткені Аллаһ осылар арқылы дүниеде олардың азаптарын көбейтуге және кәпір бола тұра жандарының қиналып шыққанын қалайды» (Тәубе сүресі, 85)

Көңіліне рухани әлемнің нұрлы сәулелерін түсірмеген дүниенің қоры тек шайтандардың бөлісетін үлесі. Тек әмиян мен биржаға шығындалған өмірдің екі құлшытастың арасында бір қорқыныштың белгісі болатындығын түсіну қиын емес.



Қиямет күні бай құлды Аллаһ Тағаланың алдына әкеледі:
Аллаһ одан:

«Сенің маған құлшылық етуіңе кедергі болған не?» – деп сұрайды. Әлгі бай:

«Уа, Раббым! Мен малымның көптігінен қолым тимеді» – дейді.

Аллаһ Тағала Сүлейменді  мысалға келтіріп:

«Сен Сүлеймен құлымнан да бай ма едің? Оны неге соншалықты мүлкі айналдырмады?» дейді (қараңыз, Бүрсәуи, Рухул-баян, IV, 258; Бәйхаки, Шұабұл-Иман, V, 202-203).

Аллаһ Тағала мал мен дүние сүйіспеншілігіне көңіл берудің аянышты ақырын аятта былай жеткізеді:

«(Ол) малын оны мәңгілік етеді деп ойлайды. (Қайдан келіп, қайда кететіндігін ойламайды. Бар ісі оны санап, соған сенім арту) Жоқ! Ант етеміз, ол хұтамаға тасталады. Хұтаманың не екенін білесің бе? (Ол) – Аллаһтың оты. Жанған сайын өрмелеп жүрекке дейін жетеді» (Һүмәзә сүресі, 3-7).

Дүниенің санаулы күндерін санасыз түрде мал жинауға құштарлығымен өткізудің қабір сапарына шыққан кезде уыстарынан топырақтан басқа ештеңе таба алмайтындары өкінішті. Өмір – бесік пен табыт арасындағы тар дәлізден өтетін сапар. Дүние мен ахиреттің бақыттылығы бесік пен табыт арасында сығылысқан адам түсінігінің өлім жұмбағын шешуден басталады. Осы тылсымды шешкен парасатты әрі көңілі бай мүминдер байлықтарын қабірлерінің ішіне кіргізбейді, соның арқасында өмір жолы үстіндегі ахлақи қасиет-





тер ізгі амалдар мен ұмытылмас әдемі естеліктер қалдырады, артынан жақсылықтарымен еске алынады.

Нәпсінің құмарлықтарын жойып, малға деген сүйіспеншілікті жүрекке орнықтырмаудың маңызын Хазіреті Мәуләнә мына мысалдарымен тамаша жеткізеді:

«Су кемеңің ішіне кірсе кемеңі батырады. Кемеңің астындағы су кемеге тіреу болады, оны қалаған жеріне жеткізеді».

«Таза көңіл көзі мен таза ақыл қаласаң қызғаныш пердесін жырт».

Мал мен жанның білім және көркем ахлақпен қатар қолданылған елде жәннат көріністері орын алады.

Хазіреті Пайғамбар ﷺ сахабаларынан сұрайтын:

«Бүгін бір жетімнің басынан сипадыңдар ма?»

«Бір науқастың көңілін сұрадыңдар ма?»

«Бір жаназаны шығарып салдыңдар ма?..»

Сондықтан мүмин ретінде біз де айналамыздағыларға өзімізді жауапты сезініп, қоғамдық құлшылықтарды жібермеуге тырысуымыз керек.

Мал мен жанды қажетінше қолдануды білетіндер күн сияқты. Ізгілікпен әрбір қараңғы қуысқа жарық береді, мұқтаж, ғаріп және шаршаған көңілдерге парасаттылық пен жомарттықтың сәулесін шашады. Күннің жарық бермеу немесе жылытпауы қалайша мүмкін емес болса, жоғары рухтар үшін



адамдарға жанашырлық танытпау, қайғы мен қасіретке бей-тарап қалу мүмкін емес.

Жүректерінде иманы, кеуделерінде Құраны, ұзданында көркем қылықты орналастырып мәңгілік бақыттың көктемінде өмір сүретін мұминдерге сүйінші. Халал жолмен тауып, байлығын Аллаһ жолында жұмсайды. Ізгілермен бірге болып, олардың халінен фәйз алады, хикметтерінен нәсіп алады. Өздерін адамдардың һидаяты үшін Хақ Тағаланың жолына арнағандарды, намысты кедейлерді сүйеді, оларды қиыншылықта қалдырмай Хақ Тағаланың ризашылығы үшін қажеттіліктерін қамтамасыз етеді. Нәпсілерін тазартуға тырысқандықтан, мінезін жаман қылықтардан тазартқан кезде көңілдеріне иләһи шаттық пен фәйздерге толтырады. **«...Байлықтың артығын (беріңдер)!..»** (Бақара сүресі, 219) деген Аллаһтың әмірі бойынша мүмкіншіліктерін Хақ Тағаланың жолына арнайды. Аманатқа қиянат жасамайды, берген сөздерінде тұрады. Аллаһтың рахымшылығы мен қамқорлығы, ризашылығы жолында еңбектенген мұминдер. Ізгіліктер тақуаларға тиесілі.


Аллаһ Тағала бізді де ізгіліктің кілті, жаманшылықтың құлшы болған сол бақытты құлдардың қатарына қоссын. Өмірдің қысқа күндерін ахиреттің шексіз өмірі үшін қолданып, мәңгілік өлкесіне абыроймен баруды барлығымызға нәсіп етсін!..

Әмин!..



Қоғамдағы қанаты қайырылғандар

Жетімдер мен пақырлар



*«Қиыншылықтарым мен
жалғыздығымды бөлісесің бе?»*

*Мүмин жан мұқтаж, ғаріп, кедей
және жетімдерді іздеп табуы, рухани
және материалдық тұрғыда олардың
сынық көңілдерін жадыратуы, яғни
оларға Исламның жылы жүзін көрсетуі
қажет. Жетім мен мұқажды іздеп,
тауып, олардың басынан сипаған
Хазіреті Пайғамбарды ﷺ ойласын.
Өйткені Әлемдерге Сұлтан болған
Пайғамбарымыз да жетім болған.*

Сағди Ширази былай дейді:

*«Хақ достары ешкім кірмейтін
дүкендерде сауда-саттық жасайды...»*



Қоғамдағы қанаты қайырылғандар Жетімдер мен пақырлар


*Осы әлемде күндізі қараңғы
болғандарды іздеп тап!
Сен өлгеннен кейін осы жақ-
сылығың саған шырақ болады.*

Аллаһ Тағала адамды әлемнің ең абыройлы жаратылысы қылып жаратқан, барлық нәрсесін оған аманат еткен. Өзіне берілген осы қасиетпен өмір сүрген адамның Жаратушысына шынайы құлдық санасы мен ихсан сезімінде болуы шарт.

Исламның рух тұрғысынан өзегі сенімде, тәухид амалда болса әдеп, бағыт пен мәрхамат. Мәрхамат – иманның алғашқы жемісі. Одан аулақ қалған көңіл өте үлкен қасіреттің иіріміне түскені. Барлық жақсылықтың басы болып табылатын бисмиллаһ пен Құран Кәрімнің алғашқы сүресі Фатиха Аллаһтың рахымы мен мәрхаматын білдіретін «**Рахман**» және «**Рахим**» есімдерінен басталады. Пайғамбарлар мен әулилердің өмірлері де мәрхамат дастанына толы. Өйткені иманның ләззаты мен дәмінің көрінісі ең көп мәрхаматтан көрініс табады. Мәрхамат – **өзіндегі барды сенен де мақрұм адамға беруің**. Сонымен қатар мәрхамат – дүниедегі ұжданның тыныштығы мен жәннәт сүйіншісі, ахиретте –






мәңгілік бақыттылықтың жемісі. Бір адам Мұз бин Жәбәлге  келіп:

«Маған насихат айт!» дегенде Муз :

«Мәрхаматты (мейірімді) бол, мен де сенің жәннәтқа кіруіңе кепіл болайын» деген болатын.

Қазіргі кезде мүминге иманның шабытын сыйлайтын, нәпсінің шабуылынан құтқарып, рухын кемелдендіріп, асқақтататын ерекшелік – тек мәрхамат. Мәрхаматтың жемісі – жомарттық, кішіпейілділік, қызмет, кешірім, қызғаныштан құтылу сияқты жақсы қасиеттер. Мәрхаматтың деңгейін ең тамаша түрде қызметтегі жанқиярлық пен сүйіспеншілік көрсетеді. Мүминнің мәрхамат, мейірім, сезімталдық пен сергектікке ие болуының ең қысқа жолы – мал мен жан арқылы жасалған жанқиярлықтан өту. Жүрегінің қараңғылығы туралы шағымданған бір сахабаға Пайғамбарымыз :

«Егер жүрегіңнің жұмсақ болғанын қаласаң, кедейді тамақтандыр, жетімнің басынан сипа!» деген (Ахмет, II, 263, 387).

Шәйх Сағди мынадай насихат айтады:

«Қызметтегі ерекшелік – өзіңді күшті, қуатты санаған кезінде шүкіршілік ретінде әлсіздердің ауыртпашылығын арқалау».

Құрғақшылықтан жарылған топырақтың берекелі жаңбырға күштарлығы сияқты қоғамымыздағы қызмет пен қамқорлыққа ең көп мұқтаж болған адамдардың басында қанаты қайырылған жетімдер мен пақырлар тұрады. Олар бізге Аллаһтың аманаты. Аллаһ Тағала көптеген аяттарда, Хазіреті



Пайғамбар да ﷺ көптеген хадис шәрифтерінде мұқтаждарға қызмет етуге шақырып, жетімдер мен пақырларға қамқорлық көрсету шарт екендігін айтқан.

Аяттарда былай делінеді:

وَأَتُوا الْيَتَامَىٰ أَمْوَالَهُمْ وَلَا تَتَبَدَّلُوا الْخَبِيثَ بِالطَّيِّبِ
وَلَا تَأْكُلُوا أَمْوَالَهُمْ إِلَىٰ أَمْوَالِكُمْ

«Жетімдердің мал-мүлкін өздеріне беріңдер және жаманын (оларға беріп) жақсысына айырбастамаңдар. Олардың мал-мүлкін өз мал-мүліктеріңе қосып жеп алмаңдар....» (Ниса сүресі, 2).

«Және де сеннен жетімдер туралы сұрайды: «Оларды (тәрбиелеп, мал – мүлкін қорғап) түзелткен (әлде қайда) жақсы. Олармен араласып өмір сүретін болсаңдар, олар сендердің бауырларың (екендігін ұмытпаңдар). Аллаһ (жетімдерді) түзеуші мен (олардың мүлкі мен ахуалын) бұзушыны жақсы біледі. Егер, Аллаһ қалағанда, өздеріңді сөзсіз мехнатқа салып қояр еді» деп айт. Расында Аллаһ өте үстем, аса хикмет иесі» (Бақара сүресі, 220).

«(Ей, Расулым!) Олар сенен не нәрсені нәпақа етіп, сарып қылатынын сұрайды. (Оларға былай деп) айт: «Мүліктеріңнен сарып қылатын (жақсылық) қайыр (алдымен) ата-аналардың, жақын туыстардың, жетімдердің, жоқ-жітіктердің, жолда қалған (мүсәпірдің хақы, осыларға беріңдер). Қандай да бір жақсылық істесеңдер Аллаһ оны әрине толық білуші» (Бақара сүресі, 215).





«Жетімдерді үйлену (шағына) жеткенше (қарайласып) сынап байқандар...» (Ниса сүресі, 6).

«Мирас бөлінген кезде (мұрагер емес) туыстар, (еш туыстығы жоқ) жетімдер мен міскіндер басы-қасында болса, оларды да сол мирастан (бір нәрсе беріп) ризықтандырындар және оларға (көңілдерін аулап) сыпайы сөйлендер» (Ниса сүресі, 8).

«...Жетімдерге әділдікпен қамқорлық жасауларың туралы сендерге (осы) Кітапта оқылып тұрған (аяттардағы үкімдер Аллаһтың пәтуасы болып табылады). Сендер қандай бір жақсылық істесеңдер де, Аллаһ оны сөзсіз біліп тұрады» (Ниса сүресі, 127).

Ибн Аббас ﷺ баяндайды:

Аллаһ Тағаланың **«Ақ пен қараны айырғанша, жетімнің малына тек жақсы жағынан жақындандар...»** (Ән'ам сүресі, 152) және **«Жетімдердің малын хақсыз жегендер негізінде қарындарын толтырып от жейді. Олар ертең жалындаған отқа кіреді»** (Ниса сүресі, 10) аяттары түскен кезде қасында жетім бар сахабалар дереу барып олардың ішіп-жейтіндерін өздерінікінен бөлді. Жетімге тиесілі азық-түліктен бірдеңе артылса да, оған тиіспей, жетім жегенше немесе иістеніп бұзылғанша сақтайтын...» (Әбу Дәуіт, Уәсая, 7/2871; Нәсай, Уәсая, 11).

Ибн Аббас ﷺ тағы былай риуаят еткен:

«Әли ﷺ бір күні түнде бір уыс арпаға бола бірдің құрма бағын суарды. Таң атқан соң сол бір уыс арпасын алып, үйіне келді. Әкелген арпаның үштен бірін үгітіп, «хазира» деп аталатын тамақ әзірледі. Тамақ піскен кезде бір пақыр келіп, тамақ сұрады. Олар сол қалпында піскен тамақты әлгі



пақырға берді. Сосын тағы да үштен бірін үгітіп, тамақ істеді. Тамақ піскен кезде бір жетім келіп, жейтін бірдеңе сұрады. Бұл тамақты да әлгі жетімге беріп, қалған үштен бірін үгітіп, одан қайта тамақ пісірді. Тамақ піскен кезде бір мүшрік тұтқын келіп, бірдеңе сұрады. Соңғы тамақтарын да соған беріп, сол күні аш жатты. Басқа бір риуаят бойынша, үш рет пісірген таңғы астарын пақырға, жетім мен тұтқынға беріп, сумен ауыздарын ашты. Міне, осыған байланысты мына аяттар түсті:

وَيُطْعَمُونَ الطَّعَامَ عَلَىٰ حُبِّهِ مِسْكِينًا

وَيَتِيمًا وَأَسِيرًا ﴿٨﴾ إِنَّمَا نَطْعِمُكُمْ لَوَجْهِ اللَّهِ

لَا نُرِيدُ مِنْكُمْ جَزَاءً وَلَا شُكْرًا ﴿٩﴾

إِنَّا نَخَافُ مِنْ رَبِّنَا يَوْمًا عَبُوسًا قَمْطَرِيرًا ﴿١٠﴾

فَوَقَاهُمُ اللَّهُ شَرَّ ذَلِكَ الْيَوْمِ وَلَقَّاهُمْ نَضْرَةً وَسُرُورًا ﴿١١﴾

«Өздері де мұқтаж бола тұра тамақтарын тек Аллаһтың ризашылғына қол жеткізу үшін пақыр мен жетімге, тұтқынға беріп: «Біз сізге бұны тек Аллаһ ризашылығы үшін береміз. Сіздерден ешқандай ақы немесе рахмет күтпейміз. Біз қатал әрі бөлекетті күнде Раббымыздан (Оның азабына ұшыраудан) қорқамыз» (дейді). Аллаһ та оларды сол күннің бөлекетінен сақтап, жүздеріне нұр, көңілдеріне қуаныш сыйлайды» (әл-Инсан, 8-11) (Уахиди, 470 б; Замахшари, VI, 191-192; Рази, XXX, 244).

Осы аяттарда Аллаһ Тағала пақыр, жетім, тұтқынға жасалған жақсылық пен жомарттық ақысын, жәннатта беретін сыйларын сүйіншілейді.

Аяттарда суреттелген көңіл мен шынайы қайырдағы кейбір мәселелерді былай жеткізуге болады:

Мүмин өзі мұқтаж болса да бауырын өзінен артық көруі керек. Қоғамдағы қанаты қайырылғандардың қайғысын көңілімен сезінуі керек. Оларды танып, қайғысын бөлісу, қажеттіліктерін қамтамасыз ету негізгі жаратылысына айналуы тиіс. Өйткені Аллаһ Тағала:

تَعْرِفُهُمْ بِسَيِّمَاتِهِمْ

«...**Сен оларды келбеттерінен танысың...**» (Бақара, 273) деп бұйырған. Қоғамның ішіндегі қасірет шегушілерді, жағдайларын айтқызбастан тани білу – біздің рухани сезімталдығымыз бен тереңдігіміздің белгісі.

Сағди Ширази Аллаһ достарының пақырлар мен жетімдермен бірге болғанын және біздің оларды қалай іздеп қызмет жасауымыз қажеттігін мынадай теңеумен түсіндіреді:

«*Хақ достары ешкім бармайтын дүкендерде сауда-саттық жасайды...*»

Екіншіден, садақаларды фәни де дүниелік пайда үшін емес, тек Аллаһ ризашылығы үшін беру керек. Мұқтаж адамға берген кезде оны міндетсімеу, қарыздар етпеу керек. Хадис шәрифтерде былай делінеді:



«Пақырларды қорғап, қадағалаңдар. Араларыңдағы әлсіздердің арқасында Аллаһтан жәрдем көріп рызық жегендеріңнен құмандарың болмасын» (Әбу Дәуіт, Жихад, 70/2594; Ахмет, V, 198).

«Аллаһ бұл ұмметке араларыңдағы әлсіздердің дұғасы, құлшылығы мен ықыласы үшін жәрдем етеді» (Нәсәи, Жихад, 43)

Хазіреті Әбул-Ләйс Самарқанди де:

«Берген адам алған адамға рахметін білдіру үшін беруі керек» дейді. Өйткені берген адам осының арқасында Раббысының ризашылығына қол жеткізіп, өзіне келетін бәлекеттерді, аурулар мен қиыншылықтарды осы садақалармен, зұлымдыққа ұшырағандардың ізгі дұғаларымен жоюға тырысады.

Мәуләнә құддисә сирруһ да парқырлар мен әлсіздерге жасалған қайыр мен көмектерден негізінде, берген адамның көбірек пайдаланатындығын былай баяндайды:

«Сұлулар таза әрі мөлдір айна іздейтініндей жомарттық та пақырлар мен әлсіздерді іздейді. Сұлулардың жүзі айнада сұлу көрінеді, берген қайырдың әдемілігі пақырлар мен гаріптерден көрінеді».

Алдында айтқанымыздай аяттардан түсінетін маңызды бір мәселе – «қайырдың» біздің қияметтің қорқынышынан сақтайтын амалдардың ең маңыздыларының бірі болғаны. Сонымен бірге ықыласпен жасалған қайыр Хақ Тағаланың алдында қабыл болып, қиямет күні иесінің маңдайын жарық қылады.





Нақты тоқтала кететін тағы бір жәйт – Аллаһ Тағала мүминдердің осындай ізгі амалдар істеуін қалауы.

Өзі де мұқтаж бола тұра тамағын жетім мен мұқтаждарға берген Хазіреті Дәуіт Таидың мына әрекеті қандай ғибратты:

Оған қызмет еткен шәкірті бір күні:

«Аздаған ет пісірдім, жемейсіз бе?» – деп еді, ұстазы үндемеген соң етті алып келді. Бірақ Дәуіт Таи құддисә сирруһ алдына қойылған етке қарап:

«Пәлен жетімдерден қандай хабар бар, балам?» деп сұрады. Шәкірт жағдайларының онша еместігін айтпақ болып ішін тартып:

«Білгеніңіздей, тақсыр!» деді. Ол Хақ досы:

«Олай болса мына етті соларға апарып бер!» – деді. Өзірлеген тағамын ұстазының жегенін қалаған адал шәкірт:

«Ұстаз, сіз де көп уақыттан бері ет жемедіңіз!...» – деп табандылық танытпақ болды. Бірақ Хазіреті Дәуіт Таи ол сөзді қабылдамай:

«Балам! Бұл етті мен жесем, аз уақыттан кейін сыртқа шығады, ал сол жетімдер жесе, мәңгілік қалу үшін Аллаһтың алдына көтеріледі!...» – деді.



Міне, өзін қоғамға жауапты сезінген, жетімдердің қиыншылықтарын бөліскен және қайғы шеккендердің қасынан табылған пәк рух!.. Қазір рахат пен молшылықта өмір сүргендер бір шетте жалғыз қалған адамдардың ауыртпалығын қаншалықты сезіне алады?..

Аллаһ Тағала мұқтаж адамға жасалған жәрдемді өзіне жасалған деп қабылдап, мұның өзіне жақындығын көрсететіндігінің белгісі екендігін білдіреді. Аятта былай делінеді.

لَنْ تَنَالُوا الْبِرَّ حَتَّى تُنْفِقُوا مِمَّا تُحِبُّونَ

«Сүйікті нәрселерден (Аллаһ жолында) бермейінше ешқашан «биррге» (яғни жақсылықтың кемеліне) жете алмайсыңдар!..» (Әлү Имран, 92)

Пайғамбарымыз ﷺ:

«Аллаһ құлының жақсылығын қаласа, оны адамдардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету жолына салады» – деген. (Сүюти, II, 3924).

Әбу Нұрайрадан رضي الله عنه келген риуаятта Аллаһ Расулы ﷺ былай деп бұйырады:

«Жесір әйелдер мен кедейлердің ісіне жәрдем еткен адам Аллаһ жолында жиһад еткенмен тең».

Бұл хадисті Әбу Нұрайрадан жеткізген рауи былай дейді:



«Тіпті Хазіреті Пайғамбардың ﷺ:

«Ол адам бейне бір тоқталмастан түні бойы намаз оқыған, еш үзбей күндіз ораза ұстаған адам сияқты» деп айтқаны есімде деген. (Бұхари, Нафақат, 1; Әдеп, 25, 26; Мұслим, Зүһд, 41; Нәсәи, Зекет, 78; Ибн Мәжә, Тижарат, 1).

Аллаһ Тағала мұқтаждарға бейтарап қалған құлдарын да қатал ескертіп, былай дейді:

كَلَّا بَلْ لَا تُكْرِمُونَ الْيَتِيمَ ﴿١٧﴾

وَلَا تَحَاضُونَ عَلَىٰ طَعَامِ الْمَسْكِينِ ﴿١٨﴾

«Жоқ! Шындығында сендер жетімдерге бермейсіңдер (оған көңіл бөлмейсіңдер!) Мұқтаждарды тойдыруға бір-бірінді шақырмайсыңдар» (Фәжр сүресі, 17-18).

Қазіргі заман материалдық қиыншылықтардың шегіне жеткен кезең болғандықтан, жәй кездердегі міндет болып саналатын зекетпен шектелмей, бұдан да артығын беруіміз керек. Бізге әмір етілген қырықтан бір зекет пен дәнді дақылдардың ұшыры қайырдағы ең төменгі деңгейді білдіреді. Құлдың рухани дәрежесі мен Аллаһ Тағалаға деген махаббаты мен жақындығының дәрежесіне қарай осы мөлшердің артуы шарт. Өйткені аятта былай делінеді:

وَيَسْأَلُونَكَ مَاذَا يُنفِقُونَ قُلِ الْعَفْوَ



«...(Расулым!) **Сенен** (ізгілік жолында) **нені беру керектігін сұрайды. Айт: Қажеттіліктен артығын** (беріндер)!..» (Бақара сүресі, 219).

Демек, Раббымыз біздің жомарт, қамқор және тоқ көңілді болғанымызды қалайды. Аллаһ Расулы ﷺ:

«Жомарттың кемшілігін көрмеңдер, өйткені ол сүрінсе, Аллаһ Тағала оның қолынан ұстайды» – деген (Хәйсәми, 282).

Мәуләнә құддисә сирруһ да көңілі тоқ адамдардың артықшылығын былай жеткізеді:

«Пақырлар – Аллаһтың мейірімі мен жомарттығының айнасы. Хақпен бірге болғандар мен Аллаһтың қалауында өз болмысын жойғандар әрқашан жомарт».

Расулұллаһ ﷺ:

«Байлық мұсылман үшін жақсы жолдас. Ол байлығынан пақырға, жетім мен жолаушыға берсе болғаны!» деген (Ахмет, III, 21).

Байлықтың хақысын беру оны тыйым салынған жерлерге қолданбау және екі үлкен қауіп болып табылатын ысыраппен сараңдықтан аулақ болу арқылы жүзеге асады. Шынайы байлықтың бақыты да мақрұм адамдарды, жалғыздар мен жетімдерді ойлау, оларды қорғап, қолдаудан басталады. Пақырларды назардан тыс қалдырған қауым мал-мүліктің шүкіршілігінен алыс болғандықтан бақыт таба алмайды және ұждан шаттығына қауыша алмайды. Бәлкім, қазір қоғамдағы





қайшылықтардың ең үлкен себептерінің бірі де алдымыздағы қасіреттің көріністерін тамашалап, оларды жөндеу үшін жеткілікті деңгейде шара іздемегенімізден болса керек.



Расулұллаһтың ﷺ жетімдер жайлы хадис шәрифтерінің бірі мынадай:

«Бір адам мұсылмандар арасындағы бір жетімді алып, тамағын тойдыру үшін үйіне алып барса, кешірілмейтін бір қылмыс істемеген жағдайда Аллаһ Тағала оны міндетті түрде жәннәтына кіргізеді» (Термези, Бирр, 14/1917).

«Бір адам тек Аллаһ ризашылығы үшін бір жетімнің басынан сипаса, қолы тиген әрбір шаштың қылы үшін оған сауап беріледі» (Ахмет, V, 250).

«Аллаһым! Екі әлсіз адамның жетім мен жесірдің хақысын жеуден барлығын қатал түрде сақтандырамын» (Ибн Мәжә, Әдеп, 6).



Пайғамбарымыз ﷺ:


«Мен жетімді қамқорлығына алған адаммен жәннатта мына сияқты бірге боламыз» деп сұқ саусағы мен ортаңғы қол саусағын арасын аздап ашып көрсеткен (Бұхари, Талақ, 14, 25; Әдеп, 24).





Басқа бір хадис шәриф мынадай:

«Мен мұминдерге өз жандарынан да артық жақынмын. Адам өлгеннен кейін мал қалдырса, ол мал өзінің жақындарына тиесілі. Бірақ қарыз немесе жетім қалдырса, ол қарыз маған тиесілі, жетімдерге қарау да менің міндетім» (Мүслим, Жұма, 43).

Сахаба Әбу Үмәмә  қайтыс болар алдында Кәбшә, Хабиба және Фәрия деген үш қызын Аллаһ Расулына  аманат еткен еді. Пайғамбарымыз қамқорлығына алған осы жетімдердің қажеттіліктерін жақыннан қадағалап, олардың жақсы тәрбие алуын қамтамасыз етті (Ибн Са'д, III, 610).

Аллаһ Расулы  алған жесір жұбайларының жетім балаларын да бауырына басып, оларды өзінің балаларындай көріп, тәлім-тәрбиесіне мұқият қараған. Осылайша жетімдерге қарау да үмметіне кәміл үлгі болған.

Сол сияқты құрметті анамыз Хазіреті Айша да  інісі Мұхаммедтің жетім қыздарын тәрбиесіне алып, қамқор болған (Муатта, Зекет, 10).

Адамға тәфәккур, мәрхамат пен мейірімдей жарасатын ештеңе жоқ. Мейірімсіздік – азғындық. Пайғамбарымыз :

«Мәрхамат тек азғын адамның жүрегінен алынады» деген (Термези, Бирр, 16/1923; Әбу Дәуіт, Әдеп, 58/4942).

Басқа бір хадис шәрифтерінде:

«Мейірімділік жасағандарға рахман Аллаһ Тағала мейірімділік жасайды. Жер бетіндегілерге мейірім мен мәрхамат





көрсетіңдер, көктегілер сендерге мейірімдерін төгеді» (Термези, Бирр, 16/1924).

«Мәрхамат етпеген адамға мейірімділік көрсетілмейді» деген (Бұхари, Әдеп, 18; Мұслим, Фәдайл, 65).



Жетімді назардан тыс қалдырудың тигізер кесірін білдіретін мына бір оқиға қандай ғибратты:

Шамамен 60 жылдай бұрын Хырқа Шәриф мешітінің мұнараларының бірі қатты бораннан құлайды. Қарсы жағындағы үйлердің бірінің үстіне түскен мұнара үйдегі анасы мен баласын басып қалады. Үйдегі басқа бір бала аман қалады. Кейін түсінікті болғаны аман қалған бала өгей анасы қойнына жатқызбай, көңілін мұңайтқан жетім бала екен. Ал әйел мен өзінен туған баласы өлді⁵⁷.



Сағди Ширази жетімдер мен қайғы-қасірет шеккендерге көңіл бөлуге шақырып:

«Жетімдердің жылағаны мен қайғылы көңілдердің күрсінгенінен сақтаныңдар!» дейді.

Бабаларымыз бишараларға, пақырларға, жесірлер мен жетімдерге құлшылық ретінде қамқор болып, олардың

57. Хашим Көпірлі, Хырқа Шәриф уә Уәйсәл қарани, Ыстанбұл, 28 б.



абыройы мен намысын қорғау үшін барынша сақтық, сыпайылық пен қажыр танытқан. Садақаны беруші мен алушының бір-бірін көрмеуін қамтамасыз ету үшін мешіттерде **садақа тастары** қойылып, мұқтаж адамдарға таратылатын тамақтарды, олардың намысына тимеу үшін түнде тарататын, осылайша мәрхамат пен махаббатты ең жоғары үлгіде жүзеге асырған. Тіпті қызметкерлердің көңіліне келмесін деп байамай сындырған немесе зиян тигізген заттарын төлеу үшін бір қордың құрылуы қандай ғибратты әрі қиял жетпес терең түсінік! Бұлар қазіргі кезде адамдық абырой мен намысқа лайықты бағалау үшін маңызды түрде еске алынып, жүзеге асырылуы тиіс өмірлік қағидалар.



Батыс мемлекеттері 1918 Мондрос келіссөзінен кейін Ыстанбұлды басып алып, сол қиын күндерде жетімдерге қараған ұйымдар ғимаратсыз қалған. Бірақ бабаларымыздың мұқияттылығы себебінен жетім балалар сонда да далада қалмаған, бос тұрған кейбір сарайларға орналастырылған. Ыстанбұлдағы көптеген сарайлар жетімдерге арналған.⁵⁸

Ол кезде жоқшылықта жасалған осындай жанқиярлықтармен қазіргі мүмкіншіліктерімізді ойлап, өзімізді есепке тартуымыз шарт. Қазір азғындықтың иірімінде тырманған жетім, пақыр мен бишараларға қайтадан құтылуға мүмкіндік жасау – адами борыш. Басқаша айтқанда, адамзаттың нағыз қажеттілігі Исламның терең мағынасын лайықты түрде

58. Хидаят Нұхоглу, «Даруләйтәм» мд, ДИА, Ыстанбұл, 1993, VIII, 521.





түсініп, өзіне қалаған нәрселерді, қиналған адамдар үшін де қалау керек, «біз солар сияқты, олар да біз сияқты болуы мүмкін еді» деп ойлап, өміріне бағдар беруі қажет.

Материалдық дүние аманат болғанындай адамдар да аманат. Тіпті, дүниеге қатысты нәрселердің барлығы аманат. Аманаттың орындалуы рахымшылыққа себеп болады. Қайырымдылық пен жәрдем материалдық түрде болмайды. Мұсылман адам өзін қоғам үшін жауапты сезініп малын мен уақытын, білімі мен мейірімін мұқтаж адамдарға арнап, барлық мүмкіншіліктерін қолданып адамзаттың ауыртпалығын жеңілдету үшін тырысуы керек. Хазіреті Омардың арқасына үн қаптарын арқалап мұқтаж адамдарды іздеуін, Тигер жағасында зиян шеккен қой үшін өзін жауапты сезінгендігін естен шығармау керек.

Қазіргі кездің шарттарында һидаят жолын іздегендерге, әлсіздерге, жетімдер мен бишараларға мейірімді көңілмен көмек қолын созу, әсіресе, балалар үйлеріндегі балаларымызды рухани сезімталдыққа тәрбиелеу Аллаһтың ризашылығына себеп боларлық ең маңызды қызмет болып табылады.

Хазіреті Имам Ағзам сахабалар сияқты өзін қоғам үшін жауапты сезінген ұлық Ислам тұлғалығын көрсеткен мына бір мысал біз үшін тамаша өнеге:

Имам Ағзам Әбу Ханифа көршісінің арасында бір маскүнем жігіт бар еді. Бұл жігіт таңнан кешке дейін ішіп, түнде де орнында отырмай айғайлап, балағаттап, айналасындағыларды қатты мазалайтын.



Бір күні түнде жігіттің дауысы естілмей қалған соң Имам таңертең барып жігітке не болғанын анықтады. Жолдастары оның ішімдік кесірінен төбелесіп, абақтыға жабылғанын айтты. Хазіреті Әбу Ханифа бұған қатты қиналды. Абақтыға барып басшылардан оның босатылуын сұрайды. Қызметкерлер тек кепілдік алып босата алатындығын айтқан соң Хазіреті Имам Ағзам кепіл болып, маскүнем көршісін абақтыдан құтқарады.

Жағдайды естіген жігіт дереу Имамның қасына барып, өкініш көз жасын төкті. Енді ішімдік ішпеуге, тәубаға келгендігін айтты. Осыдан соң оған лайықты көрші әрі шәкірт болатындығына уәде берді. Үлкен Имам жігітке мейіріммен қарап, қайғылы үнмен:

«Жігітім, көріп тұрсың, саған расында да обал жасадық! Саған жетуге талпынбадық. Негізінде, сен бізді кешір!» деді.

Хазіреті Имам Ағзамның бұл түсінігін жақсылап түсініп, өмірімізге қолдануға қаншалықты мұқтажбыз! Өйткені көшенің еркіне қалдырылған қаңғыбас балалар, есірткі қолданатын жастар мен жетімханалардағы жетімдер де біздің балаларымыз. Әлі көбісі жақсы мен жаманды ажырата алмайтын бұл балалар осы жаңа ашылған көктемнің көшеті іспетті. Балапандар көз алдымызда ақырындап қоғамның қоқыстарына итерілінуде. Ішкен улары іші-бауырын өртеп, милары мен рухани амалдарын жойып жатыр. Тозған жүйкелерімен қоғамға дұшпан болып ұйымдасқан топтардың мүшесіне айналуға. Оларға дін, ахлақ пен отансүйгіштік сезімдерін бере алмағанымыз үшін өзімізді ар алдында қаншалықты жауапты сезінеміз?



Діннің сырттай жағы ақылмен, ішкі және мағыналық жағы, яғни өзегі көңілмен түсініледі, үйретіледі. Адамдарды тәрбиелеу, басқаруда ең берекелі нәтиже мейірімділікпен жүзеге асырылады. Өйткені тәртіп сақшыларының күшімен ұсталмайтын қаншама адам мейірім мен мәрхаметқа тәуелді болады. Сондықтан да қазіргі кезде мейірім мен оның көрінісі болып табылатын қайырымдылық, көмек көрсету, жетімдердің қолынан ұстау, оларға қамқор болу сияқты жақсы істермен безенуіміз керек. Қалайша балаларымызды кішкене кезден бастап намазға үйретуіміз керек болса, оларға қайырымдылық пен көмек көрсетуге тәрбиелеп, мұқтаж бен қайғылы адамдарды қуантуға үйретуіміз керек. Осы абзал істерге оларды кішкене жастарында үйретпейтін болсақ, өскен соң нәтижеге жету қиындайды. Олар мүліктің нағыз иесінің Аллаһ екендігін түсіне отырып өсіп, өздерін аманат арқалаушы сияқты және қызметкер деп білуі керек. Осылайша өскелең ұрпақ, тарихымыздағы жәрдем мен парасаттылық үлгілерін жандандырып, қоғамда шаттық орнайды.



Қысқасы, түсінігі терең нәрсіз рухты мүминдердің көмекке мұқтаж, жетімдер мен жесірлердің қасында болуы шарт. Мүминнің мұқтаж адамдарды іздеп тауып, оларға рухани-материалдық қамқор болуы, әсіресе оларға Исламның жылы жүзін көрсетуі керек. Жетім мен мұқтажды іздеп тауып, олардың басынан сипаған Хазіреті Пайғамбардың ﷺ өзі жетім болатын.



Уа, Раббым! Жүрегімізді жаратушы үшін жаратылғандарға мейірім, мәрхамат пен қамқорлықтың қайнар көзіне айналдыр! Күнәларымыз бен кемшіліктерімізді сауап пен ізгіліктерге айналдыр! Заманымыздың жіңішкелігіне байланысты Хақ пен қайырға шақыруды, зұлымдыққа ұшырағандарға, бишараларға қызмет етуді мойнымызға жүктелгендей мөлшерде орындап, Аллаһтың құзырында абыройға жетуді барлығымызға нәсіп ет!..

Әмин!..



МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	5
Хақ достарының жан дүниесінен бақыт тамшылары 1.....	17
Хақ достарының жан дүниесінен бақыт тамшылары 2.....	37
Пайғамбар ахлағының сахабалардағы көріністері 1.....	57
Пайғамбар ахлағының сахабалардағы көріністері 2.....	73
Расулдұлаһтың ізінде сахабалардың иман шабыты.....	91
Иманнан туындаған шаттық пен жұбаныш.....	109
Пайғамбар дәуірінен естеліктер Ұхуд.....	131
Пайғамбар дәуірінен естеліктер Тәбук.....	153
Пайғамбар ахлағын бойға дарыту.....	171
Құран Кәрім тәрбиесі.....	187
Құран Кәрімге махаббат пен қызмет.....	211
Рамазан Шәриф.....	235
Мәбрур Қажылық пен Ұмра.....	257
Хазіреті Мәуләнәнің жүрек үні.....	281
Басшылықтағы аманат пен жауапкершілік түсінігі.....	299
Мәнсапқорлық пен басшылықтың жауапкершілігі.....	323
Ұрпақ тәрбиесі 1.....	343
Ұрпақ тәрбиесі 2.....	361
Ұрпақ жауапкершілігі.....	381
Махаббат.....	399
Ихсан және мұрақаба.....	425
Жан мен мал.....	445
Жетімдер мен пақырлар.....	465

«Хикмет» баспа үйі ЖШС,

Алматы қаласы, Мамыр - 4 мөлтек ауданы, 167 - үйі

Байланыс телефондары: 8 (727) 255 63 41

255 63 57

